

БЕСТСЕЛЛЕРЛЕРДІҢ АВТОРЫ  
**ДЖОН БИВЕР**

# Құдайға жақындау

Құдаймен жақын қарым-қатынастағы өмір



Қымбатты дос,

Киелі Кітап Құдайдың тамаша уәделеріне толы, олардың барлығы да ақиқат әрі өміріңізді өзгертуге әлеуетті, сонымен қатар, ең ғажап уәделердің бірі — Құдай сізді жақын танып білуге құштар!

Жақыптың хатынан мынаны оқимыз: «*Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды*» (4:8). Бұл — адам баласы бұрын-соңды алған ең тамаша шақыру. Осы жайында бір сәт ойланып көріңізші. Ғаламның, Жердің және бүкіл тіршіліктің Жаратушысы сізбен бірге болуды қалайды. Және Ол сізбен өте жақын болуды қалайды. Құдайдың бізбен жақын қарым-қатынаста болуға құштар екені Киелі Кітапта жазылған.

Ғаламды Жаратушының керемет шақыруы – Оған алыстан, сөздер мен рәсімдер арқылы ғибадат ету емес, терең әрі жақын қарым-қатынаста болу, сонда сіз Оның жүрегін, ал Ол сіздің жүрегіңізді танитын болады.

Достар, осы шақыруды қабыл алып, қызықты да тамаша саяхатқа бірге аттанайық, Көктегі Әкемізге жақындап, Құдайдың жүрегіне үңілейік.

Мәсіхтегі бауырыңыз,



MessengerX

Джон  
JohnBevere@ymail.com



БЕСТСЕЛЛЕРЛЕРДІҢ АВТОРЫ

**ДЖОН БИВЕР**

# **Құдайға жақындау**

Құдаймен жақын қарым-қатынастағы өмір

**Drawing Near** by John Bevere, Kazakh  
© 2023 Messenger International  
MessengerInternational.org  
Originally published in English as Drawing Near

Additional resources in Kazakh by John and Lisa Bevere are available  
for free download and video streaming at  
**MessengerX.com** and on the **MessengerX** App  
To contact the Author: JohnBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is  
NOT FOR SALE

«Құдайға жақындау», Джон Бивер, қазақ тілінде  
© 2023 Messenger International  
MessengerInternational.org  
Бастапқыда ағылшын тілінде, «Drawing Near» атауымен шыққан.

Джон мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын  
**MessengerX.com** сайтында және **MessengerX** қосымшасында  
көруіңізге әрі тегін жүктеп алуыңызға болады.  
Автордың электронды пошта жәшігі: JohnBevere@ymail.com

Бұл кітап – «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің сыйлығы,  
САТУҒА АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда  
белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып  
табылады.

# МАЗМҰНЫ



<i>КІРІСПЕ</i> .....	V
<i>1-тарау. ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ</i> .....	1
<i>2-тарау. ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ</i> .....	15
<i>3-тарау. ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА</i> .....	35
<i>4-тарау. ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ</i> .....	59
<i>5-тарау. ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫҢДА</i> .....	79
<i>6-тарау. ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ</i> .....	103
<i>7-тарау. ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?</i> .....	135
<i>8-тарау. ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ</i> .....	169
<i>9-тарау. ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫҢДА</i> .....	189
<i>10-тарау. КИЕЛІ РУХПЕН ЖАҚЫН БОЛУ</i> .....	207
<i>11-тарау. ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ</i> .....	237
<i>12-тарау. ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ</i> .....	271
<i>13-тарау. БЕРІК СЕНІМ</i> .....	303
<i>14-тарау. ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ</i> .....	333
<i>А қосымшасы</i> .....	347
<i>В қосымшасы</i> .....	353



# КІРІСПЕ



**Б**ір күні Құдай менің жүрегіме сөйлеп: «Балам, мен сенің кітап жаза бастағаныңды қалаймын» деп анық айтты. Бұл 1991 жылы болған еді.

Сол күннен бастап, түрлі сезімдермен арпалыстым. Бір жағынан, көңілім алабұртып, санама сәтсіздік туралы ойлар келе берді. Екінші жағынан, Құдайдың бұл ұсынысы күлкілі көрінді. Шығарма жазуды жек көретінмін! Мектепте эссе жазуға тура келгенде, бірнеше сөйлем де жаза алмай, дәптер бетіне қарап бірнеше сағат отыратын едім. Әдеби шығарманың кез келген түріне деген төзімсіздігім ақыры колледждің инженерлік бөліміне түсуіме себеп болды.

Ал енді Құдай маған кітап жаз дейді. Бұлай болуы мүмкін емес! Бірдеңені дұрыс түсінбеген болармын деп ойладым. Сондықтан мен күту және көру тәсілін ұстанып, кітап жазуға он ай бойы кіріспей жүрдім. Ақыры Құдай маған бірінен соң

## КІРІСПЕ

бірін екі пайғамбар әйелді жіберді, олар екі аптаның ішінде маған бірдей бұйрықты қайталады. Екеуі де өте мейірімді, бірақ қатаң түрде былай деп ескертті: «Джон, егер сен Жаратқан Ие бұйрығына сай кітап жазуға кіріспесең, Ол Өз тапсырмасын басқа біреуге береді, сен болсаң, Құдай алдында жауап бересің».

Осы ескертуді екінші әйелдің аузынан естігенімде, әдеби шығармаға деген жеккөрінішімнен Құдай алдындағы қорқынышым әлдеқайда басым екенін анық сезіндім. Сөйтіп, кітап жазуға кірістім. Құдайыма мойынсұнуға шешім қабылдағанымда не болғаны есімде. Мәтінді компьютерде терген кезде ойыма бұрын ешқашан ойламаған, естімеген идеялар келе бастады. Көп ұзамай бұл жаңа идеялар өз ойым емес, Құдайдан келген жолдау екенін түсіндім. Содан бері көп жыл өтті, Құдайдың маған кітап түрінде жіберген хабарлары 130-дан астам тілге аударылып, дүние жүзіне таратылды, ал баспалардан кітаптарымның ондаған миллион даналары басылып шықты.

Тұңғыш кітабымды жазғаннан кейін, Құдайға ешқашан өз бетімше кітап жазбаймын деп уәде бердім. Кітап жазсам, Құдайымның бұйырығымен жазамын деп шештім. Менің бұл уәдем сыналды: 1992 жылдан 1999 жылға дейін Құдай маған кітап болып жазылмақ жолдауларын берген еді, алайда «Under Cover» атты кітабым шыққаннан кейінгі үш жыл ішінде Жаратқан Ие маған жаңа кітапқа жазылар бірде-бір сөз бермеді. Баспагерлер қайта-қайта хабарласып, ұсыныстар жасады, келесі кітапты қашан жазатынымды сұраумен болды, мен болсам, Құдайдың нұсқауын күттім.

Ақыры, үш жыл өткеннен кейін, Құдай маған кітаптың сөзін тағы да берді. Қолыңыздағы кітап – сол. Менің ойымша, бұл кідіріс кітап жазылмас бұрын Киелі Рух жүрегімді өзгертуі



## КІРІСПЕ

керектігінен болды. Иман келтіргеніме жиырма бес жыл болса да, Құдайға жақындауға деген осыншалық күшті ықылас бұрын-соңды болған емес-ті. Соңғы бір жарым жыл ішінде мен қызметтегі бұрынғы жылдарыма қарағанда Құдаймен жақынырақ қарым-қатынаста болдым. Соңғы бір жарым жылдағыдай бұрын-соңды жылаған емеспін. Жүрегімді жаңа сезімдер баурап алды. Барлық жерде – қонақүй бөлмелерінде, ұшақтарда, жеке кеңсемде, көлігімде, үйде және табиғат аясында назарым тек Құдайда болып, мінәжат етумен болдым. Құдайдың құзырын бұрын-соңды мұншалық анық сезінген емеспін.

Менің ойымша, бұл кітап – Киелі Рухтың көптеген жылдар бойы маған берген тәлімінің нәтижесі, әрі Құдайдың жүрегінің сізге, оның балаларына, жақындық мекеніне келуге шақыруы. Кітапты оқымастан бұрын, менімен бірге мінәжат етіңіз. Дұғаның сөздері шын жүрегіңізден шықсын. Және менің сіз үшін дауыстап дұға еткенімді біліңіз. Исаның уәдесіне сай: «Егер сендердің екеуің жер бетінде қандай да бір жұмысты сұрауға келісетін болсаңдар, көктегі Әкемнен олар үшін не сұраса да орындалады» (Мат. 18:19). Бірге дұға етейік:

*Әке, Исаның атымен, осы кітапты оқығанымда, көруім үшін көзімді ашуыңды, естуім үшін құлағымды ашуыңды және маған сезімтал жүрек беруіңді сұраймын. Сенімен бірге жүріп, үнемі Саған жақын болғым келеді. Сенің жоспарларыңды, құпияларыңды және еркінді білуге құштармын, сонымен қатар, Сенің қасыңда болғым келеді. Бұл хабар маған жаңа білім ғана емес, сонымен қатар сүйікті Ұлың, Ием Исаның бейнесі арқылы өмірімді өзгертуге күш берсін. Өйткені Ол жер бетінде жүргенде, Өзіңе жақын болу*

## КІРІСПЕ

*арқылы Сенің ұлылығыңды керемет түрде ашты. Сондықтан мен Оған Киелі Рух арқылы жақындап, Исаның ұлылығын көрсеткім келеді. Осы тілегімді Сенің қолыңа тапсырамын және осы кітаптың авторын шабыттандырған сөздерді мұқият тыңдап, тыңдаған кезде менде жасайтын өзгертуші жұмысың үшін алдын ала алғыс айтамын. Енді менің өмірім ешқашан бұрынғыдай болмайды, сол үшін де Саған алғыс. Осының барлығын қызметшің Джон Бивермен келісе отырып сұраймын. Аумин.*

Тілеуіңіздің қабыл болатынына сеніңіз. Жүректен шыққан осынау дұғаңыздағы өтініштің орындалғаны үшін Құдайға шүкірлік етіңіз. Дәл қазір Киелі Рух сізді жақындық мекеніне жетелеуде, соған қуанамын. Ол сіздің дұғаңызды әрбір тілегіңізді қанағаттандыра алатын жалғыз Құдайдың киелі тағына көтерді. Құдай Әке, Иса және Киелі Рух сіз үшін бұрынғыдан да шынайырақ болсын!

Шын жүректен бауырыңыз  
Джон Бивер.

1-тарау

# ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ



«Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да  
сендерге жақындайды».  
ЖАҚЫП 4:8

**Қ**ұдайдың жүрегінен шыққан, күн өткен сайын күшейіп келе жатқан үндеуін, жоқ, үндеуін емес-ау, айқайын тыңдаңыз: «Менің құзырымнан тыс өмірге қалай ғана қанағат ете аласыңдар? Маған жақын болудан ләззат алатындарыңды біле тұра, неге Менен алшақсыңдар?»

Бәрімізде дос бар, сондай-ақ, жақсы көретін адамдарымыз да бар, біз олармен жақын қарым-қатынаста болуды қалаймыз. Олар біздің жүрегімізде ерекше орын алады және олармен бірге өткізген уақытымыз қашанда жақсы әсер қалдырады, ал сол жақын досымыз өзі бірінші болып, шақырса, тіпті қуанамыз. Жақсы досымыз қонаққа шақырса, жүрегіміз қуанышқа толып, кездесу уақытын асыға

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

күтеміз. Сол күнгі шаруаларымыздың барлығын ысырып қойып, жағымды шақыруды қабылдаймыз. Жақып елшінің хатында адам баласы бұрын-соңды алмаған таңғажайып шақыру бар: «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды» (Жақып 4:8). Ғаламды, Жерді және оны мекендейтін әрбір тірі жанды Жаратушы Құдай сізбен бірге болуды қалайды. Бір сәт кідіріп, осы туралы ойланыңызшы. Жәй ғана бірге болу ғана емес, Ол сізге жақындағысы келеді, өйткені бізге: «Менен, Жаратқан Иеден, басқа ешбір тәңірге құлшылық етпеңдер! Себебі бір атағым «Қызғаныш». Өзімді шын көңілмен сүйіп, түгелдей бағышталуларыңды талап еткен Құдаймын» (Мысырдан шығу 34:14). Бұл Құдайдың мәңгі қалауы. Ол перзенттерінің Өзін жақыннан танығанын қалайды. Алғашқы күнә жасалғалы бері мыңдаған жылдар өтті. Шынайы жақындыққа жол ашу үшін күрделі дайындық жасалуы қажет әрі қымбат құн төленуі керек. Исаның ең жақын достарының бірі Жохан былай деп жазды:

Құдайды ешкім ешқашан көзімен көрген емес. Әкесімен тығыз байланыстағы жалғыз рухани Ұлы бізге Оны жақыннан танытты [Иса бізге Құдайдың қандай екенін ашты; Ол бізге Құдайдың жүрегін түсіндіріп, ойын жеткізді] (Жохан 1:18).

Адам ата Құдайды бетпе-бет көрді, бірақ күнәсіне бола ол Құдайдың салтанатты құзырынан айырылды және бұл жаза бүкіл адамзатқа тарады. Адамдар бұдан былай Құдайды Адам атаның көріп, білгеніндей көре алмайды және тани алмайды да. Алайда, Әкеміз бізбен қарым-қатынасты қалпына келтіруді аңсады, бізді жанға батқан осы бір сұмдық ажыраудан құтқаруды қалады. Бұл мәселені шешу үшін Ол әуел бастан Әкемен бірге болған Ұлы әрі тәндегі Құдай – Исаны жіберді. Иса түнектен азат болуымыздың құнын төлеп, Құдаймен татуласуымызға жол ашты. Тек Оны Иеміз ретінде қабылдауымыз шарт.

## ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ

Алайда Құдай мен адамның қайта қосылуы бұрын уағыздалмаған және адамдар оны толығымен бастан өткерген емес. Біз күнә мен өлімнен құтылу жайлы көп айттық, бірақ азат болған әрбір адам үшін мүмкін болатын Құдаймен арадағы тығыз қарым-қатынасты елеусіз қалдырдық. Бұл немқұрайлылықтың салдары ауыр болып, тіпті бізді апатқа ұшыратуы мүмкін, өйткені біз Құдайды жақыннан танудың кереметінен айырылып қаламыз. Осыған ұқсас трагедия Көне Өсиетте Ыбырайымның ұрпақтары туралы әңгімеде сипатталған.

## ЕКІ ТҮРЛІ НИЕТ

Мұса мен оның туыстары, Исраил ұлдарының мінез-құлқындағы айырмашылық орасан зор. Олардың Құдайға деген көзқарастары да мүлде екі түрлі. Осы жайт мені қайран қалдырады. Мысырдан шығу кітабы Ыбырайым ұрпақтарының қатыгез құлдықта көрген азабын сипаттаудан басталады. Олар Мысырды төрт жүз жылға жуық мекен етті. Бастапқыда олар Мысыр билеушілерінің ықыласына ие болды, бірақ кейін олар құлға айналды, қожайындарынан ешбір аяушылық көрмеді. Қасірет пен азап шеккен халық Құдайдан өздерін құтқаруды жалбарына сұрады. Дұғалары Құдайдың құлағына жетті. Жаратқан Ие оларға Мұса есімді құтқарушыны жіберді. Мұса яһуди болып туылғанымен, құл емес-ті. Ол перғауынның немересі ретінде перғауын сарайында ханзадаға лайық тәрбие алған. Мұса бауырларының қайғылы тағдырын көріп, жаны ашыды, бірақ бас сауғалап шөл далаға қашуға мәжбүр болды. Жылдар өткен соң, ол Құдай Сөзі мен Оның құдіреті арқылы Исраил халқын құлдықтан құтқару үшін қайта оралды.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Исраилдың Мысыр құлдығынан құтылуы біздің күнәнің құлдығынан азат болуымызға пара-пар. Исраилдың Қауымды бейнелейтіні сияқты, Мысыр осы дүниелік жүйені бейнелейді. Қайта туылғанда біз дүниелік озбырлық жүйесінен құтыламыз. Мысырлықтырдық Исраил халқына қаншалықты қатыгез болғанын, Исраил ұрпақтарының қаншалықты азап шеккенін көз алдымызға елестету қиын емес. Жон арқасы қамшыдан тілім-тілім, тұратын үйлері – күрке-лашық, азықтары – жуынды. Олар Мысыр қожайындарының гүлденуі үшін тер төкті, ал сол байлықтан үлес алуға еш үміті жоқ. Перғауынның бұйрығымен жаңа туған нәрестелері мыңдап қырылды, ал Исраилдықтардың көз жасын жұтқаннан басқа амалы болмады.

Алайда халық Мысырда көрген азабын лезде ұмытып кетті. Азат болғаннан кейін олар қиындыққа кезіккен сайын, Мысырдан шығып кеткендеріне өкінетін болды. Құдайдан құтқарылу сұрап жалбарынғандарын мысқылмен еске алды, «Мысырға қайта оралғанымыз *дұрыс-ау?*» деген пікір айтты. Тіпті бұл жобаны жүзеге асыруды да ойластырды: «Олар бір-біріне: «Кәне, басшы таңдап алып, Мысырға қайта оралайық!» — десті» (Руларды санау 14:4).

Мұса болса, мүлде басқа мінез танытты. Мысырдағы өмір сүру жағдайы шын мәнінде тамаша болған жалғыз адам – Мұса еді. Расында, одан жақсы өмір сүрген ешкім жоқ. Патша сарайында өсті, ештеңеден тарыққан жоқ, киімнің жақсысын киіп, тамақтың жақсысын жеп өсті, жақсы білім алды. Қызметшілері қас-қабағына қарап, қалағанын қалт жібермей, орындап тұрды. Мұса орасан зор байлықтың мұрагері еді. Бірақ ол осының бәрінен өз еркімен бас тартты, Исраил ұлдарынан айырмашылығы, артына бұрылып қарамады, артта қалған байлыққа өкінбеді.

## ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ

Мұса мен Исраилдың басқа ұлдарының арасындағы айырмашылықтың мәні неде? Гәп мынада: Мұса Құдаймен кездесті. Ол жалынды көріп, жақындады. Мұса тірі Құдайды Синайдағы жанып жатқан бұтаның жалынында кездестірді, бірақ Исраил ұрпағы Құдаймен кездескен жоқ! Жаратқан Ие Мұсаны шақырғанда, ол жақындап келді. Кейінірек исраилдықтар соған ұқсас және одан да ғажайып шақыру алған кезде, кері шегініп, оны қабылдамады (Мысырдан шығу 20:18-20).

Қауым қызметкерлеріне жиі қоятын сұрағым бар: «Исраил ұрпақтары Мысырдан шыққан кезде Мұса оларды қайда апарды?» Әдетте олар: «Уәде етілген жерге» деп жауап береді. Шын мәнінде олай емес. Ол Исраилдіктерді Хориб тауына, яғни Синайға апарды. Құдайдың Мұса арқылы перғауынға айтқан сөзін еске алайық: «Айдалада Өзіме ғибадат ету үшін халқымды жібер!» (Мысырдан шығу 7:16). Ол: «Менің халқым жерді иеленсін, кетсін» деген. Мұса халықты Уәде берушімен таныстырмай тұрып, уәде етілген жерге жетелей алмады. Халықты әуелі уәде етілген жерге әкелсе, олар Құдайдың берер сыйын Құдайдың Өзінен артық көретін еді. Мұса өзінің Құдаймен кездескен жеріне халқымен бірге келер сәтін асыға күтті. Шыны керек, қауымдарымыздағы жағдай да сондай. Біз Құдайдың шын мәнінде кім екендігі туралы емес, Исаның біз үшін не істейтіні туралы көбірек уағыздаймыз! Нәтижесінде біз Құдайдың болмысы мен жүрегіне бола емес, Одан келетін артықшылықтар мен игіліктер үшін қызмет ететін ұрпақты өсірдік. Бұл жағдайды әйелдің ақшаға бола тұрмысқа шыққанымен салыстыруға болады. Мұндай некеде ол күйеуін сол күйінде білуге емес, оның бере алатынын алуға ұмтылады. Иә, әрине, ол оны белгілі бір дәрежеде сүйе

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

алады, бірақ оның ниеттерін таза деп айта алмаймыз.

Құдаймен арадағы қарым-қатынастан Оның нығметтерін артық көретін адамдар өздеріне ұқсас шәкірт тәрбиелеуде. Сол шәкірттердің Құдайды жақыннан танумен ісі де жоқ, тек Одан керегін алуға тырысады. Жаратқан Иеге тең келер жан жоқ және Онымен ешкім салыстыруға да келмейді, өйткені Құдайымыз шын мәнінде ғажап. Әлдебір адам Мұса тәрізді Құдайды шынымен кездестірсе, Оның уәделерін осы тұрғыдан қарастырады. Құдай бәрінен де, тіпті Өзі уәде еткен ғажайып жарылқаулардан да керемет.

Исраил халқын құтқарғандағы Құдайдың көздегені – халықтың Өзін, яғни Құдайды, жақыннан танып, шын жүректен сүюі. Ол Өз халқының арасында кеңінен танымал болғысы келді. Ол: «өздеріңді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер», - деді (Мысырдан шығу 19:4). Алайда Исраил ұрпақтары мұндай тағдырдан бас тартты.

Дегенмен, Құдайдың Өз халқымен жақын қарым-қатынасқа деген ұмтылысы ешқашан сөнген де, өзгерген де емес. Құдайдың Сөзінде Оның осы қалауы жайлы көп айтылады. Пауыл елшінің ынталы дұғасынан да осыны көреміз:

Иеміз Иса Мәсіхтің Құдайы — салтанатты ұлылыққа ие Әке сендерге Өзін [терең және жақын] *танып білулерің* үшін Өзінің Киелі Рухы арқылы даналық пен терең түсінік [құпияларды түсіну қабілетін] берсе екен деп Одан тілеймін (Ефес. 1:17).

Құдай бізге Өзінің осынау құштарлығын көрсетті. Құдай әрбір қайта туылған сәбидің Оны терең және жақын танығанын қалайды! Осы сөздерім жүрегіңізді тебірентеді ме? Бұл жайында тереңірек ойлануға уақыт бөліңіз, осы



## ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ

таңғажайып ақиқат санаңызға кіріп, сізді толығымен баурап алсын.

Біз тірі Құдайға, шынайы Әкеге қызмет етеміз, оның жүрегі балалары үшін ауырады. Құдай бізбен жақын қарым-қатынаста болуды шын жүректен қалайды. Қорынттағы теологиялық пікірталасқа белшесінен батқан сенушілерге Пауыл елші бұл туралы былай деген еді: «Өздерің білесіңдер: әлі де Құдайға мойынсұнбаған кездеріңде сендерді біреу жетелегендей, *үндемейтін* «тәңір» бейнелеріне құлшылық етудің әр түрлі жолдарымен азғырылдыңдар» (1 Қор. 12:2,3). Пауылдың осы сөздерінен Құдайдың бір маңызды қасиетін көреміз, Әкемізді барлық жалған құдайлардан өзгешелігі - Ол бізбен сөйлеседі!

## ЖОЛДАН БҰРЫЛУ

Жақында көлігіме мініп, жұмысыма бара жатқан едім, кенеттен Киелі Рух жүрегіме сөйлеп, былай деді: «Саған айтар сөзім бар. Жолдың жиегіне шық». Құдай маған әлденені бұйырғанда, бұйрық қаншалықты оғаш немесе болмашы көрінсе де, бірден мойынсұнуым керек екенін білемін. Жаратқан Ие Мұсаның назарын өзіне аударған кезде, ол қайын атасының малын бағып, айдалада жүрген еді (Құдай біздің назарымызды әртүрлі жолдармен тарта алады). Құдай бір бұтаға жанып тұруды, дегенмен, өртеніп кетпеуді бұйырды.

Сонда Мұса іштей: «Мынау қызық көрініс екен, сол жерге жақынырақ барып, бұтаның неліктен өртеніп кетпей жатқанын қарайыншы», — деп ойлады (Мысырдан шығу 3:3). Бұл мәтіндегі «барамын» сөзі еврей тілінен аударылған. Жазбалардың түпнұсқа тілдерінің маманы Джеймс Стронг

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

бұл сөздің «алғашқы бағыттан бір бүйірге бұрылу» дегенді білдіретінін айтады. Мұса өзін шақырған Киелі Рухқа жауап беру үшін жоспарланған жолдан саналы түрде ауытқыды.

Жаратқан Ие Мұсаның қарау үшін жақындап келгенін көрді. Содан Құдай бұта арасынан оған:

— Мұса! Мұса! — деп дауыстады.

Құдай Мұсаның бағытын өзгерткенін көргенде ғана оны есімін атап шақырды. Егер Мұса Құдайдың шақыруына жауап бермесе, Жаратқан Ие де бір қадам алға баспас еді. Етордың малы қорада тұрғанда, Құдай оны шақырмас еді, бұл уақыт ыңғайсыз болар еді. Мұса жанып жатқан бұтаны көріп: «Отардан алшақтап кетсем, қойлар жан-жаққа бытырап кетеді, оларды қайта жинауым үшін бірнеше сағат немесе бір күн қажет болады. Жанып жатқан бұтаға жұмысым біткен соң қараймын» десе, оқиғаның соңы дәл сондай болатын ба еді?

Құдай бұдан әлдеқайда әсерлі оқиғаларды да жасауға қабілетті, бірақ бұл Оның мінезіне сәйкес келе ме? Самуилдің жас кезінде бас діни қызметкер Ели мен оның ұлдарына қызмет еткенін есіңізде шығар (1 Патша. 3-ті қараңыз). Бір күні кешке жасөспірім Самуил төсегіне жатқанда, Жаратқан Ие оның атын атап шақырды. Ол: «Тыңдап тұрмын», — деді де, Елиге жүгіріп барып:

— Тыңдап тұрмын, сіз мені шақырдыңыз ба? — деп сұрады. Ели оған:

— Жоқ, сені шақырған жоқпын, орныңа барып, жата ғой, — деп жауап қайырды. Самуил солай істеді. Жаратқан Ие қайтадан: «Самуил!» — деп шақырғанда, бала тағы да орнынан тұрып, Елиге барып:

— Тыңдап тұрмын, сіз мені шақырдыңыз ба? — деп сұрады.

## ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ

Бірақ ол:

— Жоқ, шақырған жоқпын, балам, орныңа барып, жата бер, — деді.

Бұған дейін Жаратқан Ие өзіне аян беріп, сөзін арнамағандықтан, Самуил Оның даусын танымайтын еді. Жаратқан Ие Самуилді үшінші рет шақырды. Бала тағы да орнынан тұрып, Елиге келіп:

— Тыңдап тұрмын, сіз мені шақырдыңыз ба? — деп сұрады. Сол кезде Ели баланы шақырып жатқан Жаратқан Иенің Өзі екенін түсініп, оған:

— Бар да жат. Егер сені қайтадан шақырса, онда: «Уа, Ием, айта гөр, пендең тыңдап тұр» деп жауап бер, — деді. Самуил төсегіне барып жатты.

Бұдан кейін Жаратқан Ие тағы да оның қасына келіп, бұрынғыша:

— Самуил, Самуил! — деп шақырды. Бала:

— Айта гөр, пендең тыңдап тұр, — деп жауап берді. Содан кейін Жаратқан Ие сөйлеп, оған Өзінің еркін және кейінірек орындалатын құпияларын ашты.

Құдай басқаша жасай алар еді. Самуил не болып жатқанын түсінбей тұрғанын көріп, оған екінші сөзін арнап: «Самуил, Елиге жүгірме, Мен, Құдайың Жаратқан Ие, сені шақырған – Мен, өйткені сенімен сөйлескім келеді» дей алар еді. Бірақ Құдай осылай істей ме? Ол Өз адамдарының қалаулысы болуды, біздің Оны Иеміз деп мойындағанымызды және танығанымызды қалайды. Ол табанды адамдарды іздейді, Өзін аңсайтын әрі Оған берік және қажымас табандылықпен ұмтылатындарды іздейді. Осындай көріністерді Інжілден де табамыз. Иса бес мыңнан астам адамды бес нан, екі балықпен тойдырды. Содан кейін

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ол шәкірттеріне қайыққа мініп, көлдің арғы бетіне жүзіп өтуді бұйырды. Өзі Әкемен бірге уақыт өткізу үшін тау басына шықты. Сол күні кешке Оның шәкірттері желге қарсы ескек есіп, теңіздегі дауылмен арпалысып жатты, әрі қарай оқимыз:

Таңғы алагеуімде Иса оларға көл бетімен жақындап келіп, *қастарынан өтіп кетпекші болды* (Марқа 6:48, *курсив автордыкі*).

«Қастарынан өтіп кетпекші болды» деген сөздерге назар аударыңыз. Алайда шәкірттері Исаны көргенде, қорықаннан айқай салды. «Бұл Менмін, қорықпаңдар» деді Иса. Ол қайыққа мінгенде, жел де басылды. Шәкірттер айқай салмаса, Иса қастарынан өтіп кетер еді. Иса шәкірттерінің қастарында болатын, бірақ олар айқайлап, Исаны көмекке шақырмағанда, Иса Өзінің қатысуын оларға мәжбүрлеп таңбас еді.

Құдай бізге қарай бір қадам жасайды, бізден жауап болса, Ол тағы бір қадам жасап, бізге тағы да жақындай түседі. Егер біз жауап бермесек, ол біздің өз бетімізше өмір сүрімізге кедергі жасамайды. Кім біледі, егер Мұса сол кезде бағытынан бұрылмаса, Құдай оны Самуилды күткендей күтер ме еді, әлде шәкірттерінің жанынан өтіп кетпек болғандай, өте шығар ма еді? Құдай көбінесе біздің Өзін шындап аңсай бастағанымызды, Оған шын жүректен жауап бергіміз келетін уақытты күтеді.

Менің көлік сапарыма оралайық. Құдайдың бұйрығын ести тұра, жол жиегіне шықпасам, не болар еді? Сол бір ғажап кездесуден құр қалатын ба едім? Құдаймен кездесуді өткізіп алған кездерім болғанын білемін, бірақ осы жолы жарты шақырымдай жерде көлік тоқтайтын арнайы орын бар екен. Жол жиегіне шықтым. Сол сәтте Киелі Рухтың маған: «Мен саған үздіксіз дұға ет деп айтпадым ба?» дегенін естідім. (Салоникалықтарға 1-хат 5:17 қараңыз).

## ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ

Мен: «Иә, Жаратқан Ие солай деп бұйырған», – деп жауап бердім.

Одан әрі Ол: «Сен мінәжатты монолог деп ойлайсың ба? Әлде диалог па?»

Мен: «Бұл диалог, Ием, бұл екі жақты әңгіме», – деп жауап бердім.

Киелі Рухтың жауабы найзағайдай жарқ етті: «Егер Мен саған үздіксіз дұға ет десем, бұл Менің сенімен үнемі қарым-қатынаста болғым келетінін білдіреді».

Ал бұл сөздерден қаншалықты тебіреніп кеткенімді айтпай-ақ қояйын. Қандай керемет мүмкіндік алғанымды түсіндім. Және де бұл мүмкіндік маған ғана емес, Құдайдың әрбір перзентіне де берілген. «Құдай шынымен де үздіксіз сөйлейді ме?» деп сұрауыңыз мүмкін. Құдайдың меңзегені бұл емес-ті. Ол менімен үздіксіз қарым-қатынаста болуды *қалайтынын* айтты. Қарым-қатынастың көптеген түрлері бар, сөз – соның бірі ғана. Әйелімнің ойындағысын, айтқызбай-ақ, көзінен білемін. Оның бір көзқараспен айтқанын қағаз бетіне түсірсем, үш бет болар еді. Бұл қалай дерсіз? Шаңырақ көтергенімізге жиырма жылдан асты, әйелімнің өз ойын білдіру жолдары мен мәнерін жақсы білемін. Мәселен, сіз бізбен бір бөлмеде отырып, Лизаның бет-жүзінен оның ойын біле алмас едіңіз. Өйткені, сіз оны мен сияқты жақын танымайсыз. Негізі, отау құрғаннан кейінгі алғашқы жылдары мен оның ымын да, ишаратын да түсінбейтін едім, ойындағысын бет әлпетінен біле алмайтынмын. Ал енді, жиырма бір жыл өткенде, мен оның қарым-қатынас жасау жолдарын түсіндім.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУҒА ДЕГЕН ҮНДЕУ

Бұл кітап – Құдайға жақын болу жолын үйрететін нұсқаулық емес. Біздің ең басты мақсатымыз – Құдайдың жүрегі. Кітапты сол мақсатқа апарар жолды анықтауға көмектесетін картамен немесе нұсқаулықпен салыстыруға болады. Егер қолымда елсіз аралдағы қазына көмілген жерді көрсететін карта болса, байлыққа жету үшін осы аралға барып, сол жерді зерттемесем, картамының барынан не пайда? Аралға жеткен соң, қазынаны табуым үшін көп күш жұмсауым керек, ну орман ішіндегі шөп басып кеткен соқпақтармен жүріп өтіп, биік-биік асулардан асып, кең жазықты кесіп өтуім керек еді. Мен көп күш, қаражат және уақыт жұмсар едім. Карта қазынаның көмілген жерін ғана көрсете алады. Қолымдағы карта қазынаны табуға кететін уақытты қысқартуы мүмкін еді және мені көп күш жұмсаудан әрі жасырын тұзақтардан құтқарар еді. Осы кітап сол карта сияқты. Бұл – Құдайдың жүрегіне жеткізер саяхатқа, тамаша да ғажайып сапарға менімен бірге аттануға шақыру. Кітапта келтірілген Киелі Жазба үзінділері сізді межелі жерге адастырмай апарды, тұзақтар мен қауіптерден құтқарады. Сізді артық уайымнан және күш-қуатыңызды ысырап етуден сақтайды. Сонымен, дайын болсаңыз, кеттік!

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Бұл кітапты оқуыңызға қандай оқиға немесе тәжірибе түрткі болды?
2. Құдайдың адамды Өзіне жақындауға шақыруының келесі мысалдарын қарастырайық:

## ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАҚЫРУ

- Мұса жанып жатқан бұтаны көріп, соған қарай бұрылды. Осыдан кейін Құдай онымен сөйлесті.
  - Жас Самуил өзін шақырған дауысты төртінші рет естігенде, «Уа, Ием, айта гөр, пендең тыңдап тұр» деп жауап берді.
  - Шәкірттері Исаның судың бетімен өтіп бара жатқанын көргенде, айқай салды. Осы мысалдардың қайсысы сіздің Құдайдың шақыруы туралы идеяңызға көбірек сәйкес келеді? Сіз Құдайдың шақыруына жауап бердіңіз бе? Қалай жауап бердіңіз?
3. Дұға диалог немесе екі тарап арасындағы әңгіме болғандықтан, Құдай сізге ауызша және ауызша емес түрде не деді?





# ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ



Жаратқан Ие: «Мен сені өзімнен жоғары бағалаймын», – деді.

**Ә**р адам білуге тиіс негізгі ақиқаттарын Киелі Кітап беттерінен таба аламыз. Бұл ақиқаттар Жаратылыс кітабынан бастап, Аян кітабына дейін айтылады. Осы ақиқаттардың бірі – Құдайдың адаммен қарым-қатынас орнатып, оны Өзіне жақындатуға деген құлшынысы. Құдай шынымен де бізбен жақын болуды қалайды, және Оның бұл қалауы біздікінен әлдеқайда зор!

Құдай бізді сүйеді әрі қызғанады (Жақып 4:5-ті қараңыз). «Қызғаныш» сөзі қинала аңсау, сағыныш немесе құштарлық дегенді білдіреді. Әуел бастан-ақ осы бір отты қалау Оның бойындағы ең күшті сезім еді. Адам ата күнә жасағаннан кейін Құдай: «Адам, қайдасың? Менен неге жасырынасың?» деп сұрады. Бұл сөз – айыптау емес, шақыру еді. Осынау шақыру-

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

да Құдайдың жүрегінің зары естіледі. Адамзат тарихындағы Оның бізге деген сағынышын көрейік.

## АДАМ АТАНЫҢ ҰРПАҒЫ

Адам атаның шөпшегі Енох есімді кісі болатын. Бірде Енох бабасы Адамға келіп, одан жұмақтағы өмір жайлы сұрады. Енохтың тірі Құдаймен бірге жүрудің не екенін білгісі келді. Адам ата немере-шөбересін былай қойып, шөпшегін де, туажатын да көргеніне таң қалып отырған боларсыз. Оның жауабы мынау: тоғыз жүз отыз жасқа дейін өмір сүрсеңіз, төртінші буын шөберелеріңізбен сөйлесе аласыз. Енох дүниеге келгенде, Адам небәрі алты жүз жиырма екі жаста еді.

Киелі кітап Адам атаның жасы алты жүз сексен жетіде, Енох оған келгенде, ол сол кезде алпыс бесте екенін айтады. Бұл мәліметті Жаратылыс кітабынан алдым, Енох үш жүз алпыс бес жыл өмір сүрсе де, өмірінің үш жүз жылын Құдаймен өткізді деп жазылған.

Мәтүсал дүниеге келген соң, Енох үш жүз жыл бойы Құдаймен тығыз байланыста жүріп, басқа да ұл-қыздарға әке болды. Ол барлығы үш жүз алпыс бес жыл өмір сүрді (Жаратылыс 5:22, 23).

Демек, Енохтың өмірі алпыс бес жасында, яғни, Адам атаның батасын алып, бабасының аузынан өткен күннің қайғылы естеліктерін естігенде, мүлде өзгерсе керек.

Адам ата бұл тақырыпта әңгіме қозғауды ұнатпайтын, сондықтан, Енох атақты бабасының алдына барып, одан Едем бағы, ондағы болған оқиға жайлы әңгімені өзі бастады. Мұндай әңгімені бастауға батылдық қажет, оған Енох алпыс бес жасында ғана бел бұды. Атасының мұндай

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

әңгімені жақтырмайтынын Адам атаның барлық ұрпақтары білген және Енохқа жастайынан бұл тақырыпты Адаммен сөйлескенде қозғамау керектігін ескерткен. Қолымда жазбаша дәлелім болмаса да, оқиғаның осылай өрбігенін көз алдыма елестете аламын.

Яһудилердің тарихи дереккөздерінде жұмақтан құылғаннан кейін Адам атаның күйзеліске ұшырағаны туралы айтылады. Бұл сезім адам төзгісіз ауыр болды. Кейбір жазба деректерде Адам ата мен Хауа ананың ұяттан бір-біріне қарай алмай, қараңғы үңгірде отырғаны айтылады. Адам бұрынғы салтанаты мен сұлулығынан жұрдай болды. Құдаймен бірге жүру туралы есту бір басқа да, Оның салтанатты ұлылығында өмір сүріп, кейін одан ажырап қалу бір басқа. Адам ата ең қымбатынан айырылған кісінің айтып жеткізгісіз ауыр сезімін бастан кешті. Ал Енох болса, табандылық танытып, бабасының қайғылы естелігін тыңдай отырып, оған сенімі мен үмітін қосты. Адам атаның ұрпақтары оның қымбат қазынадан айырылып қалғанына өкініп, өзара күбірлескенімен, Енох «Мен Құдаймен бірге жүремін» деп, белін бекем буды.

Бабасы мен ұрпағының сол бір кездесуін көз алдыма елестете аламын. Енохтың тұла бойы дірілдеп кетті, бірақ құлшынысы қорқыныштан басым түсті. Жеңіліске ұшыраған бабасының әңгімесінен дірілдеген елестер көз алдына келгенімен, сол елестердің арасынан үміт отты жарқ етті, Енох сол үмітке қарай ұмтылды. Енох үшін Адам атаның өмірінде болған оқиға тек жеңіліс оқиғасы емес. Бұл әңгімеден ол Құдайдың адаммен бірге жүруге деген ықылас-ниетін көрді. Адам ата Едем бағындағы өмірін еске алып, Құдайдың алыста қалған уәделері туралы айтқанда, Енохтың көзіндегі үміт отын байқады ма екен?

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Адам ата мұңын шағып, көзіне жас алды: «Енох, мен Онымен бірге жүрдім... Оның салтанатты ұлылығында болдым. Ғаламның Жаратушысы, көзің көріп тұрған нәрсенің бәрін жаратқан Құдай Тағала менің жанымда жүрді! Ол менімен өзінің даналыққа толы жоспарларын бөлісті, Ол маған аспан төріндегі жұлдыздарды қалай реттеп, орнатқанын айтып берді. Ол мені Өз қолымен жаратты, сосын мені қолымнан ұстап, жетелеп жүріп, маған Едем бағын көрсетті. Ол әр жұлдызға ат қойды, оларды жыл мезгілдерінің ауысу белгілері ретінде және жолаушыларға бағыт көрсетер белгі ретінде орнатты. Ол маған жерді тартылыс күші мен электромагниттік толқындардың көмегімен қалай теңестіргенін және тамаша климатты жасағанын көрсетті. Ол маған тұқымның сырын ашты, оның түріне қарай қалай өмір беретінін, көктемде жер қойнауындағы қайнар көздерінен суды қалай сіңіретінін, тұқымдарды жер қойнауына қалай салғанын айтып берді. Енох, Ол маған барлық аңдарға, барлығы бес миллиардтан астам ат қоюды сеніп тапсырды! Біз бұл есімдерді бірге талқыладық, бірақ Ол соңғы шешімді әрқашан маған қалдырды!»

Адам атаның әңгімесін тыңдаған сайын, Енохтың бойындағы құштарлық арта түсті; ақырында, жалғыз арман оны толығымен баурап алды. Ол бір кездегі Адам сияқты Құдаймен бірге жүруі керек! Ол мұны шын жүрегімен қалады! Енох, тіпті, Адам атаға бұйырмаған мұраға да ие болды. Адам ата топырақтан жаратылып, кейін топыраққа қайта айналды. Жаратылыс кітабында «Енох Құдаймен тығыз байланыста жүрді. Кейін ол жер бетінен ғайып болды, себебі Құдай оны Өзіне алып кеткен еді» деп жазылған (Жаратылыс 5:24). Яғни, бұл жерді ол ажал көрмей, тастап кетті.

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

Енох көзі тірісінде ұлы пайғамбар болған. Ол өз замандастарына арнап та, біздің уақытымыз үшін де пайғамбарлық сөз айтқан еді. Ол заман ақыры таянғанда Қауымның ішінен шығатын, Құдайдың рақымымен құтқарылғандай әрекет ететін, бірақ кейін жазаға кесілетін өтірікшілер туралы айтты (Яһуда 1-15 қараңыз). Ол Құдайдың үкімі туралы аян алды және Құтқарушының Мәриям қыздан туғанына дейін мыңдаған жылдар бұрын ол Иеміздің екінші рет келетінін жариялады.

Бірақ Құдай оны үш жүз алпыс бес жасында неге алды? Ұлы пайғамбарлық қызметінің арқасында ма? Жоқ. Ол көкке көтерілді, өйткені ол «Құдаймен бірге жүрді» және Пауыл елші айтқандай, «Енохтың өмірі Құдайға ұнамды болды» (Евр. 11:5).

## ҚҰДАЙ БІЗДІ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ШАҚЫРАДЫ

Құдайдың жүрегінен шыққан, бізге деген үндеу – осы. Ол бізбен жақын қарым-қатынаста болуды аңсайды әрі Құдайдың осы құштарлығына жауап ретінде Оны жақыннан тануға ұмтылатын адамдарды іздейді!

Енохтан кейін дүниеге Адам атаның тағы бір ұрпағы келді – Нұх та Құдайдың көңілінен шыға білді. Жаратылыс кітабында «Нұх ... Құдаймен тығыз байланыста жүрген адам еді» делінген (Жаратылыс 6:9). Нұх Құдайдың қалауына сай Жаратқан Иеге жақындай түсті. Ол Құдайға қарай қадам басқан сайын Құдай да оған жақындап, алдағы оқиғаларды Нұхқа ашып, айта бастады. Құдайдың жер бетіне кенеттен төгілмек қаһары туралы хабар Құдайдың Нұхпен бөліскен бірінші құпиясы болды. Нұхтың Құдаймен тығыз қарым-қатынасы оның Құдай Өзін іздейтіндерге, сенуге батылы

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

баратындарға және Құдайға мүмкіндігінше жақындауға тырысатындарға жауап береді деген сенімінен туындады. Ыбырайымның өмірінен де осыны көреміз, Құдай оны Өзімен тығыз қарым-қатынаста болуға шақырып, «Менің көз алдымда мінсіз жүр» деп бұйырды (Жаратылыс 17:1). Бұл шақыру Ысқаққа да, Жақыпқа да қатысты. Жақып туылғанға дейін Құдай: «Мен Жақыпты сүйіп таңдап алдым» деген (Рим. 9:13). Құдай бүгін бізбен жақын, сырлас болуды қалайтыны сияқты, Жақыппен де жақын қарым-қатынаста болуды аңсады. Жақыптың өзі Құдайды іздемегенде де, Ол Жақыпты іздеді. Жақып ағасының қаңарынан қорқып, алыс елде жүргенде, жүрегін жаулап алуды қалайтын Құдайды тапты. Жақып басын тас жастыққа қойып ұйықтауға жатқанда, Құдай оған түсінде періштелер көтеріліп, түсетін баспалдақ туралы аян береді. Осылайша Құдай мен адам арасындағы көктегі байланыс ашылды.

Төрт жүз жыл құлдықта болған Исраил ұлдары, Жақыптың ұрпақтары, Құдайдың оларды құлдықтан босатудағы шынайы ниетін қате түсінді. Құдайдың қалауы уәде етілген жерді мұраға алумен шектеледі деп ойлады олар, алайда, мәселе тек жерде емес-ті.

Құдай Тағала ең әуелі өз халқына жақын болуды қалайды және Ол Өзінің ниетін халқына арнаған үндеуінде айқын білдіріп, көркем тілмен жеткізді:

Сендер Менің мысырлықтарға не істегенімді, әрі өздеріңді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер (Мысырдан шығу 19:4).

Алайда Құдайдың қалауы Исраил ұрпақтарының

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

жүрегінен жауап таппады. Олардың сөздерінен ниеттерінің мүлде басқа екенін байқаймыз: «Сен бізді ағы мен балы ағыл-тегіл елге алып барған жоқсың, бізге егіндік жер мен жүзімдіктерді мұралық меншікке үлестірген де жоқсың» (Руларды санау 16:14). Олардың назары мұра беруші Құдайда емес, өздеріне мұра болатын нәрседе ғана болды.

Мұса пайғамбар Ыбырайымның ұрпақтарына Құдайдың ниетін түсіндірумен болды. Мұсаның жазбаларының бірінде мынадай сөз бар:

Менен, Жаратқан Иеден, басқа еш біртәңірге құлшылық етпеңдер! Себебі бір атағым «Қызғаныш». Өзімді шын көңілмен сүйіп, түгелдей бағышталуларыңды талап еткен Құдаймын (Мысырдан шығу 34:14).

Құдай мұны күллі Исраилға жариялап, «Мен сендерді сүйемін» деді. Бірақ әрі надан, әрі жүректері қасарысқан халық Оған: «Сен бізді қалайша сүйіп келесің?!» – деп жауап берді. (Мал. 1:2). Құдайдың жүрегіндегі өздеріне деген құштарлықты көрмей, олар Оның өздеріне қарай ұмтылғанын өздерін соттау ниеті деп түсінді.

Олар қайта-қайта қиқар мінез танытса да, Құдайдың қалауы өзгерген жоқ. Еремия пайғамбар арқылы Құдай Өз халқына былай деп үндеу жолдады: «Ал енді, осындай күнә жасап жүргендеріңде Мен сендерге қайта-қайта ескерттім, бірақ сендер тыңдамадыңдар! Мен шақырдым, бірақ жауап бермей қойдыңдар!» (Еремия 7:13). Ата-бабалары Мысырдан шыққалы бері осы күнге дейін қайта-қайта қызметшілері — пайғамбарларды жіберіп, халқымен жақын қарым-қатынас орнатпақ болғанын айтты (Еремия 7:25 қараңыз).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Осындай оқиғаларға қарамастан, Құдайдың сүйіспеншілігі сөнген де, әлсіреген де жоқ. Оның бізге деген шексіз құштарлығының даусыз дәлелін Исадан табамыз. Исаның Өзі мұны былай түсіндіреді: «Өйткені Мен тура жолдан адасып кеткендерді іздеп, құтқаруға келдім» (Лұқа 19:10). Ол бізді құтқару үшін келді. Құдайға қас кезімізде-ақ, Ол бізді іздеп келді!

## ОНЫҢ ӘРҚАЙСЫМЫЗ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Біреуді аңсағанымызда, сол адам туралы үнемі ойлаймыз. Күні бойы ойымыз осы адамға орала береді, тіпті түнде, ұйқыда жатып та, сол адам жайлы ойлай аламыз. Сондайда сезіміңізді ішіңізде сақтай алмай, сырыңызды басқа адамға ашуыңыз мүмкін. Осы адаммен бірге болуды қалайтыныңызды және ол туралы қаншалықты жиі ойлайтыныңызды айтуыңыз мүмкін. Құдай да бізге солай қарайды. Құдай Дәуітке бізге қатысты ойларын айтты. Дәуіт пайғамбар Құдайдың әрқайсымыз туралы ойлайтын таңғажайып ойларын жайында былай дейді:

Сенің ойларың маған тым жоғары,  
Уа, Құдай, қанша көп олардың саны!  
Санап шықсам барлық ойларыңды,  
Құм қиыршықтарынан көп болады!  
Бірақ оянған кезде әрдайым мен  
Бірге боламын әлі де Өзіңмен (Заб. 138:17,18).

Құдайдың біз туралы ойлары жер бетіндегі барлық құм қиыршықтарынан да көп екенін адамның түсінуі мүмкін емес! Планетамыздың түкпір-түкпірінен, әрбір жағажайдан, барлық шөлдерден, көлдерден, теңіздер мен мұхиттардан



## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

жиналған құмды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Гольф алаңындағы кішкентай шұңқырларды көргенімде, сондай бір шұңқырдың ішіндегі құм түйірлерінің санына жете алмайтынымды анық білемін. Дегенмен, Құдай жер бетіндегі әрбір құм түйірін көріп, біле алады. Олардың саны мүлдем өлшеусіз. Соңғы жиырма жыл ішінде менің санама әйелім туралы көптеген әдемі ойлар келді, бірақ, тіпті ең жемісті күнінде де, менің ол туралы ойларым Жер планетасы түгілі, тіпті кішкентай ыдысты да толтыра алатынына күмәнданамын!

## АДАМ ӨЗІ БАҒАЛАҒАН НӘРСЕГЕ ҰМТЫЛАДЫ

Мұндай ойлар біз ұмтылатын әрі жақсы көретін, жақын қарым-қатынаста болғымыз келетін адамдарға бағытталған! Құдайдың бізді қаншалықты жақсы көретінін түсіне бастадыңыз ба? Құдай үшін біздің қаншалықты маңызды екенімізді ойладыңыз ба? Дүкенге барғанымызда, сөредегі тауарларға қараймыз, әрқайсысының бағасы жазылған. Кейбір тауарлардың бағасы төмендеген, ал басқаларының бағасы сол қалпында қалған. Әрбір тауардың өз құндылығына сәйкес бағасы болады. Ақылды адам сатылу бағасына құндылығы сәйкес келетін немесе, тіпті, асып түсетін өнімді іздейді.

Өмірде әр нәрсенің өз құны бар. Сатып алушының тауарға деген көзқарасы сол өнімнің құндылығына байланысты. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір бейсбол добы аукционда сатылатын болды. Бірақ бұл жәй ғана ескі доп емес, ерекше доп еді. Атақты бейсболшы Марк Макгир осы доппен өзінің он жетінші голын соққан болатын. Сол жолы ол бір маусымда ең көп ұпай жинап, өз лигасында рекорд орнатты. Доп екі

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

миллион жеті жүз мың долларға сатылды! Мұндай ақшам болған күнде де, сол допты сондай бағаға сатып алмас едім. Неліктен дейсіз ғой? Өйткені оның мен үшін құндылығы жоқ. Дегенмен, осы сәтті пайдаланып, допты сатып алған адам болды. Сол кісі туралы мақала да шыққан еді. Ал қазіргі кезде, бұл рекорд жаңарғандықтан, бейсбол рекордының әуесқойы төлеген бағаның аз ғана бөлігіне де бұл допты сатып алғысы келетін адамның табыларына күмәнім бар. Доптың құндылығы күрт азайып кетті.

Демек, мәселе қоғамның бізді қалай бағалайтынында емес. Қоғамның пікірі ауыспалы. Тіпті адам өмірінің өзі әр қоғамда әртүрлі бағаланады. Құрсақтағы баласын өлімге қиған ата-аналар қаншама. Баланың дүниеге келуі, оның өмірі ата-анаға түсетін салмаққа тұрмайды деп есептейді олар. Әйел, бала-шағасымен арадағы қарым-қатынасқа уақыт пен күш-қуатты босқа кетірудің қажеті жоқ деп есептейтін күйеулер бар. Олар үшін әйелінің немесе балаларының өмірінен гөрі өздерінің жайлылығы мен рахаты әлдеқайда маңызды. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Осындай көзқарастың салдарынан миллиондаған адамның жүрегі жаралы. Сондай-ақ, өз құндылықтарын басқалардың пікіріне сүйеніп бағалайтын, нәтижесінде өзін-өзі жек көретін немесе қажетсіз сезінетін адамдар бар.

## ҚҰДАЙ ӨКЕНІҢ АЛДЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Бірақ біздің Құдай алдындағы құндылығымыз қандай? Міне, осы тұрғыдан ғана біз өзімізді дұрыс бағалай аламыз. Ғаламдағы баға мен құндылықтың өлшемін адам емес, Құдай белгілейді. «Адамдар бұларыңды жоғары бағалағанмен, Құдай алдында ол — жексұрындық» (Лұқа 16:15).

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

Иса былай деді: «Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті (мәңгілік) өмірінен айырылса, бұдан оған не пайда? Яки адам өз өмірі үшін қандай құн төлей алады?» (Мат. 16:26). Осы дүниенің барлық байлығын бір сәт көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Миллиондаған доллар тұратын үйлер мен сарайлар, барлық асыл тастар мен металдар, ең жақсы автомобильдер, яхталар мен ұшақтар, жоғары технологиялық электроника. Және бұл аталғандар – «әдемі» өмірге тиесілі дүниелердің кейбіреуі ғана. Дүниеде өлшеусіз көп байлық пен қазына бар, олардың барлығын елестету мүмкін емес. Жақында сарапшылар дүние жүзіндегі жалпы өнім көлемі жақын арада отыз бес бүтін оннан сегіз триллион (10-ның 12-ші дәрежесі) долларға жететінін хабарлады. Санмен жазсақ, былай болады: \$35 800 000 000 000. Бұл орасан зор байлық, дегенмен, оған жылжымайтын мүліктің құны кірмейді. Алайда Исаның айтуынша, егер адам өз жанын осы сансыз байлыққа сатса да, тиімсіз шартқа келісіп, ұтылады!

Біздің шынайы қадір-қасиетіміз, Құдай алдындағы құндылығымыз дүниенің барлық байлығынан жоғары, сондықтан Ол бізді өте жоғары бағалайды! Киелі Кітап былай дейді: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16). Адам Құдай берген биліктен айырылып қалғаннан кейін, біз түнек патшасы шайтанның билігіне өттік (Лұқа 4:6 қараңыз). Адам атаның тілазарлығы әрқайсымыздың бойымызда бар, біз күнәнің құлы болып, шайтан билік еткен патшалықтың тұтқынына айналдық. Ол бізді шеңгелінен босатпақ емес-ті. Бізді азаттықтан үмітсіз мәңгілік түнек күтіп тұрды. Біреу келіп, құнымызды төлесе ғана бостандыққа шығуымыз мүмкін болар еді, алайда

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

азаттығымыздың құны адам үшін тым қымбат болды.

Азат болуымыздың құны ретінде Құдай Исаны құрбандыққа берді. Мұншалық жоғары құнды ешкім біз үшін төлей алмас еді, өйткені Құдай: «Ал адам жанын пенде ажалдан босатпас, оның төлемін Құдайға бере алмас» деген (Забур 48:8). Бірақ Құдай біздің жанымызды өте жоғары бағалайды, сондықтан Ол бізді Исаның өмірінің құнына сатып алды. Пауыл елші былай дейді: «Иеміз сендерді үлкен құн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті. Ендеше денелеріңмен Құдайдың даңқын арттырыңдар!» (1 Қорынт. 6:20). Басқа хатында Пауыл «Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, біздер жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларымыз кешірілді. Осылайша Құдай Өзінің шексіз зор рақымын терең даналығымен және түсінігімен бізге молынан жаудырды» деп жазған (Ефес. 1:7).

Бұл ғаламда Құдай үшін Оның Ұлы Иса Мәсіхтен қымбат ештеңе де, ешкім де жоқ. Алайда Өзінің Ұлын біз үшін төлем ретінде беру арқылы Құдай бізді Өзінің ең үлкен қазынасына тең деп жариялады. Ең ғажабы мынада: Құдайдың алдындағы құндылығымыз сәл-ақ төмен болса, Әкеміз Исаны біз үшін бермес еді, өйткені Құдай ешқашан ұтылмайды! Құндылығы жоғары затыңызды беріп, құнсыз нәрсеге ие болсаңыз, бұл – тиімсіз айырбас. Иә, дәл солай! Енді сіз Әке үшін қаншалықты маңызды екеніңізді түсінесіз бе? Иса бұл ойды былай деп растайды: «Солар да Біз сияқты біртұтас болсын деп, Өзің Маған сыйлаған ұлылықты Мен оларға да бердім. Мен бұлармен тығыз байланыстамын, Сен де Менімен солайсың. Маған сенетіндер толық бірлікке жетсін! Осылайша Өзіңнің Мені жібергеніңе әрі *Мені қалай сүйсең, оларды да солай сүйетінің* адамзаттың көзі жетсін» (Жохан 17:22,23). Әкеміздің бізді, Исаны сүйгеніндей, сүйетінін

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

ашық айтады! Сөзімді естіп тұрсыз ба? Енді сіз өзіңіздің шынайы құндылығыңызды түсіндіңіз бе? Құдайдың сізбен қаншалықты жақындық іздейтінін көріп тұрсыз ба?

### «ИӘ, СОЛАЙ, БІРАҚ МЕН СΙΑҚТЫЛАР КӨП»

«Иә, бірақ бұл құрбандық – бүкіл адамзат үшін төленген құн. Сансыз көп адамның ішінде мен кіммін?» деп қарсылық танытуыңыз мүмкін. Гәп мынада: егер сіз жер бетіндегі жалғыз адам болсаңыз, Құдай сізді дәл осылай аңсайтын еді және сізді шайтанның құлдығынан азат етіп, Өзінің құшағына алу үшін сол шексіз қымбат құнды төлер еді. Исаның жердегі қызметінен осыны анық көре аламыз. Ол күні бойы көптеген адамдарға Құдай Патшалығының құпияларын үйретумен болды. Иса қатты шаршағанымен, кідіруге болмайтын еді. Киелі Рухтың жетелеуімен Иса шәкірттеріне қайыққа мініп, Ғалилея теңізінің арғы жағасына өтуді бұйырды. Шәкірттер теңіздің ортасына жеткенде, дауыл көтеріліп, шәкірттердің өміріне қауіп төнді. Бірақ Исаның шаршағаны сонша, дауылды елеместен, ұйықтай берді. Шәкірттері қорқып, Исаны оятты да, өмірлеріне қауіп тұрғанын тұрғанын айтты. Иса құтырынған толқындар мен долы дауылды тыныштандырды. Шәкірттеріне берген жауабы осы болды.

Олар түннің едәуір бөлігін толқынмен арпалысып өткізді. Қарсы жағаға жетіп, демалармыз деп үміттенді. Алайда, жағаға шығуы мұң екен, алдарынан жын соққан адам шықты. Сол адам қабірге арналған үңгірлерде тұратын. Ешкім оны тіпті шынжырлармен де бұғаулап қоя алмайтын. Талай рет оның аяқ-қолын шынжырлармен және кісендермен бұғаулап тастаған еді, бірақ ол шынжырларды сындырып, кісендерді үзіп, қашып кететін. Оны бағындыруға ешкімнің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

де күші жетпеді. Сол кісі күні-түні қабірлердің арасында және тау-төбелерде айқай салып, өзін-өзі таспен ұрғылайтын (Марқа 5:3-5). Қазіргі кезде мұндай адамды психиатриялық ауруханаға, жеке палатаға жатқызып, қоғамнан оқшау ұстайтын еді. Оған күшті дәрілер беріп, жалғыз қамайтын еді. Көптеген адамдар ондай науқастарды қоғамнан аластатқанды жөн көреді. Мұндай науқастардың да өмірі заңмен қорғалады, олар сол себептен ғана тірі жүр. Олар қоғам үшін пайдасыз балласт болып саналады. Жұрт алдында еш құны да, қадір-қасиеті де жоқ. Ондай адамнан аулақ жүреміз. Алайда, осы бір есі дұрыс емес адам Әке, Иса және Киелі Рух алдында құнды болатын. Иса оған қызмет етіп, кереметін көрсетті. Бұл бақытсыз адамның түнектен азат болуы өте әсерлі болды, сол күннің кешінде-ақ ол ұқыпты киініп, сап-сау күйінде Исаның аяқ жағында отырды. Әрі қарай оқиық: Сол адамға қызмет еткеннен кейін, «Иса қайыққа мініп, көлдің батыс жағына қайта оралды. Содан көлдің жағасында көп халық Оның қасына жиналды» (Марқа 5:21). Құдайдың маған Киелі Кітаптың осы тұсын нұсқаған сәтін ешқашан ұмытпаймын. Жұрт түкке тұрғысыз деп санайтын, жын соққан адамға қызмет ету үшін күні бойы жиналған халыққа қызмет етіп әбден шаршаған Исаның дауылды теңізді кесіп өткеніне қайран қалдым. Содан кейін Иса қайыққа мініп, қарсы жағаға қайта оралды. Мұның бәрін ол бір адамға бола істеді!

Осыны түсінген кезімде, жер бетіндегі жалғыз адам болсам да, Құдайдың мені аңсап, Онымен қарым-қатынаста болуым үшін қымбат құн төлейтінін терең ұғындым. Иса дүниеге нәресте болып келген күні аспан періштелері Құдайды заңғар биікте мадақтап, жер бетінде орнайтын татулық пен адамдарға деген ізгі ниетті не себепті жырлағаны

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

енді толықтай түсінікті болды. Бүкіл әлемнің көз алдында Құдайдың жанымызды баурап алу драмасы көрініс тапты.

### ИСАНЫҢ ӘРҚАЙСЫМЫЗҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ

Құдайдың маған берген ең әсерлі аяндарының бірі құтқарылғанымнан кейін көп ұзамай келді. Көлігімді жүргізіп, Құдаймен сөйлесіп келе жатқан едім, кенет, ғайыптан пайда болған, бүкіл санамды төңкеріп тастаған сөздерді естідім. Жүрегімде Құдайдың: «Джон, мен сені Өзімнен де жоғары бағалайтынымды білесің бе?» — деген бәсең үнін естідім.

Осыны естіген сәтте бұл шайтаннан келген күпір ой болар деп шештім. Осыншалық тәкаппар ойларға жол берілмеуі тиіс деп ойладым. «Менен аулақ кет, шайтан!» деп айқайлай жаздадым. Дегенмен, жүрегімнің түкпірінде бұл үн – Құдайдың үні екенін сездім. Сөйтіп, мен ең қауіпсіз шешім қабылдадым. Мен: «Ием, мынадай сөзге сену өте қиын. Аспан мен жерді жаратқан Құдайдың мені Өзінен де маңыздырақ санауы барып тұрған күпірлікке ұқсайды. Бұл ойды Жаңа Өсиеттен үш куәлік беріп, дәлел келтірсең ғана қабылдай аламын» дедім.

Осыны айтқаннан кейін мен Құдайдың жауабыма риза болғанын сезіндім. Жүрегіме бірден: «Філіпіліктерге арналған хаттың екінші тарауы, үшінші аятта не айтылған?» деген сөз келді.

Осы аятты жақсы білгендіктен: «Жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кішіпейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар!» деп дауыстап айттым.

Жаратқан Ие: «Киелі Жазбадағы бірінші куәлік – осы» деді.

Мен қарсылық білдірдім: «Пауыл елші філіпілік сенушілерге бір-бірін өздерінен жоғары құрметтеуді

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

бұйырып отыр. Сенің маған деген көзқарасың туралы айтқан жоқ».

Құдайдың берген жауабы мынадай болды: «Балам, Мен балаларыма Өзім істемейтін нәрсені жаса деп ешқашан айтпаймын!» Сосын мұндай жағдайдың көптеген отбасында кездесетін мәселе екенін түсіндірді. Ата-аналар балаларынан өздерінде жоқ мінез-құлықты күтеді. Ал Раббымыз Өзінің бұйрығын Өзі үлгі етпейінше, оны орындауды бізден талап етпейді.

Бұл дәлелді қабылдадым, бірақ Жаратқан Иенің мені Өзінен жоғары бағалайтынына әлі де сене алар емеспін. Мен: «Ием, бұл Киелі Жазбаның бір үзіндісі ғана, ал маған тағы екеуі керек», - дедім. Мұным – Жаратқан Иеме деген құрметімнің жоқтығы емес, сақтығым еді.

Жаратқан Иенің бұл уәжіме берген жауабы жанға батқан сұрақ түрінде келді: «Джон, айқышқа кім шегеленіп еді, сен бе, әлде Мен бе?»

Осы сәтте жаңа түсінік келді де, бұрыннан білетін нәрселерім енді әлдеқайда шынайы болып көрінді. Қайран қалып, іштей ғана «Сен, Иса» дедім.

Ол сөзін жалғастырды: «Айқыштағы азапты өлімге сен кесілген едің, бірақ Мен сенің күнәларыңды, үкімдеріңді, ауруларыңды, әлсіздігіңді, тауқыметтерің мен жоқшылығыңды көтердім. Сені Өзімнен де жоғары бағалаймын, сондықтан осылай істедім». Осы сөзді естігенімде, тұла бойым қалтырап кетті. Құдай осыны айтқаннан кейін менде күмән қалмады. Үнсіз қалдым. Иса басынан өткерген көп азаптың біріне де лайық емес-ті. Ол әділ әрі жазықсыз еді. Ойыма Петірдің бірінші хаты 2:24 келді: «Біз күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре



## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы (рухани дертімізден) сауықтық».

Оның мені Өзінен де артық құрметтейтінін енді түсіндім. Екі көзім жасқа толып, Құдайымды мадақтай бастадым. Дегенмен, Киелі Рухтың үшінші дәлел келтіретініне сенімді болдым. Көп ұзамай Ол: «Римдіктерге 12:10 не дейді?» деп сұрады. Бұл аятты да жатқа білемін, онда былай делінген: «Бір-біріңді *бауырлардай* сүйіп, өз *бастарыңнан артық сыйлаңдар*».

Сонда мен Иемнің: «Мен көп бауырластардың арасындағы тұңғышы емеспін бе? (Рим. 8:29). Мен бауырларымды аса қадірлеймін және оларды өзімнен жоғары қоямын» дегенін естідім. Исаның бізді сүйетінін бәріміз де жиі естиміз. Бірақ Ол жүрегіме осы сөздерді айтқанда, әрбіріміздің Оның алдында мүлде ерекше екенімізді түсіндім. Шын мәнінде, Ол Өзінің отбасы мүшелерін Өзінің қазынасы деп санайды. Әрқайсымыздың өте қымбат екенімізді айтады. Әрбірімізді көзінің қарашығындай көреді. Мынаны түсінуге тырысыңыз: Ол бізге қуанады! Мына бір шынайы әрі тамаша сөздерге құлақ асыңыз: «Құдайың Жаратқан Ие араңда тұр! Ол — батыр іспетті құдіретті Құтқарушы саған қатты шаттанады, сүйіспеншілігімен сені тыншытып, саған қуанып мерекелейді» (Соф. 3:17).

## АДАМ СОНША КІМ?

Періштелер құдіретті де қасиетті Құдайдың қарапайым пендесіне осынша көңіл бөлетінін көріп, бізге қызыға қарайды. Киелі Кітаптан мынаны оқимыз:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

«Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа,  
Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға  
Назар аударған әрбір уақытымда  
Мынадай сұрақтар туады ойымда:  
Өзің ескеретіндей адам сонша кім,  
Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?» (Заб. 8:4,5).

Бұл сөздерді Дәуіт жазғанымен, Құдайдың оған Құдай тағын қоршап тұрған құдіретті періштелердің ойларын естуге мүмкіндік бергеніне сенімдімін. Бұл періштелер Құдайдың ғаламды жаратқанда, жанында болып, көзімен көрді. Періштелер Құдайдың алдында зор құрметпен тұрады және тек «қасиетті, киелі, киелі» деп дауыстай алады, өйткені сәт сайын оларға Жаратқан Иенің ұлылығының жаңа қыры ашылады, осылайша олар Оны мәңгі дәріптеп, мадақтай алады. Олардың дауыстарынан Құдайдың тағы тұрған салтанатты сарайдың (кем дегенде он миллион адам сиятын) тіректері шайқалады. Періштелер Құдайдың бізге деген сүйіспеншілік пен ізгілікке толы ойларының сансыз екенін және сан жағынан жер бетіндегі барлық құм түйірлерінен асып түсетінін көреді. Олар мұны көріп, қайран қалады!

Біз Оның баға жетпес байлығымыз, таңдап алған асыл інжу-маржанымыз — тірі тастармыз, осы тастардан Ол Өзі мәңгі тұруды қалайтын киелі шатырды тұрғызады. Ал Құдайдың бізге деген осындай көзқарасының себебі неде? Оның керемет сүйіспеншілігіне лайық болу үшін біз не істедік? Міне, ең үлкен шындық осында жатыр. Біз Оның сүйіспеншілігіне және бізбен бірге болу тілегіне ие болу үшін ештеңе де істеген жоқпыз. Өйткені біз әлі де рухымыз әлсіз, қараңғылықта адасып, күнә жасап жүрген кезімізде, тіпті, Оған жау кезімізде, Ол бізді іздей бастады. Ол бізден тек Оның сүйіспеншілігі ғана көре алатын нәрсені көрді.

## ҚҰДАЙДЫҢ ЫСТЫҚ ҚАЛАУЫ

Жемқорлық, күнә мен азғындық арасынан, Ол қымбат қазынаны көрді. Ол оны бағалы нәрсе ретінде сатып алды, ал жұрт оны түкке тұрғысыз деп санады. Ол біздің сол кездегі күйімізді ғана емес, шынайы құндылығымызды және тек Оның рақымы көре алатын нәрсені көрді.

Енді біз Киелі Жазбадағы мына сөздердің мағынасын тереңірек түсінеміз: Сендер үлкен құн төленіп, күнәнің құлдығынан азат етілдіңдер, енді «адамдардың құлы» болып қалмаңдар!» (1 Қор. 7:23). Бірақ мұндай сүйіспеншілік пен құрметті басынан өткерген адам неліктен бір кездері өзін құлға айналдырып, елеусіз, түкке тұрғысыз күйіне қайта оралғысы келеді?

Егер біз бір кездері Исаның ғаламдағы ең көрнекті тұлға екенін түсінсек және Ол бізбен бірге болуға ынталы болса, оған жақындауға осындай керемет шақыруды қалай елемейміз? Одан бас тарту енді мүмкін емес, өйткені мұндай қайғылы бас тарту тек надандық пен білместіктен туындауы мүмкін.

*(Маңызды ескерту: Киелі Жазбада Құдай бізді іздеп жүргенімен, біз Оның шақыруына жауап беруіміз керек екені айтылған. Егер сіз Иса Мәсіхті Иеңіз әрі Құтқарушыңыз ретінде ешқашан қабылдамаған болсаңыз, дәл қазір кітаптың соңында орналасқан А қосымшасына өтіңіз)*

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Исраилдіктер Мысырдағы төрт жүз жылдық құлдықтан азат етілгенде, Құдайдың оларды құтқарудағы басты мақсатын түсінбеді. Жаратқан Ие «Ол оларды Өзіне әкелді» деп жариялады. Халық болса, бастарына түскен ауыртпалықтың барлығы ағы мен балы

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

ағып жатқан жер жайындағы уәдеге сенгендерінің салдары деп ойлап, жылап, күңкілдеді. Осы тарауда айтқанымыздай, олардың жүректері *кімнің* мұрагері болатынына емес, *нені* иеленетініне көңіл бөлді.

2. Құдай сізді күнәнің құлдығынан азат етті және Ол сізді Өзіне әкелгісі келеді. Сіз қаншалықты жиі шағымданасыз және күңкілдейсіз? Сол кезде сіз Жаратқан Иенің нығметі мен Өзін шатастырып алған жоқсыз ба?
3. Бұл тарауда біз: «Раббымыздан осындай сүйіспеншілік пен құрметке ие болған адам неліктен бқырынғы құл қалпына әрі елеусіз және құнсыз саналған күйіне қайта оралғысы келеді?» деген сұрақты қойдық. Бұл сұраққа қалай жауап бересіз?
4. Бұл тарауда автордың құтқарылғаннан кейін көп ұзамай Құдаймен арада болған әңгімесі айтылады. Автормен қарым-қатынасында Құдай адамдарды қаншалықты жоғары бағалайтынын айтты. Құдай алдындағы жоғары құндылығыңызды және қадір-қасиетіңізді түсіну өміріңізді және өмірге деген көзқарасыңызды қалай өзгерте алады?

# ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА



Неден нәр алсақ, соны қалаймыз.

**Қ**ұтқарылмаған адам тірі Құдайды іздеуді бастамас бұрын, Иеміздің Өзі оны Өзіне тартуы керек. А.У.Тозер былай деп жазады: «Күнәһар адамға Құдай туралы бір дұрыс ой келерден бұрын, оның ой-санасында ағарту ісі жүргізілуі тиіс» («*The Pursuit of God*», 11-тарау). Исаның Өзі: «Мені жіберген Әкем Өзіме жақындатып тартса ғана, адамдар Маған келе алады; ал Мен оларды ақырғы күні қайта тірілтіп аламын» деді (Жохан 6:44). Сондықтан Құдаймен Иса Мәсіх арқылы қарым-қатынас орнатпаған адамдарға араша болу өте маңызды. Құдай «барлық адамдардың құтқарылып, шындықты біліп алуларын қалайды» (1 Тім. 2:4) және адамзаттың бүкіл тарихының барысында осы мақсатты көздеп, әрекет етті. Дегенмен, Ол әлі де Өз

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

балаларының жоғалғандарға жанашырлық танытқанын және сол адамдарды құтқаруын өтініп, мінәжат еткенін қалайды. Сондықтан Иса: «Оратын егін көп, бірақ жұмысшылар аз. Сондықтан егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!» деген еді (Матай 9:37,38).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Иса Мәсіхке сеніп, құтқарылғанымыздан бері қолымызда мерзімі шектеусіз шақыру қағазы бар. Киелі Рух Құдайдың перзенттерін Әкемен қауыштыру керектігін үнемі айтады. Бізге мәңгі бақи күшінде қала беретін шақыру қағазы берілді. Құдай бізге қарай бірінші болып қадам жасады. Әлгі бұта әлі жанып тұр, Ол сені атыңды атап әлі де шақыруда, Ол қайықтан шықты! Енді сенің кезегің!

Жақында бір сенуші былай деді: «Джон, жасым ұлғайған сайын, Құдайға қызмет етіп, тәжірибем артқан сайын, біздің Оған жақындауымыз Құдайдың Өзіне ғана байланысты екенін түсінемін».

Мен оған: «Жоқ, бұл қате түсінік» деп қарсылық білдірдім.

Содан кейін ол Исаның «Мені жіберген Әкем Өзіме жақындатып тартса ғана, адамдар Маған келе алады» деген сөздерін келтірді.

Мен: «Исаның солай дегені рас. Алайда, бұл ақиқат күнәкарларға ғана қатысты. Қазір сен Оның перзентісің, Құдай осының негізінде Өзіне жақындауыңды сұрайды, содан кейін Ол да саған жақындайды. Ол бұл қадамды кез келген уақытта жасай алатынымызды анық айтады».

Иә, Оның бізбен кездескісі келетін және мұндай кездесуге өзі бастамашы болатын жағдайлар болады. Бірақ бұл біз Иемізбен кездесудің бастамашысы бола алмаймыз немесе

## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

болмауымыз керек дегенді білдірмейді. Онымен қарым-қатынасымыз бар, кәдімгі әке мен бала арасындағы қарым-қатынастағыдай, баланың әкесінің алдына өз ниетімен келетін кездері де болады, кездесуге әке бастамашылық жасайтын кездер де болады.

## НЕГЕ БАРЛЫҚ АДАМДАР ОНЫҢ ШАҚЫРУЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ?

Мынадай сұрағым бар: Неліктен көптеген сенушілер Құдаймен үстіртін, таяз қарым-қатынаста болады? Неліктен олар Онымен жақынырақ және саналы қарым-қатынас орнатпайды? Бұған не кедергі? Мұндай адамдардың жүрегін лаулатып, Құдайдың шақыруын қабылдауына не түрткі болуы мүмкін? Бұл сұрақтың жауабы өте қарапайым: мұның бәрі біздің Оны білуге деген құштарлығымызға байланысты. Дәуіт:

«Жаным шын Құдайды іздеп шөліркейді,  
Қашан мен Құдайыма бара аламын,  
Қашан Оның алдында бола аламын?  
Себебі адамдар менен күні бойы:  
«Құдайың қайда?» деп сұрай береді.  
Сырымды Саған ақтарған кезімде  
Мынау бірден түседі менің есіме:  
Мен көпшілікті жетелеген едім,  
Құдайдың үйіне қарай өрледім,  
Мейрамдаған халықпен бірге жүрдім,  
Шат-шадыман болып шүкірлік еттім» деп  
дауыстайды (Заб. 41:3-5).

Кітапты әрі қарай оқымастан бұрын, осы жолдарды қайталап баяу оқып шығыңыз да, әрбір сөзді ой елегінен өткізіңіз. Дәуіттің:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

«Сырымды Саған ақтарған кезімде  
Мынау бірден түседі менің *есіме*» дегеніне назар  
аударыңыз.

Еске алу дегеніміз еврей сөзі - *zakar*. В.И.Вайн деген зерттеушінің айтуынша, еврей тіліндегідей, грек тілінде де бұл сөз, жай естеліктерді ғана емес, одан әлдеқайда тереңірек ұғымды білдіреді. Бұл әлдебір ойларды есте сақтау дегенді білдіреді. Забур аяттарында осы мағына бар. Дәуіт шын мәнінде былай дейді: «Құдайға деген құштарлығымды *есімде сақтасам*, сырымды Саған ақтара бастаймын». Дәл осы көзқарас жүрегімізде Құдайға деген қанбас шөлікке тудырады. Мұндай құштарлық бізді қандай кедергілерге кезіксек те, рухани, интеллектуалдық немесе физикалық тұрғыда Оған жақындауға итермелейді. Сондықтан, Оған деген құштарлығымызды сақтап, арттырғанымыз өте маңызды!

## ИЕМ, САҒАН ДЕГЕН ШӨЛІМДІ АРТТЫР

Көптеген сенушілер: «Раббым, Саған деген шөлімді арттыра гөр!» деп дұға етеді. Бірақ бұлай сиыну дұрыс емес. Құдайға деген құштарлығымыз Оған емес, өзімізге ғана байланысты. Біз, Америка халқы, орасан зор материалдық байлыққа иеміз, елімізде көңіл көтеруге де, ақша табуға да көптеген мүмкіндіктер бар. Құдайға деген құштарлығымызды сөндіріп алмаудың жалғыз жолы – өз жанымызды қорғау және сана-сезімімізге әсер ететін нәрселерді саналы түрде таңдау. Нақыл сөздер 27:7-де былай делінген:

«Тойынған балдан да бас тартар,  
Ашыққанға ащы ас та балдай болар».



## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІНДІ САҚТА

Қарапайым сөзбен айтқанда, егер сіздің жан дүниеңізде уайым, ләззатқа деген құштарлық, байлыққа деген құмарлық немесе осы дүниеге тән қалаулар болса, жаныңыз тойып, Құдаймен қарым-қатынастың тәтті балын аяқ асты етесіз.

Біздің елімізде Алғыс айту күні деп аталатын мереке бар. Американдықтардың көпшілігі бұл мерекені туған-туыстарымен немесе достарымен бас қосып тойлайды. Мерекелік дастарханға тойып бармау үшін, таңғы астан бас тартатындар көп. Мереке басталады. Қонақтардың алдына түрлі салмасы бар, бүтіндей пісірілген күркетауық, тәтті картоп, көкөністер, мүкжидек соусы, тоқаштың түр-түрі және т.б. қойылады. Дастарқандағы асты жайпап жейміз, өйткені қарнымыз ашып, тәбетіміз әбден ашылған. Шамадан тыс тойып алып, артынан ыңырсып отырамыз. Әбден тойындық! Содан кейін бірер сағаттан кейін біз басқа бір туысымыздың үйіне қонаққа барамыз. Дастарқан тағы да сән-салтанатымен қойылған өзі дәмді, өзі нәрлі тағамдарға толады. Бұл жолғы тағамдар бірінші дастарқандағыдан да дәмді болса да, оған тәбетіміз шаппайды, қайта асқа қарағымыз келмей, тамақтан бас тартуға бармыз. Бұрынғы асқа әлі тоқпыз, мерекелік дастарқанға қараған бойда ештеңе жей алмайтынымызды түсінеміз. Енді бірінші үйдегі тағамға қарағанда, бұл астың дәмдірек, талғампаз болғанына да мән бермейміз, тіпті менсінбейміз де. Нақыл сөздер кітабында дәл осы жайт сипатталған. Бұл ақиқатты толығырақ ашу үшін біз мұның бәрі пропорцияға қатысты екенін мойындауымыз керек. Жүрегіңіз осы дүниелік қалауларға толы болса, сіз алдыңыздағы тағамды аяқ асты етпессіз, бірақ оған тәбетіңіз де шаппайды. Бірер сағат бұрын тамақ ішіп, тоқтығыңыз қайта қомаған болса, мерекелік дастарқаннан мүлде бас тартпасаңыз да, аздап дәм татарсыз. Іссапармен басқа қалада жүргенімде, шақырушы

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

тарап мейрамханаға шақырады, мен сыпайы түрде бас тартамын, өйткені бірнеше сағат бұрын тамақтандым, қарным аша қойған жоқ. Алғыс айту мейрамы жайында келтірген мысалымдағыдай, асқа мүлде қарағым келмейді деп айта алмаймын, жай ғана тамаққа зауқым соғып тұрған жоқ. Алайда, екі-үш күн тамақ ішпеген адам мұндай шақыруды мүлде басқаша қабылдайды. Сіз немқұрайлы қарайтын тағамды ол кісі тамсана жейді. Олай болса, ақиқат мынада: Құдайдың шақыруына бұл дүниедегі нәрселерге тойынуымыздың дәрежесіне қарай жауап береміз.

Өкінішке орай, қауымдағы адамдардың Құдайға қатысты нәрселерге селқос қарауы жиі кездеседі. Әрине, олардың көпшілігі Құдайдың құзырын назардан тыс қалдырмайды, бірақ аш адаммен салыстырғанда, олар алдындағы мерекелік дастарқанға үйреншікті, әдеттегі нәрсе ретінде қарайды. Мәселе мынада, олар бірнеше сағат бұрын осы дүниелік дастарқаннан «тамаққа» тойып үлгерген, енді өздерін тоқ сезінеді. Олар Құдайға жақынырақ болғысы келетінін айтады, бірақ сөздерінен гәрі әрекеттері анық сөйлейді. .. Бұл кітапты қолыңызға алуыңыздың себебі – Құдайды жақынырақ білгіңіз келеді (ниетіңіздің осындай екеніне сенемін), бірақ жаныңыз Оны аңсады ма? Әбден ашыққан әрі шөлдеген адамға ұқсайсыз ба? Құдайға деген құлшынысқа ие болу үшін біз осындай аштық пен шөлді сезінуіміз керек.

## СЕЛҚОС ҚАУЫМ

Егер сіз Аян кітабындағы Исаның соңғы қауымға айтқан сөздерін мұқият зерттесеңіз, таңғажайып фактіні табасыз. Біріншіден, Исаның Асиядағы жеті қауымға хат жіберуді бұйырғанын есте сақтаңыз, бірақ бұл хабарлар тек тарихта болған нақты қауымдарға ғана емес, бәрімізге арналған.

Олай болмаса, олар Киелі Жазбаға кірмес еді. Бұл хаттардың Киелі Кітапқа енуі олардың пайғамбарлық жазба екенін, яғни, Құдайдың бізге арналған сөзі екенін білдіреді. Пайғамбарлық жолдау әртүрлі қарым-қатынастарға немесе жағдайларға қатысты қолданылады, олардың мағынасы да әр алуан болуы мүмкін. Жеті қауымға арналған хабар бүгінгі күні біз үшін өте маңызды. Сонымен қатар, бұл жолдаудың Киелі Кітаптың соңында орналасуы, Исаның келуінің қарсаңындағы Қауымға тікелей қатысты екенін көрсетуі де ықтимал. Хаттың соңында Жохан елші былай дейді: «Осыдан кейін қарап қалсам, көкте ашылған есікті көрдім! Мен бұдан бұрын да естіген, *керней* үніне ұқсайтын қатты дауыс маған: «Мұнда көтеріл, саған осыдан кейін не болуға тиіс екенін көрсетемін», — деді» (Аян 4:1). «Керней» сөзіне назар аударыңыз. Біз соңғы күндерде Жаратқан Иеміз көктен түскенде, бас періштенің даусы мен Құдайдың *кернейінің* үні естілетінін білеміз (1 Сал. 4:16,17). Жеті қауымға арналға осы жолдауда біздің өмір сүріп жатқан уақытымызға ерекше мән берілген деп ойлаймын.

Осы жолдауында Иса қауымның қалғып-мүлгіген күйі жайлы айтады. Қазіргі тілмен айтқанда, оларда құлшыныс пен жалын жетіспеді, олар Иса үшін маңызды нәрселерге селқос қарады. Олар Құдайға ұнамды болу үшін қажет өзгерістерге сирек барды. Бұған не себеп болды дейсіз ғой? Ескеретін жайт, бұл қауымдар Құдайды мойындамайтын жалған қауымдар емес, өйткені бұл адамдарды Исаның өзі таниды. Сұрақтың жауабы олардың өмірге деген көзқарасында жатыр. Иса былай дейді: «Сендер: «Мен баймын, ауқаттымын, еш нәрсеге мұқтаж емеспін» дейсіңдер» (Аян 3:17). Осы сөзден ұғатынымыз, қауымда Құдайға деген құлшыныс болмады. Олар, өкінішке орай, жан тыныштығын Құдайдан емес, осы дүниелік нәрселерден тапты.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ҮСТІРТІН ДИАГНОЗ

Кейбіреулер қауымдағы бұл мәселе тоқшылық пен молшылықтан, яғни, сенушілердің материалдық байлыққа сенім артуынан туған деп ойлауы мүмкін. Бұл Исаның айтқанын тым үстіртін түсіну болар еді. Дәуітке қарасақ, оның көл-көсір байлығы мен сансыз көп қызметшілері болғанын көреміз. Ол ұлы Сүлейменнің ғибадат салуына «жүз мың ат басындай алтын, мың рет мың ат басындай күміс, сансыз көп мөлшерде қола мен темір әрі ағаш пен тас та жинап, дайындап қойды» (Шеж. 1-ж. 22:14). Бірақ Құдайға сиынғанда Дәуіт патша былай деді: «Уа, Жаратқан, *жарлымын, зәрумін көмегіңе, құлақ тосып, жауап берші өтінішіме*» (Заб. 85:1, *курсив автордыкі*). Дәуіт өзін-өзі жарлы, көмекке зәру адам санайды! Оның сөзі ақиқат, өйткені көктен шабыт келгенде, жалған сөйлеу мүмкін емес. Қоймасы тола алтын-күміс болса да, өзін-өзі шынымен де кедей, бейшара санады! Ол Құдайдың Өзіне мұқтаж және бұл мұқтаждық оның Құдайға деген құштарлығынан пайда болды. Дәуіт патшаның сөздеріне қайта оралайық: «Жаным шын Құдайды іздеп шөлікпейді...» дейді ол. Ол Құдайдың жауабын естуге соншалық құштар! Құдайға жақын болуды қалайды! Дәуіттің жүрегіндегі бұл құлшыныс неден туындайтынын байқаңыз:

«Жаным шын Құдайды іздеп шөлікпейді,  
Қашан мен Құдайыма бара аламын,  
Қашан Оның алдында бола аламын?  
Көз жасымды көл қыламын күндіз-түні,  
Себебі адамдар менен күні бойы:  
«Құдайың қайда?» деп сұрай береді.» (Заб. 41:3,4).

Лаодикиядағы сенушілер жанның шөлін осы дүниелік

## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

нәрселермен қандырды. Дәуіт болса, өзіне мұнай мүмкіндік бермеді. Жанының байлыққа тоқ болуына жол бермеді. Сірә, бұл қауым мүшелерінің байлығы Дәуіттікінен әлдеқайда аз болса керек, дегенмен олар сол дәулетіне тойып, қанағат тапты, сөйтіп, Құдайдың құзырына және Құдаймен жақын қарым-қатынасқа деген ішкі құмарлықтарын сөндіріп алды.

## ТОЛЫҒЫМЕН ҚАРАМА-ҚАРСЫ

Соңғы жиырма жыл ішінде мен мұндай жағдайды жиі көрдім. Бір жолы Канаданың солтүстігін мекендейтін Кри тайпасына бардым. Кри тайпасы – Солтүстік Америкадағы резервацияда тұратын американдық үндістердің соңғы тайпасы. Сипатталған оқиғадан жиырма жыл бұрын осы бір асыл текті адамдар америкалық бұландардың ізімен қоныс аударып, көшпелі өмір сүретін. Олардың баспанасы вигвам болатын. Бұлар аса байлыққа ие болмаған қарапайым адамдар еді. Соңғы он жылдың ішінде ғана олардың қарапайым үйлеріне теледидар кірді.

Жиналысқа мыңға жуық адам келді. Сол резервацияда өткізген бірнеше күнімнің ішінде мынаны байқадым: Жасы жиырмадан асқан адамдар Құдайға деген едәуір құштарлық танытты. Олардың құлшынысы Солтүстік Америкадағы көптеген адамдарға қарағанда әлдеқайда зор. Құдайды тануға деген ыстық ықыласы қайран қалдырады. Алайда, жиырмаға толмаған жастар селқос күйінде қалып, рухани шөлді сезінбегендей болды.

Жиналыстардың бірінде тәлім мен уағыз зор майлаумен өтті. Жиналыс өтетін шатырға жиналғандар Құдайдың сөзін жүректерімен қабылдады. Кенет шатырдың ар жағында және оның қасында зеріккен, немқұрайлы кейіппен

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

тұрған жастарды көзім шалды. Уағыздың кейде қызықсыз болып, тыңдарманды жалықтыратынын білемін, алайда дәл сол уағызым ондай емес-ті. Киелі Рухтың Оның Сөзін уағыздаудағы ерекше күшті әсерін сезіндім. Кенет шатырдан жүгіріп шығып, сыртта тұрған жастардың жанынан бір-ақ шықтым. Мұның қалай болғанын өзім де білмей қалдым. Мен олардан шатырға кіріп, жиналысқа қатысуды өтіндім. Олар болса, маған өмір шындығынан бейхабар, жынды адамға қарағандай қарады.

Сол кезде ғана олардың киген футболкалары мен бастарындағы бейсболкаларын байқадым. Киімдеріне жазылған сөздер ерекше жарқырап, назарымды аударғандай болды. Ол түрлі кәсіпқой бейсбол және футбол командаларының атаулары екен. Киелі Рух маған олардың теледидар арқылы күнделікті сіңіретін ақпаратқа тойып, ұланғанын көрсетті. Өкінішке орай, олар рухани шөлін пайдасыз нәрселермен қандырды! Сосын аға буынның теледидарсыз өскені есіме түсті. Осы жайт жасы жиырмаға толмаған жастардың өзгеше мінезі жайындағы таңданысыма жауап болды.

Менің айтпағымды дұрыс түсініңіз. Теледидар адамның өсіп-жетілуіне міндетті түрде зиянын тигізеді деп отырғаным жоқ, мәселе теледидарға деген көзқарасымызда. Отау тіккеннен кейінгі алғашқы жылдарда үйімізде теледидар болған жоқ, ал қазір бар. Көрерменге жақсы көңіл-күй мен тәлім-тәрбие беретін телебағдармалар бар. Теледидардың арқасында әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардармыз. Дегенмен, теледидар маған рухани нәр бола алмайды, қажеттіліктерім мен талаптарымды қанағаттандырмайды. Сонымен қатар, теледидар менің құмарлығыма айналған жоқ. Теледидарға деген қызығушылықтың пайда болмауын қадағалай аламын және Киелі Рухпен қарым-қатынаста бола

## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІНДІ САҚТА

отырып, Құдайға деген құштарлығымды сақтай аламын. Әлгі жастар болса, өздерінің рухани жұтаңдығына қарамастан, тәбетінің пайдасыз нәрсеге қанағаттануына жол берді.

Сол сапардан кейін көп ұзамай мен Америка Құрама Штаттарының солтүстік-шығысына бардым. Жұма күні кешке қауым жиналысында уағыз айтатын болдым. Жиналысқа бүкіл қауым шақырылды, таң қалғаным, жиналған жеті жүз адамның бес жүзге жуығы жастар екен. Жиналыстан кейін жастар жан-жағымнан қаумалап, рухани тақырыпқа қытысты сұрақ жаудырды. Уақыт түн ортасына таяп қалды. Құдай жайлы, рухани нәрселер туралы ұзақ сөйлестік. Ақырында мен: «Неткен тамаша! Құдайға деген құштарлық осындай-ақ болсын!» дедім.

Ертеңіне, жігіттер мені шығарып салмас бұрын, түскі асқа шақырды. Шақырудан бас тарта алмадым, олар мейрамхананың үлкен залын жалға алды, кешегі талқылауларымыз сонда жалғасты. Таң қалып та, қуанып та отырмын. Бұл аймақтың жасөспірімдері мен солтүстікте көрген жастарымның арасындағы айырмашылық зор. Айта кететін жайт, солтүстік-шығыс жастары, үндіс құрдастарына қарағанда, әлдеқайда ауқатты болғанымен, олардың рухани құлшынысы күштірек болып шықты.

Солтүстік-шығыстағы қауымда аға бұын жастардыкіндей құлшыныс таныта алмады. Неге олар маған сұрақтармен келмеді? Неліктен кездесуде басқа жас санаттарының өкілдеріне қарағанда жастар көп болды? Меніңше, үлкендердің жан дүниесіне өмірдің қамы мен рахаты артқан. Әрине, олар Исаның Иеміз екенін мойындайды, Құдай олардың өмірінің бір бөлігі болып қала береді, алайда, Құдайға деген құлшыныс олардың жүрегін баурап алмайды.

Аға бағушы мен жастар қызметінің жетекшісімен кездесу

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

барысында түсінгенім, екеуі де қауымдағы адамдарды өздеріне ұқсас етіп тәрбиелейді екен. Ошия кітабындағы бір аят ойыма сап ете қалды: «Сонда халықпен қалай болса, діни қызметкерлермен де солай болады» (Ошия 4:9). Бағушының Құдайға деген құштарлығы болмаса, онда халық селқос күйінде қала береді. Ал жастар қызметінің бағушысы Құдайға деген зор құлшыныс танытты, Иеміз ол арқылы белсенді түрде әрекет етті. Сол жігіт бүгінгі таңда басқа қалада Құдайдың құдіретіне бөленіп, қызмет етуде.

## ҚАУЫМДАҒЫ ЕНЖАРЛЫҚТЫҢ ЕМІ

Асиялық қауымдарға арнаған жолдауында Иса қауымда жиі кездесетін осы апатия жайында былай деген:

«Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20).

Қызметкерлер бұл аятты сенбейтіндерді Құдайдың алдына келуге шақыру ретінде қолданатынына таң қаламын, бірақ Иса бұл жерде мүлде басқа нәрсе туралы айтып отыр. Ол қауыммен, Құдайға деген құштарлықтан жұрдай сенушілермен сөйлеседі. Оның сөздеріне назар аударыңыз: «Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса...» Естүімізге не кедергі болады? Жаны тоқ адам Құдайдың даусын естімеуі мүмкін. Құдай Мұсаның назарын басқа нәрсеге аударып алмау үшін, Мысырдың қызықтары мен ләззаттарынан аулақ шөл далаға жіберді. Алғашқы кездесуде Құдай Мұсаның өзіне деген қызығушылығын оятты және Мұса қай жерде болса да,



## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

тіпті Мысырға қайту керек болғанда да, назарын Құдайдан басқаға аударған емес!

Иса кімде-кім Оның даусын естіп, жүрегінің есігін ашса, ол ішке кіріп, сол адаммен дастарқандас болатынын айтты. Ол біздің жанымызға «өмір нанын» береді, өйткені Оның Өзі – өмірдің наны. Ағылшынша Киелі кітап аудармаларының бірінде былай делінген: «Егер сіз Менің қоңырау шалғанымды естіп, есікті ашсаңыз, ішке кіремін де, сізбен дос ретінде дастарқандас боламын». Маған осы аударма ұнайды, өйткені бұрынғы күндерде бүгінгіден гөрі басқа адаммен бірге тамақтану әлеуметтік жақындықтың ең жоғары дәрежесін білдіретін. Иссапарларымда конференция жетекшісімен немесе мені шақырған қауымның бағушысымен кем дегенде бір рет түскі ас ішкенді ұнатамын, өйткені мұндай қарым-қатынас бір-бірімізбен етене жақын танысуымызға мүмкіндік береді. Ас үстінде сырласа отырып, рухани тәжірибемізбен өзара бөлісе аламыз. Сондықтан Пауыл сенуші болып көрінетін, бірақ күнәдан бас тартпаған адаммен дастарқандас болуға тыйым салады (1 Қор. 5:11). Тамақ ішкенде, біз жүрегімізді ашып, адамға жақындай түсеміз, егер ондай адам Иемізге ашық түрде бағынбай өмір сүрсе, ондай адаммен рухани қарым-қатынас пайдалы болмайды.

## НЕДЕН НӘР АЛСАҚ, СОҒАН ҰМТЫЛАМЫЗ

Шөліккеу – бұл Құдаймен арадағы жақындықты ұмтылу-ұмтылмауымызды анықтайтын маңызды шарт. Сондықтан тәбетімізді Құдай емес, өзіміз бақылауымыз керек. Мәселе мынада: біз өз бойымызда қандай шөлді және қандай ұмтылысты дамытқымыз келеді? Ешқашан өзгермейтін бір рухани қағида бар.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

*Неден нәр алсақ, соны қалаймыз.*

1979 жылы, колледжде оқып жүргенімде, жоғарыдан туылдым. Бір күні кешке тамақ ішпек болып, ас үйге кірдім, кенеттен Жаратқан Иенің маған: «Сенің денең – Менің ғибадатханам, байқа, оған қамқор бол!» – дегенін естідім.

Ол кезде мен көбіне құрғақ тамақ жейтінмін, маған ол қатты ұнайтын. Мен зиянды тамақты ұнатып, көп жедім. Лимонадты көп іштім, тәттілерді көп жедім, экспресс-асханаға бардым, қытырлақ, майлы тағамдардың барлық түрлерін, крахмалды тағамдарды, т.б. жедім. Зиянды тағамдардың барлық түрлеріне құмар болдым, олар менің тәбетімді қанағаттандыратын. Мен үшін дәмді астың үлгісі Big Mac, Coca-Cola және фри картоптары болды.

Құдай маған әлгі сөзді айтқанда, денемнің менің рухыммен қатар, Құдайдың Рухы да мекендейтін күрделі тұрғын үй жүйесі екенін түсіндім. Қымбат көлігім болса, оған ешқашан арзан бензин құймайтын едім ғой деген ой келді. Мен оның мүмкіндігінше ұзақ уақыт бойы жақсы жұмыс істеуі үшін жанармайдың ең жақсысын пайдаланамын. Қымбат көлігімді басқасымен алмастыруға болады, ал денем біреу ғана, оны басқасымен алмастыра алмайтындығым туралы ойлады. Сол күннен бастап, тамақтану әдетімді өзгерттім. Арнайы әдебиеттерді оқып, денемнің дұрыс жұмыс істеуі, оның әлеуетінің дамуы мен ұзақ өмір сүруі үшін не қажет екенін мұқият зерттедім. Мұның бәрі бір күнде болған жоқ, бірақ бірнеше жылдан кейін тамақтану және сусын ішу әдеттерім түбегейлі өзгерді.

Бұл керемет болды, бірақ мұның мен білмейтін тағы бір пайдасы бар еді. Алғаш рет пайдалы тағамды жей бастағанымда, дәмі ұнамады, бірақ мен үшін пайдалы болғандықтан оны бәрібір жедім. Бірақ уақыт өте менің

## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

талғамым да өзгерді. Егер бұрын маған балық қосылған көкөніс салаты мен McDonald's-тен үлкен сэндвич таңдау ұсынылса, мен балық қосылған салаттан бас тартып, ойланбастан сэндвич алар едім. Бірақ бүгін сол ұсынысқа жауап ретінде зиянды құрғақ тағамнан бас тартып, пайдалы тағамды таңдаймын. Шындығында, іссапарлар кезінде пайдалы тамақтың орнына жылдам тағамдар ұсынылса, түскі ас ішпей-ақ жүре беремін.

Бұрын ұнатып жеген тағамдарды жегеннен гөрі, аш қалғанды жөн көремін. Ондай тағамды сіңіруге мүлдем тәбетім де, қалауым да жоқ. Мен оны қазір мүлдем ұнатпаймын!

Дәл осы қағида біздің жанымызға да қатысты. Жанымызды немен тамақтандырсақ, ол соны қалайды. Үнемі спортпен айналыссақ, спорттық телеарнаны қосамыз. Үнемі кино көріп, Голливудтың өсек-аяңынан ләззат алсақ, фильмдерді көріп, журналдар сатып алып, тәбетімізді қанағаттандыратын тақырыптарда сөйлесеміз. Егер біз бизнес әлемінде және әлемде болып жатқан оқиғаларға көп назар аударсақ, онда біз соларға ұмтыламыз. Егер біз өз үйімізден, көлігімізден, киім-кешектерден және т.б. қанағат тапсақ, онда біз жаң зат сатып алғанда, жаңа көлікті немесе үй әрлеуді талқылағанда рахаттанамыз, ал рухани әңгімелер бізге жалықтыратын нәрседей көрінеді. Киелі Кітапты оқу қиынға соға бастайды және біз дұға етуге мүлде құлықсыз боламыз. Бірақ егер біз өзімізді Құдай Сөзінің диетасына үйрететін болсақ, Құдаймен қарым-қатынасқа және рухани тақырыптарда әңгімелесуге уақыт бөлу оңай болады және мұның бәрі бізден көп күш салуды талап етпейтін болады. Біз Құдайды аңсаймыз және Онымен жақындықты қалаймыз.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ШЕКТЕН ШЫҒУ

Бұл зиянды әдеттер экстремалды түрге енуі мүмкін. Біз физикалық денеде өмір сүреміз. Кейде демалысты, салауатты түрде көңіл көтергенді қажет етеміз. Киелі кітап мектебінде оқып жүргенімде, жұмыс пен оқуды қиыстыруыма тура келді. Бір күні кешке бөлмелес досым достарымен футбол ойнауға шақырды. Мен бұл ұсыныстан бас тарттым, өйткені Киелі Жазбаны зерттеуім керек болатын. Ол кеткен бойда мен Киелі кітапты алып, оқып, дұға ете бастадым, бірақ жабық есік алдында тұрғандай күй кештім. Құдайды ести алмадым. Оқып отырған сөздерімің мағынасын ұға алар емеспін. Досымның кеткеніне бір сағат болды, мен «Ием, мен үшін Киелі кітапты оқу немесе сенің дауысыңды есту неге сонша қиын? Не болды? Мүмкін мен Саған ұнамайтын нәрсе немесе күнә жасадым ба?» деп дауыстадым.

Жауап ретінде жүрегіме: «Барып футбол ойна» деген сөз келді. Мен таң қалдым, «Не дейсің, Құдайым? Футбол ойна дейсің бе? Футбол менің рухани өсуіме көмектеспейді және мені Саған жақындата алмайды ғой! Маған мұндай сөзді айтуың мүмкін бе?» дедім.

Жаратқан Ие мені мына аятқа жетеледі: «Балам, мұның бәріне қоса тағы бір нәрседен де сақ бол: көптеген кітап жаза берудің шегі жоқ, әрі *тым көп оқу денені шаршатады*» (Уағ. 12:12, *курсив автордыкі*). Осы сөздерге кенеттен жан біткендей болды. Құдай былай деді: «Балам, сен физикалық денеде өмір сүресің (ми оның бір бөлігі болып табылады). Денеге демалыстың алуан түрі қажет. Егер сен денеңнің тынығына мүмкіндік бермесең, Мені есту қабілетіңді бөгеп, өспей қаласың». Содан кейін Ол маған халыққа қызмет еткеннен кейін шәкірттеріне «оңаша бір жерге барып, біраз тынығып демалыңдар!» дегенін көрсетті (Марқа 6:31).

## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

Сонымен, футбол ойнауға бардым. Сол күні кейінірек, Киелі Кітапты зерттеуге қайта кірістім, бұл жолы Киелі Жазба жаңаша ашылып, Құдай Сөзі арқылы Киелі Рухпен сырласқанымда, Құдайдың өмірі менің болмысыма құйылып жатқанын қайта сезіндім.

## ҚОЛЫ БОСАМАЙТЫН АДАМ

Бүгінгі таңда көптеген адамдар әртүрлі әрекеттерге тым көп уақыт бөліп, жан мен тәннің қажеттіліктеріне немқұрайлы қарай отырып, осындай қателік жасайды. Қолымыз еш босамай, үнемі жұмысбасты болып жүреміз, бұл – Құдайға деген құштарлығымызды ұрлайтын ең бірінші ұры. Көптеген шынайы сенушілер осы тұзаққа түсіп, Құдаймен қарым-қатынасты үнемі жұмысбасты өмір салтына алмастырып алады. Бұған қызметкердің бар уақытын алатын еңбегін де жатқызуға болады.

Осы жағдайды дұрыс түсінуіміз үшін қарапайым сұрақ қояйық. Біз денемізді не үшін тамақтандырамыз? Сіз мұны денеңізді күш-қуатпен қамтамасыз ету үшін істейсіз, жауабыңыз осындай деп үміттенемін. Тамақтанбай және тамақтанудан бас тартып, ауыр жұмыс істеуге болады ма? Егер тәжірибе үшін бірнеше күн тамақ ішпей, ұйқысыз, демалыссыз ұзақ сағат бойы жұмыс істей берсек, жағдайымыз не болады? Күндердің күнінде әлсіреп құлап түсеміз.

Дегенмен, рухымызға осыны істейміз. Физикалық тұрғыдан мүмкін емес нәрсенің рухани салада мүмкін болып көрінуінің бір себебі бар. Бір-екі рет асымызды мезгілінде ішпесек, асқазанымыз шағымдана бастайды. Уақыт өте келе ағзамыздың шағымдары көбейіп, асқазанымыз ауыра

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

бастайды. Бүкіл денеміз тамақ сұрайды. Алайда, рухымыз ашыққанда, айқайла ас сұрамайды. Керісінше, ашыққан сайын рухымыздың үні бәсеңдей береді. Рухтың даусын естуіміз қиындай береді. Рухымыз әлсіреген сайын, тәніміз күшейіп, үстемдік ете бастайды.

Ұзақ уақыт тамақ ішпесе, адамның тәбеті жоғалады. Егер бес күннен артық тамақ ішпесеңіз, ағзаңыз аштықты сезінбейтін болады. Тағам өзінің тартымдылығын жоғалтады, ал піскен ет бұдан былай қажет емес болып көрінеді. Тәбет мүлде жоғалып кетті, егер сіздің ішкі қорларыңыз таусылып, баяу өлу процесі басталса, ол енді қайтадан пайда болмайды.

Байқағаным, егер түрлі шаруаларымның мені Иемізбен қарым-қатынастан алшақтатуына жол берсем, менде де солай болады. Алдымен Киелі Жазбаға деген қызығушылығым төмендейді, содан кейін дұға етуге деген құштарлығым әлсірейді. Егер мен кейде дұға етсем немесе Киелі Кітапты оқитын болсам, бүкіл болмысыма еніп жатқан өмір ағынын сезінбеймін. Киелі Кітап аяттары маған үнемі Құдай Сөзімен қоректенген кезімдегідей сөйлемейді. Мен тәбетім мүлде жоғалғанша аш жүрген кездерім болды, оны қалпына келтірудің жалғыз жолы – өзімді ас ішуге мәжбүрлеу. Рухани тәбет те солай. Мен Киелі Кітапты ашамын, жалқаулығым өкініп, тәубе етемін, содан кейін Құдайдың даусын естуді асыға күтемін. Оның жауабын естігенше Киелі Жазбадан бас алмаймын. Әдетте Құдай көп күттірмейді. Сабырмен күтсем, Ол уәдесіне адал. Жоғалған қарым-қатынасты қалпына келтірудің тағы бір жолы – бірекі күн Құдаймен оңаша қалу, онда мен рухани шөлім толықтай қанғанша барлық уақытымды оқуға және дұға етуге арнаймын.

## СІЗДІҢ РУХАНИ ТЕРМОМЕТРІҢІЗ

Бұл тәртіпті бәріміз ұстануға тиіспіз. Құдайдан теріс айналу нақты күнә жасаудан басталмайды. Жұбайына немқұрайлы қараудан немесе балаларына қамқорлық жасамаудан да басталмайды. Жоқ, жолдан таю Киелі Жазбаға және Құдайдың істеріне селқос қараудан басталады. Мұндай жағдай рахат пен толқу сезімдері Құдайдың нәрселері емес, басқа нәрседен туындаған кезде болады.

Құдайға деген құштарлық – сіздің рухани термометріңіз. Барлығымызға таныс жағдайды көз алдымызға елестетіп көрейік. Адам ауырса, ең алдымен оған не болады? Тәбеті жоғалады. Егер адамның ыстығы көтерілсе, ол ас батпай қалады. Ауыр науқастарға қараңызшы. Олар әбден жүдеп, салмағын жоғалтады, қоректік ерітінділерді тамырына енгізіп, ағзасына нәр беру керек. Науқас адамның тәбеті нашар немесе мүлде болмайды. Сіз әлдебіреу жайлы «оның тәбеті жақсы» деп айтылғанын естіген шығарсыз. Рухани нәрселер туралы да солай айтуға болады, өйткені рухани саулықтың белгісі Құдай Сөзіне ұмтылу болып табылады. Рухани аурудың белгісі – Құдайға қатысты нәрселерге деген тәбеттің жоғалуы.

Құдай және Оның жұмысы туралы емес, құрылыс бағдарламаларын, жаңа көліктерді, спорт командаларын және т.б. талқылауға көбірек қызығушылық танытатын қызметкерлерді кездестіргенім бар. Ал сіз Иеміз жайлы және жүрегіңіздегі Оның аяндары туралы айта бастасаңыз, олар бейне бір дүкенге барғаныңыз туралы айтып отырғандай әрекет етеді. Әңгіме жақында ғана салған үйі туралы болса, көздері оттай жанады. Мұндай адамдар табыну кезінде қолдарын көтеріп, өздері үшін қымбат болуы

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

керек нәрсеге назар аударудың орнына жан-жағына қарап, басқа адамдармен сөйлеседі немесе қойындәптеріндегі жазбаларын қарап отырады. Бірақ бұл басқа тақырыпта айтылуы тиіс күрделірек мәселе.

Мұндай қауымдарда Құдайдың жоқтығын байқаймын. Тыңдаушыларымды тәубеге шақырып, оларды Құдайға жақындауға шақырсам, Киелі Рухтың құзыры келеді, адамдар бұған таң қалады. Біреулер Құдайдан қай жерде алыстап кеткендерін естеріне түсіре бастайды, басқалары бұл менің қызметіме тән ерекше дарын деп есептеп, бұл тақырыпты қозғаудан бас тартады. Кейбіреулер тіпті мұндай жиналыстарда болатын нәрсеге қарсы. Қалай болғанда да, егер жүректерінде Құдайға деген құштарлықтың азғантай ұшқыны болса, Киелі Рух олардың бойында Құдайға деген бұрынғы шөліркеуді қайтадан тудырады.

Ишая пайғамбар былай дейді:

«Ол майысқан таяқты сындырмайды,

Бықсыған білтені де сөндірмейді,

Шынында әділдікті орындайды» (Ишая 42:3).

Мұнда майы таусылған шамның жыпылықтап, білтесі бықсып, сөнуге айналған сәті бейнеленген. Осы бейне әлсіз, кішкентай, нәзік, осал және елеусіз нәрсені білдіреді. Жаратқан Ие сөнуге жақын қалған білтені сөндірмейді, қайта оны лаулатады. Есіңізде болсын, жалынымыз сөніп, шоққа айналғанымызда да Ол бізді бір сәт назарынан шығармайды. Оған жауап берсек, қаншалықты жақсы болар еді, өйткені Құдай Өзін адамға мәжбүрлеп таңбайды.

Осындай жағдайға талай рет күә болдым. Жаратқан Иенің көптеген адамдарда сөніп қалуға аз қалған әлсіз оттан



## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

жаңа жалын шығарғанын көрдім. Маған қауымдарда және конференцияларда олардың оттары қайта жанып, Құдайды іздеуге деген құштарлықтары қайта жанданбайынша, адамдардың өздері қаншалықты құлағанын түсінбегенін үнемі айтып отырады. Олар жүректерін сақтамай, тәбетінен айырылғандарын түсінді, бұл сау жүректің белгісі.

## ЖҮРЕГІҢДІ ТАЗА САҚТА

Сүлеймен патша:

«Ең бастысы, таза сақта жүрегіңді, Өйткені ол — өміріңнің қайнар көзі», — деп кеңес береді (Нақыл сөздер 4:23). Осыншама қорғап, сақтауға тұрарлық басқа ештеңе жоқ! Осы жайында ойласам, адамдар ең құнды деп санайтын нәрсені қалай сақтайтыны есіме түседі. Дүкен терезелерінен сынбайтын әйнектің ар жағындағы асыл тастарды бәріміз көрдік. Витриналар қысым мен температураның кез келген өзгеруіне сезімтал жауап беретін дабылмен қорғалған, ал қауіп төнген жағдайда кішкентай инфракызыл сәуле дабылды тудыруы мүмкін, содан кейін есіктер автоматты түрде жабылады. Витрина лазер сәулелерімен қорғалған, олардан елгі түссе, қарулы күзетшілер бірден көмекке келеді. Күзетшілер бұл зергерлік бұйымдарды үзіліссіз тәулік бойы күзетеді. Мұндай құндылықтарды қорғау мен сақтау үшін ондаған мың доллар жұмсалады.

Құдай бізге жер бетіндегі ең қымбат қазына – жүрегіміз екенін айтады. Дегенмен, сенушілер жүректерін жақсылық әкелмейтін нәрселермен ғана емес, сонымен қатар айтарлықтай зиян келтіретін нәрселермен де толтырады.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Кейде біз көзімізге түскеннің барлығын қарап, оқимыз, онда ашықтан-ашық азғындық немесе балағат сөздер барына да назар аудармаймыз. Киелі Рухтың қас дұшпаны болып табылатын бұл дүниенің рухын байқамаймыз. Айтпақшы, бұл мәселеде осы дүниенің адамдары ақылдырақ әрекет етеді, өйткені олар ерекше құнды деп санайтын нәрселерін мұқият сақтайды. Ал сенушілер, керісінше, рухани шөлімізді қандыра алатын және жанымызды шынымен қанағаттандыра алатын жалғыз Құдайға деген құлшынысын сөндіретін нәпсі мен құмарлықтардан жүректерін сақтауды ойламай, бейқам өмір сүреді.

Жаратқан Ие «Сусаған адамның шөлін Ол қандырды, қарны аш жанды нәрлі аспен тойдырды» (Заб. 106:9). Ол біздің шөлімізді қандыруды қалайды, бірақ біз басқа нәрселерге тоқ болсақ, Оның берер игіліктері бізге тартымды болмайды. Жүрегімізді аш ұстайық және Оның шақыруына жеңіл-желпі қарамайық. Өйткені біз Оған жақындай бастағанда, Өзі уәде еткендей, Ол да бізге жақындайды!

## ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Нақыл сөздер кітабында (27:7)  
«Тойынған балдан да бас тартар,  
Ашыққанға ащы ас та балдай болар» деп жазылған. Осы аятқа ой жүгіртіп, мына сұраққа жауап беріңізші, сізге қай уайымдарыңыз бәрінен маңызды, қай тілектеріңіз ең тартымды болып көрінеді? Олар сіздің Құдаймен қарым-қатынастың тәтті балына деген сағынышыңызды қалай сөндіре алады?
2. Бұл тарауда автор екі қауымдағы жиырма жастан асқан және одан төмен адамдар туралы өз байқағанын

## ШӨЛІРКЕГЕН КҮЙІҢДІ САҚТА

бөлісіп, олардың Құдайға деген құлшынысын немесе немқұрайлы көзқарасын атап өтеді. Қауымыңыздағы өмірді бақылаңыз және рухани отбасыңыздың тәбетін сипаттаңыз – адамдар қанағаттанған күйде ме, олар Құдайды аңсайды ма, әлде Құдайдың істеріне бей-жай қарай ма?

### 3. Нақыл сөздер 4:23-тегі

«Ең бастысы, таза сақта жүрегіңді,  
Өйткені ол — өміріңнің қайнар көзі» деген нұсқауды ескере отырып, жүрегіңді қорғау үшін бүгін қандай қадамдар жасай аласың? Рухани азығың жаның мен рухыңа зиян тигізіп жүрген жоқ па, оны басқа аспен алмастыру қрек шығар, бәлки, әлде одан мүлде бас тарту керек пе?



# ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ



Жаратқан Иеміздің өзімізге арнаған сөзін Оның  
құзырында ғана ести аламыз.

**С**оңғы жиырма жыл ішінде мен Антарктидадан басқа барлық континенттерді аралап, Құдай Сөзіне негізделген ілімді қауымдарда да, конференцияларда да уағыздадым. Толық уақытымды халықаралық қызметке арнамастан бұрын, мен жеті жыл бойы екі қауымда қызметкер ретінде қызмет ету мәртебесіне ие болдым. Осы уақыт ішінде мен қауымда екі негізгі топ бар екенін байқадым, олардың арасындағы алшақтық Иеміздің келетін күні жақындаған сайын кеңейе түскендей болды. Бірінші топ – Құдайды Оның өздері үшін не істей алатынына бола іздейтіндер. Ал екіншісі – Құдайды Оның Кім екендігі үшін іздейтін адамдар.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ИСРАИЛДІҢ ШЫНАЙЫ НИЕТІ

Бұл қарама-қайшылықты Мұса мен Исраил ұрпақтарының мысалынан көруге болады. Осынау өте маңызды мәселені егжей-тегжейлі қарастырайық. Исраил қысымнан құтылуды шын жүректен қалады және Құдайды өздерінің Құтқарушысы ретінде мойындап, Оған жалбарынды. Ыбырайымның ұрпақтарын Құдайды өз қалағанын алу үшін ғана іздейтін адамдар тобымен салыстыруға болады. Осы дүниенің адамға таңатын құлдық бұғауларын ұнатпайтын адамдар қауымда да бар. Алайда, олар сол құлдықта қалып қойғанын өздері де байқамайды. Олар Исаны Иеміз деп таниды және мойындайды. Сонымен қатар, Исаның өздерін азат етіп, қамтамасыз еткенін күтеді. Бірақ Исраил ұрпақтары тәрізді, бұлардың жүректерінің шынайы күйін қалаулары, әрекеттері, сөздері және қарбалас тіршіліктеріне қарап бағалауға болады.

Исраил халқы жүздеген жылдар бойы Құдайдан өздерін құлдықтан құтқаруды жалбарына сұрады. Сонда Құдай Мұсаға көрініп, құтқарылу уақыты келгенін айтты. Ол Мұсаға Өзінің сөзін орындауды бұйырды. Перғауынның алдына барардан бұрын Мұса Исраил ақсақалдарымен кездесіп, Құдайдың оларды құтқаратыны жайлы уәдесін естеріне салды. Олар ізгі хабарды естігенде, «Құдайдың Мұса мен һаронды жібергендігіне сенді. Олар Жаратқан Иенің өздерін назарында ұстап келгенін, азапты өмірлерін көріп тұрғанын естігенде Оған бас иіп тағзым етті» (Мысырдан шығу 4:31).

Сол кездесудегі жүректердің толқуын көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Көсемдер жастайынан Құдайдың Өз халқын азат ететінін, сол уақыттың жақындап қалғанын естіп өсті. Ағы мен балы ағыл-тегіл мол жерді иемденеміз деген

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

үміт атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан еді. Олар бұрынғы көсемдерінің арманының орындалғанын көрместен өмірден өткенін біледі. Қазіргі ақсақалдар да дәл осындай мәселеге тап болды - уәденің орындалғанын көре ме, әлде бұлар да азаттықты көрмей, өмірінің соңына дейін құл болып қала бере ме? Енді алдарында перғауынның сарайында өскен, ең жақсы әскери дайындықтан өткен, ең жақсы білім алған көсемдері тұр. Оған Құдайдың құдіретінің қонғанын растайтын айғақтар да көз алдарында. Өздерін перғауын ретінде басқаруға тиіс болған адам енді оларды азат етуге келді. Мұндай кереметті Құдай Тағала ғана жасай алады! Олар Құдайдың құдіретіне қайран қалды! Жаратқан Иенің осы ісіне жауап ретінде олар тек Оны мадақтап, алғысқа толы жүрекпен құлшылық ете алды.

Халқымен қауышқаннан кейін Мұса перғауынның алдына барады. Алайда Құдайдың сөзі Мысыр патшасына еш әсер еткен жоқ. Ол Мұса мен Ыбырайымның ұрпақтарын келемеждеп, халықтың жағдайын бұрынғыдан бетер қиындатпақ ниетпен оларға шамадан тыс салмақ артты. Осыдан кейін ақсақалдардың Мұсаға деген көңілі өзгере бастады. Дәл сол басшылар Мұсаны жазғырып, жағдайлары қиындағаны үшін оған кінә таға бастады. Олар енді Құдайға ғибадат етуді ұмытты, Мұса мен һаронға қарсы болғандары сонша, «Жаратқан Ие сендерге назар салып, үкімін шығарсын! Өйткені сендер бізді перғауын мен оның нөкерлерінің алдында сасық нәрседей жиренішті еттіңдер! Көзімізді құрту үшін олардың қолдарына қару ұстатып қойдыңдар!» — деп һарон екеуіне кінә артты (Мысырдан шығу 5:21).

Дегенмен, уақыт өте келе, рақымы мол Құдай көптеген кереметін жасап, оларды құлдықтан құтқарды. Перғауын

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

ақыры халықтың Мысырдан шығуына рұқсатын бергенде, олардың көсеміне деген көзқарасы тағы өзгерді. Олар Мысырдан көп байлыққа ие болып, Құдайдың салтанатты ұлылығына, шаттыққа бөленіп шықты. Халықтың Мысырдан шыққандағы Құдайдың ізгілігі мен адалдығына мәз-мәйрам болып билеген кешегі құлдарды, еркіндік атмосферасы мен көптеген адамдардың қуанышын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Олар енді азат қана емес, сонымен қатар сөзсіз бай адамдар, өйткені олар Құтқарылу мейрамын тойлап, тоқты етін жегеннен кейін алған алтын-күміс, асыл тастар, сондай-ақ денсаулық пен күш оларға молынан құйылды. Кешегі құлдар Құдайға алғыс айтып қана қоймай, Мұсаға да бұрын-соңды болмағандай зор құрмет көрсетті.

Мысырдан шыққаннан кейін, Құдайдың жетелеуімен Мұса халықты Қызыл теңіздің жағасына апарды. Бірақ олар соңдарынан қуып келе жатқан перғауын әскерін көрді. Халықтың көзқарасы мен көңіл-күйі тағы да өзгеріп сала берді. Олар тіпті Мұсаны сөгіп:

— Не үшін бізді айдалада өлуге алып келдің? Мысырдан бізге мола табылмайтын ба еді?! Мысырдан алып шығып, бізге не қылғаның? Саған Мысырда: «Бізде жұмысың болмасын! Мысырлықтарға қызмет ете берейік» деп айтпа па едік? Бізге айдалада өлгеннен гөрі мысырлықтарға *құл болғанымыз жақсы* еді ғой! — деді (Мысырдан шығу 14:11,12). Мысырдағы жағдай қиындаған кезде, олар Мұсадан өздерін жайына қалдыруды өтінді, енді олар көсеміне тағы да наразы болып, күңкілге басты. Олар Мұса мен Һаронға наразылық білдіріп жатырмыз деп ойлады, бірақ Мұса оларға: «...күңкілдерің Оның құлағына жетті. Ал біз сонша кімбіз? Сендер бізге емес, Жаратқан Иеге наразылық білдіріп тұрсыңдар!» — деді (Мысырдан шығу 16:8). Олардың өз қалауларын қанағаттан-



## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

дыруға деген ұмтылысы Құдайдың еркін орындау қажеттілігін жеңді. Халықтың айтқанына назар аударыңыз – “құлдықта болғанымыз жақсы” дейді. Оларда Құдайдың жүрегін түсінуге деген ыстық ықылас болмады, өздеріне қымбат нәрсеге деген сүйіспеншілік қана бар. Бірақ Құдай оларға Өзінің мейірімін тағы да көрсетіп, Қызыл теңізді қақ жарды да, халықты арғы бетке аман-есен өткізіп жіберді. Содан кейін қайта қосылған теңіз суының арқыраған ағыны әлемдегі ең қуатты әскерді шайып кетті. Құдай төрт жүз жылдан астам уақыт бойы Өзінің халқын азаптаған қатыгез елдің патшасы мен әскерін әп-сәтте жоқ қылды. Енді Израил халқының қуанышында шек болмады! Олар Жаратқан Иенің алдында қуанып, би биледі. Осы сәт Киелі Кітапта былай суреттелген: «Һаронның қарындасы Мәриям пайғамбар даңғырасын қолына алғанда басқа әйелдер де даңғыраларын алып, оған еріп дөңгелене би билей жөнелді» (Мысырдан шығу 15:20). Жалпы саны сегіз жүз мыңнан бір миллионға дейінгі әйелдер тобының музыкалық аспаптарда ойнап, би билегенін көз алдыңызға елестете аласыз ба? Не деген ғибадат! Мұндай шаттықты төрт ғасыр құлдықта болған халық түгілі, біз де көрген жоқпыз. Алайда, мұншалық зор қуаныштың өзі ұзаққа бармай, үш-ақ күннен кейін, халықтың ішетін суы таусылғанда, сап тиылды. Халық тағы да күңкілге басты, Құдай тағы да қажетінің бәрін берді.

Арада бірнеше күн өтті, енді тамақ мәселесі пайда болды. Жұрт «Мысыр елінде Жаратқан Иенің қолынан өлгеніміз жақсы болар еді! Ол жерде етке толы қазанды айнала отырып, нанды тойғанымызша жеп жүрдік. Ал сендер бізді бүкіл қауымды аштан қатыру үшін осы шөл далаға бастап алып келдіңдер», — деп күңкілдеді (Мысырдан шығу 16:3).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Олардың қандай мінез-құлық үлгісін ұстанатынын түсінген боларсыз? Құдай қалағандарын орындағанда, олар өздерін бақытты сезініп, Құдайға риза болады, ал ойындағысы бола қоймаса, көңілдері су сепкендей басылып, шағым мен күңкілге көшеді. Қиын жағдайдағы іс-әрекеті мен айтқан сөздерінен олардың шынайы ниеті мен жан-дүниесі көрініп қалды. Олар өз қалауларын Құдайдың жүрегі мен құзырынан жоғары қойды.

## МҰСАНЫҢ ШЫНАЙЫ НИЕТИ

Исраил халқының көңіл-күйінің осылайша өзгере беруі Құдайды әбден жалықтырды. Жаратқан Ие Мұсаға тағы да тіл қатып, былай деп бұйырды: «Өзің және Мысырдан бастап алып шыққан халқың бұл жерді тастап, әрі қарай жүріңдер! Мен «өз ұрпақтарыңа табыстаймын» деп Ыбырайым, Ысқақ, Жақыпқа уәде еткен елге көшіп барыңдар. Сенің алдыңда жүріп отыратын періштені жіберемін, әрі қанахандықтар, аморлықтар, хеттіктер, перездіктер, хевтіктер және ебустіктерді сол елден қуып шығамын. Періштем сендерді ағы мен балы ағыл-тегіл сол жерге бастап алып барады. Бірақ Өзім араларыңда жүріп бірге бармаймын. Сендер тоң мойын қыңыр халықсыңдар, сондықтан сендерді жолшыбай қырып тастауым қажет болар еді» (Мыс. 33:1-3).

Құдай Мұсаға халықты көптен бері армандаған уәде етілген жерге әкелетінін, тіпті уәде етілген жерді басып алуы үшін жауларды қуып жіберу үшін олардың алдынан өзінің періштесін жіберетінін айтты. Алайда Құдайдың Өзі (Оның құзыры) олармен бірге болмайды! Бұл туралы Құдайдың Мұсаға айтқаны жақсы болды, егер бұл ұсыныс Исраил ұрпақтарына жасалған болса, олар оны қуанышпен

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

қабылдап, той жасап, заттарын буып-түйіп, жолға аттанар еді! Неге бұлай ойлайтынымды түсіндірейін. Өздеріңіз ойлап көріңіздер, егер олар шөл далада жүргенде жайлылықтың жоқтығын ұнатпағандықтан, Мысырға періштенің немесе Құдайдың жетелеуінсіз-ақ оралуға дайын болса, мен олар уәде етілген жерге періштемен бірге қуана баратынына сенімдімін. Құдайдың араларында бар-жоғы оларды мүлде алаңдатпас еді. Ал енді Мұсаның Құдайдың ұсынысына берген жауабын тыңдайық: Сонда Мұса былай деп өтінді:

— Егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді бұл жерден уәделі елге апара көрме. (Мысырдан шығу 33:15).

«Бұл жерден» деген сөздің нені білдіретінін есімізге түсірейік. Мұсаның “бұл жер” дегені – қиындық пен азаптың мекені, шөл дала еді. Көз тартар ештеңесі жоқ, қаңырап бос жатқан иен дала. Шөл далада халық молшылық көрген жоқ, тек маңызды қажеттіліктері ғана қанағаттандырылды, оның өзі табиғаттан тыс, керемет жолмен жүзеге асты. Орманы да, өзен-көлі де жоқ, иен даланы қауіпсіз жер деуге де болмас. Үйлер де, өзендер де, жүзімдіктер де, егістіктер де, жеміс ағаштары да жоқ. Сауда орталықтары, демалыс орындары, көңіл көтеретін жерлер де жоқ. Ұшы-қиыры жоқ сусыз жерлер. Адам сүйсінер ештеңе болмаса да, Мұса пайғамбар: «Ағы мен балы мол жерұйыққа Сенсіз барғаннан гөрі, осы құлазыған иен далада Сенің алдыңда болғанды дұрыс көремін!» – деді.

Мұсаның жүрегі нені аңсады? Құдайдың құзырын! Уәде етілген игіліктерден гөрі, ол Жаратқан Иенің Өзіне құштар. Мұса Жаратушысын Құдай берген барлық байлықтан артық көріп, Құдаймен жақын болуды аңсады. Бұл жағынан Мұса Исраил ұлдарынан ерекшеленді. Оларға Құдай тек қажетін қамтамасыз етуші Құдірет ретінде ғана керек еді.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Мұса болса, Құдайдың Өзін іздеді, өйткені Оған жақын болуды қалады! Дәл осы қасиетіне қарай бүгінде барлық сенушілерді екі топқа бөлуге болады. Бұл бөліну конфессия мен деноминацияға қарамайды. Құдайды жеке басының қамынан, ризығынан, мансабынан басқа нәрсеге бола іздеуге болатынын да білмейтін адамдар бар. Олар Құдайды жақыннан танып, Оған жақындай алатынын білмейді. Ақшаға бола тұрмысқа шығумен бірдей нәрсе емес пе бұл? Бай жігітке оның адами қасиеттеріне бола емес, тек ақшасына бола тұрмысқа шыққан қыздарды көрген боларсыз. Мұндай жағдайда ерлі-зайыпты екеуі де зардап шегеді, себебі ниет дұрыс болмаса, екі адамның арасында өзара сенім, шынайы жақындық та мүмкін болмайды.

## МАРАПАТ

Дүниенің ең көрікті жерлерін, сәнді үйлер мен мүліктерді көрдім, мен үшін ешқайсысы да тартымды емес, өйткені оларда Құдайдың құзыры жоқ. Сондай-ақ, үшінші әлем елдеріндегі түрмелер, лашықтар, кедейлер мен мұқтаждардың үйлері сияқты жағымсыз жерлерде болдым, бірақ олар Құдайдың құзырына толы болды. Шынымды айтсам, қазынаға толы, бірақ Құдайдың құзырынан жұрдай әсем сарайлардан гөрі, қиындық көрсем де, Құдайдың Рухымен қарым-қатынаста өмір сүргенді ұнатамын. Мен Студенттердің Ұлттық Спорт Қауымдастығы, Жастар ойындарының бағдарламасы, Дэвис кубогы үшін жастар арасындағы жарысқа қатысып, өз штатымда жеңімпаз атандым. Ғылым саласындағы марапаттарға, әлеуметтік мәртебеге ие болдым, жұмыста әріптестерімнің, жетекшілер мен басшыларымның тарапынан құрметке бөлендім. Ең көрікті әрі бай қыздармен таныспын. Көптеген адамдар

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

осындай жетістіктерді армандап қана қоймай, оларға шын жүректен ұмтылады. Шындығында, осының бәрінен алатын ләззатыңыз Құдайдың алдында өткен бір сәтіңіздің жартысына да тұрмайды. Оларды салыстыру тіпті мүмкін емес! Жазбада Мұса туралы былай деп жазылған:

Сеніміне бола Мұса жасы кәмелетке келгенде перғауынның қызының баласы деп аталудан бас тартты. Ол күнәкар өмірдің өткінші рақатынан гөрі Құдай халқымен бірге жәбірленуді таңдады. Осылай Мұса (Құдай уәде еткен) Мәсіх үшін масқара болуды Мысырдың қазыналарынан артық байлыққа санады. Себебі ол болашақтағы зор сыйды көздеді. Мұса Тәңір Иеге сенгендіктен, патшаның қаһарынан қаймықпай, Мысырды тастап кетті. Ол көзге көрінбейтін Жаратқан Иеге көріп тұрғандай иланып, Оның тапсырғандарына берік болды (Евр. 11:24-27).

Патша сарайында, ханзада мәртебесінде өскен Мұсаның Құдайдың халқымен бірге жәбірленуді таңдағанына назар аударыңыз. Оның Мысырдағы мәртебесі Исраил ұлдарыныкінен өзге еді. Халықта тағдырын таңдау мүмкіндігі болған жоқ. Соған қарамастан, олар құлдықтан құтылғанымен, үнемі шағымданып, күңкілдеумен болды, Мұса болса, әлемдегі ең жоғары мәртебеден бас тартты да, онысына мүлде өкінген жоқ. Өз еркімен қолындағы байлығынан да, адам баласы қол жеткізе алатын ең биік лауазымнан да теріс айналды. Мұндай шешімнің себебі неде деп сұрайтын боларсыз? Мұса басқа бір марапатқа ұмтылды. Ол уәде етілген жерді емес, Құдайдың құзырын қалады. Жанып тұрған бұтаның жанындағы сол бір кездесуден кейін Мұсаның жүрегінде жалғыз қалау лаулап жанды – Құдайды үнемі және барлық жерде танып біле беру.

Мен конференциялар мен қауымдарда мыңдаған

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

адамдарға уағыз айттым. Теледидар бағдарламалары мен жазған кітаптарым арқылы миллиондаған адамдарға қызмет еттім. Құдайдың жарылқауы өмірімізге алуан түрлі жолдармен келді. Бірақ таңдау керек болса, Құдаймен жақын болу үшін барлық жетістіктерімнен ойланбастан бас тартар едім. Құдайға тең келер ешнәсе де, ешбір тірі жан да жоқ. Оның жақындығын сезіну және Оның менің жүрегіме мен білмейтін нәрселерді сыбырлап айтқан дауысы – бұл қалың бұқараға арналған танымал уағыздардан немесе миллиондаған дана болып басылған кітаптармен салыстырғанда, әлдеқайда ғажап тәжірибе.

Жетістіктен қанағат табатынына сеніп, жетістік қуып жүрген қызметкерлерді көргенімде, жүрегім ауырады. Олардың мақсаты – өзін басқа адамдарға жақсы қызметкер ретінде мойындату. Қызметте табысқа жетуге тырысқан және сол арқылы елеулі әрі танымал болуды көздейтін адамдардың әбден қажып, сағы сынғанын және кейде түнек күштерінің тұзағына түсіп жатқанын көрдім. Қызметтері орасан зор деңгейге жеткен, алайда, төккен тері бос әурешілік екенін де түсініп үлгерместен, нәпсіге беріліп, азғын әрекетімен қызметіне нүкте қойған адамдарды да көрдім.

Зор табысқа жете алмаған, бірақ ісін сол қайғылы нотамен аяқтаған адамдар одан да көп. Қауымдарындағы адам саны екі жүзден, немесе бес жүзден, мыңнан немесе бес мыңнан асқан емес, соған бола күйзеліске ұшыраған қызметкерлерді де көрдім. Олардың кітаптары ойдағыдай мөлшерде сатылған емес, олар «үлкен» конференцияда уағыз айтуды армандайды, алайда, бірде-бір рет шақыру алған емес. Олар қанағаттану сезімін сол сезімнің табылуы мүмкін емес жерден іздеді. Мұндай қызметкерлердің табысқа ұмтылуы, адамдар мәртебеге жетуге және табыстың шыңына көтерілуге

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

ұмтылатын сауда әлеміндегі жағдайдан еш айырмашылығы жоқ. Мұндай сенушілер не үшін жаратылғандарын ұмытады.

Бастаған қызметтері аса табысты болып, зор жетістіктерге жеткен адамдарды да білемін, олардың жүректері Құдайды бұрынғыдан бетер аңсайды. Құдайдың ризалығы үшін қолдарында бардың бәрінен бас тартуға, Құдай айтса, басқа қызметке ауысуға немесе басқа бір іске кірісуге дайын. Көбінесе олар қолы жеткен лауазымға ұмтылған да емес. Ондай адамдардың айтуынша, оларды қызметке тағайындап, табысты еткен – Құдайдың Өзі және олар бір ғана нәрсені – Оның көңілінен шығуды көздейді. Олардың сөзінен де, ісінен де жүректеріндегі Құдайға деген құлшынысын байқадым. Оларды зор жетістікке жетсе де, өзін-өзі кедей, көмекке зәру адам санаған Дәуітпен салыстыруға болады.

Сонымен қатар, шағын қауымдағы қызметін адал атқарып, тыныш әрі берекелі өмір сүріп жүрген адамдарды кездестірдім, олар Құдайдың тапсырмасын орындап жүргендерін біледі. Қызметінің нәтижесі қауымдағы адам санымен немесе табысты болудың белгісі саналатын, көзге көрінер нәрселермен емес, Құдайды жақын танумен және Оның айқын құзырында жүруімен өлшенеді. Әр адам осылай өмір сүруі керек. Әрбір адам Құдай үшін жаратылған. Ешқайсымыз Оны білмей, Оның құзырынан тыс өмір сүріп, шынайы қанағат таба алмаймыз. Нағыз тыныштық пен қанағат осында жатыр.

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНЫҢ ЕКІ ҚЫРЫ

Осы тұста Құдайдың құзырын (қатысуын) Киелі Жазбаның қалай түсіндіретінін анықтап алғанымыз жөн. Біріншіден, бұл Құдайдың бір мезгілде *барлық жерде болуы*.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Дәуіт бұл туралы былай дейді:

«Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын?  
Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын?» (Заб. 138:7).

Құдай уақыттың әрбір мезгілінде – барлық жерде. Бұдан әрі Дәуіт былай дейді:

«Көкке көтерілсем, сол орындасың,  
Тұңғыыққа түссем де, Сен сондасың.  
Мен: «Қараңғылық мені тасаласын,  
Айналамдағы жарық түнекке айналсын!»  
Десем де, түнек жасырмайды Сенен,  
Саған күндей нұрлы — түннің өзі де,  
Жарықтай айқын — түнек те көзіңе!» (Заб. 139:8, 11, 12).

Осы орайда Құдайдың «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын» деген уәдесі ойға оралады (Евр. 13:5-ті қараңыз). Біз Оның қатысуын сезінбесек те, бұл Оның әрқашан бар екенін жоққа шығармайды. Тек біз оны сезбейміз.

Құдайдың қатысуының екінші аспектісі – Оның *айқын сезілетін құзыры*. *Айқын* деген сөз көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, белгісіз нәрселердің көрінетін, естілетін, белгілі күйге айналуын білдіреді. Мұса пайғамбар Жаратқан Иенің айқын құзырын көруді аңсады. Қалыпты жағдайда Жаратқан Иені тек рухымызбен танып біле аламыз. Ал Құдайдың құзыры айқын болғанда, ақыл-ойымыз бен сезімдеріміз де Оның бар екенін, қандай екенін біле алады. Сол кезде біздің санамыз Құдайдан келген жаңа білімді қабылдайды. Құдайдың құзырының бұл аспектісі туралы Иса келесі аятта айтқан:



## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын (Жохан 14:21).

Забур жыршысы бұл туралы былай дейді:

«Мадақтау жиналысына шақырған  
Қуанышты дауысты танып, қосылған  
Халық сондай бақытты, өйткені оған  
Жүзіңнің нұрында жүру бұйырылған» (Заб. 89:16).

Петір Елуінші күн мейрамында Құдайға шөлдегендерді былай деп шақырды: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіріп, сендерге рухтарыңды жаңғыртатын мезгілді сыйлайды, әрі өздерің үшін алдын ала тағайындаған Құтқарушы Мәсіх — Исаны жібереді» (Елшілердің істері 3:19, 20).

Құдай өзінің құзырын әртүрлі жолдармен көрсете алады. Киелі Жазба кейіпкерлерінің бірі Құдайды көрсе, басқалары Оны көрмей-ақ даусын естіді, енді біреулері Оның жақындығын сезінді және Оның аяны арқылы олар бұрын білмеген нәрселерден бір-ақ сәтте хабардар болды. Әйтеуір, бір нәрсе анық – Құдай келгенде, сен Оны жазбай танисың, оны бар болмысыңмен сезінесің және Оның осында екенін білесің.

### ІЗДЕЙТІНІМІЗ – ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ МЕ, ӘЛДЕ ОНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ МЕ?

Құдайдың құзырын құлшына іздейтін және сонысына бола адасып жүрген сенушілерді де көрдім. Олар Иеміздің Тұлғасынан гөрі, көріністерін көбірек іздейді. Құдай Илияс

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

пайғамбар тұрған жердің жанынан өткенде, Оның құзыры мейлінше айқын көрінді. Жаратқан Иенің алдында тауларды жарып, құздарды талқандаған алапат күшті дауыл соқты, бірақ дауыл ішінде Жаратқан Ие болмады. Одан кейін жер сілкінді, бірақ Жаратқан Ие жер сілкінісінде болған жоқ. Сілкіністен кейін от болды, бірақ от ішінде Жаратқан Ие болмады. Оттан кейін жай да жұмсақ бір сыбдыр естілді, сонда ғана Ілияс өзінің Құдайдың алдында тұрғанын сезінді.

Құдай құзырының көріністерін іздеп, сол көріністер арқылы Құдайдың өзін табамыз деп ойлайтын сенушілерді де кездестірдім. Бірақ олар Иемізді шын жүрегімен іздемейді, нәтижесінде Құдайдың айқын құзырын да басынан кешпейді. Күнәні әшкерелейтін, майланған уағыздан кейін, әдетте, тыңдармандарымды Құдайдың алдына келуге шақырамын. Кейде әлдебір сенушінің дұғасы басқа адамдардың назарын аударады, кейде барлығының назарын өзіне аударып, жиналыс атмосферасын бұзатындай етіп дұға ететін біреу табылады. Кейбіреулер ішек-сілесі қатып күледі, басқаларының тұла бойы дірілдеп-қалтырай бастайды немесе қолы ербеңдеп, түрлі қимылдар жасайды. Бұл әрекеттерінің себебі, олар бір кездері Құдайды іздеді және Оның құзырында күлген, тұла бойы дірілдеген немесе жылаған еді, сондықтан қазір де олар Құдай Өзінің құзырын соған ұқсас көрсетеді деген үмітпен бейсаналық түрде сол кездегі күйіне енеді, бірақ ол болмайды. Көбінесе мен мұндай адамдарды тыныштандырамын және олардан бұлай жасамауларын сұраймын, тек сабыр етіп, жүректерін Исаның Өзін іздеуге бұруды сұраймын. Егер қандай да бір көріністер болса, тамаша! Бірақ Құдайдың құзырының ешбір көрінісін іздеудің қажеті жоқ. Иеміздің Өзін іздеуіміз керек!

Азия елдерінің бірінде өткен жиналыс есімде, көптеген

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

адамдар тәубе етпек болып, алға шықты. Сахнаның алдына адам симай кетті. Жиналғандардың көбісі тәубе етуге ниет білдірді, сондықтан мен олардан отырған орындарында дұға етіп, Оны іздеулерін өтіндім. Дұғадан кейін мен оларды сол жерде Жаратқанға бет бұруға шақырдым. Құдайдың құзыры бүкіл қауымды алып кетті. Жаратқан Иенің жиналғандарға Өзін танытып, қауымда Өз билігін орнатқанын көру мен үшін зор қуаныш болды. Мұндай жағдайды талай рет басымнан өткердім, бірақ мен үшін бұл үйреншікті нәрсеге айналған емес. Мұндайда сіз қасыңызда тұрған адамдардан гөрі, Құдайды анығырақ сезінесіз. Жиналыста Құдайдың құзыры орнағанда, бір-екі адам қатты күле бастады, сол-ақ екен, жүрегімдегі шаттық сезімі су сепкендей басылды. Көңіл-күйімнің неліктен бұлай өзгергенін Киелі Рух түсіндіре қойды – Жаратқан Иенің құзыры лезде ғайып болды, адамдар болса, Ол арамызда қалғандай күліп, дауыстарын көтере берді.

Осы елге бірнеше ай бұрын бір белгілі Ізі Хабар таратушы келген еді. Әлгі адамдар сол қызметкердің жиналыстарындағы Құдайдың құзырында басынан кешкендерін қайталап жатқаны анық. Мен оларды тоқтатып, сөгіс бердім. Ізгі Хабар таратушы қызметкердің жиналыстарында көпшілік «қасиетті күлкі» деп атайтын өте күшті көрініс жиі орын алады. Араларына Құдайдың Өзі келгенде, адамдардың шаттана күлетін кездері болатынына сенемін. Шындығында, мұндай жағдай өз басымда да болды және мұндай көрініс өзім өткізген жиналыстарда да орын алғаны бар. Индонезияда бірде Киелі Рух бүкіл қауымды қуанышқа бөлеп, аудармашым екеуіміз екі сағат бойы ішексілесі қата күлген адамдарға қарап тұрдық, олардың көбі күлкіден еденде домалап жатты. Әуелі бес әйел жылап отырған, біраздан кейін олар күле бастады, содан соң күлкі

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

отырғандарға тарай бастады да, бір кезде бүкіл жиналыс шаттыққа кенеліп, күле бастады. Бұл адамдар бұрын-соңды мұндайды басынан өткермеген. Олар шын жүрегімен Құдайды іздеген еді!

Бірақ бұл жолы бәрі басқаша болды. Адамдардың назары Жаратқан Иенің Өзінде емес, Құдайдың құзырының сыртқы көріністерінде еді. Жиналғандардың көбісі егер адамдар күлмесе, онда Құдайдың құзырының көрінісі жоқ деген ойда болды. Мен Құдайдың анық сезілетін, дегенмен, ешбір сыртқы көрінісі жоқ құзырында талай рет болдым. Құдайдың құзырында көзімнің жасын тия алмаған кездерім де болды, бірақ бұл менің Құдайды іздеуімнің және Оның алдына келуімнің нәтижесі екенін түсіндім.

Ойым түсінікті болу үшін бір мысал келтірейін. Шалбарыңызды кигеннен кейін қолыңызды қалтаңызға салып, ішінен жүз доллар тауып алдыңыз дейік. Шалбарымды кигенде, ақша табамын деген ойым да болған жоқ, кездейсоқ тауып алдым. Мен жай ғана киінетін болдым, киінгенімде мына тосынсый табыла кетті. Біз Құдайдың құзырының көріністерін іздемейміз, бірақ біз Жаратқан Иенің болмысын іздейміз, және Оның құзырымен бірге келетіннің бәрі – тосын сыйлар мен күтпеген сыйлықтар.

Қауымға сәгіс бергеннен кейін, олардың Құдайдың құзырына кіруге деген ұмтылысын түсінетінімді айттым, бірақ Құдайдың Өзін бұрынғы тәжірибелерімен алмастырмауларын ескерттім. Осы ескертуден кейін Құдайдың құзыры залға қайта оралды, жүректерімізде қасиетті Құдайды дәріптеу сезімі пайда болды. Бұл жолы көпшілік күлген жоқ, жылады, ең бастысы, Жаратқан Иені іздегендердің бәрі Оның құзырын сезінді және олар жыласа да, жыламаса да, Құдай олардың жүректерінде Өзінің керемет ісін атқарды.

## КӨРІНІСТЕР РУХЫМЫЗҒА НӘР БОЛМАЙДЫ

Есіңізде ме, исаилдіктер маннаға тоя алмайтын. Құдай олардың мүлде басқа нәрсеге, яғни Оның құзырына өте мұқтаж екенін көрсету үшін шөл далада манна берді. Мұса пайғамбар халыққа былай деді:

Құдай Иеміздің осы қырық жыл бойы сендерді иен далада бастап алып жүрген жолын естеріңе түсіріңдер! Ол сендерді Өзіне мойынсұндыру үшін, әрі шынайы ниеттеріңнің қандай екенін: Оның өсиеттерін орындайсыңдар ма, жоқ па, соны білу үшін түрлі сынақтардан өткізді. Жаратқан Ие сендерді мойынсұндыру үшін кейде аштыққа дұшар етті. Адам тек нанмен ғана емес, Жаратқан Иенің аузынан *шыққан* әрбір сөзімен де өмір сүреді дегенді үйрету үшін Ол сендерді өздерің де, ата-бабаларың да бұрын татып көрмеген тәтті нанмен (маннамен) қоректендірді (Заң қайталау 8:2, 3).

*Шығу* сөзін мұқият қарастырайық. Мұса пайғамбар бұл сөздердің Құдайдың аузынан *бұрын шыққанын* айтып отырған жоқ. Бұрын айтылып, енді айтылуы тоқтаған сөздер емес. Мұның үздіксіз процесс екенін және оның өткен шақта аяқталмағанын айтты. Құдайдың құзырында болсаңыз, айтқан сөзін ести аласыз! Ілияс пайғамбар Құдайдың құзырына кездейсоқ, жанынан өтіп бара жатып кіре салды дей алмаймыз. Ол Құдайдың келуін, өзіне жауап беруін күтті. Азия еліндегі әлгі жиналысқа келген адамдар әуелі Құдайдың өткен жолғы келуінде орын алған сыртқы көріністерге назар аударды. Бірақ ондай көзқарастарының нәтижесінде Құдай жиналысты тастап кетті. Ол жаңа істер жасамақ болып, басқа жаққа кетті, ал бұл адамдар Онсыз қалып, Оны бір кезде болған жерінен табуға тырысты.

Манна Исаил ұрпақтарын шындап тойындыра алмады.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Сол сияқты, ешбір сыртқы көріністер біздің ең күшті аңсауларымызды қанағаттандыра алмайды, өйткені сыртқы көріністер түпкі мақсат бола алмайды. Егер біз оларды іздеуді жалғастыра берсек, барған сайын көңіліміз қала береді. Рухымызды қанағаттандырмайтын нәрселерден алыстап, Құдайдың Өзін танып білуге, Оған жақын болуға ұмтылғанымызда ғана, рухани нәр ала бастаймыз.

### ОЙ-САНА ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҚАНАҒАТТАНУ

Құдайды іздеудегі қателесудің тағы бір өкінішті нәтижесі, кейбір сенушілер Иеміздің Өзін мадақтаудың орнына Оның құзырының сыртқы көріністерін дәріптеуі мүмкін. Мұндай көзқарас адамды Құдайдың шынайы құзырынан алыстатады. Құдайды іздейтіндердің оғаш мінез-құлқына ренжіп, олардың арасындағы тартыс-таластарды көріп, көптеген жас сенушілер сақтық таныта бастайды да, Иемізбен ақыл деңгейіндегі қарым-қатынаспен шектеледі. Бұл – қайғылы жағдай, өйткені біз әлдеқайда көп нәрсе үшін жаратылғанбыз. А.У.Тозер былай деп жазған еді:

...соңғы кезде сенім арқылы ақтау ілімін адамдардың Құдайды тануына кедергі болатындай етіп түсіндіру көбейді. Құдайға бет бұрып, тәубе ету процесі формальды және мүлде рухани емес әрекетке айналды... Адам «құтқарылады», бірақ Құдайды қажетсінбейді. Шындығында, қызметкерлер оны осыған қанағаттануға әдейі итермелейді және аз нәрсені қанағат тұтуға үйретеді (*The Pursuit of God*, 12, 13-тараулар).

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНА ҚҰШТАР БОЛУ

Құдаймен ақыл-ой деңгейіндегі қарым-қатынасты формальды және рухани емес деп атауға болады. Біз Құдаймен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бірге болу үшін жаратылғанбыз. Онымен қарым-қатынасымыз терең әрі өте жақын болмай, қанағат таппаймыз. Иса бізді Құдайдан бөліп тұрған шымылдықты алып тастау үшін құрбан болды. Сондықтан Забур жыршысы былай дейді:

Өзіңнің тұрағың жер бетіндегі  
Қандай сүйкімді, уа, Әлемнің Иесі!  
Жан дүнием Жаратқанның киелі үйіндегі  
Аулаларына баруды аңсап, әлсірейді,  
Мәңгі тірі Құдайға жан-тәнім әндетеді.  
Тіпті торғай да қонатын жерін тауып алды,  
Қарлығаш балапандарын басуға ұя салды:  
Маңайында Сенің құрбандық үстелдеріңнің  
(Заб. 83:1-4).

Забур жыршысы Құдайдың саясында қарлығаштың да пана табатынын, ал өзінің панасыз қалғанын айтады, өйткені оның жаны Жаратқан Иеден келетін әділдікті аңсайды. Ол ең қалаулы баспананың Құдайдың алдындағы орын екенін мәлімдейді. Оның сөздеріне назар аударыңыз:

«Киелі үйіңде тұратындар сондай бақытты, Эрқашан да олар Саған мақтау айтады!».

Құдайды сүйетіндердің мақсаты да осы! Олар Оның айқын құзырын аңсайды. Біз Оған жақындаған сайын, бұл сағыныш күшейе түседі және Оның қатысуының бізге әсері соғұрлым күшті болады.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Осы тараудың басында былай деп жазылған: «мен қауымда екі негізгі топ бар екенін байқадым, олардың арасындағы алшақтық Иеміздің келетін күні жақындаған сайын кеңейе түскендей болды. Бірінші топ – Құдайды Оның өздері үшін не істей алатынына бола іздейтіндер. Ал екіншісі – Құдайды Оның Кім екендігі үшін іздейтін адамдар». Сіз осы екі топтың қайсысындасыз? Осы сұраққа ашық жауап бере аласыз ба?
2. Исраилдіктер Мысырдан азат етілген күні Құдайды мадақтап, берген ризығы үшін алғыс айтты, ал келесі күні ойындағысы бола қоймағандықтан күңкілдеп, шағымдана бастады. Өзіңіздің «шөл даладағы саяхатыңызға» көз жүгіртсеңіз, исраилдіктердің мінезі мен өзіңіздің мінез-құлқыңыздан қандай ұқсастықтарды көре аласыз?
3. Мүмкін, сіз бұл кітапты өзіңіз де «шөл даланы кезіп» жүргендіктен оқып отырған боларсыз. Олай болса, Ілияс пайғамбардың дауыл, жер сілкінісі және жалындаған от тәрізді нәрселерге кез болғандағы тәжірибесінен не үйрендіңіз?



# ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА



Құдайдың құзыры жер бетіндегі қай халықтан да мейірімізді асқақтатады.

**Қ**ұдайдың құзырына кірген сайын бізге Оның Кім екені ашылады, әрбір кездесуден кейін біз қайтымсыз және мәңгілікке өзгереміз. Киелі кітапты оқи отырып, біз Құдайдың жолында өмір сүрген адамдардың Оған жақын болуға ұмтылатынын және Оның құзырында өмір сүргенін көреміз.

## АЖЫРАТЫП АЛУ

Алдыңғы тарауда Құдайдың Мұса арқылы исаилдіктерге әрі қарай періштенің жетелеуімен жүруге бұйырғанын, Өзінің олармен бірге бұдан былай жүрмейтінін айтқанын оқыдық. Жаратқан Иенің халыққа берген уәделері күшінде қалады, бірақ өздері Құдайдың құзырынан айырылады. Сонда Мұса былай деп өтінді:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

— Егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді бұл жерден уәделі елге апара көрме,— деді (Мысырдан шығу 33:15). Мұса бізге бірінші болып Құдайға деген жақындықтың басқа уәделердің бәрінен асып түсетінін көрсетті және олар Құдайдың қатысуынсыз орындалса, тартымдылығын жоғалтады. Мұсаның періштенің сүйемелдеуінен бас тартқанын қалай түсіндіргенін тыңдаңыз:

Сонда Мұса былай деп өтінді:

Егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді бұл жерден уәделі елге апара көрме. Маған және өз халқыңа Сенің рақымыңның түсіп тұрғанын қайдан біле аламыз? Өзіңнің бізбен бірге жүргеніңнен емес пе? *Мені және халқыңды жер бетіндегі басқа күллі халықтардан ерекше қылып ажырататын соның өзі ғой* (Мысырдан шығу 33:15,16, *курсив автордыкі*).

Пайғамбардың осы сөздерінде терең ақиқат бар. Құдайдың құзыры бізді Өзінің ұлылығымен жер бетіндегі барлық басқа халықтардан ерекшелендіреді. Мәселе біздің мәсіхшілік ілімді мойындап, қауымға мүше болғанымызда емес. Біз жай ғана уағыздаушының шақыруын қабыл алып, досымен бірге күнәһардың дұғасын оқып шыққан адамдар емеспіз. Бізді басқалардан ерекше әрі киелі (яғни, Құдай үшін бөлініп алынған) қылатын – Құдайдың құзыры. Құдайдың құзыры ғана осыны жер бетінде өмір сүретіндердің барлығына айқын етіп көрсетеді.

Олай болса, көптеген адамдар Құдаймен тек ақыл-ой деңгейіндегі ғана қарым-қатынасты не себепті қанағат тұтады? Неліктен біз Мәсіхтің құзыры жоқ мәсіхшілікті ұстануға келісеміз? Құдайға жақын болмай, қанағаттануды кімнен, қалай үйрендік? Неліктен біз Құдайға деген құштарлық сезімін

## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА

тудырмайтын, Құдайға жақындауға және Оның саясында болуға ұмтылмайтын мәсіхшілікті уағыздап жүрміз? Бұл сұрағымыздың жауабын А.У.Тозердің кітабынан табамыз:

Құдай біздің Онымен жақын болуға табандылықпен ұмтылғанымызды және бүкіл өмірімізді Оның аясында өткізгенімізді қалайды. Біз Құдайдың үнемі қасымызда екеніне өзіміздің жеке тәжірибеміз арқылы көз жеткізуге тиіспіз. Бұл жай ғана әрқайсымыз ұстануға міндетті ілім емес, осылай өмір сүрсек, Жер бетінде өткізген әрбір минутымыз қуанышқа толы болады («*The Pursuit of God*», 34-тарау).

Көптеген адамдар Құдаймен өзара шынайы қарым-қатынасқа бір сәт те ұмтылмастан, өздерінің Құдайға тиесілі екеніне қанағаттанады. Өзінің құтқарылуына деген берік сенім адамдардың бойына терең сіңгені сонша, құтқарылудан әрі қарай бір қадам басқысы келмейді. Олар Құдайға сиынып жүреді де, бір күні о дүниеге, Құдайдың алдына барады. Бірақ Мәсіхпен шынайы қарым-қатынасы жоқ, Құдайдың бізбен бірге жүруді қалайтыныны елпескермеген. Бұл бір реттік тәжірибе де, қол жетпес арман да емес, бірақ Иеміздің бізбен тұрақты және үзіліссіз қарым-қатынаста болуға деген шынайы қалауы. Осыған көз жеткізу үшін Киелі Жазбаға бірге жүгінейік.

### ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫН КІМ БАСЫНАН КЕШІРДІ?

Біз Киелі кітаптың бүкіл мәтінінен Құдайдың құзырының айқын көріністерін таба аламыз. Едем бағында Адам ата мен Хауа ана Құдаймен бірге жүрді, олардың мойынсұнбауы екеуінің «Құдай Иенің алдынан жасырынуына» әкеп соқты

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

(Жаратылыс 3:8). Дәл осы сәтте адам Құдайдың құзырынан алшақтап кетті. Олардың тұғыш ұлы Қабыл жүрегінің қаталдығынан Құдайдың құзырынан одан әрі алыстады.

Алайда Құдай адамзаттан бас тартпады, Ол әлі де сүйген жаратылысымен жақын болуды қалады. Ақырында, Енох пен Нұх сияқты адамдар Оның жүрегінің қалауына жауап берді және өз кезегінде Құдайға жақындауға деген тынымсыз ықыластарымен Жаратқан иенің көңілінен шықты. Нәтижесінде олар Адам ата Едем бағынан қуылғаннан кейін Құдайға мейлінше жақын болған адамдардың қатарында.

Ыбырайым Құдайдың анық құзырын жиі сезінді. Осындай кездесулердің бірі Құдай оған Содом мен Гомораның болашақ тағдырын сөз етпек үшін келгенде болды. Екі қалаға үкім шығарылғаннан кейін: «Ыбырайым таңертең ерте тұрып, кеше өзі Жаратқан Иенің алдында тұрған жерге қайтып барды» (Жаратылыс 19:27). Бұл Ыбырайымның Құдайдың құзырында Онымен қарым-қатынаста болған көптеген сәттерінің бірі ғана. Ыбырайым қартайған шағында қызметшісіне тапсырма бере отырып, былай деді: «Мен көз алдында өмір сүріп келген Жаратқан Ие жолыңды болдыру үшін саған Өзінің періштесін ертіп жібереді» (Жаратылыс 24:20).

Сондай-ақ, Самуил жайлы да былай деп жазылған: «Ал Самуил есейіп, өсе берді. Жаратқан Иенің Өзі жар болып, оған алдын ала хабарлап айтқан сөздерінің бәрі де жүзеге асып отырды» (Патшалықтар 1-жазба 3:19). Самуилдың өмірінде Құдайдың әрбір уәдесінің орындалуының себебі неде? Бұл сұрақтың жауабын мына аяттан табамыз: «Содан Жаратқан Ие Ханнаны жарылқап, оны тағы үш ұл, екі қызға ана етті. Ал Самуил Жаратқан Иенің көз алдында есейіп өсіп жатты» (Патшалықтар 1-жазба 2:21). Мұнда тағы да Құдайдың адамға Өзін жақын қарым-қатынаста ашатынын

## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА

көреміз. Оны жақыннан танитын болсақ, Құдайдың айтқанын айтамыз, сонда барлық сөздеріміз орындалады.

Көне өсиеттегі Мұсадан басқа, Құдайды шын жүрегімен сүйген және Оның қасында болған Дәуіт былай дейді: «қызметшің Дәуіттің әулеті Сенің алдыңда нық тұрады» (Патшалықтар 2-жазба 7: 26). Мұса пайғамбар тәрізді, Дәуіт те, Құдайдың құзырынан айыратын болса, ешбір табыстың керегі де жоқ деп санады. Біраз уақыттан кейін ол неке адалдығын бұзу және кісі өлтіру сияқты өте ауыр күнә жасаған кезде, өкініштен жүрегі қарс айырылып, былай деп мінәжат етті: «Қасыңнан мені қуып шыға көрме, Киелі Рухыңды менен ала көрме» (Заб. 50:13).

Дәуіт Құдайдың құзырынсыз бүкіл өмірі бос және мағынасыз болатынын білді! Дәуіт патшаның тағы мынадай сөздері бар:

«Шын өмір жолын маған көрсетесің,  
Көз алдыңда қуанышқа бөлейсің,  
Оң жағыңда мәңгі игілік бересің» (Заб. 15:11).

Психологтар бес жыл бойы сақталатын қарым-қатынас адамның тұлғасын қалыптастырады дейді. Мен мұнымен толықтай келісемін, өйткені Жазбада:

«...алданып қалмаңдар!  
«Араммен араласып жүрген жан  
Айырылар адал салтынан»»,— делінген (1 Қорынт. 15:33).

Ал басқа жерде:

«Данамен жолдас болған дана болар,  
Наданмен жолдас болған пәлеге қалар» (Нақыл сөздер 13:20).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ал Дәуіт жайлы не дей аламыз? Ол шөл далада жалғыз қалғанда «... бастарына іс түскен, қарызға батқан немесе өмірге күйінген әр түрлі адамдар да маңайына жиналды. Дәуіт олардың басшысына айналып, қарамағында төрт жүздей кісісі болды» (Патшалықтар туралы 1-жазба 22:2). Дәуіттің өмірінің он жылдан астам уақыты осы адамдардың арасында өтті. Тауқымет тартқан, өмірден түңілген, әділдік таппаған, тіпті қарыздары басынан асқан адамдар! Кеудесін ыза кернеген, ашулы, дерекі және қатал мінезді адамдар. Олар Дәуіттің болмысы мен мінезін өзгерте алды ма? Жоқ! Неліктен дейсіз ғой? Өйткені Дәуіт Құдайдың құзырында болып, Киелі Рухтан нәр алды. Осының арқасында ол өзінің патшаға лайық мінез-құлқы мен принциптерін сақтап қалды, нәтижесінде бұрын-соңды өмір сүрген көсемдердің арасындағы ең ұлысына айналды!

Киелі Кітаптың өзім аса ұнататын үзінділерінің бірі Дәуіттің Құдайдың керемет шақыруына берген жауабы туралы. Дәуіт былай деді:

Сен «Алдыма келіп, сиыныңдар» дедің,  
Саған шын жүректен жауап беремін:  
«Уа, Ием, сиынып алдыңа келемін» (Заб. 26:8).

Дәуіт осылай өмір сүрді. Оның Жаратқан Иенің құзырында көп уақыт өткізгені сонша, өмірге наразы төрт жүз адамға ғана емес, бүкіл халыққа ықпал ете алды. Дәуіт даналық, білім және түсініктің қайнар көзінен сусындады, сондықтан адамға деген ықпалы мықты болды. Алайда Дәуіт Құдайдың құзырын Одан әлдене алу үшін іздеген жоқ. Ол Құдайдың жүрегін түсінуге ұмтылды, сондықтан да Оған деген құлшынысы зор болды. Дәуіт Құдайды дүниедегі қай нәрседен де артық көрді. Ал бұл сүйіспеншіліктің тамыры

Құдаймен көп уақыт өткізуінде жатыр.

О, Дәуіттің ұлы Сүлейменге әкесінің Құдайға деген осынау құштарлығы дарыса ғой! Сүлеймен Исраилдің Құдайын екі рет көрді, ол бұрын-соңды өмір сүрген адамның қай-қайсысынан да дана, ақылды, кемеңгер болды. Алайда ол Құдайдың алдында болудың маңыздылығын түсіне алмай кетті. Өмірінің соңына таман барлық жылдарын босқа өткізген ол «Уағыздаушы» атты мұңды кітап жазды. Оның даналығы, сансыз байлығы мен әлемдегі ең сұлу әйелдері, сондай-ақ сол кездегі бүкіл әлемге тараған атақ-даңқы мен ықпалы болса да, ол тек: ««Құр бекершілік! ... Бәрі де құр бекер!» деп айта алды. Сүлейменнің жүрегі әкесі Дәуіттікіндей болса, Исраилдің тарихы басқаша өрбитін еді.

Шын мәнінде, адамдар Құдайдың құзырын іздеудің маңызын дұрыс түсінгенде, Киелі Кітаптың мазмұны едәуір басқаша болар еді. Өкінішке орай, Құдайдың құзырын белгілі бір дәрежеде сезінген адамдар өте аз, солардың өзі ненің дәмін тату бақытына ие болғанын жете түсіне алмады. Олар Құдайдың құзыры адам жанын ең терең және үздіксіз қанағаттандыра алатын бірден бір әрі шексіз қайнар көзі екенін, оны үнемі Құдайды іздеу арқылы ғана алуға болатынын білмеді. Сондай адамдардың бірі Дәуіт патшаның алыс ұрпағы Ұзиях болатын. Ол өмірінің алғашқы жылдарында Құдайды іздеп, нәтижесінде үлкен жетістіктерге жетті, бірақ кейін табысының қайнар көзі мен бірден бір себебі қайда жатқанын ұмытып кетті. Алайда Ұзиях патша күшейіп алғаннан кейін кеудесін көтеріп, менменсінуді шығарды. Ол Жаратқан Иенің киелі үйіне өз бетімен кіріп, жалғыз Оған ғана бағышталған хош иісті заттарды түтетіп, Құдай Иесіне қарсы күнә жасады. Ұзиях патша өле-өлгенше алапес күйі қала берді. Ол Жаратқан Иенің ғибадатханасына кіре алмай, жеке бір үйде тұрды (2 Шежірелер 26 қараңыз).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ЕҢ ҮЛКЕН ТРАГЕДИЯ

Көне Өсиетті әрі қарай оқысақ, түрлі адамдардың өміріндегі осыған ұқсас өкінішті жағдайларды көптеп кездестіреміз. Бірақ трагедияның ең үлкені одан әлдеқайда ертерек, Дәуіт патшадан көп жылдар бұрын, оның ата-бабалары, Ыбырайымның ұрпақтары Мысырдан шыққан заманда орын алды. Осы кітаптың алдыңғы тарауларында біз Құдайдың исраилдіктерді Өзіне жақындатпақ болып, оларды құлдықтан шығаруға ниеттенгенін білдік. Құдай Өзінің халқын жақын қарым-қатынасқа шақырып, оларға Өзінің құзырын көрсетпек болды. Бірақ олардың Құдайдың осы қалауына деген реакциясы мынадай болды: «Содан халық *алыста* қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай *беттеді*» (Мысырдан шығу 20:21). Не деген трагедия! Құдай оларға Өзін көрсетпек, олар болса, Құдайға жақындаудан бас тартып, алыста тұр. Тек Мұсаның Жаратқан Иені жақыннан танысам деген құлшынысы ғана оны табандылықпен алға ұмтылуға және Құдайға жақындауға итермеледі. Халықтың осындай әрекетінің нәтижесінде Құдай өзінің алдына халық өкілдері ретінде келетін діни қызметкерлерді тағайындады. Құдай шымылдықтың артына жасырынып, адамдардың арасында болуы үшін киелі шатыр жасауды бұйырды. Құдайдың нұсқауын қатаң түрде сақтай отырып салынған киелі шатырдың құрылысы аяқталғаннан кейін көп ұзамай:

...кездесу шатырын (бағана тәрізді) бұлт басып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның *нұрлы салтанатына* кенелді. Мұса кездесу шатырына кіре алмады, себебі оны бұлт жауып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның *нұрлы салтанатына* бөлелді. (Мысырдан шығу 40:34,35).



## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЗЫРЫНЫҢ ТҮРЛІ ДӘРЕЖЕЛЕРІ

Осы тұста аздап шегініп, Құдайдың құзырының әртүрлі дәрежелерін талқылағым келеді. Оның бар екенін білдіретін алдыңғы аяттағы нұрлы салтанатқа назар аударыңыз. Киелі шатыр тұрғызылғанда, онда Құдайдың қатысуы керемет болғаны сонша, Құдаймен дос ретінде бетпе-бет сөйлескен Мұсаның өзі шатырға кіре алмады. Оның сұлұлығының ең жоғары дәрежесін, әрі керемет, әрі қорқынышты құзырын елестете аласыз ба?

Көптеген жылдар өткен соң, киелі шатырда Жаратқан Иенің құзыры елеусіз қалды деуге болады. Бұл бас діни қызметкер әрі би, әрі һаронның алыс ұрпағы Елидің заманында болды. Оның тұсында адамдар киелі шатырға оп-оңай кіріп-шығып жүрді, онымен қоймай, Мұса пайғамбар кіре алмаған киелі шатырдың маңында ауыр күнәлар жасалды. Патшалар туралы бірінші Жазба былай дейді: «Сол заманда Жаратқан Иенің адамдарға сөзін арнап, аян беруі өте сирек болатын» (1 Патшалар 3:1). Ал сол күндері Жаратқан Иенің сөзінің сирек болуының себебі неде? Тағы да қайталап айта кетейін, Құдайдың аяндары мен Киелі Рухтан келетін ерекше түсінік, Құдайдың Сөзі тек Оның құзырында ғана болады. Құдайдың құзыры жоқ жерде аян мүлде болмайды, ал Оның құзырының аз ғана бөлігі болған жерде аяндар сирек болады. Бірақ Оның құзыры айқын әрі күшті болған жерде аяндар да анық және күшті болады! Сол тарауда сәл кейінірек Патшалықтар туралы 1-жазбаның авторы былай деп жазады: «Бұл Құдайдың шам қойғышының жеті шамы [Оның қатысуы] әлі де жанып тұрған кез еді», яғни шамның жарығы сөне қойған жоқ [Қараңғылық Құдайдың мүлде жоқтығын бейнелейді]. Бірақ бұл қайғылы оқиға

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

кейінірек, Елидің қызметінің соңында, Құдайдың сандығы філістілердің қолына түскенде, орын алды. Ели өмірінің соңғы сағаттарында «Салтанатты ұлылық Исраилді тастап кетті!» дегенді білдіретін *иқабод* сөзін естіді.

Елидің заманында исраилдіктер күнәға батқандықтан, Құдайдың құзыры өшкелі тұрған шамшырақтай әлсіз болды. Жаңа салынып болған киелі шатырда Құдайдың құзыры айқын әрі көрнекті, Құдайдан келген аяндар құдіретті әрі мол болды. Алайда Исраил тарихында Құдайдың құзыры сол кездегідей нұрлы салтанатпен емес, көзге еш көрінбестен келген кездері де болды. Ал Құдайдың құзырының көріну деңгейі төмен болған кезде, Ол Өзінің салтанатты ұлылығын көрсетпеуді жөн көріп, адамдарға нәзік түрде жақындайды. Мұны Жақыптың өмірінен көруге болады. Ол Құдаймен күресіп, Оны бетпе-бет көрді, бірақ, шамасы, Оның салтанатты ұлылығын көрген жоқ. Солай бола тұра, Құдаймен осы кездесуінің нәтижесінде Жақыптың жан-дүниесінде түбегейлі өзгеріс болды және ол Құдайды бұрынғыдан жақынырақ таныды (Жаратылыс 32:24-30 қараңыз). Нұн ұлы Ешуа Құдайды көрді, бірақ Жаратқан Иенің әскербасымен сөйлесіп тұрғанын түсінбеді. Алайда, Мұса пайғамбар Жаратқан Иеге сиынып, Құдайды бетпе-бет көргісі келетінін айтқанда, Құдай оған былай деп жауап берді: «Бірақ бет-жүзімді көруіңе болмайды, өйткені оны көрген пенде тірі қалмайды» (Мысырдан шығу 33:20). Яғни, Мұса Құдайды бүкіл салтанаты мен ұлылығында көруді армандады, бірақ бұл арманы жүзеге аспады. Бірақ Ешуа және басқалары Жаратқан Иенің жүзін көріп, тірі қалды. Неліктен дейсіз ғой? Өйткені олар Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығын толығымен көрген жоқ.

## ҚҰДАЙДЫҢ НҰРЫ

Әуелі, Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығының не екенін қысқаша талқылайық. Кейбіреулер бұл тұман, бұлт немесе басқа да осыған ұқсас құбылыс деп ойлайды. Нәтижесінде кейбіреулер: «Өткен аптада қауым жиналысына Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы түсті» деп жатады. Алайда Құдайдың ұғымдарына қатысты мұндай көзқарас «Байыбына бармай сөйлеп, Менің данышпан шешімдеріме күмән келтіретін кім бұл өзі?!» деген жауапқа ғана лайық (Әйүп 38:2).

Біріншіден, Құдайдың салтанатты ұлылығы бұлт емес. «Олай болса, неге Киелі Жазбада Құдайдың салтанатты ұлылығы айтылған сайын бұлт туралы сөз болады?» деп сұрауыңыз мүмкін. Мұның себебі мынада: Құдай бұлт ішінде жасырынады. Жаратқан Иенің жүзі көз қарықтырардай нұрланып тұрады, сондықтан Оның бетін бұлт жасырады, олай болмаса, айналасындағы тірі жан атаулы бірден жойылып, жоқ болып кетер еді. Есіңізде ме, Құдай Мұсаға «Бет-жүзімді көруіңе болмайды, өйткені оны көрген пенде тірі қалмайды» деп еді ғой.

Осыған орай, мынадай сұрақ туындайды: сонда Ишая, Езекиел және Жохан елші Жаратқан Иенің ұлылығын көріп, қалайша тірі қалды, содан кейін бұл туралы бізге қалай айтты? Жауап қарапайым: олар денеден тыс, рухта болды. Ажалды пенде қасиетті Құдайдың толық салтанатты ұлылығының алдында тұра алмайды. Ол — жалмап қоятын от, Құдай — Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ (Евр. 12:29; Жоханның 1-хаты 1:5). Пауыл елші Иса туралы былай деп жазады:

Құдай Өзі белгілеген уақытта Мәсіхті бар салтанатымен көрсететін болады. Ол — мадақталған, бірден-бір қуатты Билеуші, патшалардың Патшасы, иелердің Иесі, мәңгіліктің жалғыз Иесі! Ол ешбір жан жақындай

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

алмайтын нұрда тұрады, ешбір адам баласы Оны көрген де емес, көре де алмайды. Қадір-құрмет пен билік мәңгі Онiкi! Аумин. (1 Тiм. 6:15,16).

Иса ешкiм ешқашан көрмеген және көре алмайтын адам төзгiсiз жарқыраған жарықта. Забур жыршысы Жаратқан Иенiң нұрды киiм етiп киетiнiн айтады (Забур 103:2-нi қараңыз). Пауыл елшi де бұл туралы сенiмдiлiкпен жазды, өйткенi ол Дамаскiге баратын жолда Құдайдың адам төзгiсiз салтанатты құзырының бiршама нұрын сезiндi. Ол бұл туралы Агриппа патшаға былай дедi:

Уа, патша, сонда мен жолда келе жатып түс кезiнде күн сәулесiнен де жарық, көктен түскен нұрды көрдiм. Оның сәулесi өзiме де, серiктерiме де түстi. (Елшiлердiң iстерi 26:13).

Пауыл Исаның жүзiн көрген жоқ, ол тек Исадан келген нұрды көрдi. Бұл жарық Таяу Шығыстың көз қарықтырар жарқын күнiнен де асып түстi! Пауыл Құдайдың салтанатты ұлылығының азғантай мөлшерiн ғана көрiп, сезiндi. Таңғы не кешкi алагеуiм емес, күн барынша жарқыраған шаңқай түс едi. Шуақты Флорида штатында он екi жыл тұрып, күннен қорғайтын көзiлдiрiк *киген емеспiн*. Дегенмен, бiрнеше жыл бұрын Лиза екеуiмiз Таяу Шығысқа бардық, сонда күннен қорғайтын көзiлдiрiк киюiме *тура келдi!* Сонау құрғақ және шөлдi климатта күн жарығын анағұрлым мол төктi, ал экваторға жақындығы күннiң адам төзгiсiз сәулесiн айтарлықтай арттырды. Таңертең және кешке қарай күн сәулесi бiзге үйреншiктi шамада болса, сағат он бiрден екiге дейiн күннiң жарқыраған жарығына төзе алмадық. Алайда Пауыл Исаның нұры Таяу Шығыстың шаңқай түстегi күнiнен де асып түсетiнiн айтады! Бiр сәт ойланып, күн-

ге тікелей қарауға тырысқаныңызды есіңізге түсіріңізші. Күн бұлттардың арасына жасырынбаса, көзіңізді қарықтырады. Ал Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы жарқыраған түскі күннің жарығынан мың есе асып түседі.

Сонда Жоел мен Ишаяның соңғы күндерде, Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы көрінгенде, күннің жарық бермейтіні жайлы не себепті айтқаны белгілі болады. «Біліп қойыңдар, Жаратқан Иенің (сот жүргізетін) күні таяп қалды! ... Аспандағы жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жарқылдауын доғарады. Күн шықса да, оны қараңғылық басады, ай да жарқырамайтын болады» (Ишая 13:9,10).

Оы тұста тағы бір нәрсені түсіндіре кетейін. Түнгі ашық аспаннан нені көреміз? Жұлдыздарды! Олар аспан жүзінде шашылған маржандай шашырап жатыр. Бірақ таңертең күн шыққанда не болады? Жұлдыздар қайда етеді? Олар сахнадан кеткен әншідей, аспаннан кетіп, күн батқанша көкжиектің ар жағында тығылады да, түнде орындарына оралады ма? Олай емес, әлбетте. Ал жұлдыздардың таң атқанда ғайып болуын қалай түсінеміз? Жұлдыздардың нұры бір деңгейлі, ал күннің нұры олардың нұрынан еселеп асып түседі, сондықтан күн шыққанда күннің салтанатымен салыстырғанда олардың нұры бозарып, көзге көрінбей қалады. Жұлдыздар ешқайда кетпейді, барлығы өз орнында қалады. Тек біз оларды көре алмаймыз. Сол сияқты, Иса Өзінің салтанатты ұлылығында қайтып келгенде, нұры күннен де аса жарқырап, жарығы еселеп асып түседі. Күн өз орнында қалады, бірақ біз оны енді көре алмаймыз. Міне, осылай! Пауыл елшінің Құдайды Оның толық салтанатты ұлылығында «ешкім көрмеген және көре алмайды» деп айтуының мәнін енді түсіндіңіз бе?

Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы кез келген басқа нұрдан асып түседі. Ол керемет, мүлтіксіз, мінсіз жарық және жал-

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

мап қоятын от. Сондықтан Оның Екінші Келуінде «Жаратқан Ие жерді сілкінту үшін тағынан тұрған сол кезде Оған мойынсұнбағандар құз-шатқалдардың қуыстарына әрі жердің ой-шұқырларына қашып барып, Жаратқан Иенің қорқынышты қаһарынан, Оның *айбынды ұлылығынан* жасырынып қалуға тырысады» (Ишая. 2:19). Жохан елші бұл туралы былай жазады:

Жердегі патшалар, ақсүйектер және байлар, қолбасылар мен күштілер және күллі құл-еріктілер үңгірлерге және таудағы құздардың арасына тығылып қалды. Олар таулар мен құздарға жалбарынып: Үстімізге құлап түсіп, бізді тақта Отырғанның көзінен таса қылып, Тоқтының қаһарынан жасыра көріңдер! (Аян 6:15,16).

### ҚҰДАЙДЫҢ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҒЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Келесі сұраққа жауап берейік: Құдайдың ұлылығы нені білдіреді? Жауап алу үшін біз Мұсаның Құдаймен қарым-қатынасына қайта ораламыз. Мұса Құдайдың құзырында болуды ғана емес, салтанатты ұлылығын көруді де сұрады.

Мұса: «...маған *Сенің нұрлы салтанатыңды* көрсете гөр»,  
— деп өтінді (Мысырдан шығу 33:18, *курсив автордыкі*).

Салтанатты ұлылық деген еврей сөзі *kabowd*. Стронг өзінің «Киелі Кітап сөздерінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөздің «бір нәрсенің салмағы, бірақ тек астарлы және жағымды мағынада» дегенді білдіретінін айтады. Бұл сөздің анықтамасында, сонымен қатар, «сұлулық пен ұлылық, молшылық пен абырой» деген мағына да бар. Мұса пайғамбар Құдайдан Өзінің салтанатты ұлылығын толығымен көрсетуін сұрады. Құдайдың жауабына мұқият назар аударыңыз:

Жаратқан Ие оған былай деп жауап қайтарды:

Мен сенің алдыңнан бүкіл игілігімді өте шығатын етіп, қасыңда «Жаратқан Ие» деген есімімді атап шақырамын. Мен қалаған адамыма рақымды боламын, таңдап алғаныма *мейірімді* шашамын (Мысырдан шығу 33:19, *курсив автордыкі*).

Мұса Құдайдың нұрлы салтанатын көруді армандады, ал оған Құдай бүкіл игілігін көрсетуге уәде берді. Жақсылық деген еврей сөзі - *tuwb*. Бұл сөз «кең мағынасында алынған игілік, жақсылық» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, жасырын қалған ештеңе жоқ, игілік пен жақсылықтың бәрі көз алдында.

Сонда Құдай: «Мен сенің алдыңда «Жаратқан Ие» деген есімімді жариялаймын»,— деді. Жердегі патша залға кірмес бұрын, хабаршы оның атын жариялайды. Патшаның салтанатты түрде тақ бөлмесіне келуі және патша есімінің жариялануы кернейдің дыбысымен бірге жүреді. Осылайша патшаның ұлылығы ашылып, патшаның кім екені жиналғандардың бәріне белгілі болады. Оның келуі адамдарды қорқыныш сезіміне бөлейді. Бірақ сол монарх өз қаласының көшелерінде жұпыны киіммен серуендеп жүрсе ше? Шындығында, патша сарайында айқын көрінген салтанаттың бәрі көшеде ұшты-күйлі жоқ болады, бірде-бір жолаушы патшаны танымайды. Патшаның келуі енді ешкімнің жүрегін дүрсілдетпейді, оның атақ-даңқы тақ бөлмесіндегі адамдарға қалдырғандай әсер қалдырмайды. Шынында да, «Мен «Жаратқан Ие» деген есімімді сенің алдыңда жариялаймын, және Өзімнің ұлылығыммен сенің алдыңнан өтемін» деп, Мұсаның алдында Өзінің есімін жариялауды жөн көрген Құдай болатын.

Жаңа Өсиет Иеміздің салтанатты ұлылығы Иса Мәсіхтің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Тұлғасында ашылғанын айтады (Қорынттықтарға 2-хат 4:6). Жаратқан Иенің құзырында болған көптеген адамдар Оның жүзін және Өзін көргендері туралы куәлік етті. Ол сөздері рас, дегенмен, мынаны айта кеткеніміз жөн: ешкім Құдайдың бүкіл салтанатты ұлылығын көрген емес.

Иса қайта тірілгеннен кейін Оның жүзін шәкірттері көрді ғой деп қарсы уәж айтуыңыз мүмкін. Иә, дұрыс, бірақ сонда да бұл Оның ұлылығының толық көрінісі емес еді. Жоғарыда айтқанымдай, Көне Өсиеттегі кейбір адамдар Жаратқан Иенің құзырында болды, бірақ Оның салтанатты ұлылығын көрген жоқ. Жаратқан Ие Ыбырайымға Мамренің алып емен ағаштары өсіп тұрған тоғайының қасында келіп кетті. Бірақ нұрлы салтанатын көрсеткен жоқ (Жаратылыс. 18:1,2). Жаратқан Ие Жақыппен күресті, ал Нұн ұлы Ешуа болса, Оны тіпті танымады да (Ешуа 5:13-15 қараңыз). Осыған ұқсас басқа да жағдайлар болды.

Ешуа Иерихонға шабуыл жасамас бұрын Иемізбен кездескен кезде, Жаратқан Ие оған Жауынгер ретінде көрінді. Сол тұста Ешуа Иерихонның маңайында жүріп басын көтеріп, қарап қалғанда, міне, қарсы алдында тұрған, қолында жалаң семсері бар біреуді көрді. Ешуа оған таяп келіп:

— Сен кімді жақтайсың, бізді ме, әлде жауларымызды ма? — деген сауал қойды. Ол:

— Жоқ, қазір Жаратқан Иенің әскербасы ретінде келіп отырмын, — деп жауап қатты. Сонда Ешуа етпетінен жерге жата кетіп, оны қастерлеп:

— Ием, мендей пендеңізге не бұйырасыз? — деп сұрады. Жаратқан Иенің әскербасы Ешуаға:

— Аяқкиміңді шеш! Басып тұрған жерің киелі, — деді.

Жақып түні бойы Жаратқан Иемен күресіп, таң атқанда Жақып:



## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА

— Өз есіміңді айта гөр, — деп өтінді (Жаратылыс 32:29).

Қарапайым киіммен қаланы аралап жүрген, көпшілік танымайтын патша туралы мысалға оралайық. Жақып пен Ешуа Иемізді осындай кейіпте көрді, соның өзінде де ұлы аян алды.

Осы айтқанымыз Исаның қайта тірілуінен кейінгі оқиғаларға да қатысты. Исаның бірінші сөйлескен адамы, Магдалалық Мәриям, Оны бағбан екен деп қалды (Жохан 20:15,16 қараңыз). Шәкірттері Исамен бірге теңіз жағасында балық жеді (Жохан 21:9,10 қараңыз) және алдымен Исаның Өзінде, даусын да танымады. Иса оларға өте таныс нәрсені істегенде ғана, таныды. Қайта тірілуден кейін Ол сондай-ақ екі шәкіртімен жолда кездесіп, біраз уақыт бірге жүрді, Иса Өзінің басынан кешіретіндерін, өлгеннен кейін қайта тірілетінін алдын-ала айтқанымен, шәкірттері Оны тани алмады (Лұқа 24:16 қараңыз). Олар да Оны жүзінен де, кескінінен де, дауысынан да танымады. Олардың барлығы Оның жүзін көрді және Оның қасында болды, бірақ Оның ұлылығы сол кезде толығымен ашылған жоқ. Және Исаны көріп, қасында болғандардың барлығы Оның құзырынан аян алды.

Керісінше, Жохан елші Патмос аралында болған кезінде Иемізді рухта көрді. Бірақ бұл теңіз жағасындағы таңғы аспен салыстыруға келмейтін мүлде басқа кездесу болды, өйткені Иса Жоханға Өзінің нұрлы салтанатында көрінді. Жохан елші Исаны былай сипаттайды: «беті тал түстегі күндей нұрын төгіп тұрды. Мен Оны көргенде өлі адамдай алдына құлап түстім» (Аян 1:16,17). Иеміздің құзыры күшті болғаны сонша, Жохан елші ес-түссіз құлап түсті.

Құдайды Құдай деп танытатын – Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы. Оның барлық қасиеттері – күш-қуаты, құдіреті, даналығы – өлшеусіз салмақ пен ұлылыққа ие.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ол бізден ештеңені жасырмайды! Құдай Өзінің салтанатты ұлылығын әр түрлі көрсете алады. Мысалы, Мұса пайғамбар Құдайды арқа тұсынан ғана көрді, Саул болса, Дамаскіге барар жолда ғажайып нұр мен дауыстан басқа ештеңе көріп, естімей қалды. Осы екеуі де Құдайдың құзырының көрінісі.

## ҚҰДАЙДЫҢ МЕКЕНІ

Ыбырайымның ұрпақтарына оралайық. Құдай өзінің нұрлы салтанатын Синай тауында алғаш рет көрсеткенде, халық үрейленіп шегініп, былай деді: «Құдайымыз Жаратқан Ие бізге Өзінің *нұрлы салтанаты* мен ұлылығын көрсетті, от ішінен Оның даусын естідік. Бүгін біз Құдай адаммен тілдескенде адамның тірі қала алатынын да көрдік. Ал енді, біз неге өлуге тиіспіз? Мына жалындаған от бізді жалмағалы тұр. Егер Құдай Иеміздің даусын әрі қарай ести берсек, онда құрып кетерміз» (Заң қайталау 5:24,25, *курсив автордыкі*). Олар Жаратқан Иенің салтанатты құзырына шыдай алмады, өйткені олардың ар-ұждандары өзімшілдік, қыңырлық сияқты нәрселермен ластанған.

Содан кейін исаилдіктер киелі шатыр тұрғызып, Құдай оның ішкі бөлмесіне қоныстанды, ол Ең қасиетті бөлме деп аталды. Бас діни қызметкер бұл ішкі бөлмеге жылына бір-ақ рет кіретін. Бас діни қызметкер әуелі сыртқы аула арқылы Қасиетті орынға кіреді, аулада Құдаймен татуласу үшін және бас діни қызметкердің өзінің және бүкіл халықтың күнәларын жуу үшін қола құрбандық үстелінде әуелі қанды құрбандық шалынады. Құрбандық шалғаннан кейін бас діни қызметкер құрбандық үстелінің жанында орналасқан мыс қазанда жуыну рәсімін орындайды. Содан кейін ғана ол шымалдықтың арғы жағына, Қасиетті орынға кіреді. Онда күн сәулесі түспейді. Киелі орындағы бірден бір жарық көзі

## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА

– жерге келген Құдайдың Нұры Исаны бейнелейтін алтын шырағдан (Жохан 9:5 қараңыз). Сондай-ақ Исаны шынайы өмір сыйлайтын нан ретінде бейнелейтін нандар болды (Жохан 6:48 қараңыз). Бұл жердегі үшінші зат – үздіксіз дұға мен ғибадат өмірін бейнелейтін хош иісті құрбандық үстелі.

Алайда, Қасиетті орында да бас діни қызметкер бірден Құдайдың құзырына кірмейді. Қасиетті орынды Ең қасиетті бөлмеден ажырататын тағы бір шымылдық бар-ды. Онда мейірімділік тағының үстінде Құдайдың айқын және шынайы құзыры болды. Иса айқышқа керіліп, жан тапсырғанда, «Сол сәтте киелі үйдегі шымылдық кенеттен жоғарыдан төменге дейін қақ айырылып, екіге бөлінді» (Матай 27:51). Назар аударатын жайт, шымылдық төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төменге қарай жыртылған. Шымылдықты жыртқан адам емес, Құдайдың Өзі, өйткені Ол ғибадатхана ішінен сыртқа шықты! Ол Өзіне әрқашан армандаған жаңа баспана, жаңа қоныс дайындады - бұл Оның қайта туылған перзенттерінің жүрегі. Бұл қашан жүзеге асты? Елу үш күннен кейін, Елуінші күн мейрамында, Құдай көптен күткен жаңа баспанасына қоныс аударды. Елшілердің істері кітабында бұл оқиға былай баяндалған:

Сонда кенеттен көктем бір қатты жел соққандай шу естіліп, олар отырған бүкіл үйді алып кетті. Сенушілерге жалындай жалаңдаған тілдер көрінді де, бөлініп-бөлініп әрқайсысының үстіне бір-бірден қонды. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады (Елшілердің істері 2:2-4).

Киелі шатырға Құдайдың құзыры Мұса пайғамбар оның құрылысын түгел аяқтамайынша, келмеді. Сол сияқты,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Иса да: «Енді түгел *орындалды!*» деді де, басын иіп жан тапсырды (Жохан 19:30). Құдайдың жаңа қонысы Тоқтының қанымен дайындалды.

Сонымен, бауырластар, Исаның Өз қанын төккенінің арқасында енді нық сеніммен Ең қасиетті бөлмеге кіре аламыз. Өйткені Құдай алдына баруымызға бөгет болған «шымылдықты» Иса Өз денесін құрбан етуімен қақ айырып, біз үшін мәңгілік өмірге жаңа жол ашты. Ол, сондай-ақ, ұлы Діни қызметкеріміз ретінде бүкіл Құдай үйінің үстінен қарайды. Сондықтан да адал жүрекпен, нық сеніммен Құдай *алдына барып*, Оған сиынайық. (Мәсіхтің төгілген қаны) жүректерімізге «бүркіліп», ар-ұжданымыз күнә атаулыдан арылған әрі денеміз таза сумен жуылған болсын. Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал (Евр. 10:19-23, *курсив автордыкі*).

Енді бізде «Ең қасиетті бөлмені» Мекендейтінге жақындауға батылдық бар. Ең қасиетті бөлме бұдан былай киелі шатырда да, ғибадатханада да емес, біздің жүрегімізде! Иә, Құдай Иса Мәсіхтің құрбандығы арқылы Өзіне бағышталған адамдардың жүрегін мекендейді. Көбінесе, біз Оны шақырған кезде, алыстағы, мүмкін миллиондаған шақырым қашықтықтағы тақ бөлмесін көз алдымызға елестетеміз. Алайда, Ол біздің жүрегімізде өмір сүреді! Біз ішкі дүниемізге қарауды әлі де үйренген жоқпыз, әлі де алысқа көз тігеміз! Ал сенім жолымен ақталу туралы Тауратта мына тәрізді сөздер айтылған: Кім көкке көтеріледі? Яғни кім Мәсіхті көктен алып келеді? — деп іштей сұрама (Рим. 10:6).

Әрине, Құдайдың үшінші аспанда орналасқан салтанатты сарайы, онда Құдайдың тағы тұратын зал бар. Бірақ Көктегі

## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА

Әкеміздің Өз халқымен жақын қарым-қатынасты қалайтыны сонша, Көне Өсиет дәуірінде Ол жер бетінде киелі шатырды орнатып, сонда Өз құзырын адамдарға ашты. Ал қазіргі заманда Ол өмірін Құдай Исаға бағыштаған, Киелі Рухқа кенелуді сұраған адамдардың жүрегін мекендейді. Енді Ол Өзінің сүйіктісі әрі қалаулысына мейлінше жақын бола алады. Жүрегімізде өмір сүретін Құдайға жақындаған сайын, біз Жерден миллиондаған шақырым қашықтықтағы тақ бөлмесіне кіреміз. Бұл қалай болуы мүмкін? Құдайдың Рухында ешқандай қашықтық жоқ. Оның қасында болу Оның салтанатты сарайында, Иса және Әкемен бірге болу дегенді білдіреді, өйткені Ол Мәсіх пен Құдайдың Рухы! (Рим. 8:9).

Еврейлерге арналған хатында Пауыл елші былай дейді: «Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал» (Евр. 10:23). Сол хатта тағы мынадай сөздер бар:

Бұл үмітіміз - берік зәкір сияқты жанымыздың сенімді сүйеніші; ол көктегі киелі үйдің *ішіндегі* «шымалдықтың арт жағында» [Оның құзыры бар жерде] Құдайдың Өзімен бекітілген (Евр. 6:19, *курсив автордыкі*).

Жыртылған шымалдық енді осы дүниедегі әрбір сенушіге жаңа әрі тірі жолмен Құдайдың алдына келуге мүмкіндік береді. Енді біздің күнәкар болмысымыз шымалдыққа айналды. Егер біз күнәкар болмысымыздың сыртқы ауласынан өтіп, оны айқышқа шегелесек немесе одан бас тарта алсақ (ғал. 5:4-ті қараңыз), жүрегіміздің «Ең қасиетті бөлмесіне» кіреміз, сонда біз Құдаймен үздіксіз қарым-қатынаста бола аламыз. Оның құзыры тұрақты шындыққа айналады. Құдайға таза әрі шынайы жүрекпен жақындасақ, Ол бізге Өзінің құзырын ашатынын уәде еткен! Иеміздің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

осынау рақымы таңдаулы адамдарға немесе шектеулі бір уақыт кезеңіне арналған жоқ. Исраилдіктер Құдайға адал болған кезде Оның киелі шатырдағы құзыры тұрақты болды, сол сияқты біздің жүрегіміздегі Оның құзыры да киелі шатырдың ішіндегідей тұрақты болады.

Жақып елшінің сөзін тыңдаңыз: «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды». Не деген үміт, қандай берік сенім! Құдай уәде береді және ант етеді, өйткені «Осылайша біз бұл екі мызғымас негізге (Құдайдың уәдесі мен антына) сүйеніп, олардан зор күш-жігер аламыз. Себебі Құдайдың өтірік айтуы еш мүмкін емес қой. Бізге ұсынылған осы үміттен күдер үзбей, Одан пана таптық» (Евр. 6:18). Ал бұл қандай үміт? Біз Оған жақындасақ, Ол да бізге жақындайды! Ол уәде берді!

Олай болса, неліктен сенушілердің барлығы Оның айқын құзырын көре алмайды? А.У.Тозер айтқандай: Исаның құрбандығы арқылы шымылдық қақ айырылды, Құдайдың тарапынан Оның құзырына кіруімізге кедергі болатын ештеңе қалмағанда, біз неге кідіреміз? Неліктен біз әр күнімізді киелі орыннан тыс жерде өткіземіз, неге ішке кіріп, Құдайды көрмеске? Күйеу жігіттің:

«Көгершінім, жартастың жарығында  
Жасырынған, шыңдардың арасында,  
Көрсетсеңші маған сұлу жүзіңді,  
Естиін мен сондай тәтті үніңді!» (Таңдаулы ән 2:14)  
деген сөздерін естиміз.

Біз бұл шақырудың бізге жасалғанын сеземіз, сезе тұра, жақындамаймыз. Жылдар өткен сайын біз қартайып, киелі шатырдың сыртқы ауласында қала беруден шаршаймыз. Сонда бізге не кедергі? (*The Pursuit of God*, 41-тарау).

## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА

Сұрағымыз әлі де сол қалпында: бізге не кедергі? Неліктен біз рухани соқырлығымыздың салдарынан жолымыздың бойындағы маңызды белгілерді байқамай, бәрін өз күшімізбен істеуге тырысамыз? Сөзіне берік Құдайдың Өзі уәде етіп, Өзі кепіл болған осындай жарқын үмітіміз бола тұра, не себепті көбіміз адамды зеріктірер, сұрқай, көңілсіз өмір сүреміз? Құдай әрбір сенушіге қол жетімді еткен осы тамаша қарым-қатынасты орнатуға не кедергі болатынын келесі тарауларда қарастырамыз.

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Осы тараудың басында біз мына сұрақтарды қойдық: «Неге көптеген адамдар Құдаймен тек ақыл-ой деңгейіндегі ғана қарым-қатынасқа қанағаттанады? Неліктен біз Мәсіхтің ққзырынан жүрдай мәсіхшілік дінін ұстанамыз? Біз Құдайға жақын болмай-ақ, қанағаттануды қалай үйрендік?» Осы сұрақтарға қалай жауап берер едіңіз?
2. Психологтардың пікірінше, әлдебір адаммен бес жылға созылған тұрақты қарым-қатынас біздің болмысымызды өзгерте алады. Сондай-ақ, бұл пікірді Киелі Жазба да растайтынын айттық: «Араммен араласып жүрген жан айырылар адал салтынан» (1 Қор. 15:33), сондай-ақ: «Данамен жолдас болған дана болар, Наданмен жолдас болған пәлеге қалар» (Нақыл сөздер 13:20).

Сіздің өміріңізде Киелі Жазбада келтірілген бір немесе екі мәлімдеменің растығын дәлелдейтін кезең болды ма? Сол туралы өз тәжірибеңізге сүйене отырып айтып беріңіз.





# ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ



Құдай оларға жақын достықты ұсынды, бірақ олар өздерінің таңдауының нәтижесінде ұсынылған достықты қабылдай алмады.

Осы тарауларды жазып отырғанымда, жүрегімде Оның құзырына деген өшпес құштарлық лаулайды. Осы тақырыпта сөз қозғалған сайын, бойымдағы от бұрынғыдан бетер лаулай түседі, перзенттерін шексіз сүйетін Құдайды іздеуге деген құштарлығым арта береді. Осынау әлемдегі ең романтикалық махаббатында Ол әр адамды үнемі іздейді. Сонымен қатар, Оның Өзі, біздің іздеуімізге өте лайық, Ол оңай «олжа» емес. Ол ұлы әрі қасиетті Патша, сондықтан Оған мәртебесіне лайық шексіз құрметпен қарауымыз керек. Сол себепті, «қасиетті қорқыныш» тақырыбына тоқталмай, Оған жақындау туралы айту мүмкін емес, әрине.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ЖОЛАЙРЫҚ

Осы жол торабында «достық іздеуші» мен «шындық іздеушінің» жолы көбінесе алшақтайды. «Достық іздеушілер» әр конфессияда, әр қоғамда кездеседі. Олар адаммен жақын болуды қалайтын және оған жарылқауын бергісі келетін Құдай туралы айтады, алайда бұл толығымен шынайы хабар емес, өйткені мұндай адамдар Оның киелілігін ұмытады. Көбінесе бұл игі ниеттен туындайды, өйткені кейбір адамдар әсіре діншілдіктен жапа шеккен, басқалары біреудің оларды жақсы көріп, қамқор болғанын қалайды. Сондықтан, өкінішке орай, олар ешбір арам ниетсіз жарым-жарты хабарларды уағыздайды, нәтижесінде оларға ергендер бұрынғыдан ауыр зардап шегеді.

Заңшылдық шеңгелінен құтылып, Құдайдың сүйіспеншілігі мен жанашырлығы туралы уағыздайтындар, адамның осы дүниелік құмарлықтарға бейім күнәкар болмысы жайлы ұмытып, мүлдем қарама-қарсы нәтижеге жетеді. Олар адамдарды Құдайдың сөзін есту үшін Раббымыздың алдына келуге шақырмайды. Егер олар соған шақырса, Құдайға жақындаудың жалғыз-ақ жолы барын білер еді, ол – киелі сүйіспеншілік пен Құдайды терең қастерлеу жолы.

Мұндай уағыздар бізге өздері ұмтылған мақсатқа жетуге деген ұмтылысты қанағаттандыратын «жеңіл-желпі Құдайды» ұсынады. Құдайды қастерлеуді былай қойғанда, олар, шын мәнінде, адамдарды Оның құзырына кіру мүмкіндігінен мүлдем айырады.

### ТЕРЕҢ ҚАСТЕРЛЕУ

Оның құзырында болу туралы мәңгілік әрі мызғымас ақиқат Киелі Жазбада келтірілген:

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

Көктегі кім Иемізбен теңесе алар,  
Күштілер арасында кім Жаратқанға ұқсар?  
Қасиетті періштелердің үлкен тобы  
Терең қастерлейді айбынды Құдайды,  
Биік тағын айналдыра Оны құрметтейді (Заб. 88:7, 8).

Осы аяттың екінші бөлігін тағы бір оқып көрейік:

«Қасиетті періштелердің үлкен тобы  
Терең қастерлейді айбынды Құдайды,  
Биік тағын айналдыра Оны құрметтейді».

Бұл мәңгілік ақиқат. Құдай қастерленбеген жерде Құдайдың құзыры да болмайды. Аты қастерленбейтін, Өзіне лайық құрмет көрсетілмейтін жерге Жаратқан Ие келмейді де, ондай жерде қалмайды да. Жақсы ән айтқанымыз, жақсы ғибадат еткеніміз, жақсы уағыз айтқанымыз немесе жақсы тәлім бергеніміз маңызды емес. Жаратқан Иені қастерлемесек, дұғаларымыздың Киелі Кітап іліміне толық сәйкес келгені де маңызды емес, Ол жиналысымызға келмейді және Өзін бізге ашпайды. Ели мен оның ұлдарының өмірі соған айғақ.

Ұзақ жылдар бойы қызмет етіп жүріп, мынаны байқадым: уағыз тыңдауға келген адамдарға лық толы залда Құдайдың құзырының жұрнағы да болмауы мүмкін. Мұның себебі мынада: халық арасында, кейде тіпті бағушылардың арасында Жаратқан Иені қастерлеу жеткіліксіз. Сонымен бірге, мадақтау және табыну топтарының кәсіби деңгейі өте жоғары болуы мүмкін, талантты музыканттар мен әншілер тамаша болуы мүмкін, баннерлер көрермендердің үстінде желбіреді, жанкүйерлер залда билей алады. Жиналыс барысында жаңа технологиялар қолданылып, баспасөз

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

өкілдерінің ақпараттық қолдауымен өтуі мүмкін. Қызмет шығармашылық атмосферада әрі қызықты өтуі мүмкін, ал жиналысқа келген адамдарды өздеріне қызық тақырыптарды тілге тиек етіп, әзілмен қарсы алуға болады, дегенмен, жиналыста сонда да бірдеңе жетіспей тұрады. Жетіспеушілігі сезіліп тұрған нәрсе – Құдайдың құзыры. Бір өкініштісі, жиналғандардың көпшілігі бұл жиналыстың қаншалықты бос өткенін түсінбейді. Осы тұста Ізгі хабарды жеткізудің шығармашылық және инновациялық әдістерінің өзі жақсы екенін және Құдайдың айқын қатысуына ешбір кедергі келтірмейтінін атап өтейін. Мен ең заманауи жиналыстарға қатыстым және ол жерде Құдайдың қатысуының күші мен құдіретін көрдім. Құдайдың қатысуы жоғары технологияны қолдануға немесе оның жоқтығына қарамайды, бірақ ол жүрегіміздің жай-күйіне байланысты.

Мұндай жағдайларда мен Киелі Рухтың жетелеуімен Құдайға мойынсұну және Құдайды қастерлеу туралы айта бастаймын және мен тәубеге шақырған сайын көптеген адамдардың, соның ішінде жетекшілердің де шақыруға жауап беретінін көремін. Әрқашан дерлік, тіпті дұға басталмай тұрып-ақ, біз Құдайдың құзырын көреміз, адамдар жылай бастайды. Неліктен бұлай болады? Өйткені Құдай алдында Оны жақсы көретін, қастерлейтін адамдар сүйкімді. Сондықтан Жақып елші былай дейді:

Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар! (Жақып 4:8).

Бір қарағанда, Жақып елші өзіміз қайта туылмаған күнәкарлар деп атайтын сенбейтін адамдарға сөйлеп тұрған

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

сияқты. Алайда, Жақып елші осы хатында тыңдаушыларын он бес рет «бауырларым» деп атайды. Яғни, оның жолдауы жоғарыдан туылған мәсіхшілерге арналған. Ендеше *күнәкар* деген сөзге назар аударайық. Грек сөзі - *hamartolos*. Вайн бұл сөзге анықтама беріп, оның тікелей мағынасында «нысанаға жете алмайтын» дегенді білдіретінін айтады. Бұл сөздің Құдайды танымайтын адамға қатысты қолданылуы әбден дұрыс, бірақ оны мәсіхшілерге де қатысты қолдануға болады. Осы орайда бұл сөз ойлары нысанаға тимейтін сенушіге қатысты және бұл, өз кезегінде, қате әрекеттердің қайталануына әкеледі.

Әрі қарай Жақып елші: «Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!», - дейді. Осы үндеуімен ол сенушінің нысанаға тимей, мақсатына жетпей қалуының негізгі себебін келтіреді. Құдайды қастерлеу сенушінің жүрегінен бастау алып, оның көзге көрінер іс-әрекеттері мен мінез-құлқынан көрінетінін түсінгеніміз өте маңызды. Жасаған Ие мынаны айтады:

«Бұл халық тек ауызбен *алдыма келіп*, Мені сөздерімен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, Мені құрметтегенсіді, ал солары бекершілік! (Ишая 29:13, *курсив автордыкі*).

Құдайға жақындау әрқашан да Құдайды бәрінен де артық көретін, терең қастерлейтін және сүйетін жүректен басталады. Бұл жай ғана сыртқы әрекеттер емес, адам жүрегінің ниеті. Сондықтан Құдайды қастерлеудің не екенін түсінбек болсақ, ең әуелі жүректегі ниетті айту керек.

Демек, Құдайды қастерлеу – Құдайға деген құрмет, дәріптеу, ардақтау, қадірлеудің ең жоғары деңгейі. Оның

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

алдында зор құрметпен бас иеміз. Оның әмірін де, қалауын да құрметтеп, алдында ізет тұтамыз деген сөз. Бірақ бұл тек бастамасы ғана.

### ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕМЕЙ, АЛДЫНА КЕЛУ

Бір нәрсені түсіну үшін кейде оның не емес екенін анықтау пайдалы. Құдайды қастерлемейтін адамның Жаратқан Иеге жақындауының тамаша мысалы — һаронның екі ұлы. Киелі шатырдың құрылысы аяқталмай тұрып-ақ, Жаратқан Ие Мұсаға былай деп бұйырды: «Бүкіл Исраил үрім-бұтағының арасынан Менің діни қызметкерлерім болу үшін ағаң һаронды ұлдары Надаб, Әбиһу, Елазар, Итамармен бірге қасыңа шақырып алдырт» (Мысырдан шығу 28:1).

Құдай аты аталған адамдарды халықтың арасынан іріктеп алып, Иемізге қызмет етуге және Құдай алдына халықтың атынан келуге дайындады. Оларға Құдайдың құзырына келу құқығы берілді. һаронның ұлдарының міндеттері мен қызмет шекаралары Құдайдың Мұса арқылы оларға берген өсиеттерімен нақты анықталған. Арнайы дайындықтан кейін олар Құдайға қызмет ету үшін бағышталды, осы рәсім орындалған уақытта киелі шатырдың іші Құдайдың құзырына толды. Олардың қызметі осылай басталды.

Бірақ, көп ұзамай, Құдай таңдап алған осы адамдардың екеуінің өмірі үзілді.

һаронның Надаб пен Әбиһу есімді ұлдары шоқсалатын табаларын қолдарына алып, оларға оттың шоғы мен хош иісті шайыр салды. Алайда олар Жаратқан Иенің алдында оттың Ол бұйырмаған *бөтен* түрін ұсынды (Леуіліктер 10:1, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

Назар аударыңыз, Надап пен Әбиһу Жаратқан Иенің алдына *бөтен* (қасиетті емес) от әкелді. Вебстер сөздігінде *бөтен* (қасиетті емес) сөзі былай деп түсіндіріледі: «Қасиетті заттарды құрметтемеу немесе менсінбеу; құрметтің жоқтығы». Бұл Құдай қасиетті немесе киелі деп атаған нәрсенің сондай екенін мойындамау, тиісті құрмет көрсетпеді білдіред. Құдайдың бұл екі адамы Жаратқан Иеге ғибадат етуге арналған табаларды алып, оларды өздері таңдаған от пен хош иісті заттарға толтырды. Олар Жаратқан Иенің хош иісті құрбандық жөніндегі нұсқауын орындамады. Олардың қасиетті нәрсеге деген немқұрайлы көзқарасы Құдайға мойынсұнбауға әкелді.

Олар Құдайдың қастерлі нәрселерін түкке тұрғысыз ұсақ-түйек нәрсе ретінде қарастыра отырып, Құдайдың құзырына қолдарына бөтен құрбандық алып, кірмек болды. Онысынан не шыққанын қараңыз:

Сол себепті Жаратқан Иенің алдынан бір от лап етіп шығып, оларды жалмап қойды. Осылайша олар сол жерде Жаратқан Иенің алдында өлді (Леуіліктер 10:2).

Бұл екі адамға күпірлігі үшін әп-сәтте Құдайдың үкімі шығарылып, екеуі де сол мезетте жан тәсілім етті. Олар Құдайдың алдында күпірлік жасады, ал, діни қызметкер болғанымен, олардан да Құдайды дәріптеу талап етілді. Олар киелі де қасиетті, қастерлі Құдайдың алдына құрметке тұрғысыз біреудің алдына келгендей келді! Жаратқан Иенің алдында өздерін тым еркін сезінді! Бұлар жазасын алғаннан кейінгі Мұса пайғамбардың айтқан сөздеріне құлақ түріңіз және «*Маған жақындап келетіндер*» деген сөйлемге назар аударыңыз:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Сонда Мұса һаронға:

Жаратқан Иенің *«Маған жақындап келетіндер арқылы Өзімнің киелі екенімді көрсетемін, барлық халықтар алдында салтанатты ұлылыққа кенелемін»* дегені осы туралы болатын, — деп түсіндірді. Содан һарон үндемеген күйі қала берді (Лев. 10:3, *курсив автордыкі*).

Бұл мәлімдеме жалпыға ортақ өсиет ретінде мәңгілік сипатқа ие. Бұл аяттан ұғатынымыз, ешбір адам Құдайға лайықты қадір-құрмет сезімі болмаса, жеңілтек көңілмен, үстіртін көзқараспен жақындай алмайды. Әрбір адам Оны киелі тұтып, Оның қатысуын терең қастерлеуі керек. Бұл ережеден аттауға бірде-бір жанға рұқсат етілмеген.

Жаратқан Ие Өзіне деген құрметсіздікке жол бермейтінін айтты, бірақ Надап пен Әбиһу ескертуге құлақ аспады. Бүгінде ештеңе өзгерген жоқ, Құдай әлі де қасиетті Құдай. Құдайды қастерлемейтін адамның Жаратқан Иенің құзырына кіруіне жол берілмейді. Осы қағида өзгереді деп еш ойламаңыз!

Ешкімге де, әсіресе, туыстық жақындығы бар адамдарға, еш жеңілдік берілмейді. Әлгі екі діни қызметкер Исраил халқының Құдай тағайындаған көсемі Мұса пайғамбардың жиендері мен һаронның ұлдары болатын. Алайда, Мұса да, һарон да Құдайдың үкімінің әділдігіне күмән келтірмеді, өйткені тек Құдай ғана әділ. Оның үстіне Мұса һарон мен қалған екі ұлына өздері де өліп қалмау үшін өлгендерді жоқтауға болмайды деп ескертті. Жаратқан Иенің алдында күпірлік жасамау үшін, Надап пен Әбиһудың мәйіттері қостан шығарылып, қостан тыс жерленді.

Бұл екі адам Құдайдың нақты бұйрықтарына жеңіл-желпі



## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

қарады. Олар Жаратқан Иенің алдына қадір-құрмет сезімсіз келді де, жүректерінің жай-күйіне орай тілазарлық танытты. Көріп отырғаныңыздай, күнәнің тамыры – Жаратқан Иені қастерлемеуде.

### ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕУ МЕН ҚҰДАЙДАН ҚОРҚУ

Құдай Синай тауында ираилдіктерге көрінгенде, халық Оның алдында тұра алмады. Мұның себебі, оларда Жаратқан Иені қастерлеу ұғымы қалыптаспаған. Ираил халқы Құдайдың өздерімен бетпе-бет сөйлескенін қаламай, кері шегінгенде, Мұса оларға былай деді:

Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады, — деді (Мысырдан шығу 20:20).

Мұса «қорықпаңдар» деп өсиет етті, Құдай өзінің халқын үйрету үшін келді. Бұдан былай халық Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болады. Бір қарағанда, Мұсаның сөзі қайшылыққа толы сияқты. Пайғамбардың сөзін басқаша тұжырымдап айтар болсақ, «Қорықпаңдар! Құдай сендердің Оны шын жүректен қастерлейтіндеріңе көзін жеткізу үшін келді». Мұсаның сөзінде ешқандай қайшылық жоқ. «Қорқу» мен «Құдайды қастерлеу» ұғымдарын ажыратып тұр. Бұл екеуі – екі бөлек нәрсе. Құдайдан үрейлене қорқатын адамның жасырапы бар.

Оның Құдайға жақындағысы келмейді, өйткені Құдайдың құзырының жарқын нұрында құпия сырлары ашылып қалады. Пауыл елші былай дейді: «Ал түнекке нұр шашылса,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

ондағының бәрі анық көрінеді. Бар нәрсені әшкерелейтін — нұр» (Ефес. 5:13).

Құдай біздің үрейленгенімізді қаламайды, бірақ Өзін қастерлеуімізді талап етеді. Пауыл елші былай деп жазды: «Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады» (Тім. 2-хат 1:7). Осы ойды Жохан елші де растайды: «Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісіде сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес» (Жоханның 1-хаты 4:18). Құдайдан қорқатын адамдарда Құдайды қастерлеу емес, қорқыныш рухы болады. Жаңа Өсиет хаттарының авторлары бізге «құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» деп айтады (Філіп. 2:12). Сондай-ақ Пауыл елші «Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық! Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» деп жазады (Евр. 12:28,29). Петір мұны бұдан да ашық айтады: «Тауратта Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!» Сендер әр адамды бет-жүзіне қарамай әділ соттайтын Құдайға «Әкем» деп сиынасыңдар. Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлеріңді Оны терең қастерлеп, Оған ұнамайтынды істеуден шошынып өткізіңдер!» (Петірдің 1-хаты 1:16,17). Осы жолдарды оқи отырып, Құдайды қастерлеу Жаңа Өсиет ілімінің ажырамас бөлігі екенін түсінбеу мүмкін емес.

Мұса пайғамбардың Құдайдың құзыры туралы айтқан сөзіне назар аударыңыз: «Құдай сендерді (Өзінің араларыңда

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады». Пауыл елші бізге «құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» деп айтады. Құтқарылу сүйіспеншілік пен мейірімділік арқылы жүзеге асады деп айтпайды. Басқа бір хатында Құдайдың біздің арамызда мәңгі болатыны туралы уәдесін еске ала отырып, ол: «Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» дейді (Қорынттықтарға 2-хат 7:1). Байқасаңыз, ол мұны Құдайдың сүйіспеншілігімен жасау керек деп айтпайды.

Кезінде теледидардан уағыз айтатын, кейін түрмеге қамалған бір танымал тәлімгерге жолыққаным есімнен кетпейді. Ол түрмеде бес жыл отырып шықты. Мен ол кісіге қамалу мерзімінің төрт жылы өткенде жолықтым. Әңгіме барысында ол былай деді: «Джон, түрмеге мен Құдайдың қаһарына бола емес, Оның рақымының арқасында түстім. Баяғыдай өмір сүргенді жалғастырсам, мәңгі-бақи тозақта болар едім».

Сенер-сенбесімді білмей, оның ақпейілді туралығы мен мойынсұнушылығына қатты таңырқап, сөзін әрі қарай тыңдап отырдым. Жиырма минуттан кейін көкейімді тескен бір сұрағымды қойдым. Ол кісі қызметінің басында Исаны шын сүйген, жалынды сенуші болғанын білетінмін. Сол жалынын қалай жоғалтқанын білмек болдым.

Ақыры, одан: «Исаға деген құштарлығыңды қашан жоғалттың? Қай сәтте?» деп сұрадым. Қызметкер ретінде

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

мен Исаға деген сүйіспеншіліктің суып, жоғалуының белгілерін білгім келді. «Мен оны жоғалтқан емеспін» деп нық жауап берді ол. Мен қатты таң қалып, оның жауабын түсінбей, абдырап қалдым. Бұлай деуге қалай ғана дәті барды? Көп ойланбай: «Не дегің келіп тұр? Сен неке адалдығын бұздың, алаяқтық жасадың, түрмеге қамалдың. Қалайша сен Исаны сүюді ешқашан тоқтатқан жоқпын дей аласың?» деп айтып салдым. Ол менің көзіме тұра қарап, еш күмәнсіз: «Джон, Исаға деген сүйіспеншілігім ешқашан суыған емес» деп жауап берді. Мен үнсіз қалдым. Абдырап, абыржыған кейпімді көріп, ол: «Джон, мен Исаны сүйдім, бірақ Оны терең қастерлеген емеспін» деп қосты. Содан соң ол: «Джон, миллиондаған американдықтар тұра мен сияқты өмір сүреді. Олар Исаны жақсы көреді, Құтқарушы ретінде мойындайды, бірақ Құдайды терең қастерлемейді», – деді мұңайып.

Осы кезде санамда шам жанғандай болды. Мен өз қиялымызда және түсінігімізде өзіміз жасаған Исаның бейнесін жақсы көре алатынымызды түсіндім, бірақ ол шынайы Иса емес. Өйткені, Жаратқан Иені қастерлеу – даналықтың бастауы, яғни бастапқы нүктесі (Нақыл сөздер 1:7; 2:5). Мен бұл адамның Исаның бұрмаланған бейнесін жақсы көргенін түсіндім.

## ОНЫ ӘРДАЙЫМ ҚАСТЕРЛЕЙТІН БОЛЫҢДАР

Мұса пайғамбар бізді күнәдан сақтайтын Құдайды қастерлеу екенін, ал күнә бізді Құдаймен қарым-қатынастан ажырататынын түсіндірді. Жаратқан Ие Өзімен келісім жасасқан халыққа былай деді: «Қайта, өздеріңнің әділетсіз істерің Құдаймен араларыңды ажыратып келеді! Жасаған

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді. Сондықтан да Құдай Ие мінажаттарыңа құлақ салмайды» (Ишая 59:2). Назар аударыңыз, күнәларымыз Құдайды бізден емес, бізді Құдайдан ажыратты деп айтты. Құдай мұны басқа ұлттар емес, Өз халқы туралы айтып отыр. Біз өзімізді Құдаймен жақындықтан ажыратамыз және мұның себебі – жүрегіміз бен ой-санамызда Құдайды қастерлемейміз.

Құдайдан *қорқатын* адамнан өзгешелігі, Құдайды *қастерлейтін* адамның жасырары жоқ. Ол өз өмірінің Жаратқан Иенің алдында ашық кітап сияқты екенін біледі. Құдайдың қалауын бәрінен жоғары қояды. Құдайдың қалауы ондай адам үшін достарынан, отбасынан, тіпті өз жанының қалауынан да үстем. Ондай адам Құдайға мойынсұнудан артық, жан-дүниесін қанағаттандыратын ештеңе жоқ екенін түсінеді. Ол жеке басының мүддесінен бас тартып, айқышын арқалап, Исаның соңынан ереді. Оның өмірі Құдайға толық бағышталған.

Бұл Мұса пайғамбардың өміріне тән қасиет. Мұса Құдайды қастерледі. Исраил Жаратқан Иені қастерлемеді. Исраилдіктер өздерінің қалауларын, қажеттіліктерін және жайлылықтарын жоғары бағалап, Құдайдың қалауларынан гөрі, өз бастарының қамын көп ойлайтын. Құдайға сенеміз деп талай рет айтқанымен, шын мәнінде сенбеді. Сөздері нық сенетін адамның сөзіндей болғанымен, Құдайдың айтқаны мен игі ниетіне үнемі күмәнданды. Құдайды қастерлеген жоқ, сондықтан Оның Сөзін, Оның қалаулары мен өсиеттерін бағаламады, оларды бәрінен жоғары қоймады. Олар Құдайды шын жүректерімен сүйген емес. Неліктен дейсіз ғой? Өйткені олар Оның шынайы құзырын сезінген емес. Сондықтан Құдай келгенде, олар Жаратқан Иеге шын жүректен ұмтылудың орнына, кері шегінді. Құдайдың құзырының нұрынан жасырар

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сыры бард-ды. Сол нұр оларды барлық мәселелерді шешуге мәжбүрлейді де, ең соңында кімге қызмет ететінін таңдайтын уақыт келетінін білді.

Исраил Құдайдың құзырына бөленген Синай тауынан шегінгенде, Мұса, керісінше, сол жаққа жақындады. Ол Жаратқан Иеге соншалықты күшті және керемет түрде құлдықтан босатып, Өзіне әкелген адамдар Оған жақындағысы келмейтінін айтуға мәжбүр болды. Мұса пайғамбар осы сәттен қорықты, бірақ Құдай бәрін біліп, Мұсаны таң қалдырды:

Сендердің осы сөздерің Жаратқан Иенің құлағына жетіп, Ол маған былай деді: «Мына халықтың саған айтқан сөздерін естідім. Соларының бәрі дұрыс (Заң қайталау 5:28).

Осы сөзді естігенде Мұсаның қаншалықты шошығанын көз алдыма елестете аламын! Ол Құдайдың адамдардың айтқан барлық сөздерін білетініне таң қалған жоқ (біз Құдайдың бәрін білетінін қаншалықты жиі ұмытып кететініміз таңқаларлық емес пе), пайғамбарды қайран қалдырғаны – Құдайдың айтуынша, израилдіктердің сөздерінің дұрыс болғаны. Сонда Мұса олардың Құдайға жақындай алмауының себебін сұрады.

Құдайдың Мұсаға адамдардың неге Оған жақындай алмайтынын түсіндіргендегі жауабында қайғы естілді:

Олардың Мені терең қастерлеп, өсиеттерімді түгел орындауға ниеттенген жүректері берік болса екен! Сонда олардың өздері де, ұрпақтары да әрқашан игілікті өмір сүретін болады (Заң қайталау 5:29).

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

Бұл жауап арқылы Құдай екі нәрсені түсіндірді. Біріншіден, Жаратқанды қастерлеу жеткіліксіз болса, Құдайға жақындау мүлде мүмкін емес. Ал, екіншіден, Құдайды қастерлеудің дәлелі Оның әмірлеріне мойынсұну және бұйрықтарын орындау болады. Исраилдіктер дұрыс сөйлеуді және ұнамды кейіп көрсетуді білетін, бірақ олардың жүректерінде Құдайға деген терең құрмет жоқ еді. Барлық нәрсе қашан да жүректен басталып, адамның мінез-құлқынан көрінеді!

Содан кейін Иеміз Көне Өсиеттегі ең қайғылы мәлімдемелердің бірін жасады. Ол Мұса арқылы халқына мына хабарды жеткізді:

Енді оларға барып, қостарына қайтсын де (Заң қайталау 5:30).

Құдайдың жүрегі жаралы болса керек, Мұсаның да, халқына қайтып оралғанда, жүрегін мұң басты. Мен де еңсемді басқан бір ауырлықты сеземін. Құдай оларды Мысырдан бір себеппен, яғни Өзіне жақындату үшін алып шықты, бірақ олар ештеңе түсінбеді (Мысырдан шығу 19:4). Ұлы кереметтерін жасап, халқын құлдықтан азат ету Құдайдың ниеті болатын. Бірақ адамдарға Құдайдың құзырына кірудің ғажап мүмкіндігі туғанда, олар кері шегінді. Құдайды терең қастерлемегендіктен, Оның құзырына кіруге құштар емес-ті. Сөйтіп, қосқа қайтты да, Құдайдың даусын естілмейтін, Құдайдың құзырынан тыс жерде қалды. Құдай оларға жақындықты ұсынды, бірақ олар бұл ұсынысты қабыл алмады.

## ҚҰДАЙМЕН АРАДАҒЫ ДОСТЫҚ

Енді Құдай халықты қосқа жібергеннен кейін Мұсаға не айтқанын тыңдаңыз:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ал өзің осы жерде Менің қасымда қал. Мен саған айтып беретін барлық өсиеттерім, ережелерім және шешімдерімді сен халыққа үйрет. Мен өздеріңе мұралық меншікке бергелі тұрған елде олар бұларды орындайтын болсын (Заң қайталау 5:31).

Міне, солай! «Менің қасымда қал, Мен саған айтып беремін...» Бұл не деген қуаныш! Не деген теңдесі жоқ мәртебе! Мұса Құдайдың жүрек сырын тыңдауға шақырылды! Бүкіл ғаламда бұдан асқан бақыт жоқ! Махаббаты, даналығы, білімі мен құдіреті шексіз Құдайдың алдына келіп, құзырында болуға деген шақыруды қабыл алыңыз. Бүкіл аспан табынатын және бүкіл жаратылыс ұмтылатын Құдайдың қасында тұру. Мұсаға осындай шақыру келді!

Мұса пайғамбар Құдайды терең қастерлейтін, сондықтан Онымен тығыз қарым-қатынасқа қуана алатын. Забур жыршысының мына сөздері осыған дәлел:

«Ақиқат жолдарын танытты Ол Мұсаға,  
Кереметтер жасады Израил халқына» (Заб. 102:7).

Мұса пайғамбар Құдайдың не істейтінін алдын ала, тіпті бұл оқиғалар орын алғанға дейін білетін, өйткені Құдай Мұсамен өзінің жүрегіндегі ойларын бөлісті, өйткені ол Израил халқы жақындай алмайтын жерге жақын болды.

Израилдіктер Құдайды дұғаларына берген жауабынан таниды. Олар Оның ниеттерін, қалауларын, жоспарларын және Оның жүрегінің басқа да терең сырларын білмеді. Олар Құдайдың істерін көрді, бірақ сол істердің себебін, мән-мақсатын түсінген емес. Мұса болса, Құдаймен оңаша қалғандағы естіген сөздерінен білді. Киелі Кітаптағы ең сүйікті аяттарымның бірі мынау:



## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын  
Ашады және білдіреді Келісімін (Заб. 24:14).

«Құдайымыз жүрек сырларын және Өзінің келісімінің жолдарын Өзін қастерлейтіндерге ашады» десек, аяттың мағынасы еш өзгермейді. Бәріміздің құпия сырларымыз бар (олардың бәрі түгел жаман емес), алайда, біз оны кім көрінгенмен бөлісе бермейміз, жақын араласатын және сенімді сырлас достарымызға ғана ашамыз. Мұның жақсы себебі бар: олар ешқашан біздің жүрегіміздің сырын бізді ренжіту үшін пайдаланбайды, өздеріне ашылған құпияларды бізге қарсы қолданбайды, соны білеміз. Олардың біздің құпиямызды берік сақтайтынына сенімдіміз. Олар біздің сенімімізді бұрмалап ақымақтыққа балап, құпияларымызды өз мүддесіне пайдаланбайтынын білеміз. Олар біздің жүрегімізді біледі және бізге тек жақсылық тілейді.

Құдай да сондай. Өзінің рахаты мен әл-ауқатын шектен тыс ойлайтын адамдарға Өзінің сырларын айтпайды. Ол Өзінікіндей жүрегі бар және өмірін Құдайға бағыштағандармен сырларын бөліседі — бұларды Ол өзінің достары деп атайды. Ағылшынша Киелі Кітап аудармаларының бірінде Забур жырының бұл тармағы былай деп оқылады:

«Иеміздің достығы – Өзін қастерлейтіндермен,  
Келісімін де соларға білдіреді» (Заб. 24:14).

## ЫБЫРАЙЫМ – ҚҰДАЙДЫҢ ДОСЫ

Көне Өсиетте Құдайдың досы деген мәртебеге ие бір адам болған. Ол кісінің аты Ыбырайым. Неліктен ол Құдайдың досы атанды? Бұл сұрақтың жауабын Ыбырайымның өмірінде болған зор сынақты еске алсақ, табамыз. Ол

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайдың уәдесінің орындалуын жиырма бес жыл күтуге мәжбүр болды. Осыдан кейін бедеу әйелі Сара екеуі ұлды болды. Бұл ұл әйелі екеуі бала туатын жастан шығып кеткеннен көп жылдан кейін туды. Баланың аты Ысқақ, яғни күлкі. Осы баламен қоса олардың шаңырағына зор қуаныш келді.

Құдай бұл отбасын мұқият бақылап отырды. Ыбырайым мен ұлының арасында күшті әрі нәзік сүйіспеншілік пайда болды. Сынақ уақыты келді де, Құдай Ыбырайымға: «Сен өзіңнің жақсы көретін жалғыз ұлың Ысқақты ертіп алып, Мория жеріне бар. Оны сол жерде Мен саған көрсететін тауға апарып, құрбандыққа шалып, өртеп жібер!» деп бұйырды (Жаратылыс 22:2).

Бұл бұйрықты естігендегі Ыбырайымның көңілі қандай болды деп ойлайсыз? Ысқақ жиырма бес жыл бойы шыдамдылықпен дүниеге келуін күткен уәденің ұлы еді. Ысмайыл үйден қуылып та үлгерді, яғни Ыбырайымның басқа баласы жоқ. Неге бұл бұйрық әкелі-балалы екеуінің арасындағы сүйіспеншілік пен достық әбден қалыптасқанда берілді? Құдай не себепті осынша ұзақ күтті? Ысқақтың сәби кезінде неге құрбандыққа ұл сұрамады? Киелі Кітапты зерттеуші ғалымдардың көбісі бұл кезде Ысқақтың жасы отыз үште болған деп есептейді.

Сол түнді Ыбырайым қалай өткізді екен? Ыбырайымның жан-дүниесінде азапты күрес жүріп жатқан болуы керек. Қалай ғана Құдай осындай құрбандық талап етеді? Құдайдың жоспары біртіндеп жүзеге асып келеді. Бір күні Ысқақ үйленіп, оның ұрпақтарынан Құдай Ыбырайымға уәде еткен халықтар тарап, патшалар шығады. Қалай ғана Құдай Ыбырайымнан сүйікті ұлының өмірін сұрайды? Сонда Жаратқан Иенің жоспары қайда қалады? Сол түні Ыбырайымның санасындағы

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

шытырман сұрақтарды естіп тұрсыз ба? *Құдай Ысқақты маған не үшін берді? Өзіне кері қайтарып беруім үшін ғана ма? Ол Ысқақты мен сияқты сүйе ме? Ұлымның жанын емес, менің жанымды неге алмайды?*

Алайда Ыбырайымның жүрегіндегі бір нәрсе шытырман сұрақтардан да, ащы ойлардан да басым болды: Жаратқан Иені терең қастерлеуі. Құдай айтты, Ыбырайым мойынсұнды. Киелі Кітапта былай деп жазылған: «Ыбырайым таңертең ерте тұрып, есегін ерттеп, жастау екі қызметшісін және ұлы Ысқақты өзімен бірге ертіп алды. Ол құрбандық отына жеткілікті етіп отындық ағаш жарып алып, Құдай өзіне айтқан жерге қарай жолға шықты» (Жаратылыс 22:3). «Таңертең ерте» деген сөзге назар аударыңыз. Біреудің: «Құдай менімен соңғы бірнеше айда жұмыс істеп жатыр, бірақ мен әлі дайын емеспін» дегенін естіген боларсыз. Мұндай адамдар Жаратқан Иені қастерлемейтінін көрсетеді.

Құдайды қастерлеу дегеніміз – Оның Сөзіне бас ию. Себептерін ұқпасақ та, мағынасы мен пайдасын көрмесек те, Құдайдың айтқанына мүлтіксіз бағынамыз. Дым түсінбей тұрған жағдайымызда да Оған бағынамыз деген сөз. Жанымызға батса да, бағынамыз. Біз, Ізгі Хабарды уағыздаушылар, Мәсіхтің денесіне біршама зиян келтірдік.

Көбінесе біз мойынсұну туралы тек пайдасы мен тиімділігі анық болғанда ғана айтамыз. Мысалы, «Берсең, Құдайдан қайтады...» немесе «Көбірек мінәжат етсең, Құдай...» немесе «Құдайға мойынсұнсаң, онда...» деп айтамыз, бұл іс жүзінде Мәсіхтің алдына әлдене алу үшін келуді уағыздау. Құдайдың адамды жарылқайтынына сенемін бе? Сөзсіз! Бірақ біз Құдайға тек бата алу үшін ғана қызмет етпеуіміз керек! Біз Құдайдан бір нәрсе алу үшін емес, Құдай Құдай болғандықтан ғана Оған қызмет етуіміз керек.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ыбырайым бірден мойынсұнып, Құдай көрсеткен тауды бетке алып, үш күн жол жүрді. Құрбандық шалуға Құдай неге жақынырақ бір тауды таңдамады? Неге үш күн жол жүру керек болды? Меніңше, Ыбырайымның Құдайдың бұйрығы жайлы әбден ойлануына, тіпті, керек деп тапса, кері қайтуына мүмкіндік берілді. Құдайдың даусын естігенде бірден әрекетке кірісу бір басқа да, істі соңына жеткізу мүлдем басқа. Үш күннен кейін Ыбырайым тау басына шығады да, өміріндегі ең қымбатын, жауһарын құрбан ететін жерге жетеді. Енді ол Құдайдың дауысын естіп тұрған жоқ. Осы сәттегі Ыбырайымның ойы мен көңіл-күйі қандай болар еді?

Соған қарамастан Ыбырайым таудың басына жетіп, құрбандық үстелін тұрғызды. Ысқақты байлап, пышақ ұстаған қолын көтерді. Кенет Жаратқан Иенің періштесі Ыбырайымға дауыстап:

Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің Өзімді терең қастерлейтініңе *көзім жетті*. Себебі Менен өзіңнің жалғыз ұлыңды да аямадың, — деді. (Жаратылыс 22:12, *курсив автордыкі*).

Ыбырайымның Өзін терең қастерлейтінін Құдай қайдан білді? Ол мұны Ыбырайым Құдайдың істері туралы ештеңе түсінбесе де, мойынсұнуға дайын болғанынан көрді. Құдайдың бұйрығы жанына қаншалықты батса да, мүлде мағынасыз болып көрінсе де, мойынсұнды. Құдай Ыбырайымның Жаратқан Иенің қалауларын бәрінен де жоғары қойғанына көз жеткізді. Сонда Құдай «бұл адамға Өзімді таныта аламын, жүрегімдегіні бөлісе аламын» деп шешті.

## ҚҰДАЙДЫҢ ТҰЛҒАСЫНЫҢ БАСҚА ҚЫРЛАРЫ

Осыдан кейін Ыбырайым төңірегіне көз тастап, мүйіздері бұтаның арасында шатасып қалған қошқарды көрді. Сонда оның аузынан жүрегін жарып шыққан «Иехова Ире» («Жаратқан Ие қажетіңді береді» дегенді білдіреді) деген айқай шықты. Ол Құдайды Иехова Ире деп таныған алғашқы адам болды. Ыбырайымның зор құрметі мен мойынсұнуына жауап ретінде Құдай оған Өзінің мінезінің бұрын ешкім білмейтін қырын ашты.

Сіз мені кітаптардың авторы Джон Бивер ретінде танитын шығарсыз. Сіздердің кейбіреулеріңіз мені Джон Бивер, спикер ретінде танысыз. Бірақ бір әйел бар, оның есімі Лиза, ол мені күйеуі ретінде таниды. Ол менің сырлас серігім әрі әйелім, мен онымен басқа ешкім білмейтін құпияларымды бөлісемін. Біздің ұлдарымыз бар, олар мені әкем деп біледі. Біздің қарым-қатынасымыз ерекше, тек әкесі мен ұлының арасында болатын қарым-қатынас. Сіздің де өміріңізде әкелеріңіз, әйелдеріңіз, ұлдарыңыз, достарыңыз, т.б. бар. Құдай Тағаланың мінез-құлқының да көптеген қырлары бар.

Құдай Ыбырайымға өзінен бұрын ешкім білмеген құпияларды ашты. Жаратқан Ие тіпті Ыбырайыммен Өз жоспарларын бөлісті және оған өз пікірін айтуға рұқсат берді.

Олар белгілі бір мәселелерді бірге талқылады. Осындай пікір алмасудың бірі Содом мен Ғомораға қатысты. Құдай Тағала: «Жаратқан Ие: «Өзімнің не істейтінімді Ыбырайымнан қалай жасырмақпын?» деді. (Жаратылыс 18:17). Жаратқан Ие Ыбырайымға осы жағдайды талқылау үшін келді және Ол Өзінің досының пікірін бағалап, оны тыңдады. Содомда тек он әділ адам табылса, бұл қала қайғылы тағдырынан құтылар еді. Бірақ он әділ адам да жоқ екен!

### ҚҰДАЙДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫНА САМАРҚАУ

Ыбырайымның немере інісі, Киелі Кітап әділ деп атаған Луттың (Петірдің 2-хаты 2:7-ні қараңыз) ағасынан мүлде өзге болғаны таң қалдырады. Лут Құдайды қастерлемейтін, күнәкар болмысына ерген пенде болатын. Оның өмірбаяны Ыбырайымдыкінен өзгеше. Ол өз сапарын Ыбырайыммен бірге бастады, бірақ тән рухпен бірге өмір сүре бастаған сайын, міндетті түрде қақтығыс туады. Ыбырайымды осы дүние құндылықтарынан гөрі рухани құндылықтар көбірек қызықтырды, сондықтан ол бірінші болып өзіне жер таңдау кезегін, жолы кіші болса да, Лутқа берді. Ыбырайым Луттан қалған жерге қанағат етуге дайын еді, бірақ оның таңдаған жері, уақыт өте, сүті мен балы ағып жатқан құнарлы аумаққа айналды.

Киелі Кітап былай дейді: «Лут айналасына көз тастап, бүкіл Иордан өзені аңғарының Сиғорға дейін сұлы жер екенін көрді. Себебі бұрын сол жердің суы мол болып, Жаратқан Иенің пейіш бағына және Ніл бойындағы Мысыр еліне ұқсайтын» (Жаратылыс 13:10).

Ол заманда Иордан өзенінің аумағы ең құнарлы әрі шұрайлы жер болатын. Лут алысқа көз тастап, тағы нені көрді? Ол Содом мен Ғомора қалаларының зұлымдыққа толы екенін білетін. Бәлкім, осы жерге қарап тұрып, сол қалалардың байлығын олардың азғындық әсеріне түспей, қалай пайдалану керектігін білуге тырысқан шығар. Ол қаланың ішіне қоныстанбай, Содом жазығына шатыр тігуді шешті. Осылайша ол бір жағынан күнәнің ордасынан аулақ болып, екінші жағынан осы өлкенің байлығы мен молшылығына рахаттана алатын еді. Киелі Кітап былай дейді: «Ыбырам Қанахан жерінде қала берді. Ал Лут Иордан алқабындағы қалалар

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

арасында Содомға жақын жерде шатыр тігіп, қоныстанды» (Жаратылыс 13:12). Дегенмен, қанша жерден зұлымдықтан аулақ болуға тырыссаңыз да, Құдайды қастерлемесеңіз, күнәға ақыры бой алдырасыз. Лут та қашып құтыла алмады: ол Содом жазығындағы шатырлардан бастап еді, бірақ алты тараудан кейін оның Содом қаласында үйі болғанын оқи аламыз (Жаратылыс 19:2).

Содом гүлденген бай қала еді. Қала тұрғындары Содомың жер бетінен жойылатын сәтіне дейін санаулы сағаттар қалғанын білмеді. Онысында тұрған дәнеңе де жоқ. Алайда, бізді алаңдататыны – Луттың да мұны білмеуі. Құдай оны алдын-ала ескерту үшін періштелерді, мейірім елшілерін жіберді. Құдайды қастерлейтін, Жаратқан Иенің ойлары мен жоспарларын жүзеге аспай тұрып-ақ білетін Ыбырайымнан айырмашылығы, Лут Содомның басқа тұрғындарындай, күнәкарлармен бірдей сезімсіз болды. Ыбырайым Құдайдың досы болды, өйткені ол Құдайды қастерледі!

## ШЫНАЙЫ ИСА

Ыбырайым мен Луттың өмірін Жаратқан Иені қастерлеу аясында қарастыра отырып, осы ұғымды анықтап алайық. Иемізді қастерлеу – Құдайға ұнамдыны ұнатып, Құдайдың жек көретінінен жирену.

Құдай алдында құнды да маңызды нәрселер біз үшін де маңызды болып, Құдайдың ескермейтінін біз де елеусіз қалдырамыз. Құдайды бәрінен жоғары бағалау, Құдайдың жүрегінің қалауларын өз қалауымыздан қымбат та құнды санау. Жаратқан Иеңізге мойынсұнуыңыз – Оған деген ыстық ықыласыңыздың дәлелі.

Құдайдың қалауы мен тілектері біздің өз қалауларымызды

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

ығыстырып шығарады. Иемізді қаншалықты қастерлейтініміз Құдайдың еркіне және Оның барлық қалауына батыл мойынсұнудан көрінеді.

Киелі Жазбаға сай, Құдайды қастерлесек, Ол бізге жақындай бастайды. Құдаймен арамыз жақындаған сайын Оған деген сүйіспеншілігіміз күшейе түседі. Біз Ол туралы білімді емес, бізді сүйетін, Өзін бізге ашатын тірі Құдайды сүйеміз. Иемізді терең және тұрақты қастерлемесек, Құдайды жақын танымайтын сүйіспеншілікті ұстанамыз. Біз Құдай туралы көп мәлімет білеміз, бірақ Құдайдың Өзін танымаймыз. Бұл жағдайда біздің сезіміміз Исаның бейнесіне, біздің қиялымызда қалыптасқан бейнеге бағытталған, өйткені біз Әкенің оң жағында отырған шынайы Исаны білмейміз.

Бұл жағдайды жанкүйерлердің Голливуд кино жұлдыздарына немесе атақты спортшыларға деген сүйіспеншілігімен салыстыруға болады. Олар сұхбаттар мен газет мақалалары арқылы БАҚ жасаған бейнелерді жақсы көреді. Бұл атақты адамдардың есімдері американдықтардың үйлерінде жиі естіледі. Мен жанкүйерлердің өздері пір тұтатын спортшылары туралы жақын достарындай сөйлесетінін естідім. Жұрттың атақты адамдардың жеке өміріндегі оқиғаларды жанұясының бір мүшесіндей жүрегіне жақын қабылдайтынын көрдім. Бірақ егер сол пірімен шынайы өмірде кез болса, олар бұл танымал тұлғалардың жасанды бейнеден айтарлықтай айырмашылығы бар екенін көрер еді. Жанкүйерлер мен атақты адамдар арасындағы қарым-қатынас бір жақты көше. Егер олар өмірде кездесе, әңгіме айтар бірде-бір ортақ тақырып та таба алмас еді, оларда ортақ мүдде де, ортақ қызығушылық та жоқ, өйткені бұл адамдар бір-бірін танымайды.

Осындай үрдісті қауымдарда да көрдім. Көптеген адамдар Иеміз туралы Оған өте жақын адамдар сияқты айтады, бірақ



## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

олардың пікірін тыңдасаңыз, өздері танымайтын Құдай туралы айтып отырғанын аңғарасыз, өйткені олар Оны білмейді, Ол туралы біледі. Олар Құдай туралы естіді, бірақ Құдайдың даусын естіген емес. Олар Құдайдың істерін көрді, бірақ Оның жолдарын білмейді, Құдайдың айтқанын біледі, бірақ Оның не айтып тұрғанын білмейді.

Былыр менде осындай ерекше жағдай болды. Отбасымды алып, Гавай аралдарына демалуға бардым. Уақыт айырмашылығына байланысты ерте тұрып жүрдім. Бір күні таңертең теңіз жағасында Құдайға сиынып отырғанымда, қасыма бір адам келіп, мені сөзге тарта бастады. Оған арал қатты ұнапты, тамсанып, қызу әңгіме айтты. Бірден дерлік ол маған «жергілікті қыздар керемет – өте мейірімді және көпшіл» деп хабарлады. Ол жақында өзі қатысқан кеш туралы айтып, басқа да осы дүниелік тақырыптарды қозғады. Әңгімесінің барлығы өте дөрекі және үстіртін болды.

Сосын ол менің немен шұғылданатынымды сұрады. Діни қызметкер екенімді естігенде, абыржып, әңгімені дін, сенім жағына бұрды. Ол өзінің қауымы байкерлерге арнап ұйымдастырған Ізгі Хабар тарату жобасына қатысқанын айтты, содан кейін өзінің бағушысы жайлы айта бастады. Ол маған Исаға қалай келгенін баяндап берді, тіпті қалтасынан бір кітапшаны алып шығып, маған берді. Содан кейін ол әйелі мен балаларының қонақүйде әлі ұйықтап жатқанын айтты (осы тұста аралдың ақжарқын қыздары туралы айтқан кездегі толқуы бірден есіме түсті). Жүрегім қан жылады, өйткені, бұл адам Жаратқан Иені білетініне сенімді, бірақ оның бүкіл өмірі олай еместігіне дәлел. Сондықтан Иса адамдарды сөздері немесе қызметінен емес, жемістерінен, яғни өмір салтынан білеміз дейді (Матай 7:20-23 қараңыз).

Бұл көптеген мысалдың бірі ғана. Мұндай адамдарды сіз

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

де кездестірген боларсыз. Осындай жағдайда Мәсіхке сенетін адамдар әлгі кино жұлдыздарының жанкүйерлері сияқты. Сол адамдар үшін жүрегім қан жылайды. Олар құтқарылуды қалайды, бірақ осы дүниелік құндылықтарды жақсы көреді, құмарлықтарын, өз жоспарлары мен ниеттерін Құдайдың жоспарларынан жоғары бағалайды.

Енді бір сенушілер бар, олар шын мәнінде құтқарылған. Алайда, Лут тәрізді осы дүниелік мүдделермен өмір сүреді. Олар осы дүние істеріне шамадан тыс берілген. Құдайға қызмет еткісі келеді, бірақ құмарлықтары оларды осы дүниенің құлдарына айналдырған. Олар өздерінің эголарының Айқышта өлуіне және өмірлеріндегі Мәсіхтің тазарту жұмысына қарсы тұрады. Олар Оның еркін іздемейді және Құдай Патшалығын кеңейтпейді. Құтқарылған, бірақ Құдаймен жақындығы жоқ. Олар әлі күнге дейін сыртқы аулада өмір сүреді, күнәкар болмыстың шымылдығымен шектелген, сол күнәкар болмысы олардың жаңа және тірі жолға жақындауына кедергі жасайды. Олар Құдайдың құзырына жақын жерде тұрғанымен, Одан өте алыс.

Сыртқы аулада тұратын адамдар Құдайдың оларды осы дүниенің қысымынан не үшін құтқарғанын түсінбеді. Олар адамның қолы жетер ең жоғары мәртебе – Құдайды жақыннан тану мәртебесін назарынан тыс қалдырған. Олар Құдайдың сүйіспеншілігі, берекеті, ризығы, бізге пана болуы, молшылық сыйлауы жайлы уағыздарды ұнатады. Мұның бәрі шындық, бірақ олар өз жүректерінің жай-күйіне қатысты мәселелерді естігісі келмейді. Олар жүректерін шындап қанағаттандыра алмайтын нәрсені таңдайды да, тірі судың мәңгі сарқылмас бұлағының жанынан өте шығады.

Құдайдың бізбен тығыз қарым-қатынаста болуды қалайтынын, Оның киелі екенін және ешкімнің Оны мазақ

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

етуіне жол бермейтінін түсінуіміз керек. Ол бізді Өз құшағына алу үшін тым қымбат құн төледі, біз осы дүниемен қалайша дос болып қала береміз? Жақып елші бізді Құдайға жақын болуға шақырмас бұрын: «Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер?» деп ескерткен. (Жақып 4:4). Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады дейді. Жақыптың хаты сенушілерге арналған хат екенін естен шығармайық. Сондай-ақ Пауыл елші де сол жөнінде өте нақты айтқан: «Өйткені Құдайдың бүкіл адамзатқа құтқарылуды ұсынатын рақымы анық білінді. Ол бізді Оған ұнамсыз қылықтар мен күнәкар дүниелік құмарлықтардан бас тартып, қазіргі заманда байыпты, әділ және Құдайға ұнамды өмір сүруге бағыттайды» (Тит 2:1). Сол себепті Пауыл бізді құтқарылуымызға сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылуға, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркенуге шақырады.

## ИСАНЫҢ ДОСТАРЫ

Исаны қабылдасақ, Оның досы боламыз деген уағыздарды жиі естиміз. Құдай кез келген адамды Өзінің досы деп жеңіл-желпі айта салмайтынын енді түсінген боларсыз. Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Құдай маған: «Халқымнан сұра, олар Маған қаншалықты адал болса, Менің де өздеріне соншалықты болғанымды қалайды ма?» деді. Иса жер бетіне «Қайта туылғандар» клубына қалаған адам қосыла алуы үшін келген жоқ. Құдай Иса адамды қалай сүйсе, Исаны да солай сүйетін адаммен дос болуды қалайды. Біз Оның достығына осылай ғана қол жеткізе аламыз. Осы шындықты Исаның Өзі растайды:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Егер Менің тапсырғандарымды орындасаңдар, Маған доссыңдар (Жохан 15:14).

Иса достыққа белгілі бір шарттар қояды. Ол: «Егер Менің Мәсіх екеніме сенсеңдер, Маған доссыңдар» демейді. Ол, көріп отырғанымыздай: «Егер сендерге бұйырғанымды орындасаңдар, Маған доссыңдар» дейді. Осы тарауда Оның бұйырғанын орындауға қажет күш пен қабілеттің көзі Иемізді қастерлеуде екенін айттық.

Иса мұны Яһуда Исқариот Өзіне опасыздық жасау үшін кеткеннен кейін айтты. Келесі аятты оқысақ, Исаның он бір шәкіртіне: «Сендерді бұдан былай құл демеймін» (Жохан 15:15) деп айтқанын көреміз. Ол: «Енді құл демеймін» деді, яғни оларға құл ретінде қараған кезі болған, енді олардың қарым-қатынасы жаңа деңгейге шықты. Осы сөзінен кейін Ол былай дейді:

...құл иесінің не істеп жүргенін білмейді. Қайта, сендерді достарым деп атадым, өйткені Әкемнен естігендерімнің бәрін сендерге білдірдім (Жохан 15:15).

Яғни, Иеміздің достары Оның не істеп жатқанын біледі. Олар Құдайдың жолдарын біледі! Неліктен олар қарым-қатынастың басында емес, енді ғана дос атанды? Өйткені, адалдық пен мойынсұнушылықты істерімен дәлелдеді, Исаға еріп, талай қиындық пен сынақтардан өтті, олар кереметтер мен белгілердің және жасалған барлық игі істердің қуанышын бірге көрді. Адалдығын мүлтіксіз мойынсұнуымен дәлелдеді.

Исаның сөздері сенушілердің барлығына қатысты: «Егер Менің тапсырғандарымды орындасаңдар, Маған доссыңдар». Назар аударыңыз, Ол достықтың Өзіне

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

мойынсұнғандарға берілетінін анық айтқан. Забур жырларында Құдайдың Өзін қастерлейтіндер үшін дайындаған ғажап игіліктері мен жарылқаулары жөнінде айтатын көптеген аяттар бар. Неліктен Құдай адамның барлығын дос деп атамайды? Меніңше, бізді қауіптен қорғау үшін. Харонның ұлдары есіңізде ме? Екі ұлы қаза тапқаннан кейін, Құдайдың харонға не дегенін есіңізге сала кетейін: «*Маған жақындап келетіндер* арқылы Өзімнің киелі екенімді көрсетемін, барлық халықтар алдында салтанатты ұлылыққа кенелемін».

Осыған ұқсас жағдай Жаңа Өсиетте де сипатталған. Анани есімді кісі әйелімен бірге Жаратқан Иеге лайықты қадір-құрмет көрсетпестен, киелі Құдайдың құзырына кірмек болды. Екеуі де бірінен соң бірі лезде жан тапсырды (Елшілердің істері 5:1-11 қараңыз). Сенушілер Құдайға деген құрметсіздіктің қаншалықты күнә екенін түсінгенде, «бүкіл сенушілер қауымын және мұны естіген басқалардың бәрін де қатты үрей биледі». Және тағы да: «*Маған жақындап келетіндер* арқылы Өзімнің киелі екенімді көрсетемін, барлық халықтар алдында салтанатты ұлылыққа кенелемін».

Былтыр маған бір таңғажайып құпия ашылды. Жеке мінажат еткенімде, қандай да сөз айтудан бас тартып, Көктегі Әкемнің ұлылығы мен керемет даңқы туралы ойлайтын бодым. Менімен қауышу үшін Исаның керемет азапқа төзіп, таңғажайып жеңіске жеткені жайлы ой толғадым. Оның керемет Рухы туралы және Оның мені Өзімен бірге болуым үшін таңдап алғаны туралы ойладым. Осының бәрі адам санасына симастай түсініксіз әрі қайран қалдырар нәрселер!

Осындай ой-толғаулар барысында Раббымның құзырына бөленуім үшін сөз айтудың мүлде қажеті жоқ екенін түсіндім. Оның құзырына кіру осыншалық оңай болғанына таң қалып,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Бұл жайында Киелі Рухтан сұрадым. Ол менің жүрегіме: «Балам, Иса шәкірттеріне дұға етуді үйреткенде, ең әуелі не істеу керектігін айтты?» Мен Иеміздің дұғасынан үзінді келтірдім: «Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін». Сол сәт таң қалып, қуанғанымнан: «Осы, осы!» деп айқайладым. Біз ең алдымен және әу бастан Оны қастерлеуіміз керек, яғни Құдайымыздың киелі екенін мойындауға тиіспіз «Сенің киелі есімің қастерлене берсін!» Оның құзырына тағзым етіп, табыну арқылы кіруіміз керек! Осы дұғаны қанша жыл бойы қайталап жүріп, Исаның не айтқанын жете түсінбеппін!

## ӨМІР ҚАЗЫНАСЫНЫҢ КІЛТІ

Иемізді қастерлеу - Құдаймен арамыздағы жақындықтың кілті және бүкіл өмірдің негізі. Ишая пайғамбар былай дейді: Жаратқан Иенің мәртебесі қандай жоғары! Ол көкте тұрып, Сионды әділдік пен ақиқатқа кенелтеді. Сол заманда Ол сендерге тұрақтылық, молынан аманшылық пен даналық және білім сыйлайды. Жаратқан Иені терең қастерлеу ұлы қазыналарың іспетті болмақ (Ишая 33:5,6).

Жаратқанды қастерлеу құтқарылудың, даналық пен білімнің қазынасын ашады. Неліктен? Өйткені бұл Құдайға жақын болудың негізі және осы негізде Оның қазыналары ашылады. Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігімен бірге ол өмірдің негізі болып табылады. Құдайды қастерлемесек, Құдайды шын сүйіп, Онымен жақын қарым-қатынаста бола алмаймыз.

## ҚҰДАЙДЫҢ ДОСТАРЫ

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Құдайдан қорқудың орнына Құдайды қастерлеу керек дегенді өз сөзіңізбен қалай түсіндірер едіңіз?
2. Бұл тарауда Құдайдың досы Ыбырайым мен оның әділ деген атаққа ие болған інісі Лут салыстырылады. Лут зұлым Содом мен Ғомора қалаларының айналасындағы өзіне ұнайтын аумақтарды қарастырғанда, олардың кері әсерінен аулақ болып, осы қалалардың байлығын пайдалана аламын деп үміттенді. Сізде де осындай ойлар болды ма? Құдайды қастерлеуіміз мұндай зиянды ойлардан аулақ болуымызға қалай көмектесе алады?
3. Автор Гавайи аралындағы жағажайда жолықтырған адамға ұқсас адамдарды кездестіріп пе едіңіз? Осы кезде өзіңізді қалай ұстадыңыз?  

Мұндай кездесу – сирек кездесетін жайт па, әдеттегі нәрсе ме? Әлде әлгі адамның орнында өзіңіз болдыңыз ба? Олай болса, әңгімеңізден және іс-әрекетіңізден сол сәттегі жүрегіңіздің нақты жай-күйі белгілі болып қалды ма? Сіз бұл жағдайлардан қандай сабақ алдыңыз немесе ала аласыз?
4. Забур 24:14 («Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын ашады және білдіреді Келісімін») негізінде автор Құдайдың адаммен достық мәселесіне өте мұқият қарайтынын көрсетеді, өйткені Ол бізді Құдайдың алдында инабаттылық сақтамай, жүгенсіз кету қаупінен қорғауды көздейді. Осындай теріс мінездің қаупі неде?





# ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?



Алданып жүрген адамдар, шынайы Құдайды танымайтынына қарамастан, Құдай туралы біліммен жұбанады.

**И**емізді қастерлеу – біздің Құдаймен жақындығымыздың негізі. Бұл ақиқат «Нақыл сөздер» кітабының басынан-ақ анық аңғарылады. «Білімнің бастауы — Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну» (Нақыл сөздер 1:7). Сөз қай даналық туралы? Астарлы әңгіменің авторы мұны былай түсіндіреді:

«Балам, егер сөздерімді қабылдасаң,  
Һәм жадыңда өсиеттерімді сақтасаң,  
Құлағың даналыққа ұдайы түрік болса,  
Әрі жан дүниенің парасатқа дайын тұрса,  
Егер де білім мен парасатты шақырсаң,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Көмілген күміс пен қазынадай іздесең,  
Сонда Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың,  
Құдайды жақыннан *танып білерсің*» (Нақыл сөздер 2:1-5, орысшадан аударма, *курсив автордыкі*).

Киелі Кітап терминдерінің сөздігінде «әлдебіреуді жақын *танып білу*» ұғымы «әлдебіреу туралы, онымен қарым-қатынас барысында ғана белгілі болатын мәліметті білу» деп түсіндіріледі. Вайн түсіндірме сөздігінде бұл сөз «Онымен (Құдаймен) іс жүзінде жақын *танымасуды*» білдіреді. Сөздікте «Құдайды *тану* мен Оны қастерлеудің арасында даусыз параллельдің» бары айтылады.

Алдыңғы тарауда айтылғандай, Жаратқан Иені қастерлеу Оның өсиеттерін мейлінше құрметтеуден көрініс табады. Оның өсиеттерін құрметтеу қай жағдайда да Оған мойынсұнуға дайын болу мен Оның Сөзіне мұқият құлақ салуды білдіреді. Құдайды қастерлемейтін адамдар Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болудан үміттен алмайды, өйткені Жақып елші айтқандай, мұндай адамдар «өзін-өзі алдайды» (Жақып 1:22). Мұндай адамдар Оның еркін біледі, бірақ оны орындамайды. Алдану – өте қауіпті нәрсе, өйткені алданған адам өзі туралы жаңсақ пікірде. Алданған адамдар, шынайы Құдайды танымайтынына қарамастан, Құдай туралы біліммен жұбанады.

## ИЕМІЗДІҢ БҰРМАЛАНҒАН БЕЙНЕСІ

Жаратқан Иені қастерлемей, Құдайды танып біле алмаймыз. Мұндай жағдайда біздің жан дүниемізде немесе қиялымызда бұрмаланған бейне қалыптасады. Құдаймен қарым-қатынасымыз бар деп санасақ та, Оны сөз жүзінде құрметтеп, Оған тек ауызбен құлшылық етсек те, жүрегіміз

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Одан алыс, тыныс-тіршілігіміз Құдайдың қалауына сәйкес келмейді. Мұны Исраилдің мысалынан көруге болады.

Алдыңғы тарауларда айтқанымыздай, Мұса өз халқын Құдайдың алдына әкелу үшін Синай тауына бастап алып барды, бірақ «халық алыста қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай беттеді» (Мысырдан шығу 20:21). Олардың Құдаймен осы бір тамаша және таңғажайып кездесуге бел буа алмай-ақ қойғаны қандай өкінішті. Сол бір кездесу жүзеге асса, нәтижесі қандай боларын кім біледі? Құдайдың айтқанын Өз аузынан естуге мүмкіндігі болды! Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, Құдайдың құзырына кіргісі келмеді, олардың жүректеріне Құдайды қастерлеу сезімі жат, сондықтан олар Жаратқан Иенің өсиеттерін орындамады (Заң қайталау 5:29-ды қараңыз).

Құдайдың көңілі қалды. Енді Жаратқан Ие Өзі мен халықтың арасына арашашы тағайындады. Ол Мұсаға былай деді: «Төменге түсіп, *Һаронмен бірге* қайта көтеріл» (Мысырдан шығу 19:24, *курсив автордыкі*). Құдай Мұса мен Һаронды Өзінің алдына делдал ретінде келуге шақырды. Олардың міндеті – Құдайдың сөзін тыңдап, оны халыққа жеткізу, ал халықтың жауабын Құдайға жеткізу. Мұның бәрі Құдайдың адаммен бастапқы жақындығынан түбегейлі басқа.

Мысырдан шығу кітабын әрі қарай оқиық. Мұса тауға қайта көтеріліп, Құдайдың құзырына кірді, Һарон болса, қосқа оралды. Һарон Мұсамен бірге тау басына шықпақ болғандай еді, бірақ, неге екені белгісіз, қосқа қайтты. Неліктен бұлай болды? Мұның себебі – Һарон өзін Құдайдың алдында емес, адамдардың алдында әлдеқайда жайлы сезінетін. Оның Жаратқан Иені қастерлеуі жеткіліксіз болды. Һарон Құдайдан гөрі адамдарды көбірек құрметтеді,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сондықтан ол адамдарға қызмет етуді жөн көрді. Ол халқының сұрағанын берді және олардың талаптарын көп күттірместен орындады.

Мұса пайғамбардың тау басына көтеріліп кеткеніне, міне, қырық күндей болды, қостағы жағдай туралы былай деп жазылған:

Ал Мұсаның таудың басынан ұзақ уақыт бойы төмен түспегенін көрген халық һаронның қасына жиналып:

— Кәне, бізге алдымызда жүріп отыратын тәңір мүсіндерін жасап беріңіз! Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз, — деді (Мысырдан шығу 32:1).

Һаронда көшбасшылық қабілет бар еді және бұл дарын адамдарды өзіне магнит тәрізді тарта білу сияқты белгілі бір қасиеттерге ие. Осы дарынның арқасында адам кез келген жағдайда басқаларды өзіне тартады, ал бұл дарын қонған адам Құдайдың құзырында ма, жоқ па, бәрібір. Кейбір қауымдарда Құдайдың құзыры болмайды және Құдайдың еркі бұрмаланған түрде көрсетіледі, соған қарамастан, жиналыстарына мыңдаған адам келеді, мұның себебін енді түсінген боларсыз. Ал Құдайды қастерлемейтін басшы Құдай берген дарындарды Құдайдың емес, халықтың қалауын орындау үшін пайдаланады.

Халық Һаронға: «Кәне, бізге алдымызда жүріп отыратын тәңір мүсіндерін жасап беріңіз! Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз» деді. «Құдай болса, Оған не болғанын білмейміз» деп айтпағанына назар аударыңыз. Олар Құдайды жоққа шығарған жоқ, тек Мұсадан бас тартты.

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

### ҚҰДАЙ МА, ҚҰДАЙЛАР МА?

Киелі Кітаптың түпнұсқа мәтінін зерттеу барысында мен әрқашан аударманың түпнұсқаға қаншалықты жақын екенін білуге тырысамын. Ағылшын аудармашылары «құдайлар» сөзін жиі қолданады. Дегенмен, еврей тілінде «құдайлар» - *элохим*. Көне Өсиетте бұл сөз 2606 рет кездеседі, оның 2350 реті (90 пайыздан астамы) біз қызмет ететін Құдіретті Құдайға қатысты. Жаратылыс кітабының бірінші тарауында ғана бұл сөз отыз екі рет кездеседі және барлық жағдайда Жаратқан Иені білдіреді. Мысалы, Киелі Кітаптың ең бірінші аятында былай делінген: «Әуел баста Құдай [*элохим*] аспан мен жерді жаратты» (Жаратылыс 1:1). Мұнда *элохим* «Құдай» деп аударылады.

Көне Өсиетте шамамен екі жүз елу рет бұл сөз жалған құдайды білдіру үшін қолданылады. Сондықтан, жазылғанды дұрыс түсіну үшін әрқашан контекстке сүйену керек. Һарон халыққа былай деді: «Әйелдерің мен ұл-қыздарыңның құлақтарыңдағы алтын сырғаларын шешіп алып, маған әкеліп беріңдер» (Мысырдан шығу 32:2). Адамдар дәл осылай жасады. «Һарон сырғаларды қолдарынан қабыл алып, балқытып, құралмен қағып, жас бұқа мүсінін жасады» (Мысырдан шығу 32:4).

Ол бұқа мүсінін алтыннан құйып жасап бергенде, бүкіл халық: «Әй, Израил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің — осы!» — десті (Мысырдан шығу 32:4).

Мұнда қолданылған *құдай* деген еврей сөзі де *элохим*. Адамдар: «Әй, Израил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің — осы!» — десті. Не болғанын көріп тұрсыз ба? Адамдардың не айтқанын жақсырақ түсіну үшін әрі қарай оқиық.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Мұны көрген харон мүсіннің қарсы алдынан құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, қатты дауыстап: — Ертең *Жаратқан Иеге* арналған мейрам болады! — деп жариялады (Мысырдан шығу 32:5, *курсив автордыкі*).

Бұл аяттағы *Жаратқан Ие* – *Jehovah* немесе *Yahwch* деген еврей сөзі. Яхве – Көне Өсиеттегі ең қасиетті сөз, жалғыз және шынайы Құдайдың жалқы есімі. Бұл сөз Көне Өсиетте ешқашан жалған құдайға қатысты қолданылмаған. Бұл сөздің қасиетті болғаны сонша, еврей дін мұғалімдері оны толық жазбаған. Олар сөзден барлық дауыссыз дыбыстарды алып тастап, тек дауысты дыбыстарды жазды: YHWHY. Еврей дін мұғалімдері оны дауыстап айтуға болмайтын төрт әріптен тұратын қасиетті тетраграмматон деп санады. Бұл қасиетті есімді дауыстап айтуға тиым салынған, ал Израилде бұл есімді қадірлемеу күпірлік болып саналатын.

Міне, харон мен Израил ұрпақтары алтын мүсінді көрсетіп: «Әй, Израил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан Жаратқан Иең — осы!» — деп дауыстады. Олар: «Әй, Израил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан Бағал — осы!» — деп айтқан жоқ. Сондай-ақ олар өздерін Мысыр құлдығынан құтқарған басқа бір жалған құдай деп айтқан жоқ. Олар бұқаны Жаратқан Иенің атымен атады.

## ҒИБАДАТТАН КЕЙІН ҚҰМАРЛЫҚҚА БЕРІЛУ

Олар Құдайды ашықтан-ашық жоққа шығарған жоқ, алайда, Жаратқан Иенің ұлылығын өздері жасаған бұқа деңгейіне түсірді. Олар шынайы Құдай туралы білімдеріне өздері алданып қалды. Жаратқан Иені әлі де өздерін құтқарушы әрі азат етуші ретінде мойындай отырып, олар

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Оның шипа беретін күшін жоққа шығармады, тек Оның шынайы бейнесін ойдан шығарылған бейнемен алмастырды. Әрі қарай не болғанын көрейік:

Олар келесі күні ерте тұрып, құрбандық шалып, өртеп жіберді. Содан соң басқа да мал алып келіп, ризашылық құрбандығы ретінде шалды. Халық жайғасып отырып, құрбандықтан ішіп-жеді; біраздан кейін олар азғын ойындар ойнау үшін орындарынан тұрды (Мысырдан шығу 32:6).

Олардың осы бұқаға құрбандық шалғанына назар аударыңыз. Құрбандық не үшін шалынады? Өздері қызмет етуге уәде еткен Жаратқан Иеге құрмет көрсету үшін. Құрбандық шалып, ғибадат еткеннен кейін олар ойнап, нәпсілерін тойдыра бастады. Ағылшын тіліндегі Киелі Кітаптың бір нұсқасында Исраил қосында «ішімдік кеші болғаны» айтылады.

Осындай нәрсе бүгін де болуы мүмкін бе? Бүгінде Құдайдың құтқарушы рақымымен осы дүниелік қиындықтардан құтылған және Исаның есімін шақыратын, ал қиялында Оның бейнесін бұрмалап, Оны қастерлемейтін адамдар бар ма? Олар Құдайдың қайта туылған әрбір перзентінде болатын сезімдерді басынан кешіріп, қуанады, Оны Ием деп мойындайды, қауымға барады, құтқарылу мен азаттық туралы ән айтады, уағыз тыңдайды, ондықтарын береді. Дәл сол адамдар жиналыстан шыққан соң, кәсіптегі серіктестерімен келісімшартқа отырарда өтірік айтады, сонымен бірге бизнесіндегі Құдайдың жарылқауы жайлы күәлік айтады. Бәлкім, олар өздерінің бағушылары мен басқа адамдарды ғайбаттап, «бұл шындық, оны бәрі біледі» деп өздерін ақтайтын шығар. Олар азғындық пен басқа да

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

ұятсыз әрекеттерге барады, содан кейін құтқарылғанына қарамастан, «әлі де денеде өмір сүремін ғой, қажеттіліктерімді қанағаттандыруым керек»деп күнәларын ақтайды. Бұл тізімді шексіз жалғастыра беруге болады.

Олар Исаны біледі ме? Өздерінен осыны сұрасаңыз – олар «иә!»деп қуана жауап береді. Олар алданып жүр ме? Олар қазір көктегі ұлы Құдайдың оң жағында Отырғанды мойындай ма, әлде өз қиялдарынан жаратқан және оларға сұрағандарын беретін құдайға құлшылық ете ме? Ал енді ең маңызды сұрақ: осы бейнеден өзімізді көріп отырған жоқпыз ба?

Иемізді қастерлемейтін адамдар Құдайға сиына алады, бірақ олар үнемі күнәкар болмысының қалауларын жүзеге асыруға ұмтылады, ал күнәкар болмыс, бәріміз білетіндей, Құдайға қас, өйткені Құдайдың еркіне бағынбайды, бағына алмайды да. (Римдіктерге 8:5-7 қараңыз). Мұндай адамдар Исаны өмірлеріне шақырғанымен, Оның қалауларына мойынсұнбайды, Оны білеміз деп, осындай мінез-құлықтарын Исаның құптайтынына шын жүректен сенеді. Олардың мойынсұнбауы Жаратқан Иені қастерлемеуінен, барлық мойынсұнбаушылықтың тамырынан туындайды. Мәселе мынада, олар «Исаны танимыз» деп алданып жүр.

## ЖАСЫРЫН ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Бұл қайғылы оқиға Киелі Кітапта көп рет кездеседі. Бұл Адам атаның ұлы Қабылдан, Адам ата құлағаннан кейін көп ұзамай басталды. Қабылдың әке-шешесі бақта күнә жасағанда, өздерінің надандықтарынан жалаңаш денелерін інжір жапырақтарымен, яғни, жердің жемістерімен жауып тастады. Құдай оларға Өзінің қалауы бойынша



## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

құрбандық шалу керектігін көрсетті. Құдай Адам мен Хауаға жануарлардың терісінен киім жасап берді, меніңше, ол жануарлар қой болды.

Сондықтан Қабылды надан деуге болмайды. Ол Құдайдың жердің жемісін емес, құрбандық ретінде жануарларды алғысы келетінін ата-анасынан естіген. Алайда біз Киелі Кітаптан: «Біраз уақыт өткеннен кейін Қабыл *Жаратқан Иеге* арнап жерден жинап алған өнімінен тарту ұсынды» (Жаратылыс 4:3, *курсив автордыкі*) дегенді оқимыз. Көріп отырғаныңыздай, ол Құдайға қызмет етуге тырысты, өйткені Киелі Кітапта оның сыйын жалған құдайға әкелгені айтылмайды. Ол Құдайға еңбегінің жемісін ұсыну үшін бар ынтасымен жұмыс істеді, бірақ мұнысы ашық түрдегі мойынсұнбаушылық болатын.

Ал мұндай тілазарлықтың тамыры неде? Мұнда да сол мәселе – Жаратқан Иені қастерлемеу. Онысы Қабылдың Құдайдың қойған сұрағына берген жауабынан анық көрінеді. Әбіл ағасы Қабылдың қолынан қаза болғаннан кейін, Құдай Қабылдан інісінің қайда екенін сұрады. Қабылдың жауабы дәрекілеу естілді. «Білмеймін, мен інімнің күзетшісі ме едім?» деп жауап қайырды ол (Жаратылыс 4:9). Көріп отырғаныңыздай, ираилдіктердің қолдан жасаған бұқа мүсініне табынуы сияқты, Жаратқан Иені қастерлемеуі Қабылды да Құдайдың бейнесін қорлауына және Оған қызмет ету тәсілдерінің де өзгеруіне әкелді. Қабыл өзін-өзі алдап, тіпті Құдайдан құпияларымды жасыра аламын деп сенді, Құдайды пендемен бірдей көрді. Құдайдың бейнесі Қабылдың көзқарасында пенде дәрежесіне дейін төмендеді. Пауыл елші осындай үрдістердің заманның ақырында жиілей түсетінін қатты ескертеді: «Олар Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік еткен жоқ. Керісінше, адамдар

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

түкке тұрғысыз ойға берілді. Содан саналарын қара түнек басып, наданға айналды. Өздерін ақылдымыз деп жүріп, шын мәнінде ақымақ болып шықты. Осылай олар мәңгі тірі Құдайдың ұлылығына табынудың орнына ажалды пенденің, құстың, төрт аяқты не бауырымен жорғалаушы жануардың мүсіндеріне құлшылық ететін болды» (Римдіктерге 1:21-23). Қабыл сияқты, Құдайы қастерлемей мұндай адамдарды өзін-өзі алдауға әкеледі және олар Құдай олардың бұрмаланған жолдарын көрмейді деп сене бастайды.

Қабылдың берген жауабына қарағанда, ол Құдайдан ештеңе жасыру мүмкін болмайтынын ұмытып кеткен. Құдай біз сияқты пенде емес, Ол бәрін көреді, біледі. Құдайды қастерлемейтін адамның рухани санасы да жоғалады, өйткені барып тұрған күнәкар да Құдайдың оның бүлігі мен қарсылығын көріп тұрғанын біледі. Құдай туралы біле тұра, Жаратқан Иені қастерлемейтін адамдар: «Жаратқан Ие бізді көрмейді!» деседі (Езекиел 9:9). Көрсен де, түсіністікпен қарап, кешіре салатын шығар деген жалған үмітпен өзін-өзі жұбатады. Тіпті кейбір жетекшілер де солай. Құдай былай дейді: «Сонда Жаратқан Ие маған тіл қатып былай деді: «Ей, пендем, Израил халқының ақсақалдарының әрқайсысы өз жалған тәңірлерінің бейнелері орналасқан қараңғы бөлмелерінде не істейтіндерін көрдің бе? Олар: «Жаратқан Ие бізді көрмейді! Жаратқан Ие біздің елді тастап кеткен!» деседі»,— дейді» (Езекиел 8:12).

Біз Исаның Құдайды қастерлеу жөніндегі қатаң өсиетін ұмыттық па? Ол: «Ашылмайтын сыр, білінбейтін құпия болмайды» деген (Лұқа 12:2). Бірақ Құдайды қастерлеуден қалғанымызда, Құдайды өз деңгейімізге түсіреміз және Одан құпия сырларымызды жасыра алатынымызға бейсаналық түрде сенеміз. Ондай адамдардан Құдай

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Тағаланың барлық жерде бар екендігі мен білуі туралы сұраса, олар Құдайдың бұл сипаттарымен нық және сенімді түрде келісе алады. Бірақ олар Жаратқан Иенің салтанаты мен ұлылығын жүрегімен сезінуден қалды, өйткені егер оларда мұндай түсінік болса, олар Құдайдан ешнәрсе жасырмас еді. Олар басқа сенушілерден көп нәрсені жасырып, жиі табысқа жетеді, бірақ олар «Жаратушының көз алдында бәрі аян, Бар жақсы мен жамандар айқын Оған» деген сөзді ұмытады (Нақыл сөздер 15:3).

## ТІЛАЗАРДЫҢ СЕНІМІ

Дегенмен, әңгіме мұнымен бітпейді. Әрі қарай, өзін-өзі алдап жүрген адам Құдайға мойынсұнып өмір сүретініне сенеді, ал шын мәнінде олай емес. Осы орайда Дәуіттің ұрпақтарының бірі – Ұзиях есімді патшаның өмірін мысалға келтіруге болады. Ұзиях он алты жасқа келгенде, әкесі Амазия қайтыс болды, оның орнына Яһуда тағына Ұзиях отырды. Он алты жасында патша болған жас жігіт, ақылды болса, ең әуелі Құдайды іздеуге кіріседі, Ұзиях та сөйтті. Соның нәтижесінде ол өркендей бастады. Көп жылдар бойы ол Израилдегі молшылық пен өзінің патша тағындағы жетістіктеріне қуанды. Содан кейін біз: «Құдайдың керемет қолдауының арқасында Ұзиях өте күшейіп, атақ-даңқы алысқа тарады» дегенді оқимыз (2 Шежірелер 26:15).

Бірақ Ұзиях күшейген сайын, оның жүрегі менмендік пен мақтаныш сезіміне бөленді. Тәкаппарлық пен Құдайды қастерлеу бір-біріне қарама-қайшы. Адамның жүрегінде қасиетті қорқыныш болмаса, онда мақтаныш сезімі пайда болады. Әрі қарай не болғанын мұқият оқып шығыңыз:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Алайда патша күшейіп алғаннан кейін кеудесін көтеріп, менменсінуді шығарды. Ол Жаратқан Иенің киелі үйіне өз бетімен кіріп, жалғыз Оған ғана бағышталған хош иісті заттарды түтетіп, Құдай Иесіне қарсы күнә жасады. Патшаның соңынан бас діни қызметкер Азариях Жаратқан Иенің басқа да батыл сексен діни қызметкерімен бірге кіріп, Ұзиях патшаға қарсы шықты. Олар: «Уа, Ұзиях, Жаратқан Иеге құрбандық ұсына алатын сіз емес, тек һаронның ұрпағынан шығып, осы міндетке бағышталған діни қызметкерлер ғана. Киелі орыннан шыға көріңіз. Мына істеп отырғаныңыз күнә. Құдай Ие оныңызды мақұлдамайды!» — деп ескертті. Қолына хош иісті заттар салынған табаны ұстап, Жаратқан Иенің киелі үйіндегі құрбандық үстелінің қасында тұрған Ұзиях мұны естігенде діни қызметкерлерге қатты ашуланды. Сол сәтте-ақ олардың көз алдарында Ұзияхтың маңдайында алапес ауруының дағы пайда болды (2 Шежірелер 26:16-19).

Осыған байланысты мынадай сұрақ қоюымыз керек: Ұзияхтың жүрегі мақтаныш сезіміне бөленгенде, ол рухани өсті ме, әлде құлдырады ма? Бұл сұрақты тыңдаушыларыма қойғанымда, көпшілігі рухани құлдырады деп жауап береді. Алайда бұл мүлдем дұрыс емес, өйткені Ұзиях Құдайға ғибадат ету үшін ғибадатханаға барған. Шын мәнінде, ол өз әрекеттерінде рухани (немесе діни) болды. Көбінесе мұндай жағдайларда сіз ерекше құлшыныстағы рухани мінез-құлық пен мақтаныш бір-бірімен үйлесетінін байқайсыз. Тәкаппарлық адамдардың діндар екенін мойындауына кедергі жасайды, ал діндарлық тәкаппарлықты жалған руханияттың шымылдығымен жауып тастайды. Екеуі де –

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Құдайды қастерлемеудің және Оның алдындағы шынайы кішіпейілділік жоқтығының белгісі.

Байқасаңыз, Ұзияхқа сөгіс берілгенде, айтылған шындық патшаның шамына тиді. Қабылға да ақиқат айтылып, күнәсі әшкереленгенде, солай болды. Киелі Жазбада былай делінген: «Бұған Қабыл қатты ашуланып, қабағын түйіп безеріп алды» (Жаратылыс 4:5). Қабыл Құдайға ашуланды! Егер сіз Иемізді қастерлемейтін, соның салдарынан тілазарлықта өмір сүретін адамдардың күнәсін әшкерелесеңіз, олар міндетті түрде ашуланады. Неліктен? Өйткені олар өздерінің істерін дұрыс деп санайды. Бірақ олар алданып жүр, алдану дегеніміз – адасып жүріп, қатеңнің қате екенін білмей, өзіңді дұрыс жолдамын деп ойлау.

Ұзиях қателескенін білген болса, діни қызметкерлерге неге ашуланады? Ол ғибадатханаға ғибадат ету үшін келді, бірақ ол һаронның ұлдары сияқты Құдайдың жарлықтарын құрметтеуді ұмытып, Оның бейнесін төмендетті. Өзінің тілазарлыққа беріліп, өз әрекеттерін Құдайдың заңдарымен толығымен үйлестірмеді. Ол Құдайға жақындағысы келген сияқты, ал шын мәнінде өзі құлшылық еткісі келген Құдайдан алыстап бара жатыр.

Қауымдарымызда Құдаймен жақындық туралы айтатын адамдар көп, алайда олардың өмірі Құдайдың еркіне мүлдем сәйкес келмейді. Мұның себебі енді түсінікті болды. Біз талқылап отырған принциптерді түсінбеген адам, әлгі сенушілердің Киелі Кітапқа қайшы келетін Құдайдың аяндары туралы куәліктерін естігенде, мүлде абдырап қалуы мүмкін. Олар Құдайға сиынады да, артынша Құдай өздеріне құрмет көрсетуді бұйырған дін қызметкерлерін сынға алады. Бұл қалай? Егер сіз, тәуекелге барып, Киелі Жазбада бұл туралы не айтылғанын естеріне салсаңыз, олар ашуланады. Олар

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сіздің қателесіп тұрғаныңызға, сізде руханият жетіспейтініне нық сенеді, ал шын мәнінде өздері Құдайдың жолынан адасқан.

Діни қызметкер ретінде мен Құдайдан келген аян деп санайтын нәрселерін менімен бөліскен адамдармен бірнеше рет сөйлестім. Мұндай аяндардан жүрегімде мазасыздық пайда болады. Бұл аяндарды Құдайдан алғандарына өздері сенімді болғанымен, олар менің Киелі Жазбадан үзінді келтірмек болғанымда, сөздерімді тыңдаудан үзілді-кесілді бас тартты. Олар маған ғана емес, оларға көмектеспек болғандардың бәріне осылай қарады. Аяндарының дұрыстығын растау үшін олар контекстен алынып тасталған басқа аяттарды келтірді, аяндарын жан-жақты талқылаудан бас тартты. Осыдан кейін олар өздеріне көмектеспек болғандардың барлығынан оқшауланып, менен аулақ болуға тырысты, өйткені олардың көз алдында біз бұдан былай рухани адамдардың санатында емеспіз. Уақыт өте таңдаған жолының нәтижесі Құдайдың қалауымен сәйкес келмейтінін, ал күткендерін алмағанын өздері де көрді. Естігендері – Исаның дауысы емес, өз қиялдары екенін түсіне бастайды. Олар Құдайға жақындауға ұмтылып, өзін-өзі алдады да, соңында сенімнен мүлде түңілді ме?

## ПҰТҚА ТАБЫНЫП, ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАМАҚ БОЛҒАНДАР

Мұндай адасудың алдын алу жолы бар, ол Құдайды қастерлеу. Құдайды қастерлейтін болсақ, Оның алдына ғибратын немесе түзету сөздерін естуге дайын, сусаған жүреппен келеміз. Біз өз түсінігімізге сенім артпаймыз, өзімізшіл қалауларымызға ермейміз, Оның еркін орындауды ғана қалаймыз.

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Иемізге Оның бізге ашқан еркіне сәйкес келмейтін күшті қалауларыңызбен жақындауды ең ақымақ және ең қауіпті нәрсе деп атауға болады. Бұл адамды өзін-өзі алдаудың келесі деңгейіне әкеледі. Алданудың бұл деңгейінің мәні мынада: Құдай қиыла сұрағанымызды шын мәнінде береді немесе сұрағанымызды алуымызға мүмкіндік береді:

Сонда Жаратқан Ие маған сөзін арнап былай деді: «Пендем, мына адамдар өз жүректерінің төріне жалған тәңірлерді орнатқандар. Сөйтіп, олар өздерін адастырып күнәға батыратын зұлым нәрселерді басты орынға қойып алған. Ендеше олардың Менен ақыл сұрауларына жол беруім қажет пе? (Езекиел 14:2,3).

Жаратқан Ие кейіді, өйткені Құдайдың халқы жол нұсқауын, даналық беруін өтініп, кеңес сұрап келді, бірақ олардың жүректерінде пұттар бар-ды. Жұрт жүректері Жаратқан Иенің алдында арам екенін түсінді ме, әлде шындық олардың көздерінен жасырылды ма, белгісіз. Пұттарға сену олардың сүрініп, зұлымдыққа түсуіне себеп болды. *Құдайсыздықты* білдіретін еврей сөзі – *awon*, Құдайдың еркін саналы немесе бейсаналық түрде бұзуды білдіреді. Байқасаңыз, Құдай олардың аулаларында немесе бөлмелері мен үйлерінде пұттарды орнатқанын айтпаған. Пұтқа табынушылық олардың жүрегінде жатыр. Есіңізде болсын, пұтқа табынушылық жалған құдайға табынумен ғана шектелмейді. Жоғарыда айтылғандай, пұтқа табынушылық, сонымен қатар, – адамның жүрегінде Құдайдың бұрмаланған бейнесін қалыптастыру және шынайы Құдайды ойдан шығарылған, қалағанымызды беруге міндетті пұт деңгейіне дейін төмендету. Пұтқа табынушылықтың түп-тамыры – нәпсіқұмарлықта. Жаңа Өсиет былай дейді:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ал енді, күнәкар дүниеге жататын қылықтарыңды біржола тоқтатыңдар: неке адалдығын бұзу, *әр қилы азғындық, нәпсіқұмарлық* және арам пиғылдан аулақ жүріңдер; *ашкөздікке* де салынбаңдар, ол *жалған тәңірлерге табынумен* бірдей! (Қолостықтарға 3:5, *курсив автордыкі*).

Ефестіктерге 5:5-те Пауыл елші тағы да пұтқа табынушы ашкөз адам туралы айтады. Пұтқа табынушылық нәпсіні білдіретіні анық, сондықтан нәпсі ұғымына анықтама тауып көрейік. Вебстер мұны «белгілі бір нәрселерді алуға және иеленуге деген қатты ұмтылыс» деп түсіндіреді. Мен дұғада Жаратқан Иеден осы сөзді анықтауды сұрадым. Ол маған былай деп жауап берді: «Нәпсі – иемденуге құштарлық».

Бұл анықтама тек байлыққа ұмтылумен шектелмейді. Бұған мүлік, мансап, жайлылық, қошамет, ләззат алу, билік, азғындық және т.б. жатады. Нәпсі – барымызға қанағат ете алмағанымыздағы күйіміз. Құдайдың берген ризығынан тыныштық пен қанағат таппай, одан да көпті иеленуді аңсаймыз. Біз саналы немесе бейсана түрде Құдайдың еркі мен өмірімізге қатысты жоспарларына қарсымыз. Сол себепті Пауыл елші былай дейді: «Ақшақұмар болмай өмір сүріп, қолдағы барды қанағат тұтыңдар! Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын», — деген ғой» (Евр. 13:5).

«Шын өмір жолын маған көрсетесің,  
Көз алдыңда қуанышқа бөлейсің,  
Оң жағыңда мәңгі игілік бересің» (Забур 15:11)  
дегенге шынымен сенсек, біз Құдайдың қатысуынсыз немесе Оның өмірімізге қатысты жоспарларынсыз қанағат іздемейміз.



## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Нәпсі қанағатсыздық пен мазасыздық бар жерге үйір, ол жеңіл қалаулармен қоректенеді. Исраил ұрпақтарының Мысырдан шыққандағы күйі дәл осындай болды. Құдай оларға Өз еркін ашты, бірақ олар үнемі өздері үшін ең жақсы деп ойлайтын нәрсені қалайды. Құдай оларды уәде етілген жерге бастап алып жүргенде, жолай оларды жаңа мекендегі жаңа өмірге дайындамақ еді. Алайда, халыққа бұл жол да, мұндай дайындық та ұнамады. Олар өмір сүру жағдайларына, судың, тамақтың және т.б. жоқтығына шағымданды. Олар Құдайды қастерлеу сезімінен жұрдай, сондықтан жүректері нәпсінің пайда болуына дайын топырақ болды. Жаратқан Ие оларға Өзін танытқанда, олар Құдайдың қалауынан жоғары қойған өздерінің ләззатқа деген құштарлықтары туралы шындықты Құдайдан жасырмақ ниетпен Оның алдынан кетуге асықты.

Мұса пайғамбар тау басына кеткенде, халық Құдайды күнәкар болмыстың қалауларын орындай алатын бейне кейпінде жасап алды. Бір қызығы, олардың бар құндылықтары алтынның төңірегінде болды. Олардың ақшаға деген сүйіспеншілігі соншалық, Құдайдың еркінен қанағат таппай, өзін-өзі алдаудың қалың тұманында әрекет етті.

Айтпақшы, нәпсіқұмарлық пұтқа табынушылықтың басқа түрлерінің де түп-тамыры. Адам атаулының Құдайға құлшылық етуге деген құштарлығы бар, біз солай жаратылғанбыз. Алайда, адамдардың көбісі шынайы Жаратушыға бағынбақ емес. Сондықтан олар жалған құдайларға құлшылық етеді. Ал жалған құдайлар қайдан шықты? Оларды адам жасаған. Адам өзіне қалағанын беретін жалған құдайға табынады. Ал мұндағы мәселенің түбі тағы да нәпсіқұмарлықта.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Қалай болғанда да, пұттар қандай кейіпте болса да, олар адамның қанағат көзіне айналады. Олар жалғыз Құдайға ғана тиесілі орынды иемденеді. Пұт – бақыт, жайлылық, тыныштық, ризық-несібе, т.б. Құдай: «Өздеріңе ешқандай тәңір бейнелерін жасамаңдар! Не бір тәңірдің ойып жасалған мүсінін, не киелі тас бағана орнатушы болмаңдар! Елде қашалған тас мүсін орнатып, оған тағзым етіп табынушы да болмаңдар!» дейді (Леуіліктер 26:1). Соған қарамастан, адам өзіне жалған құдай жасап алуға әуес. Пұт - бұл біздің өмірімізде Құдайдан жоғары қоятын барлық нәрсе. Бұл біз Иемізден гөрі жақсы көретін, сенетін, тыңдайтын немесе қалайтын нәрсе. Әлдебір адамнан күш алатын болсақ, не күш-қуатымызды берсек, сол адам біз үшін – пұт. Сенушінің жүрегі наразылыққа толып, Құдайдың еркінен тыс қанағат іздеген кезде пұтқа табыну жолына қадам басады. Және тағы да осының нәтижесінде нәпсі туады.

## НӘПСІГЕ САЙ ЖАУАП

Құдайдың Езекиел арқылы айтқан сөздеріне қайта оралсақ, жүрегінде пұттары бар адамдардың сол пұттардан бас тартпастан, Өзінің алдына көмек сұрап келгеніне Құдайдың қатты кеітінін көреміз. Олар өзімшіл қалауларын Құдайдың алдына алып келеді де, Жаратқан Ие мінәжаттарын қабыл етеді деп сенеді, өздері болса, Құдайдың еркін білуге ұмтылмайды. Бұл жағдай ата-ананың дана кеңесіне құлақ аспайтын, тек ата-анасының өз идеялары мен жоспарларына кедергі жасамауын қалайтын жасөспірімдердің көзқарасынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Олар ата-ананың даналығы мен тәжірибесі бар екенін, баласына тілейтіні тек жақсылық екенін түсінбейді.

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Құдай Езекиелге ес жиғызар жауап берді. Ең анық түрде Ол пайғамбарға: «Израил халқы жүрегiнiң төрiне жалған тәңiрлердi орнатып, өздерiн адастырып, күнәға батыратын зұлым нәрселердi басты орынға қойып алған. Әйтсе де, олар ендi Менен ақыл сұрау үшiн пайғамбарыма барды. Сондықтан Мен, Жаратқан Ие, оларды өздерiн арамдайтын жалған тәңiрлерiнiң молшылығына сәйкес жазалап, жауабымды беремiн» дедi. (Езекиел 14:4). Киелi Кiтаптың жаңа американдық стандартты нұсқасында бұл аят былай жазылған: «Мен, Жаратқан Ие, оның жүрегiндегi пұттардың көптiгiне қарай оған жауап беремiн». Яғни, басқаша айтқанда, Құдай Тағаланың жауабы мынадай мағынаға ие: «Мен, Жаратқан Ие, оның нәпсi қалауына сай жауап беремiн».

## ҚҰДАЙДЫҢ АДАСҚАН АДАМЫ

Бұл әсiресе Балағам оқиғасынан анық көрiнедi. Ол жалған құдайдың емес, бiз қызмет ететiн шынайы Жаратқан Иемiздiң ұлы пайғамбары болатын. Оның пайғамбарлық қызметi өте мықты болды, барлық патшалар ол туралы естiдi. Солардың бiрi Моаб пен Мидия патшасы Балақ едi. Моаб пен Мидия халқы қатты үрейлендi, өйткенi Израил дүниедегi ең күштi елдердiң бiрiне, атап айтқанда Мысырға қарсы шайқаста жеңiске жеттi. Израилдiктер Моаб жазығында қос тiгiп жатты. Моаб халқы: «Израилдiктер Мысырды лезде жеңiп шыққан болса, Моабқа мүлде үмiт жоқ» дедi. Қорқыныш бүкiл елге тез таралып, патша сарайына жеттi.

Патшаның жоспары бар едi. Ұлы пайғамбар Балағамның батасын бергеннiң бәрi жарылқанатынын, қарғағанының бәрi қарғысқа ұшырайтынын түсiндi. Ол Балағамға беделдi адамдарды жiберiп, патшаның қасында тұрып, Моаб биiгiнен

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Исраилді қарғау үшін хабаршылармен бірге қайтып оралуын өтінді.

Балағам бұл ұсынысқа қызығушылық танытты. Пайғамбар патша хабаршыларына: «Бүгінше осында түнеп шығыңыздар. Жаратқан Ие маған не айтса, соны сіздерге жеткіземін» деді (Руларды санау 22:8). Оның жауабын бүгінгі күндегі көптеген сенушілердің сөздерімен салыстыруға болады: «Бұл мәселе туралы дұға етіп, Жаратқан Иенің не айтатынын тыңдауым керек». Жаратқан Ие Балағамға көрініп: «мына қасыңдағы адамдарың кім?» деп сұрады. Басқаша айтқанда, «Неге бұл туралы дұға ету керек? Бұл адамдар Менімен келісім жасасқан жоқ, олар сенен Менің келісімге отырған халқымды қарғауыңды сұрайды! Менен бұл жөнінде неге сұрайсың?»

Сол ақиқатты бүгінде білуіміз керек. Кейбір нәрселер жөнінде дұға етуіміздің мүлде қажеті жоқ! Құдайға осындай сұрақтар қоймас бұрын оның жауабын алдын-ала білуіміз керек. Жасөспірім ұлдарымның жаныма келіп, менің оларға біржола тыйым салғанымды сұрағанын ұнатпаймын. «Мұны неге сұрайды?» деп, іштей күңкілдеймін де, үзілді-кесілді жауабымды тағы қайталаймын. Сол жауапты еститінін өздері де білген еді. Олар үшін менің сөзім өмірдің осы саласындағы заң немесе шектеу болып табылады.

Балағамға қайта оралатын болсам, мен оған ұсынылатын сый мен Моаб пен Мидия халқының арасында алатын орны шынымен де еліктірді деп ойлаймын. Ақша мен атақ-даңққа деген құштарлық Балағамның көзін соқыр етіп, оның парасатты пайымдауына жол бермеуі мүмкін бе?

Мейірімді Құдай: «Ал, Балағам, сен ештеңе түсінбейтін немесе түсінгің келмейтін болсаң, мен саған өз еркімді анық көрсетемін», – деп ойласа керек. Сонда Жаратқан Ие: «Олармен барып, сол халықты қарғаушы болма! Себебі олар

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

жарылқанған» (12-аят). Енді түсіндің бе? Құдай сөйлегенде, Оның сөздері әрқашан анық, түсінікті және бір мағыналы болатынын білемін. Бәрін қиындатып, күрделендіріп жіберетін өзіміз.

Балағам мойынсұнып, келесі күні таңертең қонақтарды шығарып салды, оларға: «Елдеріңізге қайта беріңіздер. Өйткені Жаратқан Ие маған сіздерге ілесіп жолға шығуға *рұқсат берген жоқ*» деді (13-аят, *курсив автордыкі*). Балағам мойынсұнғанымен, оның даусынан, әсіресе, «Жаратқан Ие маған рұқсат берген жоқ» деген сөзінен мұң естілгендей. Мынадай жағдайды көз алдыңызға елестетіңіз: бір жігіт жас қызды дискотекаға шақырады. Жігіт көрікті әрі қалталы болғанымен, опасыз екені жұрттың бәріне мәлім. Осындай әдемі жігіттің өзіне көзі түскеніне қыз қуанып қалады. Сол жігітпен бірге дискотекаға баруға әкесінен рұқсат сұрайды. Әкесі қызын жамандыққа қимайды, әрине. Сондықтан рұқсатын бермейді. Қыз әкесіне ренжиді, бірақ әкесінің тиымынан аса алмайды. Ол жігітке: «Мен бара алмаймын, әке-шешем жібермейді» дейді. Шын мәнінде оның сөздерінде: «Ата-анам «жоқ» дейді, бірақ қолымнан келсе, «иә» дер едім» деген мағына бар. Ата-анасы келісім бермегендіктен ғана бармайды. Барғысы келеді, бірақ ата-анасының тыйымы оның нәпсі қалауын қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. Өкінішке орай, егер ол ата-анасының жүрегін түсінбесе, ерте ме, кеш пе, ол бұл жас жігітпен бірге жүруге мүмкіндік табады, сөйтіп, аңгіменің аяғы өкінішті болмақ.

Балағамның ақшаға деген көзқарасы дұрыс емес еді. Нәпсісі жеңді. Атақ-мансап, байлыққа алданды. Құдайға мойынсұнды, бірақ құлықсыз. Құдайдың сөзі ол үшін қуаныш емес, шектеу болды, өйткені ол шын мәнінде қалаған нәрсесіне қол жеткізе алмады.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### НӘПСІ ЕЛІКТІРЕДІ

Моаб пен Мидия ақсақалдары патшаға қайтып келіп: «Балағам бізбен бірге жолға шығуға келіспеді» деді. Бірақ бұл патшаны тоқтата алмады. Ол бірден бұдан да атақты, асыл текті адамдарды шақыртып, қолдарына бұрынғыдан да мол сыйлықтар ұстатып, Балағамға жіберді.

Балақтың бұл ісінің себебі неде? Меніңше, оны жын түртті. Неге олай деймін? Мұның мәні Киелі Кітапта былай деп түсіндіріледі: «адамды өзінің құмарлықтары еліктіріп, ол солардың жетегінде кеткенде сынақтан өтеді» (Жақып 1:14, *курсив автордыкі*). Екі нәрсеге назар аударыңыз. Біріншіден, «өзінің құмарлықтары» деген сөздер. Құдайдың еркіне қайшы келетін кез келген күшті қалау – нәпсі, құмарлық, демек пұтқа табынушылық. Екіншіден, «еліктіру» сөзі. Бұл жаудың ісі, еліктіретін – сол. Назар аударыңыз, адамды өзі қаламайтын нәрсеге еліктіру мүмкін емес. Егер сіз қауым мүшелеріне бақыт сезіміне батырып, көңіл шалқытатын күшті есірткі ұсынсаңыз, барлығы дерлік ойланбастан бұл ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартады. Неліктен? Олардың есірткі қолдануға ықыластары жоқ. Өзің қаламаған нәрсеге еліктіру мүмкін емес. Дегенмен, айқышқа керіп тастамаған құмарлықтарыңыз болса, солардың арбауына түсе аласыз. Өзіміз қалаған нәрсеге немесе, басқаша айтқанда, құмар нәрсемізге азғырыламыз.

Жау бұл пайғамбардың ақшаны, абыройды жақсы көретінін білді, зұлым патшаны пайдаланған да сол – жанымыздың дұшпаны, ол патшаның ойына басқа адамдарды Балағамға бұрынғыдан да бай сыйлықтармен жіберуді салды. Жаңа өкілдер Балағамға қалағанын ұсынуға құқылы болды. Олар Балағамға патшаның: «Не сұрасаң да,

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

беремін. Қандай тілегің болса да, орындаймын» деген сөзін жеткізді. Ұсыныс деп осыны айт! Көршіңізде жоқ нәрсеге қол жеткізу бір басқа да, ал патшадан қалағаныңды сұра деген ұсыныс алу мүлдем басқа. Көкейіңде көптен жүрген арманыңа құдіретті патшаның билігі жеткізе алса, тағы не керек? Бірақ Балағамның не деп жауап бергенін тыңдаңыз:

Балағам маған сарайын алтын-күміске толтырып берсе де, мен Құдайым Жаратқан Иенің бұйрығына қарсы шығып, не үлкен, не майда-шүйде еш нәрсені де өздігімнен *істей алмаймын* (Руларды санау 22:18, *курсив автордыкі*).

Балағамның Құдайдың бұйрығына мойынсұнуы оқырманға ұнаса керек-ті. Алайда, пайғамбардың сөздеріне тереңірек мән берейік. «...өздігімнен істей алмаймын» дейді ол. Және тағы да өзінің шынайы қалауларына Жаратқан Иенің бұйрығы кедергі болып тұр. Балағам бүгінде қауымға баратын көптеген адамдардың білетінін білді. *Құдайдың қалауын қасақана бұзып, жарылқауға ие болу мүмкін емес.* Ол сондай-ақ бүгінгі сенушілердің жартысына жуығының білетінін де біледі: Құдайдың еркіне қасақана қарсы шыққандар жазаланады. Алайда, сіз Құдайдың қалауымен қалаған нәрсеңізге қол жеткізе алмасаңыз, дәл сол нәрсені Оның еркіне сәйкес алу жолдарын іздей бастайсыз. Мысал ретінде Балағамның жағдайын қарастырайық:

Сіздер де бүгін осында түнеп шығыңыздар. Жаратқан Ие маған тағы не айтар екен, соны біліп алайын (Руларды санау 22:19).

Естіп тұрсыз ба? «Жаратқан Ие маған тағы не айтады?»

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Мүмкін, ол жомарт сыйлықтар Құдайдың ойын өзгерте алады деп ойлаған шығар? Әлде ол Жаратқан Иенің бірінші тыйым салуы Балағамға одан да бағалы сыйлықтар ұсынылсын деп күтуіне байланысты деп ойлады ма?

Неліктен қайтадан дұға ету керек болды? Көрдiңiз бе, ол әлі де қалағанына жетудің жолын іздейді. Оның құмарлығы парасатты ойлау қабілетіне көлеңке түсіреді. Енді оның көрікті жігітпен серуендеуге рұқсат сұрап жүрген қыздан еш айырмашылығы жоқ. Балағам қыңыр және бүлікшіл, ол Құдайдың еркін қуанышпен орындағысы келмейді, өйткені Жаратқан Иенің еркі оның нәпсіқұмар жүрегінің қалауына қайшы келеді. Әлде пұтқа табынушы жүрегіне ме? Киелі Жазба менің түзетуімді растайды:

«Құдайға бағынбау — ауыр күнә, сәуегейлік секілді, Қасарысу — сұмдық іс, жалған тәңірге табыну іспетті!»  
(Пат. 1-ж. 15:23).

Құдайдың Балағамға берген жауабын тыңдаңыз:

Түнде Құдай тағы да Балағаммен кездесіп: «Мына адамдар сені шақыруға келген соң жолға жиналып, оларға еріп бара бер. Бірақ тек Менің айтқанымды ғана істейтін бол!» — деп бұйырды (Руларды санау 22:20).

Осы жолы Балағам патшаның ұсынысын қабылдайды деп үміттенген хабаршылар тағы келді. Негізінде Құдай: «Бұл адамдар сені шақырғанда, бар, бірақ менің айтқанымды ғана орында» деді. Мүмкін біз не болып жатқанын бағалауда қателескен шығармыз? Байқасаңыз, онда: «Ал түнде шайтан Балағамға келіп: «Тұр, олармен бірге жүр» деді» деп



## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

жазылмаған. Сондай-ақ: «Ал түнде Балағамға өтірікші бір рух келіп, айтты...» делінбеген. Мен, әрине, әзілдеп тұрмын, бірақ қазір Құдай Балағамның жолға шығуына рұқсат бергенін ескерсек, Құдай шынымен де оның көбірек ақшаға ие болғанын қалайды деп болжауға болады.

## ҚАЛАУЫҢЫЗ БОЛСЫН

Сонымен, Балағам Құдайдың рұқсатын алды. Келесі күні ол Жаратқан Иенің кешегі бұйрығын орындау үшін таңертең ерте тұрды. Содан кейін не болғанын көрейік:

Балағам таңертең тұрып, мәші есегін ерттеп, мініп алды да, Моабтың әміршілеріне ілесіп сапарға аттанды. Бірақ *оларға ілесіп шыққаны үшін Құдай Балағамға қаһарланды* (Руларды санау 22:21,22, курсив автордыкі).

Бұл қалай? Балағам Құдайдың кеше ғана берген бұйрығын орындамақ, ал Құдай ашулы! Мұны қалай түсінеміз? Сұрақтың жауабын Жаратқан Иенің Езекиелге айтқан сөздерінен табамыз. Есіңізде болар, халықтың жүрегі пұттарға толы болса, Жаратқан Ие оларға шынайы жауап бере алмайтынын айтқан еді ғой?

Сенушілердің көбісі осыны түсінбейді немесе білмейді. Құдайдың еркіне қарама-қайшы келетін нәрселерді қатты қаласақ, Құдайдың еркіне қарсы екенін біле тұра, соларды Құдайдан сұрай берсек, Иеміз ақыр соңында оны бізге береді. Бірақ бұл үшін оның үкімі кейінірек басымызға түсетінін білуіміз керек!

Осы ақиқатқа таң қалуыңыз мүмкін. Олай болса, Израилді еске алыңыз, халық өзіне патша сұрады. Самуил пайғамбар

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

осы өтінішпен Жаратқан Иенің алдына барды, Құдай Израилді патшаның басқаруы Өзінің еркіне қарсы екенін айтты. Ол Самуилге патшаның халықтан ең жақсы ұл-қыздарын, жақсы жерлер мен жүзімдіктерді тартып алатынын, сондай-ақ оларға салық төлететінін айтты.

Самуил Құдайдың еркін халыққа жариялағанда, халықтың не дегенін қараңыз: «Алайда халық Самуилдің айтқандарын тыңдағысы келмеді». Байқасаңыз, олар Иеміздің даусына мойынсұнбады деп жазылған. Және тағы да, Мұса пайғамбарды мойындамағаны тәрізді, олар Самуилдің де билігін мойындаудан бас тартты, *өз қиялындағы Құдайдың жалған бейнесіне сенді*, өйткені олар өздері қалаған нәрсеге қол жеткізуді көздеді. Кейінірек Құдай Самуилді жұбатты: «Олар сенен емес, Менен бас тартып, өздеріне патшалық етуіме қарсы шығып тұр» (Патшалықтар 1-хат 8 қараңыз).

Сонымен, Құдай халықтың сұрағанын берді. Тіпті, бірінші патша Саулды Өзі таңдады. Құдай айтқандай, патшалар халықтың ең шұрайлы жер танаптарын, ұл-қыздарын тартып алып, халыққа салық салды. Уақыт өте келе патшалар ираилдіктерді Бабыл елінің тұтқынына түсірді. Құдай олардың қалағандарын берді!

Шөл даланы кезіп жүрген Израил халқына қайта оралайық. Олар адам баласы бұрын-соңды татып көрмеген керемет тағамды, яғни көктен түскен маннаны жеді. Илияс пайғамбар маннадан жасалған екі-ақ шелпек жеп, қырық күн мен қырық түн тоқтамай жүріп отыруына жетерлік нәр алды! Маннаның қаншалықты нәрлі, ағзаға қаншалықты пайдалы болғанын ойлап көріңізші!

Бірақ Израил бұл тағамнан жалығып, еттің жоқтығына шағымдана бастады. Олар Жаратқан Иеден ет сұрады, сонда «Құдай халыққа сұрағандарын берді» (Заб. 105:15) деп жа-

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

зылған. Және тағы да олар қалағанына қол жеткізді. Құдай олардың барлық қажеттіліктерін керемет түрде қамтамасыз етті:

Құдай аспанда шығыстан жел тұрғызды,  
Құдіретімен оңтүстіктен жел соқтырды,  
Ол аспаннан тозаңдай мол ет жаудырды:  
Теңіз жағалауындағы құм сықылды  
Сансыз көп боп ұшып келген құстарды  
Халық қоныстанған жердің ортасына  
Қондырды, шатырларының маңайына. (Заб. 77:26-28).

Халық сұрады, Жаратқан Ие сұрағандарын керемет түрде берді. Ол жел тұрғызып, теңізден бөденелерді әкелді, бөдененің көптігі сондай, үш миллион адам құс етіне тойды! Таңғажайып нәрсе, өйткені бөдене шөлде өмір сүрмейді! Бір бұл емес, сонымен қатар ираилдіктердің бөдене аулайтын қаруы да, аңшылыққа бейім иті де болмаған. Таңғажайып керемет! Ал содан кейін не болғанын қараңыз:

Осылайша халық тойына ет жеді,  
*Құдай оларға аңсағандарын берді,*  
Ал құмартқан тамақтарын жеп болмастан,  
Ауыздарындағы етті жұтпастан,  
Оның зәрі оларға қарсы көтерілді,  
Ол ең мықты адамдарын өлтірді,  
Сұлатып ираилдік жас жігіттерді  
(Заб. 77:29-31, *курсив автордыкі*).

Құдай олардың тілегін керемет түрде орындады, бірақ олар бөденені жеп болғанша, Ол оларға үкімін төгіп тастады. Құдай оларға жүректеріндегі нәпсі қалауларына сай жауап берді. Мынаны ойлап көріңізші: жігіт бір қызды ұнатып жүр.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ата-анасы мазасызданып: «Балам, осы қарым-қатынасың бізге ұнамайды. Онымен кездесуді доғар» дейді. Әкешешенің алаңдаушылығын бағушы да қолдайды: «Мен сенің ата-анаңмен келісемін. Сен үшін дұға еткенімде, рухым мазасыз болды. Сен бұл қызбен кездесуді доғаруың керек». Бірақ жігіт: «Мен ұзақ уақыт дұға еттім, Құдай оған үйленуге болатынын айтты» деп қарсылық білдірді. Жастар үйленді, содан кейін ол жігіт отбасындағы проблемалардың бітпейтініне таң қалумен болды.

Тағы бір мысалды қарастырайық: ер адам әйеліне жұмыста жаңа лауазымға ауысуы үшін дұға етіп жүргенін айтады. Әйелі өз ойын айтады: «Маған бұл ұстанымың ұнамайды. Бұл жұмысқа орналассаң, іссапарларың көбейеді. Қауымға баруға қолың тимей кетеді, Құдайға құлшылық ету мүмкіндігін айтпағанда, Құдайдың бағушымыздың жүрегіне салатын аяндарынан құр қаласың...» Дәл осыны бағушы да айтады, бірақ күйеуі бекініп, лауазымы көтерілгенше дұға ете береді. Бір жылдан кейін ол іссапар кезінде қонақүйдің бір бөлмесінде бөтен әйелмен бір төсекте жатады. Мұндай сұмдыққа қалай тап болғанын өзі де түсінбей дал болады.

Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Біз Құдайдың еркіне қарсы нәрсені құмарта қаласақ, Құдай оны бізге беруі мүмкін, соны түсінейік. Жаратқан Ие жүрегімізге орнығып алған пұтқа сәйкес жауап береді. Сайып келгенде, Ол мұны біздің есімізді жиғызып, жүрегіміздің тағына қайтадан ие болуы үшін жасайды.

Исраил халқы жүрегінің төріне жалған тәңірлерді орнатып, өздерін адастырып, күнәға батыратын зұлым нәрселерді басты орынға қойып алған. Әйтсе де, олар енді Менен ақыл сұрау үшін пайғамбарыма

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

барды. Сондықтан Мен, Жаратқан Ие, оларды өздерін арамдайтын жалған тәңірлерінің молшылығына сәйкес жазалап, жауабымды беремін. Мұны өздерінің діңгек тәрізді тәңір мүсіндеріне табынуға Менен қашықтап кеткен ираилдіктердің жүректерін Өзіме кері қайтару үшін істеймін (Езекиел 14:4,5).

Ағылшын тіліндегі Киелі Кітаптың басқа нұсқасында бұл үзінді былай деп жазылған: «Мен мұны Исраил халқының жүрегін өзім үшін қайтадан жаулап алу үшін істеймін». Иеміз бізді Өзінің жүрегіне жақындатқысы келеді. Есіңізде болсын, Ол бізді іздейді, Ол бізді Өзіне жақындатқысы келеді. Және Ол ешкімнің де Өзінен мәңгі ажырауын қаламаса да, Өзін қорлауға ешқашан жол бермейді. Оның жүрегі өзін толығымен Құдайға бағыштағандарға ашық. Дәл сол себепті Ол жүректері құмарлықтың құрсауында болғандарды Өзіне қайтаруға тырысады, өйткені, нәпсіқұмарлық дегеніміз – пұтқа табынушылық.

Адасып кеткен ұл әкесінен еншісін сұрағанда, бөтен адамдай емес, ұлындай, әулеттің бір мүшесі сияқты сөйлеседі. Ұлдың пайдакүнемдік мақсат көздегені анық. Әкесі баласының ақшаға дұрыстап еге бола алмайтынын білсе де, өтінішін қабыл алды. Әке ұлына қомақты ақша берді, содан кейін ұлы әкесі алдын-ала білгендей азап шекті. Ес жиған соң әкесіне қайтуға бел буғаны жақсы болды. Бұл кездесуде ол әкесінің жүрегін бұрын-соңды түсінбегендей түсінді.

Көктегі Әкеміз Құдайды қастерлемегендіктен адасып кеткен әрбір перзентімен қайта қауышуға үміттенеді. Өкінішке орай, кейбіреулер, Балағам тәрізді, Құдаймен арадағы татулыққа, Иеміздің жүрегін танып білуге қол

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

жеткізбейді. Балағам жайлы әңгіменің жалғасын оқысаңыз, оның қалаған нәрсесіне табандылықпен ұмтылғанын және сонысы үшін жазаланып, қылыштан мерт болғанын көресіз.

Осыған ұқсас жағдайлар Жаңа Өсиетте де бар, онда Құдайды қастерлемейтін адамдар тоңмойын Исраил халқымен, Қабылмен және Балағаммен салыстырылады (біз осы тарауда сол кейіпкерлерді қарастырдық). Мына ескертуге назар аударыңыз:

Сендер ежелгі замандағы мына жайттарды түгел білсеңдер де, оларды қайтадан естеріңе салып өткім келеді: Иеміз Иса өз халқын Мысырдан құтқарып алған еді, ал кейін көпшілігі қасарысып, сенбегенде Ол солардың көздерін құртты (Яһуда 5).

Яһуда елші Құдайдың рақымын қорлайтын, нәпсіқұмар, Құдайды қастерлемейтін және тілазар сенушілерді соған ұқсас күнә жасаған кейіпкерлермен салыстырады. Жаңа Өсиет сенушілері осындай аталғандай мінез таныту арқылы теріс жолға түседі:

Олар Қабыл таңдаған жолмен жүреді және Балағам іспетті өздері алатын сыйынақызығып, алдамшылыққа беріледі. Ақырында олар Қорах сияқты қиқарлықпен (қауым жетекшілеріне қарсы) бас көтергендері үшін құртылмақ. Осындайлар достық дастарқандарына еш қаймықпастан келіп, тойынып алып, сендерді лас дақтар сияқты ұятқа қалдырады (Яһуда 11, 12).

Назар аударатын жайт, біздің достық дастарқанымызда азғырулар болады екен және бұл ескерту біздің қауым жиналыстарына да қатысты. Иса өзін дүниенің нәпсіқұмарлығынан

## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

мінсіз сақтаған қалыңдығын (Өзінің жалғыз сүйіктісін) алып кету үшін қайтып келеді, соны ұмытпауымыз керек. Бірақ Яһуда елші кейбір сенушілер «достық дастарқандарыңа еш қаймықпастан келіп, тойынып алады» дейді. Олар Құдайдың жарылқауын алуға, Құдаймен жақын болуға ұмтылады, бірақ Иемізді қастерлемейді. Олар өздерін-өздері алдайды, ал Құдайдың жүрегіне қасиетті қорқынышпен әрі сүйіспеншілікпен оралмаса, олардың алдануы тереңдей түседі.

## ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ ҮЙРЕТУ

Осы ойымды басқаша жеткізіп көрейін. Еврейлерге арналған хаттың авторы былай деп жазды: «Бірақ біз алған бағытынан кері қайтып, тозаққа түсетіндердің қатарынан емеспіз. Қайта, Құдайға нық сеніп, мәңгі құтқарылмақпыз» (Евр. 10:39). Қазір, осы кітапты оқып отырғаныңызда, жүрегіңізді сынауға дайын екеніңізге сенімдімін, өйткені сіз Жаратқан Иенің алдында жүруді ғана емес, Оған ой мен сөз жүзінде ғана емес, іспен және шындықпен ұнамды болуға шын жүректен ұмтыласыз. Сондықтан бізге мынадай ескерту берілген:

Сонымен, сүйікті бауырларым, сендермен бірге болғанымда әрдайым Құдайға мойынсұндыңдар, ал қазір мен қастарыңда жоқ кезде де солай істей берулерің әлдеқайда маңыздырақ болмақ: құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі *Құдайды терең қастерлеп*, Оған ұнамайтын нәрселерден *қатты жиіркеніңдер* Себебі Өзіне ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруларыңа түрткі болушы — Құдай (Філіп 2:12,13, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайды қастерлейтін адамдар Құдайдың қатысуын сезінсе де, сезінбесе де, әрқашан Құдайға мойынсұнады. Тауқымет тартып, Құдай өздерін тастап кеткендей күйде болса да, табандылық танытады. Құдай бізді ешқашан тастамайды да! Жаратқан Ие Құдайды қастерлейтіндерге жақын болады және оларға Өз еркін ашып, оны тек қалауға ғана емес, орындауға да күш береді. Ол бізге құтқарылу жолын сүйіспеншілік пен қуанышпен ғана емес, сонымен бірге Құдайды терең қастерлеп, жамандық жасаудан шошынып та жүзеге асыруды бұйырады. Тағы да, Жаратқан Иені қастерлеу өте маңызды нәрсе, ол біздің жүрегімізде сөзсіз мойынсұнушылықты тудырады және бізді тиісті әрекеттерге итермелейді.

Бұл тарауда жазылғанның бәрі байсалды болуға әрі сақтыққа шақырады. Алайда Пауыл елші әрбір жанды Мәсіхпен тығыз байланыста, толық кемелденген түрде Құдай алдына әкелу үшін Ізгі хабарды барлық адамға жеткізіп, бәріне де ескертіп, барынша даналықпен тәлім беруіміз керек дейді (Қол. 1:28 қараңыз). Ескерту, ә дегенде, жағымсыз әрі ұнамсыз болып көрінуі мүмкін, бірақ соңында ол адам жанын тозақтан сақтайды және пайдалы нәтиже береді. Мен көңілді және қуанышты сөздерді естігенді ұнатамын, бірақ қиямет күні көптеген адамдар қызметкерлерге қарап: «Неге маған бұл туралы ескертпедің?» деп айғайлайды деп ойлаймын. Ал егер уағызшылар тек жұбаныш пен тыныштық беретін сөздерді айтуды жөн көрсе, қияметте қанға боялған қолдарына қарап қалтырайтын болады.

Бірде осыны қауым жиналысында айттым, жиналыстан кейін қасыма ашуға булыққан бағушы келді. Сонда ол: «Қолымыз қанға боялған деп айтуға қалай ғана дәтің барды? Бұл Көне Өсиеттегі бос сөз, біз Құдайдың рақымына сүйеніп өмір сүреміз». Мен Киелі Кітапты ашып, оған Пауыл елшінің сөздерін көрсеттім:



## ШЫНАЙЫ ЖАҚЫНДЫҚҚА НЕ КЕДЕРГІ?

Сондықтан бүгін сендерге салтанатты түрде ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін деп мәлімдеймін. Себебі мен уағыз айтқанда ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жарияладым. Енді өздеріңе де, Киелі Рух басқарушы етіп қойған барлық қауымға да қараңдар! Шопан қойын қалай бақса, сендер де Құдай Иеміздің өз қанын төгіп, иемденген қауымына солай қамқор болыңдар! (Елшілердің істері 20:26-28).

Әлгі бағушының Пауылдың ескертуін оқыған кездегі күйзелісін ешқашан ұмытпаймын. Ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған, бұл сөздерді талай рет оқыған еді, бірақ шынайы мағынасын енді ғана ұққандай болды. Ол байсалдылықпен кешірім сұрады, содан кейін уағызда тек жақсыны, немесе керісінше, тек жағымсызды ғана атап көрсетуге тырысып, уағызда тар ойдың торына түспеудің маңыздылығы туралы тағы бірнеше минут сөйлестік. Бізге «ескерту және үйрету» үшін тепе-теңдік керек.

Біз Иса ескерткендей, көптеген адамдар, тіпті таңдалғандар да алданып қалатын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Жалған сөз бен өтірік кеңінен етек жаятынын Иеміз алдын-ала айтты. Құлап қалмас үшін тұрған жерімізге өте сақ болуымыз керек. Құдайға таза жүрекпен, Құдайды қастерлеп, жеңіл-желпі болмай жақындау керек, сонда алданып қалудан аулақ боламыз. Жүрегі сүйіспеншілікке толы Әкеміз әрдайым бізбен бірге, Өзіне ұнамды өмір сүруіміз үшін қажеттің бәрін берді. Ол бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы рақымын берді, біз Оның еркіне мойынсұнып өмір сүре аламыз және біз Онымен тек Құдайды терең қастерлеу арқылы ғана тығыз қарым-қатынаста бола аламыз.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. «Жаратқан Иені қастерлемей, Құдайды танып біле алмаймыз. Мұндай жағдайда біздің жан дүниемізде немесе қиялымызда бұрмаланған бейне қалыптасады» дегенді оқыдыңыз. Сенімдегі жүріп өткен жолыңызға көз тастап, мына сұраққа жауап беріңіз: санаңызда Құдайдың бұрмаланған бейнесі қалыптасқан жағдайлар болды ма? Олай болса, нақты не бұрмаланған еді?
2. Осы тарауда айтылғандай, біз Құдайдың еркіне қайшы келетін нәрсені қаласақ, Құдай тілегімізді қабыл етуі мүмкін. Дұғаларыңызды еске түсіріп, мына сұраққа жауап беріңіз: сіз Құдайға үнемі өзімшіл, тіпті нәпсіқұмарлық деуге болатын тілекпен келесіз бе? Қалаған нәрсеңізге қол жеткізген, артынша қатты өкінген кездеріңіз болды ма?
3. Бірінші тараудың соңында бұл кітапты не мақсатпен оқи бастадыңыз деген сұрақ бар. Енді осы кітаптан білгеніңіздің барлығын қарастыра отырып, алған сабақтарыңыз өте пайдалы деп айта аласыз ба? Қиялыңыздағы Құдайдың бейнесінде қандай өзгерістерді көре бастадыңыз? Іс жүзінде және шындықта Құдайдың көңілінен шығу сіз үшін нені білдіреді?



# MessengerX


*Күн сайынғы шәкіртшілігіңізге арналған қосымша*

## Толықтай тегін!

Мобильді құрылғыңызға жүктеп алыңыз да, пайдалана беріңіз! Немесе сайттағы веб-нұсқаны қолданыңыз:



**MessengerX.com**



## 120+ тілде және мұнымен шектелмейміз



120-дан астам тілдегі материалдарды көріп, жүктеп алыңыз.




Материалдарды достарыңызбен бөлісіңіз немесе оқу тобын бастаңыз.



Жаңа материалдарды үнемі қосып отырамыз.

## Көріңіз. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Ресурстардың кең көлемді кітапханасына курстар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, қысқа метражды фильмдер енді, қалағаныңызды тыңдауыңызға, оқуыңызға немесе көруіңізге болады.



## Ең маңызды салаларда ілгерілеу

Отбасы, салауатты қарым-қатынас, өмірлік мақсатыңыз, порнографиядан азаттық, сенімді жетілдіру, Құдайдың даусын есту, кәсіптегі көсбасшылық және тағы басқа тақырыптарды терең зерттеңіз!

## Өсіп-жетілу жолы


**MessengerX** -тің мақсаты – өмір жолындағы келесі қадамыңызды жасауыңызға көмектесу. Біз сізге шәкіртшіліктің сара жолын ұсынамыз. Осы жолда адаспауыңыз үшін керек құралдарды дайындап қойдық.



## Қосымшаның тамаша функциялары көңіліңізден шығары сөзсіз!

- Осы материалдарды басқалармен бөлісуге және оқу топтарын ұйымдастыруға көмектесетін қолайлы құралдар.
- Chromecast пен AirPlay-ды пайдаланып, бейнежазбаларды смарт теледидарыңыздан көре аласыз.
- Ілгерілеуіңізді барлық құрылғыңызда сақтай аласыз. Өзіңіз ұнатқан материалдарды кітапханаңызға сақтап қойып, кез келген уақытта жылдам таба аласыз.
- Материалдарды құрылғыңызға жүктеп алып, офлайн көре аласыз.
- Қолайлы іздеу мен фильтрді пайдаланып, керегіңізді жылдам таба аласыз.
- Аудиокітаптардың, Киелі Кітаптың тарауларын, мадақтау әндерін автоматты түрде өз ретімен тыңдай аласыз!

# MessengerX - 1-2-3 тәрізді оп-оңай!




- 1 MessengerX** қосымшасын App Store немесе Google Play-ден жүктеп алыңыз
- 2** Қосымшаға тіркеліп, материалдарды өз тіліңізде көріңіз
- 3** Өзіңіз ұнатқан материалдарды көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз, жүктеп алыңыз әрі басқалармен бөлісіңіз


Өзіңіз шәкірт болыңыз, басқаларды шәкірт етіңіз

**MessengerX** ұжымына қосылып, өзге тілдерге аударылған ресурстарды әлемнің әр түкпіріндегі адамдарға жеткізуге.

***Өйткені әрбір адам білім алуға лайық!***



**MessengerX.com**



# ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ



«Діни рух өз еркін орындау үшін Менің Сөзімді пайдаланады».

**Ж**аратқан Иені қастерлемейтіндер күнәкар болмысының құмарлығына елігіп, адасады. Бірақ Оның алдына зор құрметпен келгендер Құдаймен жақын әрі тығыз қарым-қатынаста болады. Мұндай көзқарастың сыртқы көрінісі Құдайдың барлық қалауларына сөзсіз мойынсұну болады. Құдайға мойынсұнамыз. Және іс жүзіндегі мойынсұнумен шектелмей, жүрегіміз де Оның еркін орындауға деген құштарлыққа толы. Құдайдың алдында жүргендердің өмірінен осыны үнемі көреміз. Енох *Құдайға ұнамды* бола алды. Қауымның алғашқы рухани жетекшілерінің бірі Клементтің жазбаларынан үзінді келтірмекпін, ол әр нәрсенің мән-жайына терең бойлау

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қабілетіне ие болған адам. Бірінші ғасырда өмір сүрген Римдік Клемент Пауыл елші мен Петір елшінің қызметтесі болған. Клементтің жазбаларында мынадай сөздер бар: «Мысалы, Құдайға ұнамды екендігі туралы куәлік алған, және сонысына бола ажал көрмей, аспанға алынған Енохты алайық». Сонымен, Құдай алдында Енохтың ең басты қасиеті – оның мойынсұнуы еді. Ол Жаратқан Иеге ұнамды бола білді.

Киелі Кітапта Құдаймен бірге жүрген келесі адам – Нұх пайғамбар. Жаратылыс кітабында оның өмірі жайлы не жазылғанын оқиық:

Мынау Нұхтың шежіресі: Нұх замандастарының арасында әділ де кінәратсыз, *Құдаймен тығыз байланыста жүрген [Құдайдың еркін орындаған] адам еді (Жаратылыс 6:9, курсив автордыкі).*

Енохтың өміріндегідей, Нұхтың өмірінің басты ерекшелігі оның Құдайдың еркін орындауында болды. Басқаша айтқанда, ол Құдайдың қалауын орындады. Бұл екеуі де тек өзімшілдікпен ғана мойынсұнған Балағамға мүлдем қарама-қайшы адамдар. Балағам мойынсұнбаған жағдайда бата алуға болмайтынын түсінді және ақырында ол ашық түрде бағынбағаны үшін жазаланады. Балағам Құдай сөзін бұрмалады, өйткені ол Құдайға мойынсұну арқылы өз пайдасын іздеді. Ол Құдайдың еркін орындауды қалағандықтан ғана мойынсұнғысы келмеді. Құдайдың еркі тек Оның қалауы емес, бұлжымайтын және өзгермейтін заң.

Дәуіт мүлде басқаша. Киелі Жазбада оның өмірі туралы былай делінген:

Кейін оны (Саулды) тақтан түсіріп, халыққа Дәуіт



## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

пайғамбарды патшалыққа тағайындады. Құдай ол туралы мына тәрізді сөздер айтты: Мен көңілімнен шыққан адамды тауып алдым, ол – Есей ұлы Дәуіт. Сол Менің қалағанымның бәрін орындайтын болады (Елшілердің істері 13:22).

Құдайды қастерлеу – бұл Құдай алдындағы қасиетті қорқыныш сезімі ғана емес, сонымен бірге, Оның еркін бұлжытпай орындау.

Біз Оның барлық қалауын өзіміздікіндей орындауға тырысамыз. Біз Оның жүрегiнiң қалауын өз қалауымыз ретiнде қабылдаймыз. Нағыз мойынсұнушылық – осы.

## ДІНИ РУХ

Жаратқан Иеге ғибадат етіп отырғанымда, жүрегіме мейіріммен сөйлегенін ешқашан ұмытпаймын: «Джон, сен діни рухтың не екенін білесің бе?»

Құдай бізге сұрақ қойғанда, бізден ақпарат алуды көздемейді, қайта біздің әлденені білмейтінімізге назар аударады немесе бізде бар аяндарды кеңейтуді көздейді. Діншіл адамның мінез-құлқы қандай болатыны жайлы кітаптарымда жазып, уағыздарымда айтқаным бар, дегенмен, сұраққа: «Ием, нақты білмеймін. Діни рух дегеніміз не?» деп, сұраққа сұрақпен жауап бердім

Содан кейін Құдай менің жүрегіме: «Діни рух өз еркін орындау үшін Менің Сөзімді пайдаланады» деді. Осы сөз менің жүрегіме терең бойлады да, ұзақ уақыт ойымнан кетпеді. Енді менде жауап беруді қажет ететін көптеген сұрақтар пайда болды.

Балағамды дәл осындай бұрмалауда айыптауға болады. Оның Құдайға мойынсұнғысы келді, бірақ өзінің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

пайдакүнемдігінен Құдайдың жүрек қалауын орындай алмады. Осы себепті Жаратқан Иенің періштесі оған «Жүрген жолың сені менің көз алдымда *тұңғыыққа құлатпақ!*» деді (Руларды санау 22:32). Балағамның жолы әділ емес, бұрмаланған. Яғни, Балағам Құдай Сөзінің мағынасын бұрмалап немесе басқаша мағынада түсініп, оны өз пайдасына қолдануға тырысты.

## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

Егер сіз Ыбырайымның, Мұсаның, Ешуаның, Дәуіттің, Естердің, Даниялдың және Киелі Жазбадағы Иемізбен тығыз қарым-қатынаста өмір сүрген басқа да кейіпкерлердің өмірін зерттесеңіз, олардың бәріне ортақ бір нәрсені табасыз. Олардың Құдайға жақындығының өзегі Оның қалауларына шын жүректен мойынсұну болды. Көне Өсиетте Құдай Өзімен қарым-қатынаста болған әрбір адамға былай деген:

Мен ата-бабаларыңды Мысыр елінен алып шыққалы бері осы күнге дейін қайта-қайта оларға *«Даусыма құлақ салыңдар!»* деп ескертіп келдім (Ерем. 11:7, *курсив автордыкі*).

Жаратқан Ие халқы Өзіне мойынсұнбай, жүректерінің қалауымен жүретініне қынжылады. Олар Оның жүрегін білмеді, керісінше, Оның барлық сөздері олар үшін тар шеңбер мен шектеу болды. Тиісінше, олар Құдай әзірге шыдап тұрған рұқсат етілген нәрселердің өз шектеулеріне назар аудара отырып, ниеттерін орындау мүмкіндіктерін іздеді, бірақ дәл сол себепті олар Онымен тығыз қарым-қатынаста бола алмады. Құдаймен жақын қарым-қатынаста болу үшін, ең әуелі толық мойынсұну қажет. Жаңа Өсиетте Иса бізге мынаны айтады:

## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

Нағыз сиынушылардың Құдайдың Рухына кенеліп, Әкеге шыңдап мойынсұнып сиынатын уақыты болады, ол тіпті жетіп те қалды: Әке Өзіне осылай мойынсұнып сиынушыларды *қалайды*. Құдайдың Өзі – Рух. Сондықтан Оған сиынатындар Оның Рухына кенеліп, шындықпен сиынуға тиіс. (Жохан 4:23,24, *курсив автордыкі*).

Осынау бірнеше жолда терең мағына жатыр! Біріншіден, Әке Өзіне табынушылардың осындай болғанын *қалайды*, осындай табынушыларды іздейді. Есіңізде болсын, алдыңғы тарауда Құдайдың бізге жақындап, бізбен жақын қарым-қатынаста болуды қалайтыны туралы айтқан болатынбыз. Бұл жөнінде Исаның Өзі де айтады. Екіншіден, Құдай Киелі Рухқа кенеліп, шындықпен ғибадат ететіндерді іздейді. ғибадаттың не екенін айтайық. Бірде, Киелі Кітапты оқып отырғанымда, кенеттен Киелі Рух жүрегіме сөйлеп: «Ғибадат - баяу ән емес!» деді. Назарым түгелімен осы ойға ауды.

Көптеген адамдар ғибадат етуді баяу, салтанатты ән айту деп санайды. Қауым жиналысының әдеттегі тәртібін еске түсіріңіз. Жиналысқа келеміз, Құдайды дәріптеп, шүкірлік ете бастаймыз, содан кейін ғибадат етеміз, содан кейін хабарландырулар, құрбандық шалу, уағыз, содан кейін мінәжат. Дәстүрлі қауымдарда жиналыс бағдарламасы алдын ала басып шығарылады, ал біз, Ізгі Хабар қауымдары, жиналыс барысын жадымызда сақтаймыз, бірақ біз Рухтағы еркіндігімізді, Оның жетелеуіне еретінімізді мақтан тұтамыз. ғибадатқа келсек, мадақтау мен ғибадаттың айырмашылығын білмейтіндер үшін мадақтау – жылдам әндер, ғибадат – баяу әндер. Кітап болып басылған рухани әндер жинағынан құтылып, олардың орнына үлкен экранды проекторлар қойдық. Сондықтан, *ғибадат* дегенде,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сенушілердің көпшілігінің ойына ең алдымен дискіге, кассетаға жазылған немесе жиналыстың өзінде айтылатын баяу әндер келеді.

Жаратқан Ие маған осыны айтқанда, тез арада былай дедім: «Ием, мен ғибадаттың не екенін білмеймін. Оның не екенін түсіндіріп берші».

Сонда Ол: «Бұл өмір» деді.

Содан кейін Әке мысал келтірді. Ол: «Балам, көз алдыңа мынаны елестетіп көр. Таңертең Лиза балаларды мектепке жіберуге көмектесуіңді сұрайды, сен болсаң, уақытым жоқ дейсің. Біраз уақыттан кейін таңертең оған қайтадан көмек қажет, бірақ сенің тағы да уақытың жоқ. Содан кейін ол таңғы ас дайындауға көмектесуіңді сұрайды, сен тағы да бос емессің. Түскі астан кейін ол балаларды мектептен алып кете аласың ба деп сұрайды да, сен таңертеңгідей жауап бересің. Ол тағы да кешкі ас әзірлеуге және үй жинауға сенен көмек сұрайды, және ол сенің өте бос емес екеніңді естиді.

Киелі Рух сөзін жалғастырды: «Кешке, балалар ұйықтағаннан кейін, сен Лизаға белгілі бір тілекпен жақындайсың, дәлірек айтқанда, сен одан махаббат лебізін қалайсың. Лизаға жылы сөздер айтып, құшақтайсың және: «Жаным, мен сені сүйемін» дейсің.

Сонда Жаратқан Ие менен: «Ол сенің махаббатың мен жақындыққа деген құштарлығың туралы сөздеріңе қалай жауап береді?» деп сұрады. Мен: ««Ұйықта, жаным, қайырлы түн» дейтін шығар» дедім. Сонда Жаратқан Ие: «Дұрыс айтасың, бірақ ол неге саған сонша суық жауап берді?» деп сұрады. Мен: «Себебі жақындық таңертең басталады, ал кешке ол тек шарықтау шегіне жетеді» деп жауап қайырдым.

Жаратқан Иенің маған айтқан сөздері туралы ойлана келе, егер мен әйеліме осылай әрекет етсем, оған деген

## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

махаббатым туралы мәлімдемелерім іс жүзінде расталмай, тек сөз болып қалатынын түсіндім. Әйеліне осылай қараған ер адам өзін-өзі алдайды.

Сонда Жаратқан Ие маған былай деді: «Ұлым, апта бойы перзенттерімнің Өзіме назар аударғанын күтемін. Олар болса, Мені мүлдем елемейді. Мен оларды көршісіне қызмет етуге шақырамын, бірақ олар Мені естімейді немесе Менің басшылығыма бағынбайды, өйткені, алдын-ала жоспарланған көңілді әрі қызықты іс-шаралары бар. Олардан ақша садақа беруін немесе қауымда, қоғамда, олардың отбасында және т.б. қызмет етуді сұрағанымда, олар Мені тыңдамайды. Содан кейін олар қауымға келіп, Менен нақты бір нәрсені, атап айтқанда, *жарылқауымды* сұрайды. Олар Маған арнап махаббат жырларын айтады және онысын *ғибадат* деп атайды. Бұл табыну емес, жай ғана баяу әндер!».

Бұл аянға қайран қалдым. Өзімнің Құдайға табыну жайлы ұғымымның қате екенін түсіндім. Кейінірек бұрын назар аудармаған бір керемет нәрсені байқадым. Құрметті оқырманым, сізге сұрақ қоюға рұқсат етіңіз: ғибадат сөзі Киелі Кітапта қай жерде кездеседі? Бұл өте маңызды сұрақ, өйткені автор өз кітабына көпшілікке беймәлім жаңа ұғымды енгізген сайын оны үш нәрсенің бірімен сүйемелдейді. Ол не жаңа терминге анықтама береді, не ұғымның нені білдіретінін мысалға келтіреді немесе жаңа сөзді оның мағынасын анық көрсететіндей етіп қолданады. Сонымен, ғибадат сөзі алғаш рет Жаратылыс кітабында кездеседі:

Сонда ол қызметшілеріне: «Сендер есекпен осы жерде қалыңдар. Балам екеуіміз сол жерге өрлеп барып, Құдайға *ғибадат* етеміз, содан кейін сендерге қайтып келеміз», — деді (Жар. 22:5, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ыбырайым тау басына Ысқақпен бірге баяу ән айту үшін шыққан жоқ. Ол өміріндегі ең қымбатын, жалғызын құрбан ету үшін сонда барды, өйткені Құдай осыны сұрады! Демек, көріп тұрғандай ғибадат дегеніміз – *Құдайға мойынсұнып өмір сүру*. Құдайдың Өзіне арнап ән айтқан халқына неліктен сонша ашуланғаны енді түсінікті:

Өлеңдеріңді шуламай, Менен аулақ айтыңдар!  
Ішекті аспаптарыңның дыбысын тыңдағым да  
келмейді! Одан да елдеріңе әділет тасқын судай,  
әрі әділдік еш таусылмайтын жылғадай ағып келе  
берсін! (Амос 5:23, 24).

Заманауи және әдемі музыка орындалатын көптеген ғибадаттарға қатыстым, бірақ сол жиналыстардың көбісінде Жаратқан Иенің құзырын сезінбедім. Мұндай жағдайларда мен алдымен өз жүрегімді мұқият тексеріп, Киелі Рухтан «Мен біреуді ренжіттім бе, әлде күнә жасадым ба?» деп сұраймын. Көбінесе жүрегімнің түбінде бәрі жақсы екеніне сенімділік пен тыныштықты сезінемін, содан кейін адамдардың өздері Құдаймен жақын болуына кедергі болатынын түсінемін. Ондайда Құдайды қастерлеу мен мойынсұнуды сенімді түрде уағыздай бастаймын. Осындай жағдайда адамдардың жартысына жуығы уағыз соңында тәубеге келуге шақырғанымға жауап беретініне күә бола аламын. Содан кейін мен сол қауымдағы келесі жиналысқа барамын. Жиналыста сол мадақтау әндері айтылады, мадақтау тобы да сол. Алайда, бұл жолы Құдайдың құзыры керемет түрде көрінеді. Неліктен дейсіз ғой? Өйткені шынайы ғибадат – Құдайға мойынсұнып өмір сүру. Құдайдың жүрегін қуантып, Амос кітабынан келтірілген үзіндіде айтылғандай ашу тудырмайтын мадақтау әндері осындай өмірден

## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

туындайды. Құдаймен қарым-қатынасымда да, әйеліммен қарым-қатынасымда да бірдей қағидаларды ұстануым керек. Күні бойы немқұрайлылық танытпай, махаббатымды істеріммен дәлелдеймін де, кешке жылы лебізіне ие боламын.

## ШЫНДЫҚТА ТАБЫНУ

Иса Көктегі Әкеміздің Құдайдың Рухына кенеліп, шындықта ғибадат ететіндерді іздейтінін айтады. Келесі тарауларда біз Құдайға рухта ғибадат етуді егжей-тегжейлі талқылаймыз. Ал қазір *шындықтағы* ғибадат туралы айтайық. Шындық, ақиқат деген грек сөзі – *aletheia*. Вайн бұл сөзге мынадай анықтама береді: «Көзге көрінетіннің негізінде жатқан шындық. Қайсыбір сұрақтың ашылған және шынайы мәні».

Маған осы анықтама ұнайды, өйткені ол Исаның бізге айтқанын егжей-тегжейлі түсіндіреді. Осылайша Иса шынайы ғибадат адам болмысының негізінде, атап айтқанда, жүректе жатқанын растайды. Ойым түсінікті болу үшін адам қарым-қатынасының үш деңгейі туралы айта кетейін. Қарым-қатынастың бірінші және ең төменгі деңгейі – вербалды (сөйлеу арқылы жүзеге асатын) қарым-қатынас. Иса мұны екі ұлын жүзімдікке барып жұмыс істеуге жұмсаған әкенің мысалы арқылы түсіндіреді (Мат. 21:28-31). Бір ұлы «Барғым келмейді» деп жауап қайырады. Дегенмен кейінірек онысына өкініп, жұмысқа барады. Әкесі екіншісіне келіп те дәл солай дейді. Бұл: «Жарайды, әке, барамын» деп жауап берсе де, бармай қояды. Иса бастапқыда бас тартса да, кейін өкініп, жұмысқа кеткен ұлдың әкесінің еркін орындағанын айтады. Сонымен, іс-әрекет арқылы растау сөздік формамен

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

салыстырғанда қарым-қатынастың ең жоғарғы түрі болып табылады.

Сондай-ақ Жақып елші келесі үзіндіде төменгі деңгейдегі ауызша қарым-қатынас үлгісі туралы былай деп жазады: «Айталық, сендердің сенуші бауырластарың, не еркек, не әйел заты болсын, киер киім мен ішер тамаққа зәру жүр дейік. Араларыңдағы біреуің оларға: «Аман-сау болыңдар! Тоңбай, қарындарың ашпай өмір сүріңдер» деп тілек білдіріп, солардың тәндік қажеттерін қамтамасыз етпесе, оның тілегінен не пайда?!» (Жақып 2:15,16) Бұл ақиқатты Жохан елші де растайды:

«Балаларым менің, сөз жүзінде емес, іс жүзінде шынайы сүйіспеншілік білдірейік!» (Жоханның 1-хаты 3:18).

Осы ақиқаттың көрінісін жиі кездестіруге болады. Мысалы, ер адам әйеліне оны сүйетінін айтады, бірақ ешқашан әйелімен бірге уақыт өткізбейді. Немесе, мысалы, әйел күйеуіне жақсы көретінін айтады, бірақ оның кеңесіне ешқашан құлақ аспайды және несие картасын тежеусіз пайдаланып, отбасы бюджетін сарқып жібереді. Меніңше, осыған ұқсас жағдайларды бәріміз де талай рет көрдік және бұл тізімді шексіз жалғастыруға болады. Жохан елшінің хатында да осы тақырып жайлы айтылған:

Балаларым менің, сөз жүзінде емес, іс жүзінде шынайы сүйіспеншілік білдірейік! (Жоханның 1-хаты 3:18). Біз адамдарға міндетті түрде жылы сөздер айтуымыз керек, бірақ егер біз сүйіспеншілікке толы сөздерімізді растау үшін оларды іс жүзінде шынайы сүйе алмасақ, бұл екіжүзділік болар еді. Елшінің «іс жүзінде шынайы» дегеніне назар аударыңыз. Бұл коммуника-



цияның вербалды деңгейінен жоғары тұрған тағы екі деңгейі. Іс-әрекет сөз деңгейінен жоғары тұрған екінші деңгей. Дегенмен, бұл қарым-қатынастың ең жоғары деңгейі емес және бұл жерде шатасу оңай, өйткені әрекеттер шындыққа қайшы келуі мүмкін. Мысалы, Пауыл былай елші дейді:

«Егер үлестірсем бар байлығымды  
Бейшара жарлы-жақыбайларға,  
Тіпті құрбан қылсам да жанымды,  
Тәнімді қисам отқа жағуға,  
Бірақ егер сүйіспеншілігім болмаса,  
Маған келер пайда жоқ бұдан да» (1 Қорынт. 13:3).

Осы аятта елші сүйіспеншіліктің шыңындай көрінетін істерді суреттейді, бірақ мұндай тамаша істердің де Құдайға деген сүйіспеншіліксіз жасалуы мүмкін екенін ескертеді.

Енді қарым-қатынастың ең жоғары деңгейіне келейік. Ол біздің *жүрегімізде* орын алады. Бұл адамның негізгі деңгейі. Жохан елші де, Иса да *шындық* туралы айтқанда дәл осы деңгейді меңзеген еді. Жүректегі ойларымыз бен ниеттеріміз Құдайға табынғанымызда, шын мәнінде нені көздейтінімізді көрсетеді. Бірақ оларды тек Құдай Сөзі ғана ажырата алады. Өйткені, Құдайдың сөзі жан мен рухты айырып, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды. «Ең бастысы, таза сақта жүрегіңді, өйткені ол – өміріңнің қайнар көзі» деген Құдайдың бізге берілген бұйрығы бар. Осы қағидаларды елемейтін болсақ, лезде алданып қаламыз. Өзімен өзі қалған, Құдай Сөзі мен Оның Рухының жетелеуіне ермейтін жүрек – оңай алданатын жүрек.

Құдай өз халқына: «Егер Маған *мойынсұнып*, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар» (Ишаа 1:19, *курсив автордыкі*) деп жариялайды. Назар аударыңыз,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдай тек тілін алуымыз керек екенін айтпайды, әуелі мойынсұнуымыз керек, содан кейін тілін алуымыз керек дейді. Мойынсұну дегеніміз – Құдайдың еркін орындауға дайын болу, ол біздің жүрегіміздің жай-күйін сипаттайды. Баламды жұмсағанымда, ол бірден бағынып, сырт көзге тіл алғыш болып көрінгенімен, іштей күңкілдеп, наразы болуы мүмкін. Ақиқат мынада: ол шынайы бағынбайды, тек мойынсұнушы болып көрінеді. Жохан елші Құдайды және жақынымызды іс жүзінде шынайы сүюіміз керек екенін айтады. Бұл жүректің деңгейі: «Сөйтіп өзіміздің шынайы жолда екендігімізді біліп, Құдай алдында жүрегіміз орнығады» (1 Жохан 3:19).

Құдайдың маған осы тақырыпта сөйлеген сәтін ешқашан ұмытпаймын. Бұған дейін мен ешқашан күңкілдемеуге, ренжімеуге көп күш салдым. Күңкіліміз бен наразылығымыз Құдайға: «Өмірімде істеп жатқаның маған ұнамайды, Сенің орнында болсам, бәрін басқаша істейтін едім» деп айтқанмен бірдей. Сондықтан, күңкілім мен шағымдарым Көктегі Әкемді ренжітетінін бұрын да түсінетінмін. Күңкілдегенімізде, Иемізді қастерлемейтінімізді білдіреміз, ал Құдай мұны жек көреді. Сайып келгенде, Израил ұрпақтары уәде етілген жерге осы мінезіне бола кіре алмады. Сөйтіп, біраз уақыт аузымнан ешбір шағым шықпады және осы жетістігімді мақтан тұттым. Бірақ бір күні таңертең оянғанымда Киелі Рухтың маған: «Мен сенің жүрегіңдегі наразылықты естимін!» - дегенін естідім. Қылмыс үстінде ұсталғандай күй кештім. Мен өркөкіректеніп, алданғанымды түсіндім де, әбден есеңгіреп қалдым. Құдайға ғибадат етуім дұрыс болмады және жүрегімдегі кемшіліктерді әшкерелеу үшін Оның түзетуші Сөзінің нұры қажет болды. Бірден тәубе еттім, содан бері Жаратқан Ие мені бұл мәселеде түзетпегеніне қуанамын. Мейірімі үшін Құдайға мадақ!

## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

Вайн сөздігіндегі «*ақиқат*» сөзінің анықтамасын қайта қарап шығыңыз. Онда ақиқат көзге көрінетін нәрсенің негізінде жатқан шындықты білдіреді деп жазылған. Бұл мәселенің шын мәнісінің бір көрінісі. Біз шындықтан оңай ауытқып кетеміз! Осы тұста бір мысал келтірейін. Жаратқан Иеге дұға етіп, мадақ айтқанымызда, аузымыздан шыққан сөздеріміздің бірі де жүректен шықпауы мүмкін. Мадақтау әнін айтып тұрып, қарнымыздың аш екенін ойлай аламыз, балаларымыздың кешегі ұрысып қалғанын еске аламыз, жиналыстан кейін қайда баратынымызды, не істейтінімізді ойлаймыз және т.б. Біз дұға етіп: «Ием, Саған деген алғысым шексіз» дейміз. Сонымен қатар, өзіміз тап болған қиын жағдайға көптеген күндер бойы күңкілдей аламыз. Біз Құдайға шынымен алғыс айтамыз ба, әлде жағдайды өзіміз дұрыс және орынды деп ойлағандай реттемегені үшін Оны жүрегіміздің түкпірінде кінәлаймыз ба? Бұл тізім жалғаса береді.

Құдайға шынайы құлшылық ету – Оған мойынсұну ғана емес, Оның айтқанынан ләззат алу деген сөз. Ғибадат ету – мұндай жағдайда айтылуы тиіс нәрсені емес, жүрегіңдегіні Оған айту дегенді білдіреді. Құдаймен екі жүзді болу мүмкін емес. Маған Дәуіттің мына сөздері ұнайды:

Халайық, лайым Оған сенім артыңдар,  
*Ойларыңды Оған толық ашыңдар,*  
Құдай — біздің панамыз, мұны ұмытпаңдар!  
(Заб. 61:9, *курсив автордыкі*).

Ештеңемді жасырмай, Құдаймен ашық сөйлескен кезімде, Ол маған жақындай түседі екен. Құдайдан жасырғаным болса, сол бір құпиям кедергі болып, мінәжатым жүрмей қояды. Көктегі Әкеммен арадағы байланысым үзілгендіктен өзіммен өзім күресуім керек. Жаратқан Ие Өзінің алдына ешбір

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

бүкпесіз, таза жүрекпен келуге дайын адамдарды іздейді. Мен қауымдағы адамдарға қарап, олардың: «Рахмет саған, Иса... аллелуя, Құдайға мадақ» дегенін естігенде, ойланып қаламын. Олар бұл сөздерді кәсіби христиан тілін меңгеруге машықтанғандай бұл қайталай ма, әлде осы сезімдер мен ойлар жүректерінің түкпірінен шығады ма? Маған сол қызық. Мұндай жағдайларды күйеуінің әйеліне деген махаббатын көңілін қалдырмау үшін ғана айтқанымен салыстыруға болады. Сол кісінің болашақ әйеліне шын ғашық болып жүргендегі ыстық сезіммен айтқан сөздері мүлдем басқа.

Құдайды дәріптеу шынайы ғибадат өмірінен, яғни Құдайға шын жүректен мойынсұнудан бастау алады. Мәсіхтің Денесінде мадақтау және ғибадат әндерін айту дарыны қонған адамдар бар. Бұл біздің заманымыздың забур жыршылары. Олардың кейбіреулері шынайы ғибадатпен өмір сүрсе, басқалары нәпсіқұмар және осы дүниелік өмір сүреді. Бірақ тіпті күнәға арамданғандары да өздерінің дарынының арқасында тыңдарманын тамсандырардай ән айта алады. Алайда, олар орындау кезінде Жаратқан Иенің қасиетті қатысуынан айырылады, ал таза орындаушылардың мадақтауы мен алғысы Құдайға және Оның халқына шын жүректен қызмет ете отырып, оның салтанатты қатысуымен бірге жүреді.

## ИСАНЫҢ ӨЗІН КӨРСЕТЕТІНІ ЖАЙЛЫ УӘДЕСІ

Құдайға ақиқатпен ғибадат ету – Оған таза жүрекпен құлшылық ету деген сөз. Бұл сөз терең мағынасында Одан қорқу және құрметтеу дегенді білдіреді. Забур жыршысы былай деді:

Мадақтау жиналысына шақырған  
Қуанышты дауысты танып, қосылған

## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

Халық сондай бақытты, өйткені оған  
Жүзіңнің нұрында жүру бұйырылған (Заб. 88:16).

Құдай ғибадат ету өміріне Оның шақыруын тыңдағысы келетіндерді іздейді. Мойынсұнғандар Оның қасында жүреді. Олар Оны жақыннан танитын болады, өйткені Ол Өзін осы адамдарға ашады. Иса бұл туралы былай деді:

Енді аз уақыт қалды, содан кейін осы күнәкар дүние Мені көрмейді, ал сендер Мені көресіңдер. Мен қайта тірілемін, сондықтан сендер де мәңгілік өмірге ие боласыздар. Сол күні сендер Менің Әкеммен, сендердің Менімен, Менің де сендермен тығыз байланыста екенімізді түсінесіңдер. Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, *Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын (Жохан 14:19-21, курсив автордыкі).*

Құдайдың өсиеттерін естіп, орындайтын адамдар Оған шынайы ғибадат етеді. Иса Өзін соларға жақынырақ танытады. Ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта Исаның уәдесі «Өзімді соларға көрсетемін» деп жазылған. Есіңізде болсын, *көрсету* көзге көрінбейтін саланы көрінетін, белгісізді белгілі әрі түсінікті етуді білдіреді. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында бұл үзінді келесідей жазылған:

Енді аз уақыт қалды, содан кейін осы күнәкар дүние Мені көрмейді, ал сендер Мені көресіңдер. ... Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені [шынайы] сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

жақынырақ таныстырамын [Өзімді ашамын, анық көрсетемін] [*Мен оған жақсы көрінетін боламын және ол үшін шынайы боламын*] (Жохан 14:19, 21, *курсив автордыкі*).

Құдайды *шын мәнінде* Оған ғибадат ететін адамдар ғана біледі. Жаратқан Ие оларға Өзін көрсетеді және олар Құдайға жақын дос болады. Бұл елшілерді таң қалдырды, сондықтан олардың бірі былай деп жазды:

Исқариоттан өзге Яһуда Исадан:

— Мырзам, Сіз қалайша осы дүниеге емес, тек бізге ғана Өзіңізді таныстырмақсыз? — деп сұрады. Иса былай деп жауап берді:

— Кім Мені [шын] сүйсе, сол айтқан сөздерімді берік ұстанады [*және іліміме мойынсұнады*], әрі Әкем оны сүйеді. Біз сондай адамдарға келіп, өмірлерінен орын аламыз. Мені [шынымен] сүймегендер сөздерімді берік ұстанбайды [*және ілімімді тыңдамайды*] (Жохан 14:22-24, *курсив автордыкі*).

Сонымен, көріп отырғаныңыздай, бәрі қайтадан мойынсұнуға оралады. Құдайдың жүрегімде: «ғибадат – Оның қалауына мойынсұнудағы өмір» дегенін есте сақтаңыз. Біз Оны сөздің шын мағынасында сүйетін болсақ, Ол бізге қонақ ретінде емес, бізбен бірге мәңгі өмір сүрер тұрақты тұрғын ретінде келеді. Ол бізге Өзін осылай ашады немесе көрсетеді.

Киелі Рухтың дарындары қонған адамдар көп, бірақ олар өз Қожайынының сөзін шын жүректен орындамайды. Бұл өте оңай алданатын адамдар. Сондықтан олар дарынына сүйеніп қызмет еткенде – мысалы, уағыз айтқанда, мадақтау әндерін

айтқанда, дұға еткенде немесе басқа да қызмет түрлерінде – белгілі бір дәрежеде Құдайдың құзырын сезінуге болады. Олардың өте дарынды пайғамбар болған және Құдай берген дарынында әрекет еткен сайын Жаратқан Иенің қатысуын белгілі бір дәрежеде сезінген Балағамнан еш айырмашылығы жоқ, алайда, Балағам Құдайдың жүрегінен өте алыс болды.

Бұл адамдардың адасуы мынада: олар өздерінің қызметінде Құдайдың құзырын көреді де, «Жаратқан Ие өміріме разы екен ғой» деп ойлайды, Құдайдың құзырын Оған жақындықтың дәлелі ретінде қабылдап, қателеседі. Түсініктірек болу үшін мысал келтірейін. Мейірімді адам өзіне көмекші ретінде басқа адамды жалдай алады. Қызметкер күн сайын жұмыс берушінің жанында болады, сол себепті жұмыс берушіні өте жақсы білемін деп ойлауы мүмкін. Дегенмен, бұл ойы түбегейлі қате. Иса Оның есімін жариялайтындардың көбісі кейінірек күрделі мәселеге тап болатынын айтты:

Үй Иесі орнынан тұрып, есікті бекітіп қоймақ. Артынша сендер сыртта тұрып, есікті қағып: «Тақсыр Ие, бізге есікті аша көріңіз!» — деп дауыстайтын боласыңдар. Бірақ Ол: «Сендерді (өз адамдарым ретінде) танымаймын, қайдан екендеріңді білмеймін», — деп жауап қайтаратын болады. Сонда сендер: «Біз көз алдыңызда ішіп-жедік, Сіз біздің жерімізде тәлім беріп тұрдыңыз ғой», — дей бастайсыңдар. Бірақ Ол: «Сендерге қайталап айтамын, кім және қайдан екендеріңді білмеймін. Әділетсіздік істеген бәрің де, Менен аулақ кетіңдер!» — дейтін болады (Лұқа 13:25-27, курсив автора).

Егер сіз мұны Матай жазған Ізгі Хабардағы параллель әңгімемен бірге оқысаңыз (Мат. 7:21-23 қараңыз), дәл осы сұрақтарды Исаның атынан кереметтер жасаған адамдардың

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қойғанын көресіз. Осынау дарынды адамдар дарынның әсерімен бірге келетін Иеміздің құзыры Оның разылығының немесе жақындығының белгісі деп есептеді. Исаны білетіндеріне сенімді болған бұл адамдардың қаншалықты таңырқағанын көріп тұрмыз, бірақ олар Иеміздің алдына кіре алмады. Оның тұрақты құзыры мен қызметпен бірге жүретін құзыры арасында үлкен айырмашылық бар екенін түсіну өте маңызды.

Жоғарыдағы аятта (Исқариоттан өзге) Яһуданың сұрағына Исаның берген жауабы есіңізде ме? Бұл жауап Жаратқан Иенің Өзіне ақиқатпен ғибадат ететін адамдардың өмірінен орын алатынын көрсетеді. Киелі Кітаптың басқа аудармаларында «жүрегін мекен етеміз» деп жазылған. Бұл өте керемет аят, өйткені ол мекен туралы айтады. Маған *тұрғылықты жер, мекен, тұратын орын* деген сөздер ұнайды. Бұл сөздер Көне Өсиет пен Жаңа Өсиет әулиелерінің арасындағы үлкен айырмашылықты көрсетеді. Көне Өсиет әулиелері Құдайдың мекені болу артықшылығына ие бола алмады. Құдайдың баспанасы киелі шатырдағы, кейінірек ғибадатханадағы киелі орындар болды. Бірақ мұнда да ұқсастықтар бар. Елидің заманында Құдайдың қатысуы сирек болатын, тіпті одан да бетер, сол күндердегі адамдардың Құдайға мойынсұнбай, өз бетімен жүруіне байланысты киелі шатырдан Құдайдың құзыры мүлде кеткен еді. Бірақ Құдайдың халқы Оған шын жүректен мойынсұнған кезде, Құдайдың құзыры күшті және айқын болды.

Дәл осындай жағдай бүгін де болып жатыр. Киелі Рухқа кенеліп, шындықта ғибадат ететін, Құдайға таза және ынталы жүрекпен мойынсұнатын сенушілер өмірлерінде Иеміздің тұрақты құзырын сезінеді. Мұндай адамдарға Құдай Өзін танытады. Сол кезде бізді керемет, ғажап қарым-қатынас



## ШЫНАЙЫ ҒИБАДАТ

күтіп тұр! Бізге осындай керемет қазыналар ұсынылып жатқанда, сенушілер қалай ғана Құдайға мойынсұнбай жүре алады, қалай ғана осы дүниемен ымыраға келе алады! Ол бізді Өзінің мекені етуге уәде берді, өмірімізден ерекше орын алып, Өзін бізге танытуға, яғни, Өзінің шынайы сипатын ашуға уәде берді. Осынау ғажап уәде жайлы ойланып көріңізші, және бұл уәде болашаққа ғана емес, сонымен қатар біздің қазіргі өмірімізге, дәл осы жердегі дәл осы сәтімізге қатысты! Мен бұл аяттарды өте жақсы көремін, өйткені оларда біздің даңқты Патшамыз «Өзін танытқысы келеді» немесе Өзін маған және жеке сізге көрсетуді қалайды. Кейінгі тарауларда Жаратқан Иенің мұны қалай жүзеге асыратынын көреміз. Бірақ алдымен, келесі тарауда біз басқа, өте маңызды және қажетті нәрсені зерттейміз, ол – Құдай Өзіне өмірлерінен орын беруді қалайтын адамдардан іздейтін мінез.

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Жазбадағы Енох, Нұх, Ыбырайым, Мұса, Дәуіт, Естер, Даниял және басқалар сияқты кейіпкерлердің өмірін зерттей отырып, бәріне ортақ нәрсені табамыз – Құдайдың қалауын өз қалауларынан жоғары қойып, шынайы, шын жүректен мойынсұну. Осындай мойынсұнушылықты бүгіннен бастап көрсете бастасаңыз, сіздің өміріңізде не болар еді?
2. Осы тараудағы «Мадақтау – жылдам әндер, құлшылық – баяу әндер» деген сөзге ой жүгірте отырып, бұл пікірмен келісесіз бе? Жаратқан Ие ғибадатқа анықтама беріп, «бұл өмір» деді. Осы қағиданы жүзеге асыру өміріңіздегі қандай өзгерістерге әкеледі?

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

3. Лұқа 13:25-27 және Матай 7:21-23 аяттарындағы Исаның сөздеріне ой жүгірте отырып, Иеміздің тұрақты құзыры мен қызм9-тарау

# ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА



Патшалықтың күші мен билігіне ие болған егіздер -  
*Құдайды қастерлеу және Кішіпейілділік.*

**Б**ұл тарауда бізбен қарым-қатынаста болуды қалайтын Құдайға жақындауымыз үшін қажет тағы бір маңызды элементті қарастырамыз. Негізгі аятымыз бізді «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды» деп шақырады. Ал осы таңғажайып шақырудың алдында не айтылғанын көрейік:

«Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, «ал езілген *кішіпейілдерге* рақымын сыйлайды». Сонымен, Құдайға *мойынсұныңдар!* ... Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды» делінген (Жақып 4:6-10, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайдың бізді Өзіне жақындауға шақыруы кішіпейіл болуға шақыруымен қатар келеді және бұның нақты себебі бар. Құдай былай деді:

Себебі Киелі Құдай деп аталған, мәңгі тірі дәріптелген Алла Тағала мынаны да айтады: «Мен *көктегі* киелі мекенімде тұрамын. Сондай-ақ *күйреп*, күнәсіне шын көңілден өкінген *кішіпейіл* жанның қасында да боламын. Оны қайтадан рухтандырып, жаралы жүрегін сауықтырамын (Ишая 57:15, *курсив автордыкі*).

Жақыптың айтуынша, егер біз Иеміздің алдында кішіпейіл болсақ, ол бізді жоғарылатады. Қайда жоғарылатады? Құдай Ишая пайғамбар арқылы бұл сұрағымызға жауап береді - *көктегі биіктерге және Ең киелі орынға!* Құдай Өзін аз уақытқа ғана шақыратын адамдарды емес, өз өмірінен Құдайға тұрақты орын беретін адамдарды іздейді. Жақып бізді Құдаймен қысқа кездесуге шақырып қана қоймайды, үнемі Оның қасында болуға және Құдайдың құзырында өмір сүруге шақырылғанбыз, бірақ Ишая айтқандай, бұл тек кішіпейіл адамдар үшін мүмкін.

## КІШІПЕЙІЛДІЛІККЕ ДЕГЕН БҰРЫНҒЫ КӨЗҚАРАС

Мәсіхтің Денесіндегі көптеген адамдар кішіпейілділікті немесе оның күшін түсінбейді. Олар кішіпейілділікті әлсіздік, жалтақтық, жігерсіздік деп түсінеді, тіпті, діншілдікті де кішіпейілділік ретінде түсінетіндер бар. Ал шын мәнінде, нағыз кішіпейілділік көбіне менмендікпен шатастырылады! Әкесінің тапсырмасымен соғысқа аттанған бауырларына

## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

барған Дәуітті еске түсірейік. Ол бір топ жауынгерге жақындап келді, олардың арасында Дәуіттің ағалары да бар. Жауынгерлердің алып ғолияттан қорқып, дәу тастардың артына тығылып жүргенін көрген Дәуіт, жасақшылардың әрекеттеріне таң қалды. Исраил жасағының қырық күннен бергі күйі осындай екенін білді. Сонда Дәуіт батыл үнмен: «Бұл құдайсыз філістір мәңгі тірі Құдайдың әскер саптарын масқаралайтындай кім еді, сонша?!» деп сұрады. (Патшалықтар 1-жазба 17:26). Бұл сұрақ Дәуіттің үлкен ағасы Елияпты ашуландырды. Сірә, ол: «Менің інім жай ғана еркетотай бала емес, оның бойында тәкаппарлық та бар» деп ойлады. Сондықтан Елияп Дәуітке салқын жауап берді: «Сенің өркөкіректігіңді әрі жүрегіңнің зұлымдығын білемін!» (Патшалықтар 1-жазба 17:28). Тоқтай тұрыңыз, осы екеуінің қайсысы өркөкірек? Бір тарау бұрын Самуил пайғамбардың Есейдің үйіне келесі патшаны майлау үшін келгенін, бірақ ол Есейдің тұңғыш ұлын қабылдамауға мәжбүр болғанын оқыдық. Шындығында, Есей де, Самуил де патша болуға Елияп лайық деп ойлады, өйткені ол Есейдің барлық ұлдарының ішіндегі ең бойшаңы, ең күштісі және ең көріктісі. Бірақ Құдай: «Сен оның бет-жүзіне, бойшаңдығына қарамай-ақ қой. Оны мақұл көрмеймін» деген еді (Патшалықтар 1-жазба 16:7). Құдайдың адамды қабылдамауының бір ғана себебі бар, ол – тәкаппарлық. Дәуітті айыптағанымен, сол бір тәкаппарлық сезіміне Елияптың жүрегі толы еді, ал Құдай Дәуіт туралы айта отырып, Өзінің жүрегіне сай адамды таптым деп мәлімдеді (Елшілердің істері 13:22 қараңыз). Дәуіт әлсіз не жалтақ мінез танытқан емес.

Соғыс даласында жүрген Дәуіт ағасының айтқанына мән бермей, зор сеніммен алыпқа қарай беттеді. Дәуіт жау қосына қарай ұмтылып, ғолиятты өлтірді де, жеңілген

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

жауының басын кесіп алды. Кішіпейілділіктің не екенін түсінбейтінімізді дәлелдеп бермекпін. Киелі Кітаптың алғашқы бес кітабының бірі Руларды санау кітабы Мұсаның Бес кітабі деп аталатын кітаптар тобына жатады. Сол кітапта мынадай сөз бар:

Ал Мұса жер бетіндегі барлық адамдардың ең кішіпейілі болатын (Руларды санау 12:3).

Не деген мәлімдеме! Шынымызды айтсақ, өзіміз туралы осылай айтылғанын қалайтынымызды мойындаймыз, бірақ өзіміз туралы бұлай айтуға батылымыз бармас еді. Неліктен? Өйткені, өзіне-өзі мұндай бағаны тек тәкаппар адам ғана бере алады. Бірақ «Руларды санау» кітабын жазған кім еді? Жауабы: Мұса пайғамбар. Әне, солай!

Әлдебіреу өзін-өзі кішіпейіл, тіпті жер бетіндегі ең кішіпейіл адам деп атаса, біз ондай адамды ешқашан кішіпейіл демес едік! Бір қызметкер жиналыста орнынан тұрып: «Арамыздағы ең кішіпейіл адам – менмін» десе, не болар еді? Бір жағынан ол жұртқа күлкі болар еді де, екінші жағынан күпір атанар еді, бірақ Исаның мына сөзіне назар аударыңыз:

Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар,  
Еңселерін тым ауыр жүк басқандар,  
Менің қасыма келіңдер, бәрің,  
Жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!  
Қамытымды бірге киісіп, *үйреніңдер* Өзімнен,  
Өйткені жуас, *кішіпейілмін* шын жүректен,  
Тыныштық табады сонда көңілдерің (Мат. 11:28,29,  
*курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

Демек, біз кішіпейілділіктің шынайы мағынасын түсінбедік, өйткені біз кішіпейіл адам ешқашан өзі туралы жақсы сөз айтпайды және түкке тұрғысыз жәндік тәрізді өмір сүреді деп сендік. Дегенмен, мұның бәрі шындықтан тым алшақ жатыр.

### КІШІПЕЙІЛДІЛІКТІҢ АНЫҚТАМАСЫ

Кішіпейілділіктің үш қыры бар. Біріншіден, бұл біздің Иемізге мойынсұнуымыз. Екіншіден, бұл біздің Оған толық сенім артуымыз. Үшіншіден, бұл біздің өзімізге деген көзқарасымыз. Осы аспектілердің әрқайсысына қысқаша тоқталайық.

Біріншіден, мойынсұнушылық. Жақып елші кішіпейілділік туралы жазғаннан кейін сенушілерді: «Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар!» деп шақырды (Жақып 4:7). Бұл қасиет мойынсұнушылық пен кішіпейілділікпен тығыз байланысты. Иеміз әрқашан Өз халқына уәде беріп, жоспарларын өз адамдарымен бөліседі. «Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие» (Ерем. 29:11). Бұл ниеттер Оның бізге деген еркін білдіреді және алдымызда тұрған жолдың пайғамбарлық бейнесін салады. Біз бұл ниеттердің орындалуын шын жүректен қалаймыз, өйткені Ол өз ниеттерін жүрегімізге салады (Забур 37:4-ті қараңыз). Біздің жүрегімізде Оның бізді қайда апара жатқаны туралы түсінік бар, ал біздің қиялымыз қайда баруымыз керек екендігінің логикалық диаграммасын салады. Алайда, Құдай бізді логикаға тікелей қайшы келетін бағытқа жетелейді. Шынайы кішіпейілділік Құдайдың даналығы мен бұйрықтарын біздің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

түсінігімізден жоғары деп танидығ сөйтіп, біз бұйрығының түпкі мақсатын түсінбесек те, Оған мойынсұнуды таңдаймыз. Нақыл сөздердерде (3:5):

«Өз ақыл-санаңа сүйеніп жүрме,  
Сенім арт шын жүректен Жаратқан Иеңе» делінген.

Ыбырайым ұзақ жылдар бойы Құдайдың Ысқақ туралы уәдесінің орындалуын күтті, ал Ысқақ туылғаннан кейін Ыбырайым көптеген халықтардың атасы болуды армандады, Ысқақ туғалы бері ол арманы негізсіз де емес. Бірақ бір күні кешке Құдай Ыбырайымға Ысқақты құрбандыққа шалу үшін үш күндік жолға шығуды бұйырды, сөйтіп, бір сәтте бәрі өзгерді! Бұл бұйрықтың еш мағынасы жоқ еді. Ыбырайым Құдайға сөзсіз мойынсұну үшін қандай күресті бастан өткергенін көзіңізге елестете аласыз ба? Бұл өте ауыр шешім болды және Құдайдың ертерек берген уәдесі аясында оның еш мағынасы жоқ еді. Бірақ Ыбырайым кішіпейілділігінің арқасында Иеміздің бұйрығының түпкі мақсатын мүлде түсінбесе де, мойынсұнуға бел бұды.

Киелі Кітапта Құдай Өзінің бұрынырақ айтқанына қайшы болып көрінетін бұйрық беруінің немесе бұрын тыйым салған нәрсесін рұқсат етуінің көптеген мысалдары бар, бірақ мойынсұну арқылы біз түсінігімізден тыс тәсілдермен бұрын бізге берілген уәделердің орындалуына қол жеткіземіз.

## ҚҰДАЙҒА ТОЛЫҚТАЙ ҮМІТ АРТУ

Екіншіден, кішіпейілділікті Құдайға толық және күмәнсіз тәуелділік ретінде анықтауға болады. Дәуіт тәкаппар көрінгенімен, шын мәнінде ол Құдайдың өзіне берген қабілетін анық түсінген еді. Ол: «Мені арыстан мен аюдың шеңгелінен



## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

құтқарып алған Жаратқан Ие мына філістірден де қорғайтын болады» деді (Патшалықтар 1-жазба 17:37). Дәуіттің ағалары тек өздерінің адами қабілеттеріне сенді, сондықтан олар өздерін Дәуітпен салыстырған кезде, жасы үлкен болғандықтан, өздерін күштірек сезінді. Бірақ Дәуіттің күші оның Иемізге деген сенімінде және Оған мойынсұнуында еді.

Дәл осындай қасиеттерді Халеп пен Ешуадан да көреміз. Олар уәде етілген жерді барлау үшін исаилдіктер таңдаған он екі басшының екеуі болатын. Қырық күннен кейін олар қайтып келіп, Мұса мен халыққа барлау жұмыстарының нәтижелері туралы хабарлады. Он барлаушы былай деді: «Біз сіз жіберген елге барып келдік. Онда шынында да ағы мен балы молынан ағып жатыр екен. Міне, мыналар — сол елде өсетін жемістер. Алайда онда тұратын халық сондай мықты екен! Ондағы қалалар да бекіністі әрі өте үлкен. Біз одан тіпті Анақтың алып ұрпақтарын да көрдік» (Руларды санау 13:28,29).

Мұны естіген халық жылап жіберді. Халеп халықты жігерлендірмек болып, нық сеніммен: «Уа, халайық, біз елге өрлеп барып, оны иемденіп алайық! Соны сөзсіз істей аламыз!» деді (31-аят). Бірақ онымен бірге барып келген басқалар:

— Жоқ, біз сол халыққа қарсы шыға алмаймыз, олар бізден соншама күшті! — деп онымен келіспеді (32-аят).

Бұдан әрі Киелі Жазбада былай делінген: «Бірақ бүкіл қауым олардың екеуін таспен атқылап өлтіру туралы айта бастады» (Руларды санау 14:10).

Бүкіл халықтың және басқа жетекшілердің ойынша, Халеп пен Ешуа – өздеріне-өзі тым сенімді әрі тәкаппар адамдар, ал

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Исраилдіктер жерді басып ала алмайды деген барлаушылар – реалист. Олар жағдайды бағамдап, бұрынғы құлдар үшін қуатты және бекіністі қалалар мен аумақтарды басып алу мүлдем мүмкін емес екенін түсінді. Өйткені олар әйел, бала-шағаларының қамын ойлады (Руларды санау 14:3). Бұл басшылар кішіпейіл әрі бүкіл халыққа қамқор болып көрінді, ал халықтың ішінде қарттар мен әлсіздер де бар. Халеп пен Ешуа болса, даңғой және тәкаппар, өйткені олар дәрменсіз адамдардың амандығы туралы ойлағысы келмеді.

Дегенмен, олардың сенімін қайдан алатынын қараңыз: «Тек Жаратқан Иеге қарсы бас көтермеңдер, елдің халқынан қорықпаңдар! Олар бізге жем болады: олар қорғаныштарынан ада қалған. Ал арамыздағы Жаратқан Ие бізге жар! Олардан еш қорықпай-ақ қойыңдар!» деп ескертті (Руларды санау 14:9). Ешуа мен Халеп өз мүмкіндіктеріне емес, толығымен Құдайдың құдіретіне үміт артты. Олар Құдайдың қалауымен уәде етілген жерге кіріп, оны иелену керек екенін білді. Олар шынымен менмен мақтаншақ болып көрінуі мүмкін, ал басқа көшбасшылар реалист сияқты көрінді. Бірақ кішіпейіл мен тәкаппарды ажырататын – Құдай.

Кішіпейілділік немесе Құдайдың рақымына толық сену Пауыл елшінің де өмірін сипаттайды. Ол өзі туралы былай дейді:

Бұл қызметке өзіміз қабілеттіміз деп ойлайтындай еш негізіміз жоқ. Біздегі бар қабілеттілік өзімізден емес, Құдайдан (2 Қорынт. 3:5).

Және:

Бірақ Жаратқан Ие маған былай деді: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады». Сондықтан Мәсіхтің

## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

құдіретінің бойымда орнығуы үшін, күшсіздігіме қуана мақтанамын. Сонымен, басымнан әлсіздік, қорлық, мұқтаждық, қуғын-сүргін, қысымшылық өткізгенде Мәсікке бола ризамын. Себебі өзім күшсіз болғанымда Ол арқылы күштімін (2 Қорынт 12:9,10).

Пауылдың рухани ілгерілеуі осылай болды: ол неғұрлым ұзақ өмір сүрсе, Құдайдың рақымына соғұрлым тәуелді бола түсті және соғұрлым ол өзінің күшіне, біліміне немесе қабілеттеріне сүйенбеді. Ол Мәсікке мойынсұнған сайын, Мәсіхті дәріптеуге деген жігері соншалықты батыл әрі күштірек болды.

## ӨЗІМІЗГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

Бұл бізді кішіпейілділіктің үшінші аспектісіне әкеледі, яғни біздің өзімізге деген көзқарасымыз. Өзі мәсіхші болғаннан кейін Пауыл Исамен кездесуге дейінгі қоғамдағы барлық жетістіктері мен ұстанымдарынан бас тартып, мұның бәрін қоқыс деген тұжырымға келді. Көп жағдайда оның Мәсіхті танып білгенге дейінгі барлық бұрынғы өмірін қоқыс деп атауға болатыны рас.

Ал Мәсікке бет бұрғаннан кейінгі жетістіктеріміз туралы не айта аламыз? Көбінесе бұл мүлде басқа әңгіме. Осы ерліктері туралы айта отырып, Пауыл елші былай деді: «Бауырластарым, мен бұл мақсатқа жеттім деп санамаймын. Істеп жүргенім бір-ақ нәрсе: өткен нәрселерді (*Мәсікке келгенге дейінгі жетістіктерімді*) ескермей, алдындағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін» (Філіп. 3:13, *курсив автордыкі*).

Пауыл Мәсікке келгеннен кейін бірнеше жыл өткен соң, елші болып тағайындалды (Елшілердің істері 13:1-4 қараңыз).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Сонымен қатар, үлкен жетістікке жетуге мүмкіндік беретін көптеген рухани аяндар алып, керемет даналыққа ие болды. Ол бүкіл Азия мен Шығыс Еуропадағы қауымдардың негізін қалады. Біз оның Қорынттағы жаңадан құрылған қауымға 56-жылы жазған хатынан кішіпейілділіктің дәлелін көреміз. Алда әлі де он жыл өмірі бар, Исаға қызмет етуде тәжірибелі ардагер болды. Алайда, елші былай дейді:

Елшілердің ішіндегі ең лайықсызымын, елші деп аталуға да тұрмаймын, себебі мен Құдайдың қауымын қуғындадым (1 Қорынт. 15:9).

Сіз бұл сөздерден кішіпейілділікті естисіз бе? Бұл жалған кішіпейілділік емес екенін атап өткім келеді. Жасанды кішіпейілділік момын көріну үшін дұрыс сөздерді қалай қолдану керектігін біледі, бірақ оған ой-сана мен жүректің қарапайымдылығы жетіспейді. Бұл ұстаным алдамшы және екіжүзді. Бірақ Киелі Кітапты Киелі Рухтың жетелеуімен жазғанда өтірік айта алмайсың! Егер Пауыл елші өзін шын мәнінде солай көрмесе, мұндай мәлімдеме жасай алмас еді. Сондықтан, егер Пауыл өзін елшілердің ең кішісі деп айтса, шынайы кішіпейілділікпен ол шынымен солай ойлады.

Ал енді келесі сөйлемді қарастырайық: «...басқалардың барлығынан көп еңбек еттім...» (1 Қорынт. 15:10). Кімнен көп еңбек еттім дейді? Басқа елшілерден! Тоқтай тұрыңыз! Пауыл мақтанып тұр ма? Сөзі мүлде басқа адамның сөзі сияқты. Қалайша ол өзін елшілердің ең кішісі дей тұра, «басқалардың барлығынан көп еңбек еттім» деп мақтана алады? Кейінгі тәкаппар сөзі, бұрынғы кішіпейіл сөзін жоққа шығаратын сияқты, бірақ олай емес. Әрі қарай Пауыл Киелі Рухтан толық тәуелді екенін атап өтеді:

## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

...ал шын мәнісінде мен өзім емес, маған жар болған  
Құдайдың рақымы еңбектенді (1 Қорынт. 15:10).

Пауыл елші барлық істеген істерінің тек Құдайдың рақымымен жасалғанын мәлімдейді. Ол өзінің барлық жетістіктерінен өзін ажырата білді. Ол өзінің жетістіктеріне тек Құдайдың құдіретінің арқасында ғана қол жеткізетінін толық түсінді. Дегенмен Пауылдың өзін «елшілердің ең кішісі» деп атауын қабылдау қиын. Өз уақытында, сондай-ақ кейінгі тарихта ол ең ұлы елшілердің бірі болып саналды. Жеті жылдан кейін, 63-жылы, бұл дүниеден кетуінен үш-төрт жыл бұрын Пауылдың Ефестегі сенушілерге не айтқанын қараңыз. «Қорынттықтарға» кітабын жазғаннан бергі жеті жыл ішінде ол бұрынғыдан да көп істер атқарды. Мұнда ол өзі туралы былай деп жазады:

*Оның адамдарының ең лайықсызы болсам да,  
Құдайдың рақымымен Мәсіхтің шексіз зор рухани  
байлығы туралы басқа халықтарға уағыздау үлесіме  
тиді (Ефес. 3:8, курсив автордыкі).*

Жеті жыл бұрын өзі жайлы «Елшілердің ішіндегі ең лайықсызымын, елші деп аталуға да тұрмаймын» деп жазса, енді Құдайдың адамдарының ең лайықсызы деп өзін одан бетер қорлайды! Бұл не? Кімде-кім мақтауға лайық болса, ол, әрине, Пауыл елші. Есіңізде болсын, Киелі Кітапты жазғанда өтірік айту мүмкін емес, саяси дұрыс діни стильді таңдау да мүмкін емес. Ол шынымен де өзін солай көрді!

Пауылдың рухани өсуі жалғаса берді, енді өлімге кесілуінің қарсаңында жазылған Тімотеге арналған хатында елші былай дейді:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

«Мәсіх Иса осы дүниеге келді  
Құтқару үшін күнәкар кісілерді!»

Бұл — дәл айтылған шынайы сөз, оны түгелдей қабылдау қажет. Күнәкарлардың ішіндегі нағыз күнәкар мен *едім* (1 Тім. 1:15).

Енді ол өзін елшілердің, тіпті құтқарылғандардың ішіндегі ең лайықсызы демейді. Ол өзін күнәкарлардың біріншісі деп санайды. Назар аударыңыз, ол күнәкарлардың біріншісі болған едім демейді, бұл сөзді осы шақты қолданып отыр. Дегенмен, оған жоғарыдан қайта туылған адамның Мәсіхте мүлдем жаңа жаратылысқа айналатыны туралы аян берілді және ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды! (2 Қорынт. 5:17). Пауыл Құтқарушының өзіне жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпады.

Пауыл елші неғұрлым ұзақ қызмет еткен сайын, кішіпейілділігі артқан сайын өзін соғұрлым лайықсыз деп санады. Бұл оның жасына қарай еселене артқан Құдайдың рақымы болуы мүмкін бе? Жақып елші Құдайдың «езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайтынын» айтады (Жақып 4:6). Әлде Құдайдың Өз жолдарын Пауылға тіпті Петір елші де таң қалатындай ашық көрсеткені де сондықтан ба? Құдай Ишая пайғамбар арқылы кішіпейілдердің үйіне анда-санда ғана кіріп-шықпайтынын, олармен бірге үнемі болатынын айтады. Біз үнемі Онымен бірге өмір сүргенде, бір-бірімізге өте жақын боламыз.

## ҚҰДІРЕТ ҚОНҒАН ЕГІЗДЕР

Енді Құдай Патшалығының билігіне бөленген егіздер тақырыбына көшейік. Бұл *Жаратқан Иені қастерлеу мен Кішіпейілділік*. Есіңізде болсын, біз алдыңғы тарауларда Иемізді қастерлеу Құдайды жақыннан танудың бастамасы

## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

екенін білдік, бірақ кішіпейілділік туралы да солай айтуға болады. Забур жыршысы былай дейді:

[Құдай] *Кішіпейілді* әділдікке бағыттайды,  
Әрі тура *жолын* оған нұсқайды (Забур 24:9, *курсив автордыкі*).

Құдай момындарға, яғни кішіпейілдерге Өз жолын көрсетеді. Сәл төменірек мына сөздер жазылған:

Кім Жаратқан Иені терең *қастерлейді*?  
Таңдайтын *жолын* Ол соған көрсетеді (Забур 24:12, *курсив автордыкі*).

Негізінде, Раббысын қастерлейтін адамдар шынымен кішіпейіл, ал нағыз *кішіпейіл* адамдар Құдайды шын жүрегінен қастерлейді. Есіңізде болсын, Мұса пайғамбар Жаратқан Иенің жолдарын білген, ал ираилдіктер Құдайды тек дұғаларына берген жауаптары арқылы, яғни істері арқылы таныған. Мұса Жаратқан Иені қастерлейтін әрі өте кішіпейіл адам болған.

Осы екі ұғым арасындағы байланысты көресіз бе? Ираилде Жаратқан Иені терең қастерлеу (Заң қайталау 5:29-ды қараңыз), сондай-ақ кішіпейілділік жетіспеді (біз мұны Ешуа мен Халептен көрдік).

Забур жыршысы Құдайды терең қастерлеу мен кішіпейілділікті ажырамастай байланыстырады. Киелі Жазбадан әрқашан осыны көреміз. Осының бір мысалы міне:

Жаратқанды шын *қастерлеу* даналыққа үйретер  
Және *кішіпейіл* жанның абыройы өсер (Нақыл сөздер 15:33, *курсив автордыкі*).

Түнек патшалығының да егіз күштері бар. Олар *Иемізді*

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

*қастерлеу мен Кішіпейілділікке мүлдем қарама-қайшы. Бұл екеуінің есімдері Күңкіл мен Тәкаппарлық. Нақыл сөздерден бұл жұптардың бір-біріне қарсы қойылғанын көреміз.*

*Жаратқанды терең қастерлейтін кішіпейілдер  
Байлық, абырой, шынайы өмірге кенелер.  
Зымиянның [және өз еркімен жүретін адамның] жолы  
тікен мен торға толған,  
Өзіне сақ болған аулақ жүрсін содан (Нақыл сөздер  
22:4,5, курсив автордыкі).*

Жаратқан Иені қастерлеу мен кішіпейілділіктің бірге жүретінін және менмендік пен наразылыққа қарсы екенін тағы көріп тұрмыз. Иса Өзін Өзі кез келген адамға немесе періштеге қарағанда төмен тұтып, Құдай Әкеге мойынсұнды. Сондықтан да Құдай Оны көкке көтерді, Оның мәртебесін бәрінен де биіктетті, Оған бар есімнен жоғары Атақты сыйлап берді (Філіп. 2:8,9). Басқа ізгі қасиеттердің қатарында Ол Иемізді қастерлеуден келетін қуанышқа ие болды, сондықтан Киелі Рухқа шексіз кенелді (Ишая 11:2,3; Жохан 3:34-ті қараңыз).

Керісінше, майланған керуб болған, бірақ кейін барлығына Шайтан ретінде танымал болған Люцифер тәкаппарлық арқылы өз мәртебесін өзі көтермек болды, сөйтіп, барып тұрған бүлікшіге айналды. Сондықтан ол «тұңғиықтың түбіне, тозақтың тереңіне тасталды» (Езек. 28:14-17; Иш. 14:12-15).

Есіңізде болсын, Киелі Жазба үнемі Құдайдың мекені көкте, ал жын-шайтанның мекені ең төменгі әлемде екенін айтады. Киелі Жазбада тәкаппарлық пен күңкілдеу тозақпен, ал кішіпейілділік пен Иемізді қастерлеу асқақ аспанмен байланыстырылатын тұстарды табуға болады. Биікке көтерілу, мәртебеміздің жоғарылауы, мерейіміздің өсуі – Құдаймен тығыз байланыста болу!



## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

### ҚҰДАЙ КІМДІ ТАҢДАЙДЫ

Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, «ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды» (Жақып 4:6). Жаратқан Ие Өзін қастерлейтін адамдарды, яғни нағыз кішіпейіл адамдарды ұнатады. Көне Өсиетте Құдай берген ережелерге сай қызмет етіп, ғибадат ететін адамдар болды. Олар Жаратқан Иеге арнап тоқтылар мен бұқаларды құрбандыққа шалды, киелі жерде хош иісті заттарды түтетіп, астық тартуын әкелуді де ұмытпады. Алайда Құдай бұл құрбандықтарын адам өлтірумен бірдей, шошқа қанындай көретінін, ал хош иісті заттарды түтеткендері пұтқа табынушылықпен бірдей екенін айтты! Және оның себебін түсіндірді:

Себебі Мен шақырғанда ешқайсысы жауап бермеді,  
Мен тіл қатқанда олар сөзіме құлақ аспады. Қайта,  
көз алдымда зұлымдық жасап, Маған ұнамайтын  
нәрселерді таңдап алды (Ишая 66:4).

Сонымен, олардың Құдайға ұнамды болмауының себебі неде? Өйткені, олардың құрбандықтары мойынсұнумен қатар жүрмеді (Патшалықтар 1-жазба 15:22). Басқаша айтқанда, Құдайды қастерлемесек, ғибадатымыздың ешбір түрі Құдайға ұнамайды.

Жаратқан Ие мұндай «құлшылық етушілерді» қатты айыптады. Олар бастарына жай түскендей күй кешсе керек. Құдайды разы еттім деп жүрсе, ғибадаттары Құдайдың жүрегінде тек жиіркеніш сезімін тудырады екен. Алайда Құдай Өз халқының арасына отырғызылған нәрсені, орнына басқа нәрсе екпесе, ешқашан тамырымен жұлып тастамайды. Жаңа үй салмақ ниеті болмаса, ескі үйді бұзбайды. Сондықтан Ол адамның бойындағы қай қасиеттің Өзіне ұнамды екенін түсіндіреді:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар (Ишая 66:2).

*Көз қырын салу* деген еврей сөзі («бағалау» дегенді білдіреді) – *nabat*. Стронг бұл сөзді «қанағат пен мейірімділік сезімін сезіне отырып, мұқият қарау, қамқорлық жасау» деп анықтайды. Яғни, жоғарыдағы аятта Құдай: «Мен назар сала және ризалықпен қарайтын, ықыласыма бөленген адам» дейді. Басқаша айтқанда, Ол: «Маған бұл адам ұнайды, мен оны өзіме жақындатқым келеді» дейді. Біздің заманымыздың ең керемет кітаптарының бірі, меніңше, жазушы әрі тәлімгер, Томми Тиннидің қаламынан шықты. Кітаптың аты «The God Chasers». Автор Құдайды сүйетіндердің жүректерін әдемі суреттеген. Біздің Құдайды іздегеніміз бір басқа да, Құдайдың бізді іздеуі мүлдем басқа! Дегенмен, Құдай бұл аятта шынымен де осындай адамдармен қарым-қатынаста болуды қалайтынын айтып тұр.

Дәуітке қайта оралайық. Құдай Израилдің бас пайғамбары Самуилге Есейдің үйіне баруды бұйырды, Саулдың қаһарынан қорыққан Самуилдің бұл сапарға аттанғысы келмеді. Құдай Есейдің ұлдарының бірін патшалыққа тағайындамақ еді. Самуил Есейдің жеті ұлын көріп, арасынан Құдай таңдаған ұлды таппады, ақырында Жаратқан Ие оған былай деді: «Жоқ, Самуил, мен үлкен ағаларды емес, далада қой бағып жүрген қызыл шырайлы кенже ұлды таңдадым. Соны Өз иелігіме алмақпын» (автордың аудармасы).

Бірақ неліктен Құдай Израилдің ақсақалдары мен басқа ер адамдарын емес, Дәуітті таңдады? Бұл сұрақтың жауабын алдыңғы аяттан табуға болады. Құдай күнәларына шын жүректен өкініп, Жаратқан Иенің сөзін терең қастерлеп,

## ҚҰДАЙ КІМНІҢ ҚАСЫНДА

іске асыратындармен және кішіпейілдермен тығыз қарым-қатынаста болуды қалайды. Кішіпейіл адам тәубеге тез келеді, күнәсіне өкініп, Құдайдың билігіне мойынсұнады. Киелі Кітаптағы аяттың тағы бір ағылшынша аудармасы: «Мен кішіпейіл және күнәсінен бас тартуға дайын, Мені қастерлейтін және Маған мойынсұнатын адамға ризамын». Тәубе етуге дайын рух - кішіпейілділік пен Иемізді қастерлеудің тағы бір көрінісі. Сонымен, шын мәнінде, Құдай кішіпейіл және Өзін қастерлейтін адамдарды іздейтінін айтады. Сондықтан Киелі Кітап былай дейді:

Тәңір мазақтаушылардың өздерін мазақтайды,  
Ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды (Нақыл  
сөздер 3:34).

Және басқа жерде:

Уа, Ием, қандай мол Сенің ізгілігің:  
Өзіңді қастерлеп, паналайтындар үшін  
Соны сақтап, жұрт алдында сыйлайсың.  
Сен пана болып әділді қорғайсың,  
Өз саяңда аман-есен сақтайсың (Заб. 30:20,21).

Сондықтан Жаңа Өсиет бізге «кішіпейілділік танытуды» үйретеді (1 Петір. 5:5) және «Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлеріңді Оны терең қастерлеп, Оған ұнамайтынды істеуден шошынып өткізіңдер!» дейді (1 Петір. 1:17). Киелі Рух сенушілерді Петір елші арқылы Өзімен тәтті қарым-қатынасқа шақырады, өйткені Оның жүрегі дәл осы сүйікті перзенттерімен жақын болуды қалайды.

Таңдау бізде. Құдай бізді Өзіне жеткізер жолды көрсетті! Ол сондай-ақ бізге мұны істеуге мүмкіндік беретін жеткілікті

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

рақым берді. Біз қандай керемет Құдай әрі Әкеге қызмет етеміз! Шақыруды естіп, оған жауап беретін және Ең киелі орынға кіретін кез келді. Келесі тарауларда мұның жүзеге қалай асатынын талқылаймыз.

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Бұл тарауда адамдардың кішіпейілділікті әлсіздік, жалтақтық, жігерсіздік, тіпті діндарлық ретінде көрсететіні айтылады. Сонымен қатар, кішіпейіл адамдарды тәкаппар деп қате айыптау жиі кездеседі. Таныстарыңыздың арасында өзіңіз бұрын тәкаппар деп ойлаған, бірақ шын мәнінде кішіпейіл адамдар бар ма? Егер бар болса, қате пікіріңізден қандай қорытынды жасадыңыз?
2. Кішіпейілділіктің үш аспектісі — Құдайға мойынсұну, Оған толық тәуелді болу және өзіңізге деген көзқарас — және олардың Киелі Кітаптағы мысалдары туралы ойланып көріңіз. Осы аспектілердің қайсысын өміріңіздегі ең үлкен мәселе деп атай аласыз ба?
3. Ишая 66-тарауда бір топ адамдардың Құдайға қалай қызмет еткені және Құдайға ғибадат еткені, заңның ережелерін қатаң ұстанғаны сипатталған. Бұл адамдар дұрыс құрбандық шалып, дұрыс хош иісті зат түтетіп, жазылған ережелерді түгел орындады. Алайда олар Иемізге мойынсұнбағандықтан, ғибадаттарымен Құдайдың көңілінен шыға алмады. Дарынды және талантты басшылар басқарса да, біздің ғибадатымыз Құдайға ұнамсыз болуы мүмкін бе?

# КИЕЛІ РУХПЕН ЖАҒЫН БОЛУ



Киелі Рухты бүгінгі қауымдағы  
ең елеусіз тұлғалардың бірі деп санаймын.

**Е**нді біз көптен бері талқылағым келген тақырыпқа келдік: Иеміз бізді Өзіне қалай жақындатады. Ең алдымен, қайталап айтайын: Оның сізбен қарым-қатынаста болуға деген қалауы сіздікінен зор. Мұсаның сөздерін есте сақтаңыз: «Себебі бір атағым «Қызғаныш»». [Ол сізбен қарым-қатынасын қызғанады]» (Мысырдан шығу 34:14).

Жақында мен дұға етіп ойға шомдым және өзім білмей: «Ием, егер мен жер бетінде Сенімен жақын қарым-қатынаста бола алмасам, онда мені көкке, Өзіңнің қасыңа алып кет!» деп дауыстадым. Осы сөздерді айтқанмыда тізем аздап дірілдеп кетті. Бұл сөздерді шын жүректен айттым, бірақ ойымда бірден: «Не айтып тұрсың?» деген үрейлі сұрақ тұды. Менің санам мұндай нәрселерді сұрауға құқығым жайлы күдіктене бастады.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Бірнеше сағаттан кейін ұшақтағы орныма жайғасып отырып, қолдорбамнан Киелі Кітабымды алып шықтым. Көзіме бірден мына аят түсті:

Саған сиынамын, уа, Жаратқан Ием,  
Жартастай берік қорғанымсың Сен,  
Бас тарта көрме маған жауап беруден.  
Егер де тіл қатып жауап бермесең,  
Қабірге түскендерге ұқсаймын мен (Забур 27:1).

Отырған орнымнан атып тұра жаздадым. Киелі Кітаптың дәл осы бетінің ашылуы кездейсоқ жағдай ма? Бұл аят менің бірнеше сағат бұрын Жаратқан Иеге жалбарынған нәрсем туралы нақты айтты. Жаратқан Иенің маған айтылған сөзі екенін түсіндім.

Дәуіт, бізбен Құдай сөйлеспесе, тозаққа түсетін күнәкардан артық емеспіз дейді. Мен әрқашан өзіммен бірге Киелі Кітаптың заманауи аудармасын алып жүремін, қарасам ондағы аятым таңертеңгі дұғама дәл келіп тұр екен: «Үндемесең, тағдырыма мойынсұнып өлгенім жақсы». Таңертең Жаратқанға осыны айтқан едім. Осы аятты талай рет оқығаныма қарамастан, оның терең мағынасын көрген емеспін.

Киелі Рухтың жетелеуімен Құдайдың еркіне сай дұға еткенімді түсіндім. Бұл маған Құдайдың бізбен сөйлескісі келетінін, әрі бізбен өте жақын қарым-қатынаста болғысы келетінін растады. Енді Киелі Кітаптың Дәуіт жазған аяттарының ішінен менің сүйіктілерімнің біріне назар аударсаңыз екен:

Сен «Алдыма келіп, сиыныңдар» дедің,  
Саған шын жүректен жауап беремін:  
«Уа, Ием, сиынып алдыңа келемін» (Забур 26:8).

Құдайдың жүрегінің сағынышын естисіз бе? Ол әрқайсымызды: «Маған жақындаңдар, менің сендермен сырласқым келеді, сендермен жүрегімнің түкпір-түкпіріндегі сырларымды бөліспекпін және сендер білмейтін ұлы нәрселерді көрсетеміні!» деп шақырады. Құдайдың осы уәдесі әрбір сенушінің өмірінде орындалуы керек. Иемізге жақындасаңыз, Ол да сізге жақындайды. Құдайымызбен жақындығымыздың деңгейін өзіміз анықтаймыз. Құдайдың мекеніне кірер есік ашық. Ол күтуде, Ол бізді өзіне шақыруда. Жауап беруіміз өзімізге байланысты және біз Оған жақындаған сайын, Ол бізге Өзін және Өзінің қалауларын көбірек ашады. Бірақ Жақыптың осы ұлы шақырудың алдында жазған сөздеріне тағы бір назар аударайық:

Киелі жазбадағы мынадай сөздер бекер айтылды деп санайсыңдар ма: Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды (Жақып 4:5).

Ол бізбен жақындығын қызғаныш деңгейіне дейін аңсайды. Біздің Құдайды да сүйіп, осы дүниелік құмарлықтарға да беріліп жүруімізге келіспейді. Сол себепті Жақып елші былай дейді: «Әй, опасыздар! Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 4:4). Мысал ретінде опасыз күйеуіне: «Сен менімен де, басқа әйелмен де өмір сүре алмайсың, сондықтан таңда! Оны таңдасаң, менен бас тартасың!» дейтін жұбайды келтіруге болады. Жаратқан Иеміз де солай, Ол сізді күнәкар дүниемен бөлісуге көнбейді. Оның сіздің жүрегіңіздегі жалғыз махаббатыңыз болғысы келеді. Кері жағдайда Ол сізге өзін ашпайды.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ТҮГЕЛДЕЙ БАҒЫШТАЛҒАНЫМЫЗДЫ АҢСАЙТЫН РУХ

Бұрын біз тек Оның бізге деген сезімін талқыладық. Бірақ қазір Рух деген сөзге назар аударайық. Бір қызығы, Киелі Жазбада: «Өмірімізден орын алған Құдайдың Рухы жалғыз Құдайды ғана сүйіп, Оған түгелдей бағышталуымызды аңсайды» делінген. «Өмірімізден орын алған Иса Мәсіх» деп айтылмағанына назар аударыңыз. Бүгін Иса жер басып жүрген жоқ, Оның Құдайымыздың оң жағындағы тағында отырғанына екі мың жыл болды. Иса көкке көтерілген күні періштелер Иеміздің шәкірттеріне: «Уа, ғалилеялықтар! Неменеге бұл жерде аспанға қарап тұрсыңдар? Жаңа қастарыңнан көкке көтеріліп, Құдай қабылдаған Иса көз алдарыңнан көкке қалай кетсе, тұра солай қайтып келеді» деді (Елшілердің істері 1:11) Иеміз Иса көкке бұлт үстінде көтерілді және бізге оның тұра солай қайтып келетіні жайлы уәде берілді.

Мені қате түсіне көрмеңіз, Құтқарушымыз Иса Мәсіх бізді шынымен жақсы көреді, бірақ біздің жерімізді мекендейтін Тұлға – Иеміздің көкке көтерілгенінен кейін көп ұзамай келген Біреу. Бұл – Киелі Рух; және Ол – Көктегі Құдайдың аятымызда атап өткен нақты тұлғасы. Алайда Исаның атымен мінәжәт ететін сенушілердің бірқатары Оны елеусіз қалдыруда. Тіпті, Киелі Рух қауымдағы ең елеусіз тұлғалардың бірі деп те ойлаймын. Ойлап көріңізші: бір адаммен жиырма минут бойы көлікте жүріп, бүкіл сапар бойы оған бір ауыз сөз айтпай көліктен шығып кету мүмкін бе? Бірақ кейде біз Киелі Рухқа қатысты дәл осылай әрекет етеміз! Біз күнімізді жоспарлаймыз, көлік жүргізіп келе жатып мадақтау әндерін немесе радио тыңдаймыз және көбінесе



Оның Өзі бізбен бірге екенін ойымызға да алмаймыз. Біз Оның үйде, жұмыста және біз жүрген басқа жерлерде бізбен бірге болатынын мүлде ұмытамыз. Алайда Ол туралы бізге біреу нақты сұрақ қойса, Оның жүрегімізден орын алғанын бірден мойындаймыз.

### КИЕЛІ РУХ ЖАЙЫНДАҒЫ ТҮСІНІГІМІЗ

Оның қатысуын және бізбен қарым-қатынасын елемейміздің себептерінің бірі - Киелі Рух туралы түсінігіміз. Оның Кім екені Ол туралы уағыздардан естігеніміз бен кітаптардан оқығанымыздың кесірінен жұмбақ болып қалды. Шындығында, егер мен Киелі Рухтың белгісіз және бөгде бір құбылыс ретінде суреттелгені сайын бір доллар алып тұрған болсам, тез арада керемет бай болар едім. Өкінішке орай, көптеген адамдар Оны Құдайдың Тұлғаларының бірі емес, әлдебір «қасиетті болмыстың» бір түрі ретінде қабылдайды. Ол сіздің ең жақын досыңыз болуды қалайды. Киелі Жазбаны зерттейтін болсақ, оның ниетінің (Рим. 8:27), қалауларының (1 Қорынт. 12:11), сезімдерінің, атап айтқанда, бізге деген сүйіспеншілігінің бар екенін көреміз (Рим. 15:30 қараңыз). Ол бізге сөз арнайды (Евр. 3:7-ні қараңыз) және мұнысын еш жасырынсыз, анық істейді (1 Тім. 4:1). Ол үйретеді (1 Қорынт. 2:13), біздің қолымыздан Оны ренжіту (Ефес. 4:30-ды қараңыз), тіпті, қорлау да келеді (Евр. 10:29-ды қараңыз), дәл адам баласын алдағандай Оған да өтірік айтуымыз мүмкін. Ол туралы ойлаған кезде қиялымызда көбінесе көгершіннің бейнесі пайда болады. Бірақ неге Ол көгершін ретінде бейнеленген? Ол ешқашан өзін мұндай кейіпте көрсеткен емес! Төрт Інжілде де шомылдыру рәсімін жасаушы Жақияның Құдай Рухының Исаға «көгершін сияқты» түскенін көргені туралы әңгіме бар (Мат. 3:16; Марқ. 1:10; Лұқа 3:22; Жохан 1:32). Бірақ бұл баламамыз оны ешбір жағдайда көгершінге айналдырмайды.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Бірқатар адамдардың «желдей жүйрік», «өгіздей қайратты» деп жануарлар мен табиғат құбылыстарына теңелгенін естідім. Бірақ бұл сөз әйелдің жел кейпіне енгенін немесе еркектің төрт аяқты жануарға айналғанын білдірмейді. Олар адам болып қалады.

Жохан елші Құдайдың тағына қараған кезде Киелі Рухты шырағдандар түрінде көрді деп, біреулер маған қарсы шығуы әбден мүмкін. Ол былай деп жазды: «Ал тақтың алдында жеті шырағдан жалындап жанып тұрды. Олар — Құдайдың жеті Рухының белгісі» (Аян 4:5). Бірақ дәл осы Жохан былай деп те жазды: «Мен қарасам, тақтың ортасында, айнала тұрған төрт нөкер мен ақсақалдар қоршаған «Тоқтыны» көрдім. Ол құрбандыққа шалынғандай болып көрінді. Оның жеті мүйізі мен жеті көзі бар екен, бұлар бүкіл әлемге жіберілген Құдайдың жеті Рухын білдіреді» (Аян 5:6-ны қараңыз). Оның Иса туралы айтып отырғаны анық, бірақ біз Құтқарушы Иемізді жануар ретінде қабылдамаймыз! Біз Исаның Тұлға екенін және өзіміздің жануарға бейнелес жаратылмағанымызды анық білеміз!

Киелі Рух – Тұлға, және біз Оған ұқсас әрі бейнелес етіп жаратылғанбыз. Дәл ұқсас әрі бейнелес! Жаратылыс кітабында мынадай аяттар бар: «Құдай енді: «Біз (рухани жағынан) Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық» деді» (Жаратылыс 1:26). «Мен Өзіме ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайын» демейді. Жоқ, адам баласы Әкенің, Ұлдың және Киелі Рухтың біртұтас күш-жігерімен жаратылған. Біз Әке мен Ұлдың әлемді жаратудағы маңызды рөлін жақсы білеміз, бірақ Киелі Кітапта: «Құдайдың Рухы мені жаратты» (Әйүп 33:4) және «Рухыңның лебін жіберіп, өмір жаратасың» (Забур 103:30) деген сөздер бар. Сондықтан Құдай: «Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық» дегенде, әрине, Киелі

Рухты Жаратушылардың қатарына қосты. Біз Әкеге, Ұлға және Киелі Рухқа ұқсас әрі бейнелес етіп жаратылғанбыз. Киелі Рух - тылсым жел емес, ұшатын құс емес, Тұлға; Құдайдың үшінші көрінісі.

Егер біз Оған бейнелес жаратылған болмасақ, Мәриям Киелі Рухтан қалай бала туар еді? Киелі Жазбада былай делінген: «...екеуі әлі де қосылмай тұрғанда-ақ, Киелі Рухтың құдіретімен Мәриямның аяғы ауыр екендігі белгілі болды» (Мат. 1:18). Кейінірек Жаратқан Иенің періштесі Жүсіпке: «...құрсағындағы Баласы Киелі Рухтан», - деді (Мат. 1:20). Егер Киелі Рух Тұлға емес, қандай да бір болмыс немесе құбылыс болса, Мәриямның құрсағында Адамның қалыптасуы қалай мүмкін болар еді? Алайда ол Құдайдың Рухынан жүкті болды. Қалыпты ұрпақтың пайда болуы үшін кескіні бірдей ұқсас екі жаратылыс қажет. Енді сіздің Киелі Рухты Тұлға ретінде, тіпті, ең керемет Тұлға ретінде де қабылдайтыныңызға үміттенемін. Осы себепті Пауыл сенушілерге былай дейді:

Лайым Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы, Құдайдың сүйіспеншілігі және Киелі Рухпен қарым-қатынастарың бәріңде бола берсін! (2 Қорынт. 13:13, курсив автордыкі).

Елшінің «Киелі Рухпен қарым-қатынастарың бәріңде бола берсін!» дегеніне баса назар аударайық. «Қарым-қатынас» сөзін зерттеуіме бірнеше жыл болды, себебі Құдайды жақын танып білуге деген құштарлығым басқа арман-мақсатымның қай-қайсысынан да басым. Бұл сөздің мағынасын зерттеп, қолыма түскен грек тілінің барлық сөздіктерін ақтарып шықтым. Сонымен, «қарым-қатынас» сөзінің мағынасын анықтауға көмектесетін бірнеше сөз тіркесі мыналар:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

- достық;
- топтық әрекет;
- серіктестік немесе ортақ қатысу;
- өзара жақындық;
- жақыннан танып білу.

*Қарым-қатынас* ұғымын анықтайтын басқа да сөз тіркестері бар, бірақ олардың жоғарыда келтірілгендерге ұқсастығынан, мен оларды атап өтуді тиімді көрмедім. Енді менің жазып кеткен анықтамаларымды ой елегінен өткізейік:

## ДОСТЫҚ

Достық қарым-қатынас – ең алдымен жолдастық. Адамдар арасындағы өзара сенімділік. Араласудан қашатын достарды ешқашан кездестірмейсіз, керісінше, достар өз істерін және болашаққа арналған жоспарларын бір-бірімен бөліседі. Олар дос болғандықтан, бір-бірімен үнемі араласады. Елшілердің істері кітабында біз Киелі Рух пен Оның қызметшілері арасындағы осындай қарым-қатынастың көптеген мысалдарын таба аламыз. Пауыл елшінің жазбаларындағы көптеген мысалдардың біреуін ғана келтірейін:

Қазір Киелі Рухтың жетелеуімен Иерусалимге бара жатырмын, онда неге душар болатынымды білмеймін. Тек *әрбір қалада* Киелі Рух мені түрме мен азаптардың күтіп тұрғанын білдіреді (Елшілердің істері 20:22,23, *курсив автордыкі*).

Пауылдың сөздері – Киелі Рухпен арада тұрақты, үзілмейтін қарым-қатынасының болғанына айғақ. Олар өмірде де, саяхатта да, қызметте де дос болды.

Мұны Иеміздің Жаңа Өсиеттегі басқа да қызметшілері туралы айтуға болады. Олар қайда барса да, Киелі Рух олармен бірге болды және олар Киелі Рухқа жүгінген кезде олармен сөйлесті. Құдайымыздың Рухы олардың жолдасы болды. Басқа елші Філіп қаланы тастап, шөл далаға кеткенде өзін жалғыз сезінбеді және әрі қарай не істеу керектігін нақты білді, өйткені «Киелі Рух Філіпке: «Күймеге жақындап, қатарласып жүр!»» деді (Елшілердің істері 8:29).

Күрделі аянның мағынасын түсіну үшін Петірдің Киелі Жазба жөніндегі біліміне сүйенудің қажеті болмады, өйткені ол Киелі Рухтың: «Құдай адал еткенді сен арам деп айтпа!» дегенін естіді. Содан кейін Петір тағы бір бұйрық алды: «Киелі Рух оған: «Қарашы, сені үш кісі іздеп келді. Орныңнан тұрып, жерге түс; ойланбай-ақ солармен бірге жолға шық! Себебі оларды Мен жібердім» (Елшілердің істері 10:19,20, *курсив автордыкі*).

Киелі Рухтың Пауылдың айналасындағыларымен тұрақты достығы айқын көрінеді. Лұқа былай деп жазады: «Киелі Рух Пауылға және оның жолдастарына Азия аймағында уағыздауға тыйым салғандықтан, олар Фругия және Ғалатия аймақтарын аралай жүрді. Олар Мүзияға жеткеннен кейін, Бітүнияға кіруге ұмтылды, бірақ Иса жіберген *Киелі Рух оларға рұқсат бермеді*» (Елшілердің істері 16:6,7, *курсив автордыкі*).

Басқа да көптеген мысал келтіре аламын. Дегенмен, Жаңа Өсиет қызметшілерінің Құдай Рухының көмегі мен басшылығы туралы толық хабардар болғанын атап өткім келеді. Киелі Рух олар үшін ешқашан сыйқырлық та, табиғаттан тыс құбылыс та болған емес, сондықтан Онымен қарым-қатынас олар үшін әдеттегі нәрсе болды. Киелі Рухтың өмірлеріне қатысуын олар дағдылы құбылыс ретінде

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қабылдады. Тура сол сияқты, біз өзімізбен бірге ұзақ және тұрақты өмір сүріп келген бір адамның өмірімізге қатысуын болжай аламыз.

Кейде адамдар менен қонақ үй бөлмелерінен қаншалықты шаршағанымды сұрайды. Шынымды айтсам, олардан жалықпаймын. Әлемнің ең әдемі жерлеріне барған кездерімде де қалаға серуендеп бармаймын, себебі Киелі Рухпен сөйлесудің құнды мүмкіндігін жіберіп алғым келмейді. Киелі Рухпен арадағы қарым-қатынасты жеткілікті түрде түсінбеген немесе сезінбеген кезімде жалғыздық маған ауыр тиетін. Жанымда әрқашан достарымның біреуінің болғанын қалайтынмын. Алайда енді мен Онымен емін-еркін сөйлесіп, Оны тыңдай алатын уақытты асыға күтемін.

Оның сізбен де достасқысы келеді! Бір сәтке көзіңізді жұмып, Киелі Рухтың Өзі сіздің жолдасыңыз, досыңыз және әріптесіңіз деп ойлап көріңіз. Құдайымыздың Сөзінде былай делінген: «Киелі Рухпен қарым-қатынастарың бәріңде бола берсін!» Осы сөздер жүрегіңізді толтырып, Жаратушымызбен араңыздағы жақындыққа есік ашсын.

## БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТ

«Қарым-қатынас» ұғымының екінші анықтамасы – бірлескен әрекет немесе әлеуметтік қарым-қатынас – ой немесе сезім алмасуды қамтиды. Жақын достармен кездесудің ең қуанышты сәті – сөйлесіп, жүрек сырларымызды өзара бөлісу. Сырымызды осылай өзімізді танымайтын адамдардың алдында жайып салсақ, түсінбеушілік пен мазаққа тап боламыз. Алайда достарымызбен сөйлескенімізде, ешқашан да мазақ болмайтынымызды білеміз. Олар жүрегімізді біледі және олармен бөлісетін барлық ойымызды дұрыс түсінеді. Келесі

аятта Пауыл Киелі Рухпен осындай қарым-қатынас туралы айтады: «Мен Мәсіхпен тығыз байланыстағы адам ретінде жалған емес, шындығын айтып отырмын, Киелі Рухқа бағынған ар-ұжданым бұған куә» (Рим. 9:1). Киелі Рух Пауылдың жүрегін, ал Пауыл Киелі Рухтың жүрегін білді. Араларында сенімділіктің жемісі болған жақындық орнады, және сенімділік ойлары мен сезімдерін бөлісулерінде орын алды.

Сондықтан Құдайымызды қастерлеу өте маңызды. Иеміз Өзінің *құпия* ойларын қадірін білмейтіндермен бөліспейді. Інжуін оны бұрмалайтын немесе бұзып тастайтын адамдарға бермейді. Қарапайым тілмен айтқанда, біз ешқашан жанымызға жақын болмаған адамдарға сырымызды ашпаймыз; Құдайымыздың әрекеті де тура осындай.

Көне Өсиет әулиелері: «Құдіреті шексіз Алланы толықтай зерттеп біле алар ма едің?» деп сұрайды (Әйүп 11:7). Алайда Жаңа Өсиет Киелі Рухпен жақындықтың есігін ашқаннан кейін, Пауыл елші, жүрегі толқып, былай дейді: «Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рухы арқылы анық білдірді. *Киелі Рух* бәрінен де, Құдайдың *терең* ой-мақсаттарынан да хабардар» (1 Қорынт. 2:10, *курсив автордыкі*). Байқағаныңыздай, Ол мұны Өзінің Рухы арқылы жасайды. Рух – Тәңірдің тұлғасы және Ол бізбен Құдайдың ішкі, ең терең жоспарларын бөліседі! Бұл керемет емес пе?!

Киелі Рухтың сізбен осындай өте жақын қарым-қатынас орнатқысы келетіні туралы тағы бір рет ойлансаңыз екен. Оның сізге Өзінің жасырын ойлары мен сезімдерін көрсеткісі келеді, сонымен қатар сізді де тыңдағысы келеді. Құдайымыздың Сөзінде былай делінген: «Киелі Рухпен сезімдер мен ойларды бөлісу бәріңде бола берсін!».

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### СЕРІКТЕСТІК НЕМЕСЕ ОРТАҚ ҚАТЫСУ

«Қарым-қатынас» ұғымының үшінші баламасы «серіктестік» ежелгі қауым бағушыларының қызметі мен күнделікті тыныс-тіршілігіне Киелі Рухтың қатысуы жөніндегі куәліктерінде берілген. Олар хаттарында:

«Киелі Рухтың білдіруімен біз...деп шештік» деп жазды (Елшілердің істері 15:28).

Осылайша олар Киелі Рухтың және өздерінің ұстанымын айқын көрсетті. Бұл – бірлесе шешім қабылдаудың көрнекті мысалы. Олар Патшалықты басқаруда серіктес болды. Осыған ұқсас жағдайды Көне Өсиетте, Құдай Содомға қатысты жоспарларын талқылау үшін Ыбырайымға келгенде, таба аламыз. Ыбырайымға өз ойын айтуға рұқсат берілді және Құдай өз шешімін Ыбырайымның ұсынысын тыңдағаннан кейін қорытындылады.

Бірнеше рет Мұсаның өмірінде де солай болды. Жаратқан Ие қаһарына мініп, Исраил халқын жоюға дайын болды және егер Мұса араласпаса, солай істер еді де. Мұса пайғамбар Құдайдың уәделерін еске салып, Құдайдың осы әрекеттерімен Өз беделіне нұқсан келтіретінін айтты. Мұсаның араласуының нәтижесін мына аяттан көруге болады: «Сонда Жаратқан Ие халқына апат жіберемін деген ниетінен бас тартты» (Мысырдан шығу 32:14). Мұса мен Ыбырайым Құдаймен серіктес немесе қызметтес болды, бірақ олардың да Құдаймен үнемі байланыста болу мүмкіндіктері болмады, ал бізде Жаңа Өсиеттің шарттарына байланысты мұндай мүмкіндік бар. Сіз бұл туралы ойлана бастағанда, артықшылықтарыңызға таң қаласыз.

Пауыл елшінің Ефестегі қауым басшыларына айтқан



сөздерін естігенде, оның Киелі Рухтың біздің аға серіктесіміз ретінде атқаратын ісін растайтынын анық көреміз.

Енді өздеріңе де, *Киелі Рух* басқарушы етіп қойған барлық қауымға да қараңдар! Шопан қойын қалай бақса, сендер де Құдай Иеміздің *Өз қанын* төгіп, иемденген қауымына солай қамқор болыңдар! (Елшілердің істері 20:28, *курсив автордыкі*).

Бұл аяттан Құдайдың әртүрлі көріністерін айқын ажыратуға болады. Алдымен *Киелі Рух* туралы айтылады және ол қауымдағы бағушыларды тағайындайды. Содан кейін *Құдайдың қауымы*, ең соңында, *Ұлының* ісі туралы айтылғанын көреміз. Өйткені қауым Оның қанының құнына сатып алынды. Үш түрлі Тұлға, бірақ бір Құдай. Мұны түсіну қиын, бірақ бұл ұғымды нақты бейнелейтін мысал табиғаттың өзінде бар. Біз судың үш күйде бола алатынын білеміз: қатты, сұйық және газ тәрізді. Маңызды жайт, оның молекулалық құрылымы әрқашан бірдей болады. Демек, Құдайымыздың үш түрлі қыры бар, дегенмен, бұл қырлар кемел бірлікте өмір сүреді, себебі Құдайымыз жалғыз.

Сондай-ақ, Киелі Рухтың Құдайдың қауым басшыларын тағайындайтын тұлғасы екенін атап өту қызықты. Антиохиядағы қауым жетекшілері «... Иемізге ғибадат етіп, ораза тұтып отырғанда *Киелі Рух*: «Мен арнайы шақырған іске Барнаба мен Саулды Өзіме бағыштап шығарып беріңдер!» деді. Сонда олар ораза тұтып мінажат етіп, екеуінің үстеріне қолдарын қойып баталарын берді де, жолға шығарып салды. Осылайша Киелі Рух жіберген екі елші Селеукия қаласына барып, сол жерден кемеге отырып, Кипр аралына жүріп кетті» (Елшілердің істері 13:2-4, *курсив автордыкі*). Киелі Рух Исаның ұлылығын көрсету үшін

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайдың қызметшілерімен бірге жұмыс істеді.

Осы мысалдарға сүйене отырып, Киелі Рухтың аға серіктес немесе жетекші қызметін атқарытынын байқауға болады. Мұны тағы да атап өтейін: Киелі Рух сіздің серігіңіз болуды қалайды! Пауылдың Қорынттықтарға жазған хатында осы жайлы анық айтылған, онда Пауыл елші былай деп жазады: «Сонымен біз Құдаймен бірге еңбектенушіміз, ал сендер Оның «егістігісіңдер». Сондай-ақ, сендер Құдайдың «құрылысысыңдар»» (1 Қорынт. 3:9). «*Бірге еңбектену*» сөз тіркесі жұмыла жұмыс істеуді және жолдастық қарым-қатынаста болуды білдіреді. Джеймс патшаның нұсқасында: «Себебі біз Құдаймен бірге жұмыс істейміз» делінген. Осыған байланысты бұрынғы сұрағымды қайталайын: бір-бірімен жақын араласпайтын, жұмыла еңбек етпейтін серіктестерді қайдан көрдіңіз?

Бір сәт Киелі Рухтың сіздің серігіңіз, жетелеушіңіз әрі жол бастаушыңыз болуды қалайтыны туралы ойланып көріңіз. Құдайымыздың Сөзінде былай делінген: «Киелі Рухпен *қарым-қатынастарың мен серіктестіктерің* бәріңде бола берсін!»

## ӨЗАРА ЖАҚЫНДЫҚ

Қарым-қатынастың келесі анықтамасы – *өзара жақындық*. Бұл Құдайдың ұлы қаһармандарының куәліктері арқылы жақсы суреттелген. Кореяның Сеул қаласында орналасқан әлемдегі ең үлен қауымдардың бірінде бағушы қызметін атқарған Дэвид Чо бауырымызбен алғаш рет кездескенім есімде. Ол кісінің біздің қауымымызға алғаш келуі болатын. Ол кезде мен – бағушымның көмекшілерінің бірімін, қауымға келген қонақтардың жағдайын жасау менің міндетім болатын. Қонағымыздың қала ішіндегі сапарларында

жанында болатынмын. Мен бұл міндеттерді ұзақ жылдар бойы атқардым және Чо бағушы келгенге дейін жүздеген қызметшілермен бірге болдым, өйткені қауымымызға қонақтар жиі келіп тұратын. Әйтсе де, бұл жолы басқаша болды, өйткені ол кісі жайғасып отырған бойда көлігіміздің іші бірден Құдайдың құзырына толып кетті. Көзіме еріксіз жас толды. Жиналыстың алдында бағушының назарын бөлмейін деп үнсіз отырдым. Біраз уақыт өткенде ақырын ғана: «Чо бағушы, Құдай көлігімізде» дедім. Ол жымыып, басын изеді.

Кейінірек мен бұл адамның Киелі Рухпен қарым-қатынасы туралы қаншалықты көп жазғаны және уағыздағаны туралы ойладым. Содан кейін мұндай қарым-қатынастың маңыздылығына баса назар аударған, көптеген жылдар бойы өзіммен бірге болған басқа адамдарды есіме түсірдім. Жүздеген қызметкерлермен бірге жүрсем де, кейбіреулері ғана есіде қалыпты, өйткені олармен кездесудің алғашқы сәтінде мен Иеміздің құзырын сезіндім. Осындай қызметшілердің бірі Дженни Уилкерсон болды. Ол көп жыл бойы дұға етуін қоймай, Көктегі Иемізге жанын тапсырды. Ол алғаш рет көлігіме отырғанда, мен жол бойы Құдайды дәріптеумен болдым. Мен Құдайды біліп қана қоймай, Оны өте жақын танитын әйелдің алдында тұрғанымды түсіндім. Ол Киелі Рух туралы көп айтты және мен оны кездестірген сайын Иеміздің істерін анық көрдім.

Жақында төрт мың мүшесі бар үлкен қауымның мүшелерімен сөйлестім. Ол АҚШ-ның Орта Батысында орналасқан. Таңертеңгі жексенбілік қызметте Киелі Рух туралы уағыздадым, сол күні кешкі жиналыста қырық бес минут уағыз айтуым керек еді. Енді міне, жиналыстың басталғанына екі сағат болды, мен уағызымды әлі бастай алмай тұрмын, өйткені Киелі Рухтың өз жоспары бар еді. Сол

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

күні Иеміз көптеген адамдарға таңқаларлық кереметтерін көрсетті. Ақырында сахнаға шығайын деп тұрғанымда, сол қауымның жұмсақ мінезді деуге мүлде келмейтін бағушысы маған: «Джон, осы қауымдағы қызметімнің сегіз жылында Құдайымыздың мұндай құзырын ешқашан сезінген емеспін!»

«Мұның түсіндірмесі бар. Бүгін таңертең біз Киелі Рух туралы сөйлестік; адамдар Ол туралы айтқан сайын Ол рақымын рақымын көрсетеді» деп жауап қайырдым.

Бұған ұқсас тығыз қарым-қатынасты ерлі-зайыптылардың өмірінен көруге болады. Кейбір еркек қызметкерлер әйелдері туралы жиі айтады. Оларды уағыздарында немесе әңгімелерінде, тіпті әйелінен алыста жүргенде де еске алады. Олар әйелдерімен біртұтас және бұл өздеріне ғана емес, сырттан келгендерге де түсінікті. Біреу есіне сондай қызметкерді алса, ойына сол қызметкердің әйелі де келеді. (Әйелі қауымда қызмет етсе, күйеуі туралы да солай деуге болады). Менен Лиза туралы ол жанымда болмаған кезде жиі сұрайды, мен ол туралы үнемі айтып, кітаптарымда жазамын. Әйтсе де, әйелі туралы сирек айтатын, бірге сирек көрінетін қызметкерлер де бар. Әңгіме осы қызметкерлерге ауысқанда, олардың әйелдерін ойламаймыз.

Киелі Рух туралы да солай деуге болады. Оның Өзімен өте жақын араласатын перзенттері бар. Олар туралы айтқанда, сіз бірден Киелі Рухты еске түсіресіз, өйткені бұл адамдар Онымен саналы түрде Оның кіші серіктестері ретінде әрекет етеді және үнемі Оған құрмет көрсетеді, сондықтан Иеміз олардың қызметі арқылы құдіретін көрсетеді. Нәтижесінде Иса асқан даңққа ие болды, өйткені Құдайдың Рухы Исаны дәріптейді.

Киелі Рух сізбен тығыз қарым-қатынаста болуды қалайды. Егер сіз Оны қастерлесеніз, онда Ол өзін сізге көрсетеді, әйтпесе сіз ұзақ жылдар бойы бірге тұрған әйелімен анық

## КИЕЛІ РУХПЕН ЖАҚЫН БОЛУ

жақындығы жоқ адаммен бірдейсіз. Мұндай адамдар бір-бірінен алшақ қана емес, адамдар алдында да біртұтас деуге келмейді. Сондықтан мына сөздерді қарастырыңыз: «Киелі Рухпен қарым-қатынастарың мен өзара *жақындықтарың* бәріңде бола берсін!».

## ЖАҚЫННАН ТАНЫП БІЛУ

Біздің тізіміміздегі соңғы анықтама *жақыннан* танып білуді білдіреді. Бұл сөз қарым-қатынасты өте жақсы суреттейді, өйткені ол біз талқылаған алдыңғы төрт анықтаманы қорытындылайды. Шын мәнінде, Webster сөздігінде «*қарым-қатынас*» сөзінің анықтамаларының бірі – *жақындық*, *ынтымақ* немесе келісім. Жақындық қарым-қатынас арқылы ғана дами алады және бұл берік достыққа әкеледі. Аятымыздың аударудың басқа бір нұсқасы осы: «Киелі Рух бәріңмен *жақын достассын*».

Айналып келіп, достыққа қайта оралдық, өйткені бұл қарым-қатынастың түпкі мақсаты. Құдайдың Рухы сізбен дос болғанды қалайды. Оның сізбен достасқысы келеді. Өзінің білетінін сізге үйреткісі келеді және Оның білімі шексіз! Ол Құдай, Киелі Рухтан жасырын қалған нәрсе де, *құпия* сыр да жоқ. Оның иелігіне кірмейтін білім жоқ. Ишая пайғамбардын айтқанындай:

«Кім *Жаратқанның ақыл-ойын* ұққан,  
Кеңесшісі болып бағыт берді Оған?  
Жаратқан Ие кіммен ақылдасқан,  
Кім түсінік беріп те еді Оған?  
Кім Жаратушыны білімге үйреткен,  
Оған даналық жолын да нұсқаған?  
(Ишая 40:13,14, курсив автора).

## ҚҰДАЙДЫҢ РУХЫ – ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ!

Тағы да қайталаймын: Ол Құдай! Оның даналығы, білімі мен түсінігі шексіз және Ол сізге білгенін үйретуді қалайды. Ойлап көріңізші: әлдебір құнды ақпаратыңыз болған кезде, сіз оны жақын адамдарыңызбен бөлісуге құмарсыз. Киелі Рух туралы да солай деуге болады. Ол Өзінің білетінін, шынымен де, сізбен бөлісуді қалайды! Сонда қандай даналық пен білімге қолыңыз жететінін түсінесіз бе? Мүмкін бұл даналық Құдайдың әрқашан қасыңыздағы тұлғасын іздемегеніңіздің себебінен сізге әлі қонбаған да болар. Киелі Рухтың көмегіңіз Исaмен қарым-қатынас орнатуға тырысып көрдіңіз бе?

Көптеген сенушілер Киелі Рухпен жақын қарым-қатынасқа лайықты мән берместен Исаға жақындауға тырысады. Осы орайда Исаның жердегі қызметі кезінде яһудилердің Иса Мәсіхті елеп-ескерместен, Құдаймен қарым-қатынаста болуды қалағандары есіме түсті. Олар былай деді: «Біз некесіз туғандар емеспіз! Біздің бір ғана рухани атамыз бар, Ол — Құдай!» (Жохан 8:41) немесе «біз Мұса пайғамбардың шәкірттеріміз! Құдайдың Мұсамен сөйлескенін білеміз» (Жохан 9:28,29). Олар Құдаймен қарым-қатынастарының бар екендігіне сенімді болды, алайда жүректерінде Құдай жоқ еді. Олардың сенімі Құдайдың адамдарға Мұса арқылы берген Сөзі жайлы білімдеріне негізделген. Дегенмен, олардың шынайы білімдері болды ма? Олар адам кейпінде келіп, араларында жүрген осы Сөзді қабылдаудан бас тартты.

Солар сияқты, бүгін де көптеген сенушілердің Киелі Рухты айналып өтіп, Исaмен қарым-қатынаста болғысы келеді. Біздің арамызға келген – Киелі Рухтың Өзі және ешкім де Киелі Рухты елемей, Исаны жақыннан тани алмайды. Және мұнда бір қауіп бар, Құдай Рухын елемеу адам кейпінде келген Исаны

## КИЕЛІ РУХПЕН ЖАҚЫН БОЛУ

елемеуден әлдеқайда оңай, өйткені Рухтың тәні жоқ.

Иса былай деді: «Мені жақыннан танысаңдар, Әкемді де білер едіңдер» (Жохан 14:7). Басқаша айтқанда, Иса: «Әке мұнда жоқ, Ол көкте, бірақ егер Мені білсеңдер, Әкемді де танысыңдар, өйткені Ол екеуіміз біртұтаспыз» деген болатын. Киелі Рух туралы дәл солай айтуға болады. Иса енді жерде емес, ол көкте, бірақ егер сіз Киелі Рухты білсеңіз, Исаны да танысыз, өйткені Олар біртұтас! Сондықтан Ол «Мәсіхтің Киелі Рухы» ретінде де белгілі (1 Петір. 1:11; Рим. 8:9).

## ӨЗІМ ТӘРІЗДІ БІРЕУ

Көкке көтерілер алдында Иса шәкірттеріне былай деді:

Сендер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындаңдар! Мен көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын Қамқоршыны жіберуін өтінемін, Ол — шындықты білдіретін Киелі Рух. Осы күнәкар дүние Киелі Рухты қабылдай алмайды, себебі Оны көрмейді әрі білмейді. Ал сендер Оны білесіңдер, өйткені Киелі Рух сендермен бірге тұрып, жан дүниелеріңнен орын алады. Мен сендерді жетімсіретпей, өздеріңе қайтып келемін (Жохан 14:15-18).

Бұл аяттарда көптеген маңызды ақпарат бар. Ең алдымен, Исаның «өсиеттерімді орындаңдар» деп, мойынсұнушылық туралы тағы да айтқанына назар аударыңыз. Содан кейін мына сөздерге ден қойыңыз: «көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын Қамқоршыны жіберуін өтінемін». Ол шәкірттердің Киелі Рухты қабылдауы Құдайдың Сөзіне мойынсұнуымен тікелей байланысты екенін айтады. Ал мойынсұну дегеніміз – Құдайды қастерлеу. Петір елші мұны

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

былай деп растайды: «Біз де, Киелі Рух та бұл оқиғаларға күәміз. Құдай осы Киелі Рухын *Өзіне бой ұсынғандарға* сыйға береді» (Елшілердің істері 5:32, *курсив автордыкі*). (Киелі Рух пен шәкірттердің тығыз қарым-қатынастарына тағы да назар аударыңыз) Петір Құдайдың *Өзіне мойынсұнатындарға* Киелі Рухты беретінін айтады. Міне, жақындықтың негізі Жаратқан Иемізді қастерлеу екенін тағы да көрдік. Неліктен бұл туралы қауымдарымызда аз уағыздаймыз?

Жохан жазған Ізгі Хабардың он төртінші тарауына қайта оралсақ, Исаның Әке өзіне мойынсұнушыларына «*басқа Қамқоршыны*» береді деген сөздерін көреміз. Жаңа Өсиетте «басқа» деп аударылатын грек тілінің екі сөзі бар. Бұл сөздерді зерттеу Киелі Рух туралы көп нәрсені білуге көмектеседі. Бұл грек сөздерінің біріншісі «*allos*», «бір текті біреу» дегенді білдіреді. Келесі сөз «*heteros*» болып табылады және ол «басқа текті біреу» дегенді білдіреді.

Бұл сөздердің айырмашылықтарын көрсететін мысал келтірейін. Сіз менен жеміс сұрадыңыз, мен сізге алмұрт бердім делік. Оны жеп болған соң тағы сұрадыңыз, мен сізге алма бердім. Қайтадан жеміс бердім, бірақ бұл жолғысы басқа. Егер мен сізге басқа алмұрт берген болсам, ол басқа, бірақ біртекті жеміс, яғни дәл сондай алмұрт болар еді. Бұл «бір түрдегі басқа» (*allos*) және «мүлдем басқа түрдегі» (*heteros*) арасындағы айырмашылық.

Иса *allos* сөзін қолданады. Яғни, «Әке сендерге тура мен сияқты басқа бір Қамқоршыны береді» дейді. Шын мәнінде, мұндағы «қамқоршы» деп аударылған сөз – грек сөзі *parakletos*. Бұл сөз екі түрлі сөзден шыққан: «қарсы жаққа» дегенді білдіретін «*para*» және «шақыру» дегенді білдіретін «*kaleo*». Параклетос сөзінің мағынасы осыдан шыққан – *басқа адамға көмектесу үшін оның жағына*



*шақырылған адам.* Бұл сөз алғашында сот отырыстарында адвокатқа қолданылған. Демек, бұл біреудің ісіне арашашы. Бір қызығы, бұл сөз Хаттарда бір рет Исаға қатысты да қолданылған (Жоханның 1-хаты 2:1). Исаның үнемі біздің арашашымыз немесе қорғаушымыз ретінде әрекет ететіні сияқты, Киелі Рух та біздің қорғаушымыз. Ол осында бізге көмектесу үшін шақырылды.

Иса шәкірттеріне былай дейді: «Менің сендермен бірге болғанымдай, Ол да сендермен бірге болады». Адамдардың: «Егер мен Исаны кездестірsem, оған көп сұрақ қояр едім» дегенін жиі естимін. Қойшы, рас па? Олардың мұндай сөз айтулары Киелі Рухпен жақындықтарының жоқтығын көрсетеді. Ал егер Киелі Рухпен сөйлеспесе, Исамен неге сөйлессін? Исаның Өзі:

Сендерге шындығын айтайын (Жохан 16:7) деген таңғажайып мәлімдеме жасаған еді.

Бұл аятты әрі қарай қарастырмас бұрын айта кетейін, Исаның сөзіндегі осы кіріспе мені әрқашан таң қалдырады. Иеміз шәкірттерімен үш жарым жыл жүрді. Олардың ешқайсысына өтірік айтпаған, ешкімді алдамаған. Оның айтқандарының бәрі орындалды. Бірақ Оның шәкірттерімен бөліскелі тұрғаны соншалық қайран қалдырар нәрсе, Ол өзінің мәлімдемесін «Достар, мен сендерге шындықты айтып тұрмын, өтірік айтпаймын!» деген ескертуден бастауды қажет деп тапты. Ендеше, осынау таңқаларлық мәлімдеменің не екенін көрейік:

Менің кететінім сендер үшін жақсы! Себебі Мен кетпесем, сендерге Қамқоршыларың (Құдай Рухы) келмейді; ал Мен барған соң, Оны сендерге жіберемін (Жохан 16:7).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Түсініп отырсыз ба? Бір сәтке кідіріп, осы сөздер жайлы ойланып көріңіз. Иеміз Өзінің кететіні шәкерттеріне жақсы болады дейді. Енді Оның осы сөздерін айтқалы тұрған шындықтың маңыздылығы туралы ескертуден бастауға неге мәжбүр болғанын түсінесіз бе? Иеміз жер басып жүрген кезінде Құдай Патшалығы туралы ең маңызды және терең ақиқаттарды үйретті. Ол науқастарды сауықтырды, өлілерді тірілтті, адамдарды азаптаған зұлым рухтарды қуып шығарды, шәкірттерінің салықтарын төледі. Сонда Ол кететін болса, шәкірттер үшін жақсы болады деп қалай ғана айта алады? Қалай және неге? Бұл сөзін Өзі кетсе, Жұбатұшыны жібереді деп түсіндіреді.

Ойлап көріңізші, егер Иса жер бетінде қалса және біздің Онымен сөйлескіміз немесе Оған сұрақ қойғымыз келсе, біздің Тель-Авивке ұшатын ұшаққа, әуежайда таксиге отырып, Ғалилеяға бару және сонда Оны табу керек болар еді. Оны табу қиынға соқпас еді, өйткені Ол әрқашан мыңдаған адамдардың қоршауында болар еді. Бірақ сіздің мыңдаған адамдар кеткенше күтуіңіз керек болар еді және сонда ғана сіз Оған жақындай алатын едіңіз. Бірақ сонда да күту керек еді, өйткені Петір көп сөйлеп, әңгімеде үстемдік етеді. Одан басқа Зебедейдің ұлдары Жохан мен Жақып та бар. Бұлар да ең сабырлы адамдар емес, ал Иемізге көкейінде жүрген сұрақтарын қою мүмкіндігін күткен басқа да шәкірттері де бар. Осының бәріне қоса, Иса түнде алты сағаттан сегіз сағатқа дейін ұйықтап, біраз уақытын жалғыз өткізіп, андасанда жүрек жалғау сияқты жеке істерімен де айналысады.

Ал Киелі Рухтың өмірімізден орын тамаша ерекшелігі – Оған ұйқының қажеті жоқ. Сіз Онымен күннің немесе түннің кез келген уақытында сөйлесе аласыз және сөзіңізді бастаудан бұрын басқалардың Онымен сөйлесіп болғанын

күтудің қажеті жоқ. Оның назары тәуліктің кез келген мезгілінде толығымен және бөлінбестен тек сізге тиесілі. Бұл рас: ондаған мың адамдар уақыттың бір мезгілінде Киелі Рухпен өте жақын қарым-қатынаста бола алады! Оның әрқайсымызбен жеке сөйлесу мүмкіндігі бар. Бірақ мұнымен бітпейді. Біз үшін тағы бір тамаша жаңалық бар, оны Иса келесі аяттарда айтты:

Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді. Себебі Ол Өзінен шыққан сөзді емес, көктегі Әкемнен естігенін айтады және болашақта не болатынын сендерге хабарлайды. Құдай Рухы Менің ұлылығымды көрсетеді, себебі Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек. Әкемдегінің бәрі Менікі де. Сондықтан да «Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек» дедім (Жохан 16:12-15).

Бізбен Киелі Рух сөйлескенде, шын мәнінде біз Иса Мәсіх арқылы жеткізілген Құдай Иеміздің сөзін естиміз. Иә, Олардың әрқайсысының бөлек ақыл-ойы, еркі және сезімдері бар үш Тұлға болғанымен, Олар ажырамайды, Олар біртұтас. Олардың көзқарасы немесе пікірі ешқашан да әртүрлі болмайды және Оларда әрқашан да бір мақсат, ортақ жоспарлар болады. Үшбірліктің еркі – бір. Киелі Жазбада айтылған айқын мәлімдемені есте сақтаңыз: «Тыңда, Израил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай!» (Заң қайталау 6:4).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ҚАТЫНАСТЫҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ

Жазбаның жоғарыда келтірілген үзінділерінде Иса шәкірттеріне көп нәрсені ашқысы келетінін айтты, бірақ олар оны әлі ұға алмайды. Олар Құдайдың терең ұғымдарын табиғи ақыл-ойымен түсініп, сіңіре алмады.

Есіңізде болсын, Иса өлімнен қайта тірілгеннен кейін, Ол он шәкіртіне көрінді, бірақ сол сәтте араларында Тома болмады. Басқа шәкірттердің Исамен кездесіп, сөйлескендері жайлы естіген Тома былай деді: «Мен Оның қолдарынан шегелердің орнын көрмесем, саусағыммен шегелердің орнын сипап, бүйіріндегі тыртығын қолыммен ұстамасам, Оның тірілгеніне еш сенбеймін» (Жохан 20:25).

Бұдан кейін Иса барлығына көрінді. Ол дереу Томаға саусақтарын қолына тигізіп, қолдарын бүйіріне қойып, сенуін бұйырды. Сонда Тома: «Ием менің, Құдайым менің!» - деп Иемізге мойынсұнды. Исаның осыдан кейін Томаға айтқан сөзін көпке дейін түсіне алмаған едім.

Тома, сен Мені көргендіктен Маған сеніп тұрсың. Ал Мені көрмесе де сенетіндер бақытты! (Жохан 20:29).

Осы аятты оқығанымда, Иса Томаға қатал қарағандай көрінді, өйткені ол Томаның «Ием менің, Құдайым менің!» дегеніне қарамастан, оған ешқандай үміт бермеді. Алайда осы қате пайымым білместігімнен туған еді.

Кейінірек Киелі Рух Исаның айтқанын түсіндірді. Иса Томаға қатал болған жоқ. Иса Иемізді тәндік қабылдау арқылы танитын адамдардың Оны ешқашан терең біле алмайтынын, ал рух арқылы танитындардың Оны жақын біле алатынын айтты. Сондықтан да Ол соңғыларды бақытты деп айтты.

Пауыл елшіге қараңызшы. Ол басқа шәкірттер сияқты ешқашан Исамен бірге жүрмеген. Ол Исаны Киелі Рухтың аяны арқылы ғана білді. Пауыл былай деп жазды:

Бауырластар, сендерге мынаны білдіргім келеді: мен уағыздаған Ізгі хабар адам ойынан шыққан емес! Оны ешбір адамнан не қабылдаған, не үйренген емеспін, Иса Мәсіхтің тікелей білдіруімен қабылдадым. Сендер менің яһуди діні мен дәстүрлерін бұрын қалай ұстанғанымды естігенсіңдер: Құдайдың қауымын шектен тыс құдалап жүріп, құртуға тырыстым. Мен яһуди дінін ұстануда ұлтымның ішіндегі көптеген құрдастарымнан озып, ата-бабаларымыздан мирас қалған салт-дәстүрлерді қызу жақтап, қатаң ұстанушы болдым. Бірақ Құдай мені анамның құрсағында жатқанда-ақ таңдап, Өзінің зор рақымымен шақырып алды. Содан Ол маған өз қалауымен Исаның Өзінің рухани Ұлы екендігін ашып білдіріп, Ол туралы Ізгі хабарды яһудилерден басқа халықтардың арасына таратуға бұйырды. Сонда мен осы жайлы ешбір адамнан ақыл сұраған жоқпын, әрі Иерусалимге барып, менен бұрын елші болғандармен де ақылдасқан емеспін. Қайта, ешқайда соқпастан, Арабия еліне тура аттанып, сол жақтан Дамаскіге қайтып келдім (Ғал. 1:11-17).

Уақыт өте Пауыл елші Иемізбен қарым-қатынасында ешбір елші жетпеген тереңдікке жете алды. Бұл шындықты тіпті өз хаттарында Петір елші де атап өтеді:

Сүйікті бауырласымыз Пауыл да сендерге Тәңір Ие өзіне сыйлаған даналығымен осы туралы хат жазған

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

болатын. Ол бұл мәселеге тоқталып өткен барлық хаттарында да осылай дейді. Оларда бірқатар *түсінуге қиын* жерлер бар. Шынайы рухани тәлім алмаған, тұрақсыз адамдар өзге Киелі жазбаларды бұрмалағандары сияқты, бұларды да бұрмалап, қате түсіндіреді (2 Петір. 3:15,16, курсив автора).

Міне, осылай! Петір үш жарым жыл бойы Ұстаздың өзімен бірге жүрді, ал Пауыл жердегі қызметі кезінде Оны білмеді, бірақ Пауыл елші Мәсіхтің табиғаты мен Оның жолдары туралы терең түсінігін бізбен бөліседі, тіпті Петір елшінің де Пауылдың жазғандарын түгел түсінуі қиынға соғады. Неліктен? Өйткені, Петір Исаның істеген істері мен айтқан сөздері туралы естеліктерімен қоректенді және бұл оның Исамен жақынырақ қарым-қатынас деңгейіне өтуіне жол бермеді. Сондықтан Иса былай деді: «Сендерге айтарым әлі де көп, бірақ қазір оның бәрін тыңдауға төзімдерің жете қоймас. Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді».

Қарастырып отырған мәселемізді тереңірек түсінуге көмектесетін тағы бір мысал. Өтінемін, мені дұрыс түсініңіз, бұл мысалды тек тақырыпты түсіну үшін, көрнекті бейне ретінде келтіріп отырмын, оны әрекетіңізге негіз ретінде қарастырмаңыз. Бірін-бірі өмірде көрмей-ақ, интернет арқылы танысып, ғашық болған адамдарды елестетіп көріңізші. Мұндай жағдай кейінгі кезде жиілеп кетті. Және осы жұптардағы өзара тартымдылық тіпті дәстүрлі жолмен кездескен адамдардың қарым-қатынасынан да күшті махаббатқа айналуы мүмкін.

Ғаламторда туған бұл махаббаттың күші сондай, тіпті некені бұзған жағдайлар да кездеседі. Бір күні кешкі

жиналыстан кейін екі кішкентай баласын ерткен жігітті көзім шалды. Маған оның жүрегінде бір мұң бардай көрінді. Қасына барып, хал-жағдайын сұрадым.

Ол: «Әйелім интернет арқылы танысқан адамға бола мені тастап кетті» деді.

Жұбайы күйеуін ғана емес, екеуінен туған алты баласын да тастап, өмірі көрмеген ер адамға кеткен екен. Олар бір-бірін интернет желісіндегі қарым-қатынас барысында жақсы көріп қалыпты, ал сезімнің күшті болғаны сонша, ол тіпті балаларын тастап кетті.

Дегенмен, позитивке оралайық. Ұзақ бақылаудың нәтижесінде мен хат алмасу арқылы немесе алыстан ғашық болған адамдар кейде бетпе-бет кездескендерге қарағанда жақындықтың әлдеқайда терең деңгейіне жететінін байқадым. Мұның себебі, олар физикалық шекараны кесіп өтіп, бір-бірінің жан дүниесіне қол жеткізуге мүмкіндік алады. Адамдар бетпе-бет кездескенде, көбінесе сыртқы факторларға назар аударады, ал сұлулық немесе басқа сыртқы көріністер оларды соқыр етеді және басқа адамның шынайы болмысын көруге мүмкіндік бермейді.

Алдыңғы тарауда айтқанымдай, қарым-қатынастың үш деңгейі бар – вербальды қарым-қатынас, ортақ іс-әрекет арқылы қарым-қатынас және рухани қарым-қатынас. Қарым-қатынаста немесе бір-бірін білуде де үш деңгей бар. Ең төменгі деңгей физикалық немесе табиғи. Өкінішке орай, дәл осы деңгей көбінесе көпшілікті некеге итермелейді және физикалық аспекті өзінің тартымдылығын жоғалтқанда, ерлі-зайыпты екеуінің арасында бір-біріне деген басқа қызығушылықтың жоғы белгілі болады. Мұндайда ер адам көбінесе спортпен, қызметпен және т.б. хоббимен айналысып кетеді, ал әйелі дүкен аралауды, достарымен бас

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қосуды, қызмет етуді және т.б. ұнатады. Өте өкінішті жағдай.

Келесі кезекте жан деңгейі немесе жеке деңгей. Дәуітті Жонатанмен тығыз байланыстыратын деңгей – осы. Киелі Кітап былай дейді: «Дәуіт Саулмен сөйлесіп болғанда, патшазада Жонатан оны қатты ұнатып, жанындай жақсы көріп қалды» (Патшалықтар 1-жазба 18:1). Жонатан қаза болғанда, Дәуіт досын былай деп жоқтады:

«Жоқтаймын өзіңді, қайран бауырым,  
Жанымдай жақсы көрген сырлас досым!  
Мен үшін адал сүйіспеншілігің  
Махаббатынан да артық әйелдің»  
(Патшалықтар 2-жазба 1:26).

Жонатанмен қарым-қатынаста Дәуіттің ешқандай бұрмалаушылықтары болған жоқ, олардың арасында нәпсі сезімі де болған жоқ, бірақ олар жан сүйіспеншілігінің ең терең деңгейіне жетті және бұл физикалық сүйіспеншілікке қарағанда күштірек. Дәуіт мұны Жонатанның сүйіспеншілігі ол үшін әйелдің сүйіспеншілігінен де маңыздырақ екенін айтуы арқылы растады. Олардың бір-бірін танып білуі жоғары деңгейде, жан деңгейінде өтті. Қарым-қатынастың бұл деңгейі физикалық деңгейден жоғары екенін түсіну кейбір адамдардың телефон арқылы, хат алмасу немесе Интернет арқылы танысқан сүйіктісіне бола отбасын тастап кетуінің себебін түсіндіреді.

Алайда бірін-бірі танудың ең жоғарғы деңгейі – рухани деңгей. Бұл туралы Пауыл елші былай дейді:

Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа



## КИЕЛІ РУХПЕН ЖАҚЫН БОЛУ

ешкім білмейді. Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз (1 Қорынт. 2:11,12).

Пауыл елші Исаны рухани деңгейде таныды. Петір елші де Оны осы деңгейде білсе де, олар тәни кейіптегі Исамен бірге жүрген кездегі естеліктеріне жиі оралған болуы мүмкін. Осы себепті Пауыл өте айқын мәлімдеме жасайды:

Ендеше ешкімге адам тұрғысынан қарамаймыз. Бұрын біз Мәсіхке солай қарағанмен, қазір олай етпейміз (2 Қорынт. 5:16).

Құдайды жақыннан және шынайы түрде танып білгіміз келсе, Оның бізге ең үлкен жарылқауын бергенін түсінуіміз керек, бұл Оның бізге Өзін тәни кейіпте емес, Киелі Рух арқылы ашуы. Дәл солай! Сіз де мен сияқты толқуды сезінесіз деп үміттенемін. Біз қандай керемет Құдайға қызмет етеміз! Ол бізге Өзін тереңірек ашуды қалайды. Бізбен осындай жақындықты бірінші болып қалаған – Өзі. Жүрегіңіздің Иемізді танып білуге деген құштарлыққа толуын қалайсыз ба?

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Құдайдан өзіңізді көкке әкетуін сұрап дұға еткен кезіңіз болды ма? Сізді бұған қандай жағдайлар итермеледі?
2. Қауымдағы көптеген сенушілер Исаны Киелі Рухтың көмегінсіз ешкім біле алмайтынын бәрі білсе де, Киелі Рухпен жақын қарым-қатынаста болмай, Исаға жақындауға тырысады. Неліктен бұлай?

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Өзіңіздің тәжірибеңізге сүйене отырып, бұл мәлімдемені растай аласыз ба?

3. Киелі Рухпен араңыздағы тығыз қарым-қатынас туралы айтатын болсақ, Оның қатысуы сіздің жүрегіңізді Құдайдың алдында жайып салу қабілетіңізге қалай әсер етеді? Өміріңізде Құдайдан жасырғыңыз келетін нәрсе бар ма?

# ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ



Әлдененің бар екеніне сенбесеңіз, оған қол жеткізе  
алмайсыз.

**М**ен Иса Мәсіхті Құтқарушым ретінде 1979 жылы Purdue университетінде бірге оқыған курстасымның көмегімен таныдым. Құдайға бет бұрып, Иса Мәсіхті Ием деп мойындағанымда, Құдай Патшалығында қайта туылдым. Киелі Жазбада былай делінген: «Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады. Осы туралы Ишая пайғамбардың жазбасында «Оған сенімін артқан ешкім ұятқа қалмайтын болады лайым» делінген ғой» (Рим. 10:9-11).

Құтқарылғаным еш күмәнім болған жоқ. Менің жүрегім

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Бұған куә болды және Киелі Жазба да бұл шындықты растады. Дегенмен, өмірімде әлі де бірдеңе жетіспеді, бірнеше ай бойы оның не екенін түсіне алмай жүрдім. Құдайдың перзенті екеніме сенімді болсам да, Жаратқан Ие алыста тұрғандай болды. Киелі Кітапты оқығанымда, тұманның арасында жүргендей күй кештім.

Маған мәтіннің мағынасын түсіну қиынға соқты, өте мұқият оқысам да, түсінгенім аз болды. Қиындықтарды жеңуге деген қабілетім де жетіспеді. Өзімді құрбы-құрдастарымның, университеттегі курстастарымның ықпалына төтеп бере алмайтындай сезіндім, ағысқа қарсы жүзе алмайтын сияқтымын.

Уақыт өте мен Иемізге менен гөрі жақын адамдарды кездестірдім. Олар Оны әлдеқайда жақсы білетіндей, Ол туралы тамаша сөздер айтты. Қайран қалдым. Менде жоқ нәрсеге олар қалай қол жеткізді екен? Құдай оларға менің қолым жетпеген жақындықты неге берді? Оларда мен ие бола алмайтын күш пен Иеміз туралы терең түсінік бар сияқты көрінді. Содан кейін мен, Киелі Кітапты зерттей келе, Иемізбен осы уақытқа дейін басымнан өтпеген тағы бір кездесу болатынын түсіндім.

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Киелі Жазбаны оқығанымда маған не ашылғанын қарастырайық:

Бірде Иса елшілерімен дастарқан басында жиналған кезде оларға былай деп *бұйырды*:

— Иерусалимнен кетпей, Әкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

сумен болатын, ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласыңдар. — Сондықтан елшілер Исаның қасында болғанда Одан:

— Иеміз, Израил елінің патшалығын осы кезде қайта орнатасыз ба? — деп сұрады (Елшілердің істері 1:4-6, *курсив автордыкі*).

Иса сенушілерге ешқайда кетпеді, Ізгі Хабар уағыздамауды, жаңа қауым ашпауды және «Әкенің уәдесі орындалғанға» дейін Құдайдың тапсырмасын орындауға кіріспеуді бұйырды. Әкенің уәдесі деп Иеміз Киелі Рухтың шомылдыру рәсімін айтты. Исаның осы аятта қолданған «шомылдыру рәсімі» деген сөзі гректің baptizo сөзінен аударылған, ол «суға батыру, суға бату, суға толып кету» дегенді білдіреді. Олар Исаның қайта тірілгеніне сенсе де, Оны Иеміз деп мойындаған адал ізбасарлары болса да, Киелі Рухқа әлі кенелмеген еді. Осылайша Иса оларды алда Киелі Рухқа шомылу күтіп тұрғанын анық көрсетті.

Бірінші байқағаным, Киелі Рухқа кенелу – ұсыныс, ерікті таңдау немесе кеңес емес, бұл *бұйрық!* Бұйрықтар біздің жеке игілігіміз үшін, бізді қорғау үшін және бүкіл Патшалықтың игілігі үшін беріледі.

Жаратқан Иенің өсиеттеріне немқұрайлы қарауға болмайды, өйткені олар біздің де, Патшалықтың да игілігі үшін айтылған. Көктегі Әкеміздің бұйрығының қалай орындалатыны Исаның шәкірттеріне беймәлім еді. Бұл Иса көкке көтерілгеннен кейін он күннен кейін болды. Бір қызығы, Иса қайта тірілгеннен кейін бес жүз сенушіге көрінді (1 Қорынт. 15:6), бірақ көкке көтерілгеннен кейін он күннен кейін жоғарғы бөлмеде тек жүз жиырма адам қалды. Мен бес жүз адамның бәрі Әкенің уәдесінің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

орындалуын күткеніне сенімдімін, бірақ уақыт өте адамдар шыдамсыздық, күмән, сенімсіздік таныта бастады және басқа да себептермен бұрынғы адамдардың бір бөлігі ғана сонда қалды. Өкінішке орай, бес адамның төртеуі Исаның бұйрығын орындамады.

Алайда, қалғандар ауызбіршілікті сақтады, олар өз жоспарларынан бас тартқан еді. Олар Исаның сөздеріне жеңіл-желпі қарауға жол бермеді және Оның бұйрығын басқа жолмен түсіндіруге тырыспады. Ұстаз бұйырғандықтан ғана олар соңына дейін күтуге шешім қабылдады деп сенемін. Сондықтан Исаның өсиетін байыппен қабылдағандар ғана Құдайдың қасында қалды. Әрі қарай оқимыз:

Алғашқы өнім мейрамы келгенде, сенушілердің бәрі бірге болды. Сонда кенеттен көктен бір қатты жел соққандай шу естіліп, олар отырған бүкіл үйді алып кетті. Сенушілерге жалындай жалаңдаған тілдер көрінді де, бөлініп-бөлініп әрқайсысының үстіне бір-бірден қонды. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады (Елшілердің істері 2:1-4).

Бұл күн Елүінші күн мейрамы деп аталады және бұл термин Жаңа Өсиетте пайда болған жоқ, өйткені бұл Израилдағы Көне Өсиет заманынан бері келе жатқан ұлы мерекелердің бірі. Иса алдын ала айтқандай, олардың Киелі Рухқа шынымен *де кенелгеніне*, яғни, *шомылдыру* рәсімінен өткеніне назар аударыңыз. Әкенің уәдесі осылайша орындалды және бұл көрініс *бөтен тілдерде* сөйлеумен бірге жүрді.

Бүгінде кейбір адамдар үшін «бөтен тілдер» термині білімсіздіктің салдарынан әлдебір түсініксіз немесе жұмбақ

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

нәрседей көрінеді. Киелі Жазба бөтен тілдер туралы айтқанда, адамның өзі түсінбейтін тілде сөйлеуін меңзейді. Бұл терминді мен де осы мағынада қолданамын. Бұл сөз тіркесін Киелі Кітап контекстінен тыс та пайдаланамыз. Шетелдікпен ағылшын тілінде сөйлескенде, оның *ана тілі* қай тіл екенін сұраймыз. Яғни, оның бала кезінде қай тілде сөйлей бастағанын білгіміз келеді.

Көктен қатты жел соққандай шу Киелі Рухтың Ол әрқашан тұрғысы келетін ғибадатханаларға құйылуы мен түсуінен туындады. Тағы да қайталап айта кетейік, Киелі Жазбада Рухтың жел екені айтылмайды, керісінше, бұл шу Оның жер бетіне келуінің көрінісі болды.

## ҚАРАМА-ҚАРСЫ ЖОЛДАР

Осы тұста бір қызық жағдай есіме түсіп отыр. Шайтан мен оның жындары Құдайдың жолын бұрмалау үшін әрқашан Құдайға қайшы әрекеттер жасайды. Киелі Рух адамға қонғанда, оны басқа нәрсемен шатастыру мүмкін емес. Адам Киелі Рухқа кенелгенде, Оның көріністерін *көреді* немесе *естиді*.

Мұны біз Елшілердің істері кітабындағы басқа әңгімелерден де көреміз. Бірақ Киелі Рух кеткенде, ешбір көрініс те, ерекше сезім де болмайды, адам ештеңе байқамайды. Далида: «Філістірлер сені ұстауға келіп қалды, Самсон!» — деп дауыстады.

Самсон ұйқысынан ояғанда, бұрынғыдай бір бұлқынып бұғаудан босап шыға келемін деп ойлады. Ол Жаратқан Иенің өзін тастап кеткенін *білген жоқ* (Билер 16:20, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Самсон Жаратқан Иенің өзін тастап кеткенін білмеді, өйткені Құдайдың Рухы әрқашан өте тыныш кетеді. Және керісінше, жындар адамның бойына кіргенде, олар мұны өте тыныш және байқалмай жасайды, ал кетуге тұра келгенде, олар қатты дауыстап, шығып кетеді (бұл жағдайды Інжілден бірнеше рет көруге болады).

## УӘДЕ БАРЛЫҒЫМЫЗҒА БЕРІЛГЕН

Енді Елуінші күн мейрамына қайта оралайық. Содан кейін әлемнің түкпір-түкпірінен яһудилер мерекеге Иерусалимге келді. Қатты желдің дыбысын естілгенде, қалың жұрт шәкірттер жиналған жерге қарай ұмтылды. Сауатсыз шәкірттердің Құдайдың ғажайып істері туралы өз тілдерінде және диалектілерінде айтқанына халық таң қалды. Таңданған тыңдаушылар: «Не болып жатыр?» деп бірінен-бірі сұрасты.

Петір олардың таңданысы мен қызығушылығын пайдаланып, жиналған халыққа Исаны уағыздау үшін орнынан тұрды. Сөзінің соңында ол:

Осы Исаны Құдай қайта тірілтіп алды, біз бәріміз соған куәміз! Иса Құдайдың құдіретімен көкке көтеріліп, Әкеден уәделі Киелі Рухты алған соң, Оны біздің үстімізге құйып сыйлады. *Мұны өздерің естіп және көріп тұрсыңдар (Елшілердің істері 2:32,33, курсив автордыкі).*

Елші Киелі Рух жайлы уәденің орындалуын көруге және естуге болатынын айтқанына назар аударыңыз. «Көру және есту» деп дауыстап айтыңыз. Келесі аяттарды түсіну үшін мұны есте ұстағанымыз өте маңызды.



## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Петір оларға былай деп жауап берді:

— Әрқайсың күнәларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіңдер! Сонда сендер Құдайдың сыйын — Оның Киелі Рұхын қабылдайсыңдар. Себебі бұл уәде сендерге, балаларыңа және алыстағылардың бәріне: Құдайымыз — *Жаратқан Ие шақыратын барлығына да арналған* (Елшілердің істері 2:38,39, *курсив автордыкі*).

Назар аударыңыз, сол күні орындалған, орындалуын күллі халық көрген және естіген Құдайдың уәдесі — *Құдайымыз Жаратқан Ие кімді шақырса да, алыстағылардың бәріне тиесілі*. Яғни, жоғарғы бөлмеде жиналған шәкірттер қабылдаған Киелі Рух Жаратқан Ие шақырғандардың барлығына уәде етілген және бұл санға сіз де, мен де кіреміз!

Енді мен Жаңа Өсиетте Киелі Рухты қабылдаған адамдар туралы айтатын барлық аяттарды сізбен бірге шұғыл түрде қарастырмақпын. Бізде тағы төрт жағдайдың сипаттамасы бар. Бірақ екі нәрсеге баса назар аударыңыз. Біріншіден, біреуінен басқа барлық жағдайда бұл Иса Мәсіхті Ием деп қабылдаудан бөлек оқиға болды. Екіншіден, әрбір жағдайда жақын жерде тұрған куәгерлер Киелі Рухты адамдардың қабылдауының сыртқы көріністерін көріп, ести алды.

## САМАРИЯ

Філіп Самарияның бір қаласына барып, Иса туралы Ізгі Хабарды жариялады. Оны тыңдауға көп адам келді. Адамдар таңғажайып кереметтердің куәсі болды, «өйткені көп кісілердің буып жүрген жындылары қатты айқайлап бойларынан шығып кетті, әрі көптеген сал, мүгедек

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

болғандар сауықтырылды» (Елшілердің істері 8:7). Уағыздың нәтижесі күшті болды және қала тұрғындары жаппай қуанышқа бөленді, бұл туралы былай жазылған:

Ал енді Філіп Құдайдың Патшалығы және Исаның Мәсіх екендігі туралы Ізгі хабарды жариялағанда, олар соған сенді. Көптеген ер адамдар мен әйелдер (Мәсіхтің жолына түсіп) шомылдыру рәсімінен өтті. Шимонның өзі де сеніп, осы рәсімнен өтіп, Філіптен бір елі қалмай қойды... (Елшілердің істері 8:12,13).

Адамдар Иса Мәсіх туралы Ізгі Хабарға сеніп, суға шомылдыру рәсімінен өтті. Енді, Киелі Жазбаға сәйкес, олар Құдай Патшалығында қайтадан дүниеге келді. Бірақ әрі қарай былай делінген:

Иерусалимдегі елшілер «Самарияның халқы Құдайдың Ізгі хабарын қабыл алды» дегенді естігенде, оларға Петір мен Жоханды жіберді. Екеуі келген соң, Киелі Рухты қабылдасын деп солар үшін сиынып мінажат етті. Себебі Киелі Рух әлі олардың ешқайсысына қонбаған еді. Олар тек Иеміз Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткен болатын (Елшілердің істері 8:14-16).

Мұнда біз олардың Құдай Патшалығында дүниеге келгенінің тағы бір дәлелін көреміз. Бұл «олардың Иеміз Исаның атымен шомылдыру рәсімінен өткені» фактісімен расталады. Олардың қараңғылық патшалығынан құтылып, қазір Құдайдың отбасына кіргеніне күмән жоқ. Бірақ олар сенуші болып қайта туылғанымен, Киелі Рухқа шомылдыру рәсімінен әлі өтпеген еді.

Сіз олардың қалай құтқарылғанын сұрай аласыз, өйткені

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Жазбада былай делінген: Сондықтан сендерге айтамын: Құдайдың Рухына кенелген ешбір адам «Исаны қарғыс атсын» дей алмайды, әрі Киелі Рухтың жетелеуінсіз ешкім де «Иса — Жаратқан Ие» деп шын жүректен мойындай алмайды (1 Қорынт. 12:3). Киелі Рухтың көмегінсіз Исаны Иеміз деп мойындай алмайтынымыз рас, бірақ бұл Рухқа толы болудан (Киелі Рухқа кенелуден) түбегейлі ерекшеленеді. Құдайға бет бұрған сәтімізде Киелі Рух бізді тазартып, қасиетті етеді, бойымызға кіріп, өмірімізден орын алады да, ішімізде өмір сүре бастайды (Пет. 1-хат 1:2; Ефес. 1:13; Рим. 8:9-11 қараңыз), бірақ біз Әкеден Исаның атынан сұрамайынша, Оның құзырына толмаймыз, яғни, Киелі Рухқа кенелмейміз. Өйткені Киелі Жазба былай дейді:

Сонымен, өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын сыйлайтыны ешбір шүбәсіз! (Лұқа 11:13).

Осы аятқа қарағанда, бұл уәде Көктегі Әкенің перзенті болған адамдарға арналған. Иса кейінірек шындықты білдіретін Рухты «дүние қабылдай алмайды» деді (Жохан 14:17). Исаның сөздерінен бұл оқиға Құдай Патшалығындағы жаңадан туылудан бөлек нәрсе екенін көреміз. Самариядағы адамдарға қайта оралайық.

Екі елші олардың үстеріне қолдарын қойғанда, самариялық сенушілер де Киелі Рухты қабылдады. Шимон елшілердің алақан тигізуі арқылы адамдарға Киелі Рух берілгенін *байқағанда* оларға ақша ұсынып: — Маған да осындай билік беріңдерші, үстіне

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қолымды қойған әркім Киелі Рухты қабылдап жүрсін,  
— деді (Елшілердің істері 8:17-19, *курсив автордыкі*).

Бұл сенушілер құтқарылғаннан кейін Киелі Рухты қабылдады. Сол адамдардың бөтен тілде сөйлей бастағаны нақты айтылған. Алайда Шимон неге елшілерге ақша ұсынды? Киелі Жазбада оның адамдардың Киелі Рухты қабылдағанын көргені айтылған. Мұның айқын және анық дәлелдері болды және бұл дәлел – бөтен тілдерде сөйлеу еді, Жаңа Өсиетте жазылған басқа жағдайларда да сенушілер Киелі Рухқа кенелгенде дәл солай болды. Самариядағы оқиғалардың осы Киелі Кітапта баяндалуын зерттей отырып, біз, біріншіден, Киелі Рухқа кенелу Мәсікке келуден басқа, өз алдына бөлек оқиға екенін көреміз, екіншіден, жақын жерде тұрған адамдар бұл оқиғаның сыртқы айғақтарын көрді.

## ЕФЕС

Пауыл елші мен оның серіктері Ефес қаласына келіп, сол жерден бірнеше шәкірт тапты. Елші оларға әуелі мына сұрақты қойды:

Сендер сенген кезде Киелі Рухты қабылдадыңдар ма?  
(Елшілердің істері 19:2).

Бұл сұрақты енді ғана Құдайға бет бұрған адамдарға да қоюымыз керек. Біз сенушілердің Иемізбен жақын қарым-қатынасыз және Иса туралы куәлік етуге мүмкіндігін беретін күшсіз бір сағат болса да өмір сүруіне жол бере алмаймыз (Елшілердің істері 1:8 қараңыз).

Бұл Ефестік шәкірттер Киелі Рух туралы естімеген, олар тек шомылдыру рәсімін жасаушы Жақия арқылы суға

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

шомылдыру рәсімінен өткен. Сондықтан Пауыл мен оның серіктері оларға Иса Мәсіх арқылы келетін құтқарылу туралы айтып берді. Әрі қарай оқимыз:

Мұны естігенде, олар Иеміз Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өтті (Елшілердің істері 19:5).

Енді, Киелі Жазбаға сәйкес, олар Құдай Патшалығында қайта туылды, өйткені олар Исаны мойындап, суға шомылдыру рәсімінен өтті. Бұдан әрі мынаны табамыз:

Пауыл үстеріне қолын қойғанда, оларға Киелі Рух қонды; содан бұлар бөтен тілдерде сөйлеп, Құдайдың хабарларын жеткізе бастады (Елшілердің істері 19:6).

Міне, олар Киелі Рухқа кенелген сәтте бөтен тілдерде сөйлеп, пайғамбарлық сөз айта бастады, және жақын жерде тұрған адамдар Киелі Рухқа шомылдыру рәсімінен өткен сенушілерден Әкенің уәдесінің көріністерін көріп, естіді.

Пайғамбарлық – Құдайдың Рухынан сөйлеу. Петір Елуінші күн мейрамында мыңдаған адамдарды Құдай Патшалығына әкелген керемет хабарды жеткізген кезде пайғамбарлық сөз айтты. Ол Құдай Сөзін ешқандай алдын ала дайындықсыз уағыздады. Бұл Құдайдан келген шабытпен жарияланған сөз еді. Ефестегі әлгі адамдар Киелі Рухқа кенелгенге дейін Құдайдың жолдары туралы аз білетін еді, ал енді, Киелі Рухқа толғаннан кейін, олар Рухтың жетелеуімен Құдай Сөзін айта алатын болды.

Құдайдың Рухына кенелген әрбір адам да солай. *Ұстазымыздың* Өзі өмірімізден орын алады, енді Құдайдың барлық ойлары бізге айқынырақ болады. Рухпен шомылдыру рәсімінен өткенге дейін мен үшін Құдай Сөзі және Оның жолдары бұлыңғыр болды. Бірақ Киелі Рухқа шомылдыру

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

рәсімінен өткеннен кейін бәрі өзгерді. Киелі Кітап маған жеке деңгейде ашылды. Бірнеше жыл бойы сенуші болған, бірақ Киелі Рухқа шомылдыру рәсімінен өтпеген адамдардың Киелі Рухқа кенелгеннен кейін: «Көптеген сұрақтарым бар еді, ал қазір барлық сұрақтарымның жауабы бар», және де: «Киелі Кітап мен үшін түсінікті кітап болды» дегенін талай рет естідім.

Осы куәліктермен қатар, жоғарыдан туылған, бірақ Киелі Рухқа кенелмеген Киелі Кітап зерттеушілерінің пікірін де естігенім бар. Олар өздері үш есе көп діни білім алса да, Киелі Рухқа кенелген сенушілердің Киелі Кітапты түсінуіне қайран қалады. Осындай мәлімдемелерді естігенімде, былай деймін:

«Әлбетте, солай болады. Өйткені, Рухқа кенелмеген сенушілер Киелі Рухтың толық нұрына ие емес». Бірақ Киелі Рухпен шомылдыру рәсімі Құдайдың кез келген перзентіне қолжетімді, өйткені Киелі Рух Исаның атын шақыратындардың бәріне уәде етілген! Құдай бізге өте мейірімді!

Сонымен, Самариядағы адамдармен бірге Ефестегі сенушілердің Құдай Рухын қабылдауы Мәсіхке келуден өзге, ерекше оқиға болды және бұл жағдайда сол жерде тұрған адамдар да бұл оқиғаның сыртқы көріністеріне куә болды.

## ПАУЫЛ ЕЛШІ

Елшілердің істері кітабының тоғызыншы тарауында біз Пауыл деп білетін Саул сенушілерді қудалау ниетімен Дамаскіге бара жатты. Кенет ол көктен түскен көз қарықтырар нұрды көрді де, жерге құлап түсті, ол

«Саул, Саул! Неге Мені қудалайсың?» – деген дауысты естіді. Саул:

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

- Сен кімсің, Ием? — деп сұрады. Ол:  
— Мен сен құдалап жүрген Исамын! Орныңнан тұр да, қалаға бар! Не істеуге тиіс екенің саған сол жерде айтылады! — деді.

Саулдың сол сәтте қайта туылғанына сенемін. Менің сенімім екі дәлелге негізделген. Біріншіден, Иеміз Иса екенін айтып, Өзін таныстырғаннан кейін, Саул Оны «Ием» деп мойындады. Екіншіден, Саул үш күн ораза ұстап, дұға етті, содан кейін Анани оған келіп:

*Бауырым Саул, саған жолшыбай келе жатқанда аян берген Иеміз Исаның Өзі көзің қайтадан көрсін, сен Киелі Рухқа кенелсін деп мені жіберді, — деді (Елшілердің істері 9:17, курсив автордыкі).*

Бауырым деген сөзге назар аударыңыз. Саул Иса Мәсіхке сенді және Оны Иеміз деп мойындады, содан кейін ол үш күн бойы дұға етті. Ол қайта туылғаннан кейін Анани Саулдың Киелі Рухқа кенелуі үшін дұға етті.

Саул бөтен тілдерде сөйледі деп айтылмайды. Алайда, кейін өзі Қорынттықтарға жазған бірінші хатында бұл туралы анық айтады: «Мен өзім бөтен тілде сендердің әрқайсыңнан да көбірек сөйлеймін, бұл үшін Құдайыма шүкірлік етемін» (1 Қорынт. 14:18). Ол бөтен тілдерде қашан сөйлей бастады? Анани үстіне қолын қойып, ол үшін дұға еткенде (Елшілердің істері 9:17-ні қараңыз).

## КОРНЕЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮЙІНДЕГІЛЕР

Сол күндері Рим офицері Корнел өмір сүрді. Ол отбасымен және достарымен бірге қайта туылған, басқа ұлттан шыққан

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

алғашқы адам болды. Корнел жиі-жиі ораза ұстап, дұға ететін, бір күні оның алдына бір періште пайда болып, оған Петірді шақыруды бұйырды.

Бірнеше күннен кейін Петір елші Корнелдің үйіне келді. Үй иесі оны туған-туыстары мен достарын жинап, қарсы алды. Барлығы Петірдің сөзін тыңдауға дайын отыр екен. Петір оларға Исаны уағыздай бастады.

Петір осы сөздерді әлі айтып тұрған кезде, Ізгі хабарды тыңдап тұрғандардың бәріне Киелі Рух қонды. Петірмен бірге келген сенуші яһудилер Құдайдың басқа ұлт адамдарының да үстіне Өзінің Киелі Рухын құйып сыйлағандығына қатты таң қалды. Себебі олар солардың түрлі тілдерде сөйлеп, Құдайды мадақтап тұрғандарын естіді (Елшілердің істері 10:44-46).

Яһудилер басқа ұлт өкілдерімен діни, тіпті әлеуметтік тақырыптарда сөйлеспейтін. Израил халқынан тыс адамдар Құдайдың Келісімдерінде берген уәделерінен шет қалған, олар Құдайды танымай, үмітсіз өмір кешіп жүр деп есептейтін (Ефес. 2:12). Осылайша Корнелдің үйінде болған оқиғаның бәрі Петірмен бірге келген яһудилерді қайран қалдырды. Олар басқа ұлт өкілдерінің құтқарылып, Киелі Рухты қабылдағанына қайран қалды.

Бұл оқиға – адамдардың бір мезгілде құтқарылған және Киелі Рухқа шомылдыру рәсімінен өткен Киелі Кітаптағы жалғыз мысал. Меніңше, Құдайдың осылай істеуінің себебі мынада: Ол яһудилердің Корнел мен оның жақындарының Киелі Рухқа кенелуі үшін дұға етпейтінін білген, өйткені, олар өзге ұлт өкілдерінің құтқарыла алатынына сенбейді. Бұл пікіріммен келіспеуіңіз мүмкін, әрине, алайда, өзім осылай болғанына сенемін.



## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Адам Исаны Ием деп қабылдап, қайта туылғанда, бұл оқиғаның көзге көрінетін ешбір айғағы болмайды ғой. Сондықтан, Корнел мен оның үйіне жиналғандар Ізгі Хабарға сеніп, Исаны Иеміз деп мойындаса да, олардың құтқарылатынына яһудилер бәрібір сенбес еді.

Алайда Құдай оларды Киелі Рухқа шомылдырып, олар да Киелі Рухқа шомылдыру рәсімінен өткен яһудилер тәрізді бөтен тілдерде сөйлей бастағанда, яһудилер Құдайдың өзге ұлттарға да Өзінің құтқаруын бергенін бұдан былай жоққа шығара алмады.

Бұл оқиға Киелі Рухқа кенелудің айғағы басқа тілдерде сөйлеу екенін еш күмәнсіз көрсетеді. Осы аят Киелі Кітаптың басқа аудармасында «Киелі Рухтың сыйы басқа ұлттарға да төгілді» деп жазылған. Енді яһудилерде еш күмән қалмады, себебі, олар «солардың түрлі тілдерде сөйлеп, Құдайды мадақтап тұрғандарын естіді» (Елшілердің істері 10:45,46). Олар Әкенің уәдесінің орындалғанын көрді және естіді

## БӨТЕН ТІЛДЕРДЕ СӨЙЛЕУ ТОҚТАЙДЫ

Сіз: «Иә, мұның бәрі ертедегі шәкірттердің заманында болды, бірақ Киелі Кітапта жетілгендік келгенде, тілдер үнсіз қалады деп айтылмайды ма?» дейтін шығарсыз. Иә, солай деп жазылғаны рас. Бірақ жетілгендік келді ме? Кейбіреулер: қазіргі заманда бізде кемел әрі мінсіз Киелі Кітап бар, бізге бөтен тілдің қажеті жоқ деп қарсылық білдіруі мүмкін. Бұл түсіндірменің дұрыс-бұрыстығын білу үшін Киелі Жазбаға назар аударайық. Пауыл елші былай деп жазады:

Сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды.  
Құдайдың хабарын жеткізу тоқталар,  
*Бөтен тілдерде сөйлеу де сарқылар,*

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Білім дарыны да кейін доғарылар.  
Себебі біздің біліміміз жетіспейді,  
Құдайдың хабарын жеткізуіміз шектеулі,  
Алайда жетілгендік келген кезде  
Шектеулінің барлығы да бітеді  
(1 Қорынт. 13:8-10, *курсив автордыкі*).

Біріншіден, жетілгендік (кемелдік) келгенде, бөтен тілде сөйлеу тыйылып қана қоймайды, сонымен қатар білім (дәлірек айтқанда, *ашылған* білім) жойылады. Бірақ, өзіміз білетіндей, ол уақыт әлі келген жоқ. Ендеше, жетілгендіктің нақты қай уақытта келетінін білу үшін әрі қарай оқиық.

Сол сияқты, біздің қазір көргеніміз  
Айнадағы көмескі бейне іспетті,  
Ал *болашақта* бетпе-бет анық көреміз.  
Қазіргі білетінім тек қана шектеулі,  
Ал Құдайдың мені толық білетіні секілді,  
Бәрін де толықтай білемін *сол кезде*  
(1 Қорынт. 13:12, *курсив автордыкі*).

Назар аударыңыз, автор «болашақта» және «сол кезде» деп, алдағы *уақытты* екі рет айтқан. Автордың нұсқап тұрғаны – жетілгендіктің (кемелдіктің) келетін уақыты. Бұл уақыттың екі ерекшелігі бар. Біріншіден, біз Иемізді бетпе-бет анық көреміз. Қазір Исаны бетпе-бет көріп тұрсыз ба? Оның қайта тірілген денесін көресіз бе, оның жалындаған жалындай көздерін, ақ толқындай аппақ шаштарын көресіз бе? Оның құдіретті салтанаты мен күндей жарқыраған нұрлы жүзін көресіз бе? Екінші ерекшелік – «Құдайдың мені толық білетіні секілді, бәрін де толықтай білемін сол кезде». Ол сізді танитындай сіз де Оны жақсы білесіз бе?

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Бұл сұрақтардың жауабы, әрине, «жоқ». Пауыл елші біздің даңқты денелерімізде Иемізбен бірге болатын уақыт туралы айтады. Міне, сол кезде кемелділік келеді.

Сондықтан, кемелділік келгенше, бөтен тілдерде сөйлеу тоқтамайды. Келесі тарауларда мен сізге бөтен тілдердің негізгі мақсаттарының бірі бізді Құдайға жақындату екенін көрсетемін!

## БӨТЕН ТІЛДЕ БӘРІ СӨЙЛЕДІ МЕ?

Сондай-ақ бізге мына сұрақ қойылуы мүмкін: «Мен бөтен тілдердің бар екеніне сенемін, алайда, бұл сыйды сенушілердің барлығы бірдей қабылдай алмайды, өйткені Киелі Жазбада да: «Бәрі де бөтен тілдерде сөйлеп ... жүр ме?» деген сұрақ бар және бұл сұрақтың жауабы: «жоқ»». Бірақ мұнда да көптеген сенушілерді Әкенің уәдесінен айырған осы күмәнмен күресу үшін, біз ең алдымен мынаны анықтап алғанымыз жөн: Жаңа Өсиет бөтен тілдердің төрт түрлі санаты жайлы айтады. Оның екеуі басқаларға қызмет ету үшін, және екеуі Құдаймен жеке қарым-қатынас үшін берілген. *«Перзенттерінің бөтен тілде сөйлеуін Құдай Әке қалайды ма?»* деген сұраққа түсінікті жауап беру үшін осылардың әрқайсысын қысқаша қарастыруымыз керек.

## БӨТЕН ТІЛДЕР – СЕНБЕУШІЛЕР ҮШІН БЕЛГІ

Бөтен тілдердің бірінші санаты *көпшілікке* қызмет етуге арналған. *Көпшілікке* қызмет ету дегеніміз – басқа адамға немесе адамдар тобына қызмет көрсету. Пауыл елші бұл туралы былай деп жазады:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Сонымен, бөтен тілде сөйлеу сенушілерге емес, сенбейтіндерге Құдайдың құдіретін көрсетеді. Ал Оның хабарын жеткізу сенбейтіндерге емес, сенушілерге көмектесу үшін берілді (1 Қорынт. 14:22).

Бұл тілдер Киелі Рух біздің түсінігіміз, біліміміз, қабілетіміз бен ақыл-парасатымыздың шегінен шығып, Жер бетінде бар және біз бұрын ешқашан үйренбеген немесе білмеген басқа тілде сөйлеу мүмкіндігін бергенде қолданылады. Бұл тіл Киелі Рухтың қалауымен берілген, мұндай тілде өздігімізден сөйлеп кете алмаймыз. Көбінесе біз бұл тілде сөйлейтінімізді білмейміз. Біз басқа тілдерде сөйлейтінімізді түсінеміз, бірақ біз жер бетінде бар, нақты тілде сөйлейтінімізді түсінбейміз.

Бір мысал келтірейін. Мен жақында Колорадодағы үлкен қауымда уағыздадым. Біздің қауымымыздың бір қызметкері осы жиналыста соңғы қатарда отырды. Бұл әйел көп уақытын дұға мен шапағатқа арнайды, содан кейін ол кенеттен уағыз кезінде Жаратқан Ие оны мен үшін дұға етуге итермелеп жатқанын сезді. Сондықтан, қызмет барысында ол бәсең дауыспен өзі білмейтін бөтен тілде дұға етті (мен ол туралы жақын арада айтамын). Қызметтен кейін оның алдында отырған джентльмен оған бұрылып: «Сен французша өте жақсы әрі таза сөйлейсің» деді. Әлгі әйел француз тілін білмейтінін айтты.

Сонда бұл кісі таң қалып, оған: «Мен француз тілінің мұғалімімін, сен бүкіл қызмет барысында уағызшы үшін мінсіз француз тілінде дұға еттің! Мінәжат етіп отырып, Киелі Жазбадан үзінді келтірдің, ал сен Киелі Кітаптан үзінді келтіргеннен кейін бірден уағызшы адамдардан Киелі Кітапты ашып, сен айтып отырған үзіндіні оқуды сұрады!»

Бұл кісінің қайран қалғанын, біздің қызметкердің де толқып кеткенін айтпасақ та болады. Бұл менің уағызымның

шынымен Құдайдан келген Сөз екеніне көз жеткізген әлгі адам үшін белгі болды.

Елуінші күн мейрамында Иерусалимнің қонақтары мен тұрғындары дәл осы тілдерді естіді. Киелі Жазба былай дейді:

Сол кезде в Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген, Құдайды қастерлейтін яһудилер тұратын. Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлеп тұрғанын естіді. Халық қатты таңғалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалиеялықтар емес пе? — десті. — Бұл қалайша болып тұр: біз әрқайсымыз бұлардың өз тілдерімізде сөйлегенін естіп тұрмыз?! Арамызда парттар, мидиялықтар және еламдықтар бар, Месопотамия, Яһудея және Қападокияда, Понтус пен Азия, Фругия мен Памфүлия аймақтарында, Мысырда және Либияның Күренеге жақын өлкелерінде тұратындар бар; арамызда Римнен келген қонақтар — яһудилер және яһуди дініне кіргендер, сондай-ақ, криттіктер мен арабтар да бар. Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз!» (Елшілердің істері 2:5-11).

Тілдердің бұл категориясы сенбеушілер үшін белгі екеніне тағы да көз жеткіздік. Бұл тілде сөйлеу жоғарыдағы мысалдағы француз тілі мұғалімі үшін белгі болды, ал біздің Киелі Жазбадағы үзіндіде бөтен тілдер Иерусалимге әлемнің түкпір-түкпірінен келген көптеген білімді адамдар үшін белгі болды. Бұл белгі олардың назарын аударып, Құдай Сөзіне жүректерін ашты.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Мен сенушілердің Құдайдың Сөзін адамдарға солардың ана тілінде айтып жеткізгені туралы сансыз көп әңгімелер естідім, олар ешқашан үйренбеген немесе білмеген тілдер. Мұндай белгі Құдайдың сүйіспеншілігі туралы хабарды растайды. Осындай жағдайдың әрқайсысын керемет қызмет деп атауға болады, ол осы ғажап белгінің жемісі болып табылады.

## ТҮСІНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ТІЛДЕР

Тілдердің екінші санаты да көпшілікке қызмет етуге арналған. Бұл аспан тілдері, жер бетінде оларға ұқсайтын тілдер жоқ. Дәл осындай сипаттама біз қарастырып отырған тілдердің барлық басқа санаттарына да тән.

Сіз көкте бірнеше тіл немесе диалект бар екеніне күмәнданатын шығарсыз. Бұл мүмкіндікті қарастырайық: Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға айтқандарын жақсылап тыңдап алсын! Жеңіп шыққан әркімді Мен «жасырылған маннамен» тамақтандырамын. Оған алған кісіден басқа ешкім де білмейтін жаңа есім ойып жазылған бір ақ тасты да сыйлаймын (Аян 2:17). Сонымен қатар, Исаның Өзі туралы: «Атқа мінгеннің көздері оттай жалындап, басына киген әлденеше патшалық тәждері болды. Оның киімінде Өзінен басқа ешкім де мағынасын біле алмайтын бір Есім жазылған еді» (Аян 19:12). Сондықтан, бұл есімдерді ешкім білмесе, демек, көкте әртүрлі тілдер бар.

Екінші санаттағы тілдер (аспан тілдері) Қорынттықтарға 1-хаттың он екінші тарауында келтірілген Киелі Рух сыйларының тоғыз тобының бірі болып табылады. Онда мыналар жазылған:

...келесіге түрлі бөтен тілдерде сөйлеуді, ал тағы біреуге соларды түсіндіруді сыйлайды (1 Қорынт. 12:10).

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Бұл тілдер аударма үшін емес, түсіндіру үшін берілгенін ескеріңіз. Неліктен? Өйткені, бұл біздің әлемде ешкім білмейтін көктегі тілдер.

Сингапурда өткен бір жиналыс есімде. Осы елдегі үлкен қауымда қызмет етуге шақыру алдым. Бұл менің Сингапурға барған алғашқы сапарларымның бірі болатын. Әдемі мадақтау мен ғибадат әндерінен кейін кең залда уағыз айтуым үшін сахнаға шыққанымша тыныштық орнады. Кенет бір адам аспан тілінде дауыстап сөйлей бастады. Даусы қатты шығып, анық сөйлегені сонша, микрофон қажет емес. Ол кісіге осы үлкен жиында балконнан орын тиген екен, сол жерде тұрып сөйледі. Бірақ оның дауысынан әр адам таңғажайып айқындық пен құдіретті естіді. Оның дауысын аспанның өзі күшейтіп жібергендей болды.

Сол кісі сөйлеп тұрғанда, менің жан дүнием зор қуанышқа бөленді, терең құрметпен тыңдадым. Бір тал шашыма дейін бүкіл денем қатып қалғандай, жүрегім қасиетті эйфорияда соғып тұрғандай болды. Әлгі кісі сөйлеп болған кезде, түсіндіру келді және сол тіл арқылы берілген Жаратқан Иенің Сөзі мен оның түсіндірмесі менің айтпақ болғаныммен дәл келді. Қайран қалдым. Құдай маған ғана емес, бүкіл қауымға менің сол кештегі уағызымның толығымен Оның еркіне сай болғанын растады.

Түсіндіруі бар бұл тілдер пайғамбарлыққа өте ұқсас. Сондықтан Пауыл: «Мен сендердің бәріңнің де бөтен тілдерде сөйлегендеріңді, бірақ одан гөрі Құдайдың хабарын уағыздағандарыңды қалар едім. Сол жерде бөтен тілде айтылғандарды түсіндіріп, осылай қауымның нығаюына көмегін тигізетін біреу болмаса, онда бөтен тілде сөйлейтіннен гөрі Құдайдың хабарын жеткізушінің пайдасы әлдеқайда зор» (1 Қорынт. 14:5). Бұл аяттан сіз бұл тілдердің қауымда қызмет ету үшін берілгенін көресіз. Пауыл елші:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

«Бәрі де бөтен тілдерде сөйлеп ... жүр ме?» деп жазғанда, бөтен тілдердің осы санатын айтқан еді. Енді өзіміздің үзіндіні контексте оқиық:

Құдай қауымда кейбіреулерді, біріншіден, елшілер, екіншіден, Өзінің хабарын жеткізушілер, үшіншіден, тәлім берушілер етіп қойды; Ол, сондай-ақ, кейбіреулерге кереметтер жасайтын құдірет, әрі ауруларды сауықтыратын, көмек көрсететін, ұйымдастырып басқаратын және түрлі бөтен тілдерде сөйлейтін дарындар да сыйлады. Бәрі бірдей елші, Құдайдың хабарын жеткізуші, тәлім беруші немесе керемет істер жасаушы ма? Барлығының ауруларды сауықтыратын дарыны бар ма? Бәрі де бөтен тілдерде сөйлеп, немесе айтылғандарды түсіндіріп жүр ме? Жоқ (1 Қорынт. 12:28-30).

Құдайдың қауымға берген сыйлары туралы Пауылдың не айтқанын байқадыңыз ба? Әрине, бәрі де елші, пайғамбар немесе ұстаз емес. *Барлық адам бағушы емес, барлығында да керемет істер жасау дарыны мен ауруларды сауықтыратын дарын бар деп те айта алмаймыз.* Бөтен тілдерде сөйлеу және көктегі тілдерді түсіндіру сияқты қызмет ету қабілеті барлығында бірдей бола бермейді. Неліктен? Бұл сұрақтың жауабын келесі үзіндіден табуға болады:

Сонымен, *[белгі ретінде берілген]* бөтен тілде сөйлеу сенушілерге емес, сенбейтіндерге Құдайдың құдіретін көрсетеді. Ал Оның хабарын жеткізу сенбейтіндерге емес, сенушілерге көмектесу үшін берілді. Мысалы, егер бүкіл қауым бас қосып, бәрі *[түсіндіруге арналған]* бөтен тілдерде сөйлегенде, мұны ұғынбайтындар



## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

немесе сенбейтіндер сол жерге келсе, олар сендерді естері ауысыпты демей ме? (1 Қорынт. 14:22,23, *курсив автордыкі*).

Сұрағымызға жауап бермес бұрын, бұл аяттар көпшілікке қызмет үшін берілген осы екі тілдің арасындағы айырмашылықты анық көрсететінін айта кетейін. Біріншіден, Пауыл елші бөтен тілдердің сенбейтіндер үшін белгі екенін жазған. Ол жер бетінде бар, біз ешқашан үйренбеген, сондықтан білмейтін тілдерді білдіреді. Өзі сондай тілде сөйлейтін сенбеуші, сенушінің өзі білмейтін тілде Құдайдың араласуымен ғана сөйлей алатынын түсінеді. Демек, мұндай тіл сенбеуші үшін белгі.

Содан кейін Пауыл бүкіл қауымның жиналып, бір уақытта басқа тілдерде сөйлеуі туралы айтады. Бұл жолы көктегі тілдер туралы сөз болып отырғаны даусыз. Мұны білетін себебім, Елуінші күн мейрамында барлық шәкірттер жер бетіндегі әртүрлі тілдерде сөйлеп, Құдайдың ұлы істері туралы айтты. Бұл тілдерді түсіндірудің қажеті жоқ еді, өйткені бұл тілдерді білетін сенбеушілер шәкірттердің не туралы айтып жатқанын түсінді. Алайда, бұл аятта Пауыл қауымда түсіндіруді қажет ететін көктегі тілдерде сөйлеуді меңзеп отыр. Әйтпесе, ешкім түсінбейді. Көріп отырғаныңыздай, бөтен тілде бәріміздің жаппай сөйлегеніміз қажет емес, әйтпесе сенбейтіндер немесе не болып жатқанын түсінбейтін адамдар бізді жыңды болып кетті деп ойлайды.

Еңдеше, көпшілік қате түсінетін «Бәрі де бөтен тілдерде сөйлеп ... жүр ме?» деген сұраққа жауап беру өте оңай. Құдай қызмет ету дарындарын қауымдағы кейбір адамдарға ғана береді, өйткені әрбір сенушінің осы дарындарда

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

әрекет еткені қажет емес. Дегенмен, жеке қарым-қатынасқа келгенде, Ол перзенттерінің бәріне бірдей қарайды және қайталап айтамын, Ол әрқайсымызға Әкемізбен жеке қарым-қатынасымыз үшін қажет нәрсенің бәрін жомарттықпен береді. Бөтен тілдердің келесі екі тобы бізге Құдаймен жеке қарым-қатынаста болу үшін қажет.

## ЖЕКЕ ДҰҒА ЕТУ ТІЛДЕРІ

Бөтен тілдердің келесі екі санаты жеке дұғалар үшін беріледі және Әке оларды осы мүмкіндікке сенетін әрбір мәсіхшіге береді. Оның дәлелін мына аяттардан көреміз:

Егер Оған бөтен тілде сиынсам, онда рухым сиынғанмен, ақыл-санам бұған қатыса алмайды. Сонда не істеуіміз керек? Мен рухыммен де, санаммен де Құдайға сиынамын, рухыммен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын (1 Қорынт. 14:14,15).

Назар аударыңыз, Пауыл бұл тілдерді қауым қызметі үшін емес, жеке дұғада қолдану туралы арнайы айтып отыр. Сол тарауда былай деп жазылған: «Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен құпияларды айтады»(1 Қорынт. 14:2). Біз көпшілікке қызмет етуге арналған екі тілдің бірінде сөйлегенімізде, сенбейтіндермен (белгі ретіндегі тілдер) немесе қауыммен (түсіндірме тілдері) сөйлесеміз. Бірақ бөтен тілде жеке дұға еткенімізде, адамдарға емес, Құдайға жүгінеміз. Айырмашылықты көріп тұрсыз ба?

Жоғарыдағы аятта Пауыл жеке дұғаның екі түрі жайлы айтады. Бір нұсқа менің түсінуім үшін, ал мен үшін бұл ағылшын тіліндегі дұға. Екінші нұсқа – менің рухым Киелі Рухтың жете-

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

леуімен дұға еткенде, өзім білмейтін тілде дұға ету. «Рухым-мен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын» деп, мадақтау жырлар туралы да осыны айтуға болады.

Бөтен тілдердегі жеке дұғалардың бар екенін Яһуда елші де растайды:

Ал сендер, сүйікті бауырластарым, өздерің сенетін Тәңір Иенің қасиетті де пәк таза ілімінің негізінде рухани өсіп толысуға ұмтылыңдар; Киелі Рухтың жетелеуімен сиыныңдар. Әрдайым Құдайдың сүйіспеншілігіне бөленіп, жамандық атаулыдан сақтаныңдар. Иеміз Иса Мәсіхтің қайта оралғанда өздеріңе шапағатын тигізіп, мәңгілік өмірге жеткізуін аңсап күтіңдер! (Яһуда 20, 21).

Назар аударыңыз, біз бөтен тілде дұға еткенде өзіміздің сенімімізді нығайтамыз, ал егер қауымда түсіндірмесі бар тілде сөйлейтін болсақ, онда біз қауымның нығаюына үлесімізді қосамыз (1 Қорынт. 14:5). Құдай өмірімізде мінәжаттың екі түрі де болғанын қалайды, өйткені екеуі де өте маңызды.

Келесі тарауда біз жеке дұға ету тілдерінің санатын толығырақ қарастырамыз. Осы санаттағы бөтен тілдердің Иемізбен тығыз қарым-қатынаста болуымыз үшін өте маңызды екенін көресіз. Мен бұл категорияны «жақындық тілі» деп атаймын.

## ШАПАҒАТ ТІЛДЕРІ

Бөтен тілдердің соңғы, төртінші санаты – шапағат тілдері, қабырғаның құлаған жерінде тұрып, басқа адам үшін Құдайдан жәрдем сұрап дұға еткенде сөйлейтін тіліміз.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді. Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін де түгелдей түсінеді (Рим. 8:26,27).

Мүлде абыржып, не үшін және не деп дұға ететінімізді білмей қалатын кездеріміз болады.

Мен өзім жақындарыма немесе қиыншылыққа тап болған басқа адамдарға не болып жатқанын білмеуім мүмкін, бірақ Құдайдың Рухы бәрін біледі. Анам Флоридада, өзім Колорадода тұрамын. Анам Құдайдың көмегіне мұқтаж болды делік, бірақ ол мұны әлі өзі де білмейді немесе тіпті білсе де, дұға етуімді сұрау үшін маған тез хабарласа алмайды. Анам үшін дұға етуім керектігін мен де білмеймін, тіпті жағдайдың қиын екенін білсем де, Құдайдан нақты не сұрайтынымды білмеймін.

Бұл аят мен үшін алғаш рет университетте оқып жүргенімде шындыққа айналды. Мәсікке келгеніме екі-ақ жыл болған, басқаларға Иса туралы айтуға құмар болатынмын. Сондықтан мен жатақханада студенттерге арнап Киелі Кітапты зерттеу сабақтарын ұйымдастырдым. Оған алпысқа жуық адам қатысты. Бір күні кешке мен Киелі Рух туралы тәлім бердім. Мен жай ғана Киелі Жазбаны оқып, тыңдаушыларға Құдайдың еркін көрсеттім. Топта бір қыз бар еді, оған бұрын біреу қайта туылғанда Киелі Рухты автоматты түрде қабылдадың, бөтен тілдер бұрын болған, бірақ қазір жоқ деп түсіндірген екен. Оның ұстаздарының Киелі Жазбаға

сенбейтіні, ал өзінің соқыр ұстаздарына сенгені қандай өкінішті. Бірақ сол күні кешке ол Киелі Кітапта бұл туралы не айтылғанын көріп, сенді және басқа студенттермен бірге бірден Киелі Рухқа кенелді.

Келесі күні таңертең мені телефон қоңырауы оятты. Киелі Кітапты зерттеу сабағына қатысқан бауырластардың бірі екен. Ол маған қонақ келгенін айтты. Жылдам киініп, қонақты қарсы алу үшін ғимаратымыздың фойесіне шықтым. Көшенің қарсы бетіндегі жатақханада тұратын кешегі қыз болып шықты. Ол жадырай күлімсіреп: «Джон, сені оятқаным үшін кешірім сұраймын, бірақ бүгін таңертең болған жайтты саған айтуға асықтым!» деді.

Ол таңғы сағат бесте Киелі Рухтың оны оятып, жүрегіне шұғыл дұға етуді салғанын айтты. Ол маңызды нәрсе болғанын түсінді, сондықтан оңаша орын тауып, бөтен тілде дұға ете бастады. Мінәжат барған сайын күшейе түсті және ол рухани шайқасқа түскенін түсінді. Сондықтан дұға кезінде ол Жаратқан Иеден кімге араша болғанын көрсетуін сұрады. Оның қарт адам екенін, оның өміріне қауіп төніп тұрғанын іштей естіді. Ол бір сағат бойы сол адам үшін дұға етті, содан кейін оның жүрегінде тыныштық орнады.

Бірнеше минуттан кейін оның бөлмелес құрбысы, ол да сенуші, үйінен шұғыл хабар алды. Жақсы көретін атасы таңғы сағат бесте ауыр инфаркт алған екен, бірақ Құдайдың кереметімен аман қалыпты. Дәрігерлер санаулы минут бұрын ғана қарияның жағдайын тұрақтандырыпты, дәл осы сәтте танысым тыныштықты сезініп, мінәжатты тоқтатқан еді. Қыздың жүзі жарқырап кетті. Мәсіхшілік өмірінде ол бөтен тілдегі дұғалар жоқ, өйткені енді қажет емес дегенді естіген еді. Ұстаздарының Киелі Жазбаға сенбегендігінен бұл қыз осы уақыт ішінде қанша игіліктен құр қалды екен? Бұдан былай

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

оны бір кездері сенген нәрсеге қайта сендіру мүмкін емес. Ол бөтен тілде дұға ету бүгінгі сенушілерге өте қажет екеніне нық сенімді.

Осыған сансыз көп рет көзім жетті. Шапағат дұғасы үшін бөтен тілдерді қолданудың ең айқын мысалдарының бірі – біздің австралиялық кеңсеміздің менеджері Эстердің өмірінде болған жағдай. Эстер – өте күшті дұға етуші жауынгер және қызметкер. Тоқсаныншы жылдары, ол Киелі Кітап мектебінде оқып жүргенде, бір күні таңертең ол жай ғана қолдарын көтеріп: «Ием, менде бүгін дұға ететін ештеңе жоқ, сондықтан Саған керек болсам, мен осындамын» деді.

Өзінің айтуынша, осы сөз аузынан шыққан бойда үлкен дұға жүгін сезінді. Ол Құдайдың алдында тізе бүгіп, бөтен тілде мінәжат етті. Рухында ол лас еденде тізерлеп отырған ұлты қытай бір кісіні көрді. Ол кісі еденді жуғандай қолдарымен айналмалы қозғалыстар жасады. Эстер дұға ете отырып, кенет оған: «Тұр! Тұр! Тұр!» деді. Біраз дұға еткеннен кейін жүрегі жеңілдеп, үй тапсырмасына қайта оралды.

Осы оқиғадан шамамен бес ай өткен соң Жаңа Зеландиядан Қытайда қазмет етіп жүрген бір миссионер олардың Киелі Кітап мектебіне келді. Ол басқа бағушымен бірге сенімі үшін түрмеге жабылған қытайлық бағушы туралы әңгіме айтты. Сол басқа бағушы біріншісіне қарап, жақын арада Құдай оны азат ететінін айтты. Осы оймен олар әдеттегі жұмысына, үй-жайларды тазалауға кірісті.

Көп ұзамай күзетші сол бағушыдан басқа тұтқындарды камераларына қайтарды. Бағушы бөлмеде жалғыз қалып, еден жууды жалғастыра берді, кенеттен оған бұйыра сөйлеген дауыс естілді. «Тұр! Тұр! Тұр!» деді әлгі дауыс. Бағушы бұйрықты орындап, орнынан тұрды да, есікке беттеді. Бір ғажабы, есік ашық, ол қатаң күзетілетін түрмеден

еш кедергісіз шығып, түрме ғимаратының қақпасында тұрған таксиге отырды. Сол таксиге отырып, кетіп қалды.

Естер елең ете қалды, өйткені осы әңгімедегі бағушыны бірнеше ай бұрын дұға етіп отырып, аянында көрген адам деп ойлады. Ол миссионерге жолығып, оқиғаның болған күнін сұрады. Эстердің күнделігінде жазылған дұғасының күніне сәйкес екен.

Естермен бірге Киелі Кітап мектебінің жетекшілерінің бірі миссионерге жолықты. Ол да бірнеше ай бұрын мұқтаж адам үшін Киелі Рух жүктеген дұға ауыртпалығын есіне алды. Бөтен тілде дұға етіп отырғанында, түрмеде жатқан қытайды көріпті. Миссионер қытай қауымының топтық суретін алып шықты, ал Киелі Кітап мектебінің басшысы дұға етіп отырғанда көрген адамын таныды. Бұл адам шынымен де түрмеден қашып кеткен аға бағушы болып шықты! Сосын Естер мен Киелі Кітап мектебінің басшысы дұға журналындағы жазбаларды салыстырып, бәрі бір күнде болғанын анықтады! Құдай екеуіне де бұл мәселеде үлкен рөлді бекітіп, олардың мойынсұнуы мен шапағат дұғаларының нәтижесінде сол адамның түрмеден босағанын көрсетті.

### ҚАЛАЙ СЕНУГЕ БОЛАДЫ?

Егер Естер де Киелі Кітаптың пайда болуымен бөтен тілдер үнсіз қалды деп сенсе не болар еді? Егер ол бөтен тілдер бәріне бірдей емес деп ойласа не болар еді? Қаншама адамдар Киелі Кітапқа емес, ұстаздардың қате пікіріне сенгендіктен, таңғажайып мүмкіндіктерден құр қалып жатыр.

Мен қызмет еткен жылдарымда атап өткен ең үлкен трагедия — көптеген мәсіхшілер Құдай Сөзін жеке тәжірибелеріне

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сәйкес түсіндіреді, ал Құдай Сөзінің жеке тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Дегенмен, Құдай Өзін біздің жеке тәжірибемізбен шектемейді, Ол бұл үшін тым ұлы және шексіз Тұлға!

Киелі Рухқа кенелу жолында мен көптеген ізгі ниетті мәсіхшілерді кездестірдім, олар менің бөтен тілде сөйлеу дарынына ие болуға деген құлшынысымды құптамады. Иса Мәсіхті Иеміз ретінде қабылдағаннан кейін бірнеше ай өткенде, мені кампустағы жетекшілер жиналысына шақырды. Менің Құдайға бет бұрып, құтқарылуыма септігін тигізген материалдарды басып шығарған осы қызмет болатын. Сол үшін мен оларға әрқашан ризамын.

Алайда, сол кездесуде мен күтпеген жағдай болды. Жиналыс төрағасы әрбір жетекшіден сол семестрге арналған негізгі дұға тақырыбы қандай екенін сұрады. Бір жас жігіт барлық пәннен «жақсы» деген баға алуы үшін дұға ететінін айтты. Тағы біреуі бөлмелесінің құтқарылуын сұрады. Кезек маған келгенде, мен жай ғана: «Киелі Кітапта Исаның шәкірттерінің бөтен тілдерде сөйлегені туралы жазылған, Киелі Рухтың дарыны маған да қонғанын қалаймын» дедім.

Осы сөзді айтуым мұң екен, жиналыс төрағасы тез әрі қобалжыған күйде «Джон, бұл туралы жиналыстан кейін сөйлесеміз» деді.

Бірақ біз бұл туралы сөйлескен жоқпыз. Алайда мені Мәсіхпен таныстырған сыныптасым кездесуден кейін мені шетке алып шығып: «Джон, олар бөтен тілде сөйлеуге сенбейді» деді. Мәсіхке жаңадан келген адам ретінде мен оған таңдана қарап: «Не дейсің? Олар Киелі Кітапта жазылғанға сенбейді ме?» деп таңдана сұрадым.

Бұл оқиға өткенді есіме түсірді. Мен өскен конфессия Киелі Жазбаның үйреткеніне емес, адамның іліміне негізделген



еді. Шындығында, қауымда Киелі Кітапты оқу емес, бағушымыз оны қалай түсінгенін мұқият тыңдау керек деп айтылатын. Мен он тоғыз жыл бойы қауымға үзбей барып жүрдім, жұмаққа бара жатырмын деп ойладым, ал шын мәнінде тозаққа кетіп бара жатыр едім. Сондықтан Киелі Кітапта жазылған Құдайдың құтқару жоспары туралы естігенімде, Киелі Кітапты оқып, оқығанымды түсінсем де, түсінбесем де, сөзсіз сенуге шешім қабылдадым! Бұл Жаратқан Иені қастерлеу, ал Жаратқан Иені қастерлеу – даналықтың бастауы (Заб. 111:10).

### ҚҰДАЙДЫҢ ЖАРЫЛҚАУЫНДА НЕМЕСЕ НАДАНДЫҚТА

Сүйінші! Құдайдың қалауымен сіз де Киелі Рухқа кенеліп, көктегі тілдерде дұға ете аласыз! Шын мәнінде, Құдайдың жүрегінен шыққан жолдауды естігіңіз келсе, мінеки:

Мен сендердің бәріңнің де бөтен тілдерде сөйлегендеріңді, бірақ одан гөрі Құдайдың хабарын уағыздағандарыңды қалар едім. Сол жерде бөтен тілде айтылғандарды түсіндіріп, осылай қауымның нығаюына көмегін тигізетін біреу болмаса, онда бөтен тілде сөйлейтіннен гөрі Құдайдың хабарын жеткізушінің пайдасы әлдеқайда зор (1 Қорынт. 14:5).

«Бұл Пауылдың Қорынттықтарға айтқан сөздері ғой» дерсіз. Жоқ, бізге былай деп, анық айтылған: «Ең бастысы, Киелі Жазбалардағы пайғамбарлар сөздерінің ешқайсысы да пайғамбардың жеке түсінігі бойынша туындамағанын біліңдер [пайғамбарлар пайғамбарлық сөзді өз ойларынан шығарып айтпайды]» (2 Петір. 1:20), мына аятты да оқып көріңіз: «Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жа-

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

зылған» (2 Тім. 3:16). Басқаша айтқанда, бұл Пауылдың Қорынттықтарға айтқан сөздері емес, Иеміздің бізге айтқан сөздері, өйткені Құдай Сөзі «тірі, ешқашан құрымайды және мәңгі қалады» (1 Петір. 1:23). Құдай перзенттеріне: «Мен бәрінің басқа тілдерде сөйлегеніңді қалаймын», - дейді.

Сеніміңіз жетпейтін салада Құдайдың жарылқауын ала алмайсыз. Тағы да қайталағым келеді: Құдайға біздің ой-пікіріміз де, әлденеге қаншалықты зәру болғанымыз да, көңіл-күйіміз де әсер ете алмайды. Құдайға тек сеніміміз әсер етеді. Киелі Кітапта Исаның «Сенімің арқылы құтқарылдың» дегенін қайта-қайта оқимыз. Сенім барлық нәрсе Құдай айтқандай болатынына сенеді. Сенім қате ұғымдардан емес, Құдай Сөзін естуден келеді.

Өз тәжірибемізге емес, ақиқатқа сенгеніміз және оны уағыздағанымыз өте маңызды. Тәжірибе ақиқатты растай алады, сонысымен пайдалы. Бірақ ол ақиқаттың ұстазы бола алмайды. Біздің Ұстазымыз — Киелі Рух және Ол ешқашан Құдай Сөзінде жазылғанға қайшы сөйлеуді үйретпейді. Құдай Сөзіне сенетін болсақ, бізде көру де, тәжірибе де болады. Өкінішке орай, көптеген сенушілер керісінше жасайды – әуелі тәжірибе алып, содан кейін ғана сенгісі келеді. Бұл көзқарас бізге Томаның Исаға айтқан сөздерін еске түсіреді. Біздің бәріміз таңдау алдында тұрмыз: сенімімізді қай нәрсеге сүйеніп, қалыптастырамыз, басқа адамдардың тәжірибесіне ме, Құдайдың Сөзіне ме? Ал Құдай Өзі туралы былай дейді:

Құдай өтірік айтатын пенде емес,  
Ойын өзгерте беретін адам да емес.  
Ол айтса, сонысын іске асырмай ма,  
Әлде сөз беріп, онысын орындамай ма?  
(Руларды санау 23:19).

## ӘКЕНІҢ УӘДЕСІ

Соңында, Киелі Рухтың бөтен тілде дұға ету туралы айтқанын атап өткім келеді: «...қымбатты бауырластар, сендердің бұларды дұрыс түсінбегендеріңді қаламаймын» (1 Қорынт. 12:1). Әрі қарай Ол біздің осы тарауда қарастырған мәселелеріміз туралы әңгімелейді, ал соңында былай деп анық айтады:

Кім мұны мойындамаса, оның өзі де мойындалмасын  
(1 Қорынт. 14:38).

Басқаша айтқанда, Киелі Рух Пауыл елші арқылы бізге былай дейді: «Бөтен тілдерге қатысты Өз еркімді анық әрі нық айттым. Оны білгің не мойындағың келмесе, Менің беретін дарынымнан құр қаласың». Пауыл елші арқылы осы сөздерін айтқанда, Киелі Рух қапаланса керек, өйткені Ол осы жолдауы жазылғаннан кейін көп жылдар өткен соң, бұл тақырыпты талқылап, қызу пікірталасқа салатын адамдардың болатынын алдын ала білген (Алғашқы қауым заманында бөтен тілге күмәндану ешкімнің ойына да келмеген еді).

Және Киелі Рух бұл мәселенің байыбына бармай, тақырыпты жете түсінбей қалуымыз мүмкін екенін өкінішпен ескертеді, олай болса, Оның бұл мәселе бойынша соңғы шешімі келесідей болады:

Сонымен, бауырластар, Құдайдың хабарын жеткізуге талпыныңдар, әрі бөтен тілдерде сөйлеуге тыйым салмаңдар (1 Қорынт. 14:39).

Бұл ескерту, егер біреудің бөтен тілдерді қатты сынағанын естісеңіз, оның Жаратқан Иеге мойынсұнбағанын біліңіз. Құдай соңғы күндерде білмегендіктен немесе қыңырлығынан Өз қойларына бөтен тілде сөйлеудің енді қажет емес екенін немесе бөтен тілдердің мүлде Құдайдан емес екенін айтатын

адамдардың болатынын алдын ала білді.

Келесі тарауды оқуға кіріскеніңізде, Құдайдың Өз перзенттеріне берген керемет нығметтерін көруіңізді және Киелі Рухтың барлық сенушілерге беретін ғажайып жақындық тіліне ие болуыңызды Құдайдан сұраймын.

*(Ескерту: Егер сіз Киелі Рухқа әлі кенелмеген болсаңыз, Б қосымшасын қараңыз. Бұл дарынның сізге қонуы үшін сізбен бірге қуана мінәжат етемін.)*

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Тараудың басында автор студент кезіндегі сенімінің алғашқы күндері туралы ой қозғайды. Ол жаңа өмірдің басталуын сипаттайды, бірақ ол Киелі Жазбаны өте мұқият зерттесе де, оған әлдененің жетіспейтінін сезінді. Сізде сондай сезім болды ма, әлде сіз әлі де соны сезінесіз бе?
2. Бөтен тілдерде сөйлеуді зерттеумен айналысқаннан бері сеніміңізде не өзгерді? Құдай сіздің Киелі Рухқа кенелгеніңізді және көктегі тілдерде дұға еткеніңізді қалайтыны туралы жаңалыққа қалай қарайсыз?
3. Осы кітапты оқуды белгілі бір себептермен бастадыңыз, қандай да бір жағдай немесе өміріңізде орын алған оқиға Құдайға жақындаудың не екенін білуіңізге түрткі болды. Мүмкін, сіз жаңа ғана оқыған сипаттамалар арқылы Құдай сізге мақсатыңызға жетуге көмектесетін жаңа құрал берген шығар? Бәлкім, жеке дұға ету үшін және шапағат үшін берілетін бөтен тіл дарыны Иемізбен жақын қарым-қатынастың келесі қадамы болуы мүмкін бе?

# ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ



Құдайдың даналығы – терең тұңғыық және адамның ақылы жетпес құпия.

**О**сы кітабымда қайта-қайта жаздым және жүрегіңізде терең орын алуы үшін сол ақиқатты тағы қайталап отырмын – *Құдай сізбен жақын қарым-қатынаста болуға құштар*. Ол шынымен де сізбен сырлас дос болуды қалайды. Ол сізбен қарым-қатынас болғанын ғана емес, сонымен бірге бұл қарым-қатынастың терең, мазмұнды және үздіксіз болғанын қалайды.

## ҚҰДАЙМЕН ОНЫҢ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС

Осындай терең де жарқын қарым-қатынастың шындыққа айналуы үшін Құдай Өзімен Өз деңгейінде қарым-қатынас

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

орнатуға қажет барлық жағдайды жасады! Ойымды түсіндірейін. Киелі Жазбада былай делінген:

Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен құпияларды айтады (1 Қорынт. 14:2).

Мұнда Пауыл елші көпшілікке қызмет етуге арналған бөтен тілдер жайлы айтып тұрған жоқ, өйткені бөтен тілдің бұл екі түрі адамдардың өздері білмейтін тілде Құдай Сөзін беруін қамтиды. Бұл аятта Пауыл біздің мінәжатымызды немесе Құдаймен сөйлесетін уақытымызды айтады. Бөтен тілдерде *дұға еткенде*, біз адамдарға емес, тікелей Құдайға сөйлейміз. Сондай-ақ Пауыл былай деді: «Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді» (Рим. 8:26). Көбінесе, қиын жағдайда Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмеуіміз зор кедергі болып табылады.

Осы жағдай келесі мысалда жақсы көрінеді. Америка Құрама Штаттары Президентінің кеңсесіне бару керек болса, мен онымен бір деңгейде сөйлесе аламын ба? Әрине жоқ, ол менің түсіну деңгейіме түсуі керек еді. Мемлекеттік істерді, елдің мәселелерін, оның ішінде қалың жұртшылыққа беймәлім мемлекеттік қауіпсіздік мәселелерін ол менен қарағанда жақсы түсінеді. Ол жоспарлар мен жобаларды біледі, *құпия* терминдер мен сандарды біледі, өйткені, олар дұрыс емес адамдардың қолына түссе, елге үлкен қауіп төнуі мүмкін.

Дәл солай дерлік, мен бүкіл Әлем Патшасының бөлмесіне,

Оның тағының бөлмесіне кіргенімде, өз ақылыммен дұға етсем, онда біздің қарым-қатынасымыз шектеулі болады! Мен Иемізбен Оның деңгейінде сөйлесе алмаймын, өйткені Ол менен салыстыруға келмейтіндей көп біледі. Ол менімен менің деңгейіме түсу арқылы ғана тілдесе алады. Жоғарыда келтірілген мысалдағыдай, Ол ғаламдағы жағдайды, соның ішінде әртүрлі себептермен әлі күнге дейін бізден *құпия* сақталатын көптеген нәрселерді менімен салыстыруға келмейтіндей біледі. Атап айтқанда, маңызды істер дұрыс емес адамдардың қолына түспеуі үшін құпиялар қажет. Бұл Пауыл елшінің келесі ескертуінде осы жайында айтылған:

Керісінше, жариялап жүргеніміз — Құдайдың *құпия* даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын. Бұны осы дүниелік билеушілердің біреуі де ұққан емес; ұққан болса, олар Ұлылықтың Иесін айқышқа шегелетіп өлтіртпес еді (1 Қорынт. 2:7,8).

Бұл аят Иеміз Исаның айқышқа шегеленуі мен қайта тірілуінде және одан кейінгі ұлылықта көрінген шексіз даналық туралы нақты айтады. Бұл үзінді – Құдайдың бұл оқиғаларды қалай жұмбақ етіп сақтағанының бір ғана мысалы. Осынау керемет жоспарды *құпия* сақтау дұшпанның оған кедергі жасай алмауы үшін керек еді. Дегенмен, басқа да көптеген құпиялар бар (Мат. 7:6). Киелі Жазбада біздің соғыс күйінде екеніміз, ал жауларымыз — адам баласы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілері әрі дүниені билеп-төстеушілері: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтар екендігі айтылған (Ефес. 6:12-ні қараңыз). Физикалық соғыста бір жақта соғысып жатқан күштер арасында жасырын

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

байланыс болуы керек. Жаратқан Иенің Әскербасы мен Оның Патшалығының сарбаздары туралы да солай деуге болады. Жаратқан Ие Өз Патшалығының игілігі және бізді қорғау үшін Өз балаларына таңғажайып құпия байланыс берді. Бөтен тілде сөйлегенімізде Әкемізден не сұрап жатқанымызды жау біле алмайды. Түнек күштері біз жақындарымызға шабуыл жасауды жоспарлайды, бірақ біз бөтен тілде дұға еткенде, періштелер кенеттен жаудың алдына тосқауыл қояды. Нәтижесінде жын-шайтан атаулы толығымен жеңіліске ұшырап, үрей билеп қашады.

## БАСТЫ МАҚСАТ

Алайда, бөтен тілдегі дұғаларымыз құпия ақпаратты жаудан жасыру үшін ғана қажет десек, қателесеміз. Бұл тілдердің негізгі мақсаты – Құдайымызбен жақын болу. Әйеліммен отасқаным көп жыл болды, осы уақыт ішінде біз бір-бірімізге соншалықты жақын болып кеттік, сондықтан бір-бірімізге ақпарат берудің ерекше тәсілі бар. Ол басқа адамдардың арасында болған кезде маған ерекше ақпарат бере алады және оның айтқанынан ешкім ештеңе түсінбейді. Біз өзіміздің жақындық тілімізді дамыттық. Мұндай тіл ерлі-зайыптыларға ғана емес, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғандардың барлығына қол жетімді. Бір-бірін бұрыннан білетін, бір-бірімен жылдар бойы бірге жұмыс істеген, бірге күрескен адамдар сияқты, жақын достар бәрін жақсы түсінеді. Нәтижесінде мұндай адамдардың қарым-қатынасында ерекше және қайталанбас достық тілі пайда болады.

Дәл осылай Құдай бізге де Өзімен тығыз қарым-қатынас пен достық қарым-қатынаста болу мүмкіндігін берді.



## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

Бұл деңгейге біздің табиғи ақыл-ойымыз ешқашан жете алмайды. Забур жыршысы да осыған ұқсас нәрсені алдын ала көріп, былай деп жазды: «Сарқыраған суларың долданғанда, шақырады тұңғиық тұңғиыққа» (Забур 41:8). Біздің қарым-қатынасымыз тірі сарқырамаларға ұқсайды. Иса біздің жүрегімізден өмір беретін «су» тасқындап ағатынын айтты. Мұны Ол Өзіне сенетіндер қабылдайтын Рух туралы айтты (Жохан 7:38, 39). Біздің Иемізбен тығыз қарым-қатынасымыз тірі судың ағыны іспетті. Киелі Рухтың бізге не бергенін елестетіп көріңізші! Ол өз балаларына қандай сыйлық берді! Бұл туралы тереңірек ойлансаңыз, қайран қаласыз!

Алдымызда бұдан да керемет істер күтіп тұр. Пауыл елші бөтен тілде дұға ететін сенушілер туралы былай дейді:

Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен құпияларды айтады (1 Қорынт. 14:2).

Пауыл «құпия» деп нені айтқысы келді? *Құпия* деп аударылған грек сөзі *musterion*. Бұл сөз туралы грек тілінің маманы У.И.Вайн былай деп жазады: «Жаңа Өсиетте бұл *құпия* немесе құпияланған (адам түсінігіндегідей), табиғи ақыл-ойдың кәдімгі қабылдауынан тыс және Құдайдың аяны арқылы ғана түсінікті болуы мүмкін ақпарат дегенді білдіреді. Ол санасын Киелі Рух нұрландырған адамдарға ғана белгілі болады. Кәдімгі мағынада «құпия» сөзі жасырын білімді білдіреді, бірақ бұл сөздің Киелі Кітаптағы мағынасы «ашылған шындық».

Сонымен, біз бөтен тілдерде дұға етудің тағы бір пайдасын көріп тұрмыз. Киелі Рух Мәсіх пен Әкенің ойын біледі, өйткені Олар біртұтас. Ол бізге не жетіспейтінін де

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

біледі, өйткені Ол әрқашан бізбен бірге. Демек, Ол бізге аспан тіліндегі сөздерді беріп, делдал ретінде әрекет етеді, сонда біз кемелді түрде сұрай аламыз, іздей аламыз немесе сөйлей аламыз. Оның қаншалықты керемет екенін елестетіп көріңізші! Мүмкін сіз *«бірақ бөтен тілде дұға еткенімде не айтып тұрғанымды түсінбеймін ғой»* деп ойлап отырған шығарсыз. Оныңыз рас, сондықтан Пауыл елші былай деп жазды:

Сол себепті бөтен тілде сөйлейтін адам соны түсіндіретін дарынды да Құдайдан сұрасын! Егер Оған бөтен тілде сиынсам, онда рухым сиынғанмен, ақыл-санам бұған қатыса алмайды (1 Қорынт. 14:13,14).

Демек, өтініш болсын, шапағат болсын немесе Құдаймен жай ғана қарым-қатынас болсын, Киелі Рух, егер мен Одан сұрасам, Оның жетелеуімен бөтен тілде не деп дұға ететінімді түсіндіретіні сөзсіз. Мұндай қарым-қатынасқа менің рухым ғана емес, жаным да шаттанады.

## АШЫЛҒАН ҚҰПИЯЛАРДЫҢ САҚШЫСЫ

Көбінесе осындай қарым-қатынаста Жаратқан Ие маған Киелі Жазбадағы құпия сырларды ашып көрсетті, мен қызметімнің көп жылдарында осы ақиқат туралы жазып, үйреттім. Әйтсе де, Киелі Рух ашып берген құпиялар әлі де көп.

Оларды неліктен бөліспей жүргенімді сұрайтын шығарсыз. Мәселе мынада, ол ақиқаттардың уақыты әлі келген жоқ, не болмаса, Құдай өз халқына басқа нәрсені айтқысы келді. Патшалықтың хабаршысы ретінде әрекет еткенімізде, Құдайдың атынан сөйлейтінімізді есте ұстауға міндеттіміз, Жаратқан Иенің бізге айтуды бұйыратын нәрселері бар,

сонымен қатар, әлі айтылмауы керек нәрселер де бар.

Маған осы шындықты үйреткен ауыр сабақты ешқашан ұмытпаймын. Бір күні мен Құдайдың біздің елімізде кеңінен танымал қызметкерін кездестірдім. Ол кісінің қызметі жайлы көп естіп, сырттай тәнті болып жүретінмін, сондықтан онымен кездесуді асыға күттім. Бізді басқа бір бағушы таныстырды. Мен толқып кеттім. Сонымен, кешкі ас үстінде кездестік: бағушы, аталмыш қызметкер және біздің әйелдеріміз. Кешкі ас үстінде мен Құдайдың аяндарының ең әсерлілерін бөлістім және мен оны таң қалдыру үшін осылай жасадым. (Ол кезде мұны түсінбедім, бірақ кейін сондағы сөзшеңдігімнің себебі дәл осы екенін түсіндім.)

Кешкі астан кейін бағушы бізді қонақүйге апарды. Әйелім екеуіміз сол күні қатты шаршадық. Дегенмен, қанша шаршасам да, рухымда жайсыздық сезімі күшейе түсті. Жаратқан Иенің дұға еткенімді қалайтынын білдім, сондықтан, әйеліме менсіз жатуын айттым. Ол жатып қалды, менболсам, қонақүй бөлмесінің балконына шықтым. Бөлмеден шыққан бойда Киелі Рухтың жүрегіме: «Сонымен, патша өзінің барлық қазынасын көрсетті» дегенін анық естідім.

Жүрегім ауырып кетті. Қатты қысылып, ұялдым. Киелі Рухтың Езекияның қателігін меңзеп тұрғанын білдім. Езекия патшаға қонақтар келді, патша оларды таң қалдырмақ болды:

Езекия келген бабылдық елшілерді жылы қабылдап, оларға өзінің қазына қоймаларын: ондағы алтын-күмісін, дәмдеуіштері мен құнды иісмайларын, тіпті бүкіл қару-жарақ қоймасын да түгелдей көрсетті. Езекияның өз сарайы мен барлық патшалығында оларға көрсетпеген бағалы заттары қалмады (Ишая 39:2).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Ишая пайғамбар патшаны Жаратқан Иенің атынан айыптады. Мен өзімді қорқынышты сезіндім. Сол күні кешкі дастархан басында әлгі адамға әсер қалдырмақ болып, Құдай маған ашқан ақиқаттар немесе қазыналар туралы айтқанымды білдім.

Сонда Құдай маған былай деді: «Балам, саған қымбат ақиқаттарымды айналаңды кезіп, қалағаныңша таратуың үшін ашқан жоқпын. Бұл ақиқаттар саған басқаларды таң қалдыру үшін берілмейді. Мен саған берген барлық нәрселердің ақылды басқарушысы болуың керек және Мен саған бұйырмайынша, олар туралы тіс жармауың керек».

Дереу тәубеге келіп, Құдайдан кешірім сұрадым, күнәнің ауыртпалығы әп-сәтте жоқ болды да, тыныш ұйқыға кеттім. Құдайымыз қандай мейірімді!

Ақылды болсақ, жақын дос ретінде өздеріне сеніп тапсырылған құпиялар мен барлық ақпаратты ішінде сақтай алатын адамдарды таңдаймыз. Жақын достар бір-бірінің сырын сақтай біледі. Егер досымыз бұл ережені үнемі бұзса, біз оған деген сенімімізді бағаламайтынын және ақтамайтынын біле отырып, онымен сырласуды тоқтатамыз. Құдайымыздың сырлары да солай. Иеміздің жүрегін бізбен бөліскенін қаласақ, оның басқаларға нені және қашан айту керектігін айтқанына өте сезімтал болуымыз керек.

## ҚҰДАЙДАН КЕҢЕС СҰРАҢЫЗ

Бөтен тілде дұға еткенімде немесе Құдаймен бөтен тілде сөйлескенімде, санама жаңа ойлар, идеялар, аяндар, даналық немесе ілімдер молынан келе бастайды. Теңіз түбінде ауасы бар ыдыс ашылып, енді ешнәрсеге тізгінін бермей, екпінді ағынмен су бетіне көтеріліп бара жатқандай.

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

Идеялар менің жаңа болмысымнан шығады және менің санама кіреді. Жазбада былай делінген:

Адамның рухы — Жаратқанның шырағы,  
Жүрек түкпірлерін зерттейді ол қырағы  
(Нақыл сөздер 20:27).

Киелі Рух біздің ой-санамызға емес, рухымызға сөйлейтінін есте ұстауымыз керек. Ол біздің болмысымыздың осы бөлігін нұрландырады. Рухпен дұға еткенімізде және Киелі Рухтан түсіндіруді сұрағанымызда, Құдайдың даналығы аян ағындарымен жүректен түсіну немесе ой-сана саласына көтеріледі. Бұл туралы Киелі Жазбада былай делінген:

Адамның ой-ниеті тұңғыық судай болар,  
Ақылды адам олардан сарқып алар  
(Нақыл сөздер 20:5).

Құдайдың кеңесі қандай? Бұл белгілі бір жағдайға қолданылатын даналық. Неліктен адамдар кеңесшілерге барады? Нақты жағдайда көмектесетін ақыл-кеңес алу үшін.

Назар аударыңыз, Киелі Кітапта терең суға теңейтін Құдайдың кеңесін тек парасатты адам, Құдайдың жолдарын білетін адам ғана қабылдай алады. Киелі Рух Патшалықтың барлық құпияларын (ашылмаған ниеттерді, барлық білім мен даналықты) біледі. Исаның не айтқанын еске алайық:

Кім Маған сенсе, (келіп, шөлін қандырып су ішсін!)  
Киелі Жазбада бұл туралы мына тәрізді сөздер айтылған: оның жүрегінен өмір беретін «су» тасқындап ағады, — деді. Иса бұларды Киелі Рух туралы айтты; Оны Исаға сенгендер кейінірек қабылдады. Құдай

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Исаның ұлылығын адамдарға әлі білдірмегендіктен, Өзінің Киелі Рухын сенушілерге әлі де қондырмаған еді (Жохан 7:38,39).

Нақыл сөздерге сәйкес, адамның жүрегіндегі ойлар Құдайдың кеңесі немесе даналығы болып табылады және Иса бұл даналықтың қайнар көзі Киелі Рух екенін түсіндірді. Ол – тірі судың қайнар көзі (Ерем. 2:13). Енді Пауылдың не айтқанын мұқият оқып шығыңыз:... жариялап жүргеніміз — Құдайдың *құпия* даналығы [немесе Құдайдың кеңесі], бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын.... Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз. Солар туралы біз адамзаттың даналығынан емес, Киелі Рухтан үйренген сөздермен уағыздап, Оған мойынсұнғандарға рухани шындықты түсіндіреміз (1 Қорынт. 2:7, 12,13, *курсив автордыкі*).

Демек, Құдайдың даналығы немесе Құдайдың кеңесі – бұл тұңғыық терең ойлар және көбінесе біздің табиғи ақыл-ойымыз үшін құпия. Бірақ Иса Киелі Рухтың тірі судың ағыны болатынын айтты. Қалайша? Пауыл елші бұл туралы былай дейді:

Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен *құпияларды* айтады (1 Қорынт. 14:2, *курсив автордыкі*).

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

Міне, осылай! Дәл осылайша адам, нақты айтқанда, ақылды адам Құдайдың кеңесін алады. Киелі Жазбаның түсініксіз тұстары көп. Соларды оқып отырып, ойыма келген сұрақтардың жауабын таба алмадым. Мен үшін көп нәрсе *құпия* болып қала берді.

Көбінесе мен: «Киелі Рух, мен мұны түсінбеймін, маған көрсетші...» деп сұрайтынмын. Содан кейін мен бөтен тілде дұға етемін, сонда бірден немесе сәл кейінірек, бұрын жасырын болған ақиқат ашылады. О, қандай керемет!

Кітап жазғанымда, бір кездері тығырыққа тірелгендей боламын. Әрі қарайғы жолым *беймәлім* түнекке айналғандай болады. Сондайда орнымнан тұрып, бөтен тілде дұға ете бастаймын және көп ұзамай, әдетте бірнеше минуттан кейін, осы даналықты бөгеп тұрған бөгет бұзылғандай болып, көктен жауап келеді, қайта отырып, жұмысымды жалғастырамын.

Бойдақ кезімде кімге үйленетінім мен үшін *құпия* болды. Өзім ұнатқан үш қыз болды. Бірақ рухпен дұға етумен көп уақыт өткізгеннен кейін мен Құдайдың үшеуіне де «жоқ» деп айтқанын түсіндім. Содан кейін мен Лизамен кездестім және бір ай бойы мен күн сайын жарты сағат бойы бөтен тілде дұға еттім, сол уақытты Киелі Рухпен қарым-қатынасыма арнадым. Дұға уақытында Құдай таңдауымды мақұлдайтынын білдірді және кейінірек бұл туралы көптеген растаулар берді. Дегенмен, растауға дейін де болашақ жарым – Лиза екенін еш күмәнсіз білгенімді айтуым керек. Мен мұны іштей білдім, мен оны осы мәселе жөнінде бөтен тілдерде дұға еткенімде келген тыныштықтан білдім.

Өмірімде немесе жақын адамдарымның өмірінде не болып жатқанын түсінбей қалған кездерім болды. Бұл мен үшін *құпия* болды. Мен жай ғана Киелі Рухтан Оның

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

даналығын немесе жағдайға көзқарасын көрсетуін сұрадым. Шынында да, бөтен тілде дұға еткеннен кейін біраз уақыттың ішінде бәрі анықтала бастайды.

Отбасы мүшелерінің бірі мінәжатқа мұқтаж болған жағдайлар болды, бірақ санаммен оны түсінбедім, содан кейін Киелі Рух мені бұл адам үшін бөтен тілде дұға етуге итермеледі. Кейінірек мен Құдайдың араласуы немесе сол адамға қауіп-қатерден сақтануға көмектескені туралы білдім.

*Құпия* – бұл біздің табиғи санамыздан жасырылған нәрсе. Мен үшін қай қауымға бару керек, қандай қызметпен айналысу керек, қандай үй сатып алу керек, президент немесе басқа көшбасшылар үшін қалай дұға ету керек және бағушым үшін қалай дұрыс дұға ету керектігі мен үшін *құпия* болуы мүмкін. Бұл тізімді шексіз жалғастыруға болатынын өзіңіз де көріп тұрған боларсыз.

## ҚҰДАЙДЫҢ ЖОЛЫНДАҒЫ ТЫНЫШТЫҚ

Көптеген сенушілер үшін ең үлкен ауыртпалық әрі *құпия* – жүрер бағытын таңдау. Сол себепті, әдетте, адамдар кеңесшілерге барады. Бірақ менің сіздерге айтар керемет жаңалығым бар! Бұдан былай не істеуім керек деп уайымдаудың қажеті жоқ. Құдайдың бізге берген уәдесі бар: «Ал егер кейбіреулерің даналыққа [*не істеу керектігін* түсінуге] мұқтаж болсаңдар, Құдайдан сұраңдар, Ол береді. Тәңір Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады» (Жақып 1:5). Біз жай ғана сұрай аламыз! Қалай? Бөтен тілде дұға етіп. Бұрын не істерімді білмей тығырыққа тірелетінмін, содан кейін бөтен тілде дұға ете бастадым, әр кезде жүрегімнен санама, бұлақтан аққан судай, маған соншалық қажет болған даналық құйылды.



## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

Қызметімізде көп жылдар бойы осылай жұмыс істеп келеміз. Әрі қарай не істерімді түсінбеген кезімде, біраз уақыт бөтен тілде дұға етемін, кенеттен Құдайдың жетелеуімен бізге кең ағынмен идеялар келеді. Әйелім екеуіміз қызметке көп жыл бұрын кірістік. Мен қабылдаған әрбір маңызды шешім Рухпен дұға еткеннен кейін келді. Бүгінде бізде үш континентте жұмыс істейтін отыздан астам қызметкер бар. Құдай бізге Өзінің Сөзі мен қатысуы арқылы миллиондаған адамдардың өміріне әсер ету мүмкіндігін берді. Он төрт жыл қызмет еткенде біз ешқашан қарызға кірген жоқпыз, енді Құдайға тиімді қызмет етуге көмектесетін ақша мен еңбекпен есептелген лайықты капиталымыз бар. Мұның бәрі Құдайдың мына сөзіне бола жүзеге асты:

Мен, Құдай Иелерің, сендерге пайдалыны үйретіп, түзу жолмен бастап алып жүремін. О, егер өсиеттеріме құлақ ассаңдар ғой, шіркін! Сонда сендердегі амандық пен тыныштық сарқылмас өзендей, әділдік те теңіз толқындарындай шексіз болар еді! (Ишая 48:17,18).

Шынымды айтсам, жүрегіміз қашан да Құдайдың тыныштығына толы. Біз өзімізді қоршап тұрған жағдайларға қарап, дүрбелеңге ұшыраған кездерімізді де бастан өткердік. Бірақ біз бөтен тілде дұға еткенде және барлық істерімізді Оның қолына тапсырған кезде, Құдайдың тыныштығына бөлендік. Бөтен тілде дұға ету туралы Көне Өсиет былай дейді:

Ал енді, Құдай осы халыққа арнап бөтен тілдерде сөйлеп, жат жерліктердің тілдерімен үн қатпақ. Ол осы халыққа былай деген: «Бұл — тыныш жер, шаршағандардың тынығып демалатын мекені. Осында тыныштықта боласыңдар». Бірақ бұлай да олар Мені тыңдаудан бас тартты! (Ишая 28:11, 12).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайдан келетін тыныштықты таппаған адам – мазасыз. Бұл аятта Құдай Тағала айтқан тыныштық Құдайдан келеді. Айтқанымды растау үшін жылдар бойы жинақталған сансыз оқиғаларды айта аламын, бірақ бір ерекше жағдай есіме түседі. Сонда мен жүрегімдегі тыныштықты жоғалтып алуға аз-ақ қалған едім, өйткені мүлдем абыржып, не істерімді білмедім. Бұл Мексикаға барған сапарымда болды, мен Ізгі Хабар тарату жиналысында уағыздамақ болдым. Мексикадағы Монтеррей қаласына бір кешке ғана ұшып келдім. Жиналыс қала орталығындағы бір залда өтуі керек еді. Мен күні бойы тілде дұға еттім және менің рухымда сол залды аспаннан ағып жатқан жарқын нұрмен жарықтандыратын аян алдым. Жаратқан Ие менің жүрегіме сөйлеп: «Бұл түнде ашылатын Менің ұлылығым», - деді. Монтеррей қаласында өтетін Ізгі Хабар жиналысына шақыру алдым. Сол сапардағы шығынның барлығын өзім көтеретін болдым. Кешкі жиналыстардың бірінде уағыз айтуым керек. Жиналыстың алдында жарты күн бойы мінәжат еттім. Рухымда жиналыс болатын ғимараттың үстіне үйірілген қара бұлтты көрдім. Оның не екенін сұрадым. «Джон, бұл – бүгінгі жиналысқа қарсы шыққан түнек күштері. Мінәжатыңды тоқтатпа» деді Құдай.

Дұға ете бердім. Құдайдан майлану келгенін сездім. Жарты сағаттан кейін Құдайдан тағы бір аян келді. Әлгі ғимараттың төбесінен түнерген аспанға қадалған найзағайды көрдім. Мұның не екенін Құдайдан сұрадым. «Бүгінгі жиналысқа келген Менің құзырым» деді Ием. Масаттана қуандым.

Жиналыс кешкі алтыда басталуы керек. Мен ертерек бардым. Сөйтсем, қала әкімдігінен бір ірі шенеунік менімен танысқалы келген екен. Жанында екі офицер бар. Бағушы екеуіміз жандарына барып, амандастық. Шенеунік бағушымен испан тілінде біраз сөйлесті де, маған бұрылды. «Испан тілін

білесіз бе?» деп сұрады ағылшынша. «Жоқ, сэр» деп жауап бердім.

«Жиналғандарға тек саяхатшы туристің басынан кешкендері тәрізді әңгімеден басқа ештеңе айтпайсыз» деп бұйырды. Осыны айтты да, бағушыға қайта бұрылды. Оған испанша бірдеңелерді айтты. Бағушының бет-әлпетінен үрей байқалады.

Шенеунік әскерилермен бірге көлігіне қарай беттеді. Бағушы мені оңаша жерге алып кетті. «Джон, бұл кісі – билік өкілі. Сенің уағыздауыңа тыйым салды. Мексика заңы бойынша, осы елдің азаматы болмасаң, уағыз айту үшін арнайы рұқсат алуға тиіссің. Бірақ ол заң көбіне ескерілмейді. Алайда, әлгі кісі сенің келгеніңді жаратпаса керек, сол заңды алға тартты. Және дүйсенбі күні, таңғы тоғызда сені өз кеңсесінен көргісі келеді екен» деді бағушы.

Мына сөзіне сенер-сенбесімді білмей қалдым. «Мен уағыз айтпастан қайтып кетпек емеспін. Өзіңе зияны тимесе, уағыз айтуыма рұқсат ет» дедім.

«Джон, заңды бұзсақ, менің қауымым зардап шегуі мүмкін. Әлгі кісінің лауазымы өте жоғары. Жағдай ұшығып кетер. уағыз айтпай-ақ қойғаның дұрыс-ау» деді бағушы. Бағушы үрейге бой алдырып, қаймығып қалыпты. Жиналыстың өтуі сол кісінің билігінде, сондықтан, мінәжат еткеннен басқа амалым қалмады.

Сыртқа шықтым. Жиналыс өтетін жер – Монтеррейдің қақ ортасындағы спорт кешені. Ғимараттың алдында тұтілген биік тұғыр бар екен, соны айналып жүре бердім. Бүгінгі жиналыста Құдайдың ерекше құзыры болатынын анық білемін. Мені осында Құдайдың Өзі жібергенін де білемін. Бірақ дәл қазір не істеуім керек, соны білмеймін. Ойым сансаққа жүгірді. «Мына шенеунік Құдайдың тапсырмасын

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

орындауыма шынымен де тосқауыл қойса ше?» деп те ойладым. Құдайдың жоспарына пенде бөгет бола алмайды ғой. Ішім алай-дүлей. «Не істеуім керек?»

Ақыры «Әке, осының бәрін алдын-ала білдің. Демек, мәселенің шешуін де қарастырып қойдың. Мені Өз жолыңмен жетелей гөр» дедім. Бөтен тілде мінәжат ете бастадым. Кенет жарқ еткен ой келді. «Мексикаға бұрын-соңды келген туристердің ішіндегі ең ұлы Тұлға» жайлы айт.

«Бәрекелді! Әлгі кісі туризм жайлы айтуыма болады деген еді. Мексикаға келген ең ұлы турист – Иса Мәсіх жайлы айтамын» дедім. Шаттанғанымнан күліп жібердім.

Ішке қайта кірдім, Құдай бағушының да жүрегін дайындап қойыпты. Ол кісі алдымнан шығып, «Құдайдың өзіңе айтқанын орында. Құдайдан сондай сөз келді» деді.

Уағызымды «Сіздермен тек туризм жайлы ғана сөйлесуіме болады, сондықтан, Мексикаға бұрын-соңды келген туристердің ішіндегі ең ұлы Тұлға жайлы айтамын» деп бастадым.

Бір сағат бойы Исаның Иеміз әрі Құтқарушымыз екенін уағыздадым. Исаны қабылдаған адамдар да болды. Солардың ішінде бір мүгедек бар екен. Жүрегіме Құдайдың «Осы адамды басқалардан бұрын сауықтырмақпын» деген сөзі келді.

Мүгедек адамға қарап, «Сэр, Құдай сізге шипа бергісі келетінін айтады» дедім де, қолымды қойып мінәжат еттім. Сосын қолынан жетектеп, жүргізе бастадым. Ол кісі әуелі аяғын абайлап басты. Бірте-бірте қадамы нығая берді. Біраздан соң аяғын нық басып, еркін жүрді. Содан кейін екеуіміз жүгіре жөнелдік. Ақырында қолын босаттым да, қоя бердім, мүгедегім жүгіріп кетті.

Залдың іші қуаныштан жарылып кеткендей болды. Ауру-сырқау адамдар алға қарай тұра ұмтылды. Қалың көпшіліктің

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

арасында аудармашымнан көз жазып қалдым. Сахнаның алды лық толды, шамасы бірнеше жүз адам. Көптеген науқас шипа алып жатты. Араларында бір құлағы туғанынан саңырау, екінші құлағы аздап қана еститін бір әйел бар екен, көзінің жасынан көйлегі су болып кетіпті. Не деген керемет!

Әлгі шенеунік жиналысқа екі адам жіберіпті, олардың міндеті – кешегі бұйрығын бұзсам, мені тұтқындау. Бұл екеуі мүгедек адам үшін мінәжат етіп жатқанымда келіпті. Тәртіп қызметіндегі адам олардың «Не істейтінін көрейік, сосын тұтқындаймыз» дескенін естіп қалыпты.

Мүгедек адамның сауығып кеткенін көргенде, «Мынау рас па?» деп, сахнаға жақынырақ барыпты.

Саңырау әйелдің күәлігін естіп, көзінің жасын көргенде, «Шындыққа ұқсайды» дескен екен.

Содан кейін бес жасар бала Құдайдың құдіретінен жерге құлап түскен екен, сонда бұл екеуі «Иә, шындық!» деп, өздері де алға шығып, мінәжат етіпті! Міне керемет!

Ертеңіне Мексикадан ұшып кеттім, әлгі билік өкілімен кездесіп әуре болған жоқпын. Арада бір апта өткенде, мексикалық бағушы Америкаға келді. Монтеррейде шығатын газетті ала келіпті. Газеттің бірінші бетінде біздің жиналысымыз жайлы үлкен мақала бар екен.

Билік өкілдері өзімді алаяқ деп, көздегенім – жұрттың ақшасын сыпырып алу деп жариялапты. (Киелі Рух маған бұл сапардан бір тиын алмай, шығынның барлығын өзім көтеруім керек екенін алдын-ала айтқан болатын. Себебін енді түсіндім). Әрі қарай газет тілшілері жиналысқа қатысып, науқастардың сауыққанын өз көздерімен көргені жазылыпты. Құдайға шүкір!

Киелі Рух қандай керемет! Оның жетелеуі болмаса, мұндай жағдайларда адам өзін қалай дұрыс ұстай алады? Егер мен сол

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

күні бөтен тілде дұға ете алмасам және сол күні кешке қайта дұға етпесем, Мексикада Құдайдың тапсырмасын орындай алмай, көңіл-күйім нашар болар еді. Бағушы шенеуніктің қоқан-лоққысына байланысты мені уағыздауға рұқсат бермес еді. Бірақ бөтен тілдегі дұғаның арқасында Құдайдың қалауы мен берген даналығының арқасында біз үшін құпия болған нәрсе шындықта көрінді. Бағушы үшін Құдайдың еркіне сай мінәжат еттім, нәтижесінде ол Құдайдың даусын естіді және Жаратқан Ие маған билік өкілінің қарсылығын қалай жеңуге болатыны туралы даналық берді. Барша мадақ Жаратқанға болсын!

О, дұшпан бұл сыйлықты Қауымнан ұрлап алуға барын салады. Ол одан қорқады, өйткені бұл Құдай мен сенушілердің арасындағы тікелей байланыс, бөтен тілде дұға еткенімізде, осы арналар арқылы нақты қандай хабарлама жіберілгенін жындар білмейді. Жүрегімізде дұғада өз сөзімізбен анық жеткізе алатын жағдайлар немесе тілектер бар, бірақ көбінесе біз өз ойымызды жеткізе алмайтын жағдайларға тап боламыз, сондайда бізге Қасиетті Құдай Рухының көмегі қажет. Сонда Пауыл: «Сонда не істеуіміз керек? Мен рухыммен де, санаммен де Құдайға сиынамын, рухыммен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын» (1 Қорынт. 14:15).

## ЖАН ДҮНИЕМІЗДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Соңғы кездері Құдай халқына жоғарыда жазғанымды орындау үшін оларды Киелі Рухпен жақынырақ қарым-қатынаста болуға шын жүрегімнен шақырып жүрмін. Оның жақындыққа шақыруына деген біздің жауабымыз барған сайын мәнді бола түседі. Уақыт өте келе, бізге тек Киелі Киелі Жазбаны түсіну жеткіліксіз болады, өйткені мұны

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

тіпті парызшылдар да меңгерген. Біз Киелі Рухтың бұрын *айтқанына* ғана емес, Оның бүгін *айтып тұрғандарына* да сезімталдықты дамытуымыз керек. Иса дәл осылай өмір сүрді. Ол: «Мен өздігімнен ештеңе істей алмаймын. Әкемнен естігенім бойынша соттаймын [*шешім қабылдаймын*]» деген еді (Жохан 5:30, *курсив автордыкі*). Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасы бұл үзіндіні былай деп түсіндіреді:

«Мен өзімнен ештеңе істей алмаймын [яғни, өз еркіммен, өз қалауым бойынша, бірақ Әкемнің маған үйреткеніндей және Оның өсиеттерін қабылдағанымдай ғана]... [Мен Әкемнен естігеніме сай шешім қабылдаймын]» (Жохан 5:30).

Исаның Киелі Рухтың жетелеуіне сезімтал болғаны сонша, ол өзінің Әкеге тәуелді екенін үнемі мойындап отырды. «Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды» (Жохан 5:19). Және тағы да: «Сендерге айтып жүрген сөздерім Өзімдікі емес, Әкемдікі» (Жохан 14:10). Біз, Оның ізбасарлары ретінде, сөзсіз «Онымен қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс» (Жоханның 1-хаты 2:6).

Исаның Киелі Рухқа сезімтал болғанындай, біз де сезімтал болуымыз керек. Шындығында, мен Құдайдың еркіне сәйкес, бізді қоршаған табиғи әлемге қарағанда, Құдайдың әлеміне көбірек сезімтал болуымыз керек деп есептеймін. Бөтен тілде дұға ету біздің жан дүниемізді қалыптастырады, осылайша біз Киелі Рухқа көбірек сезімтал бола аламыз. Бізге былай делінген:

Кім бөтен тілде сөйлесе, сол өз сенімін нығайтады  
(1 Қорынт. 14:4, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Нығайту деген грек сөзі *oikodomco*. Оның негізгі мағынасы «үй салу». Бір қызығы, біздің денеміз Киелі Рухтың ғибадатханасы болып табылады. Пауыл елші біздің «Құдайдың құрылысы» екенімізді еске салады (1 Қорынт. 3:9). Біз Оның үйіміз. Сондықтан бөтен тілде дұға еткенімізде, Киелі Рухтың мекенін кеңейтеміз. Біз Оған өмірімізден көбірек орын береміз. Әрине, мен бұл ұғымның физикалық жағын айтып отырған жоқпын, бірақ астарлы түрде айтып отырмын, өйткені У.Е.Вайн бұл сөздің «тура және астарлы мағынада» құрылысты білдіреді» деп тұжырымдайды.

Осылайша, бөтен тілде дұға еткенімізде, Құдайдың құзыры мен құдіретінің өмірімізде болу мүмкіндігін кеңейтеміз. Жан дүниемізді Құдайдың еркіне сай қалыптастырамыз, осылайша бізге табиғи ақыл-ойымыз емес, Киелі Рухтың жетелеуімен жүру оңайырақ болады.

Вайн, сонымен қатар, «нығайту» сөзі «сенушілердің рухани өсуі мен мінезінің дамуына ықпал ету» деген метафоралық мағынада қолданылатынын айтады. Бұл мағына Яһуда елшінің хатында айтылған және сенушінің рухани өсуіне қатысты ойына сәйкес келеді:

Ал сендер, сүйікті бауырластарым, өздерің сенетін Тәңір Иенің қасиетті де пәк таза ілімінің негізінде рухани өсіп толысуға ұмтылыңдар; Киелі Рухтың жетелеуімен сиыныңдар (Яһуда 20).

Бұл сөйлемде құру (жасау) немесе салу мағынасында қолданылатын грек сөзі – *epoikodoineo*. Оның негізгі мағынасы «бір нәрсеге негіз болу немесе оған сену». Сонымен, мұнда да біздің рухымызды тұрақты түрде нығайту көзделеді. Пауыл сенушілерге олардың Құдайдың ғимараты



екенін және Құдай Өзінің мейірімділігімен оларды Мәсіхке әкелудің негізін салғанын айтты. Осыдан кейін ол: «Бірақ әрқайсысы әрі қарай қалай салу керек екенін мұқият қарауы керек» дейді (1 Қорынт. 3:10).

Бүгінде көптеген сенушілердің рухы әлсіз, өйткені олар жан дүниесін Құдайдың еркіне сай қалыптастырмайды. Олар әр нәрсеге жүрек көздерімен емес, физикалық көздерімен қарайды. Олар Құдай Рухының жүректеріне айтқанына емес, өздерінің физикалық құлақтарына сенгенді жөн көреді. Олардың өмірін сыртқы адам басқарады. Мұндай адамдардың ішкі жан дүниесін күні бойы диванда отырып, теледидар көріп, картоп чипсы жейтін адамға теңеуге болады. Олар қызметте ынталы болса керек, бірақ ішкі жан дүниесі еленбейді. Мұндай сенушілер «Мен неге Құдайдан ешқашан естімеймін?» деп сұрайды. Мұның себебі өте қарапайым. Өйткені, Құдай біздің рухымызбен сөйлеседі, ақылымызбен емес. «Адамның рухы — Жаратқанның шырағы» (Нақыл сөздер 20:27). Егер біз ішкі адамымызды қалыптастырмасақ, біз Құдайды анық ести алмаймыз.

Пауыл яһуди сенушілеріне оларға айтары бар екенін айтты, бірақ олар «зейін қойып тыңдамайтын болды» (Евр. 5:11). Бұл адамдарға есту аппараты қажет емес, тек олардың жан дүниесі дұрыс бағыттан ауытқығандықтан, олар рухани нәрселерге деген сезімталдығын жоғалтты. Сонымен, шын мәнінде мұндай адамдар құрылысқа немесе нығайтуға қарама-қарсы әрекеттерді жасайды. Олар Құдай Сөзін есту қабілетінен айырылды. Дәл осы принциптер өзінің жан дүниесінің құрылысын елемейтіндерге қатысты. Жан дүниеміз мықты болмаса, біз Құдайға жақындай алмаймыз! Осы себепті Пауыл батылдықпен: «Мен өзім бөтен тілде сендердің әрқайсыңнан да көбірек сөйлеймін, бұл үшін

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайыма шүкірлік етемін» деп айтады (1 Қорынт. 14:18). Содан кейін ол яһудилерге былай дейді:

Тек рухани кемеліне келгендер [*рухани жетілгендер*] ғана «қатты тағамдарды» жей алады. Байыппен ойлауға [тұрақты *тәжірибе* арқылы] дағдыланғандықтан да, олар жақсы мен жаманды айыра біледі (Евр. 5:14, *курсив автордыкі*).

Пауыл елші олардың сыртқы емес, ішкі сезімдерін айтып тұрғанына назар аударыңыз. Сондай-ақ, елшінің айтуынша, біз ненің Құдайдан, ненің шайтаннан екенін ажыратуды үйрену үшін дағдылану арқылы, яғни үнемі тәжірибе жүзіндегі жаттығулар арқылы ішкі сезімдерді дамытатынымызды ескеріңіз.

Бізде бес физикалық сезім бар, сол сияқты бізде де рухани бес сезім бар. Жазба бізге мұндай мысалдарды береді. Төмендегі мәтінді оқып шығыңыз және аталған әрекеттерді физикалық сезімдер арқылы орындауға болатыны жайлы ойланыңыз. Бұл мәтіндердің авторлары табиғи емес, рухани сезімдерді айтып отырғанын түсінуге көмектеседі:

## ДӘМ ТАТУ

Иеміздің қаншалықты жақсы екенін *дәмін татып* көріңіз! (Забур 33:9, *курсив автордыкі*, орысшадан аударма).

Қандай тамаша Сенің сөзіңнің дәмі,  
Ол тіпті тіл үйірген балдан да *тәтті!* (Забур 118:103, *курсив автордыкі*).

Сөздерің табылды, мен оны *жедім*; Сенің сөзің мен

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

үшін жүрегімнің қуанышы мен қуанышы болды (Ерем. 15:16, *курсив автордыкі*).

## ҚОЛ ТИГІЗУ

Сондықтан олардың арасынан шығыңдар! Олардан бөлек тұрыңдар, арам нәрселеріне мүлдем *қол тигізбеңдер!* Сонда Мен сендерді қабылдаймын (2 Қорынт. 6:17, *курсив автордыкі*, орысшадан аударма).

Кәне, жүріңдер, шығыңдар Бабылдан! Арам атаулыға *қол тигізбей*, сол жерден шығыңдар! Жаратқан Иенің (киелі үйінің) бұйымдарын көтеріп алып жүретіндер, өздеріңді Оған бағыштап, тазару рәсімінен өтіңдер! (Ишая 52:11, *курсив автордыкі*, орысшадан аударма).

## ИІСТЕР

Алайда Құдайға шүкір: Ол Мәсіхпен тығыз байланыстағы бізді әрдайым жеңістің шеруімен жетелеп, біз арқылы Мәсіхті танудың «*хош иісін*» барлық жерге де таратуда. Себебі құтқарылу жолындағылар арасында да, тозаққа қарай бара жатқандар арасында да Құдай үшін Мәсіхтің *хош иісі* іспеттіміз. Соңғылар үшін біздің таратқан Ізгі хабарымыз өлімнің шіріген *иісіндей* болса, алғашқылар үшін сол хабар шынайы өмірдің жұпар *иісі* секілді. Ал кім мұндай жауапты қызметті атқаруға қабілетті? (2 Қорынт. 2:14-16, *курсив автордыкі*).

Мәсіхтің бізді сүйіп, біз үшін Өзін құрбан еткеніндей, сендер де бір-біріңді сүйіп өмір сүріңдер! Оның өз

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

жанын қиғаны Құдайға ұнамды, *хош иісті* құрбандық іспетті болды (Ефес. 5:2, *курсив автордыкі*).

Сендер жібергендердің бәрін де алдым, енді артығымен жетіп жатыр. Епафродит сәлемдемелеріңді әкеліп бергелі қажетті нәрселерім ағыл-тегіл. Олар — Құдай ұнатып қабылдайтын *хош иісті* тартулар мен құрбандық іспетті (Філіп. 4:18, *курсив автордыкі*).

## КӨРУ

Өйткені өмірдің қайнары Өзіңсің,  
Жарықты *көреміз* нұрыңда Өзіңнің  
(Заб. 35:10, *курсив автордыкі*).

Ол көкірек *көздеріңді* оятып, рухани нұрға кенелтіп, өздеріңді қандай үмітке шақырғанын, яғни өз халқына қандай керемет игіліктер сыйлайтынын, білсеңдер екен деп сиынамын. Сендер Құдайдың шексіз құдіретінің Иемізге сенуші біздерге қаншалықты күшті әсер ететінін ұқсаңдар екен деп те Одан сұраймын (Ефес. 1:18.19, *курсив автордыкі*).

Құдай адам баласына бәрін де бағындырып берген кезде оған бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ. Алайда біз бәрінің де адам баласына бағынғандығын қазір көре алмаймыз. Бірақ Исаның азапты өлім шеккені үшін Патша ретінде ғаламат салтанат пен құрметке бөленгенін *көреміз* (Евр. 2:8,9, *курсив автордыкі*).

*Көзің* кіршіксіз таза болғанда өмірің түгелдей нұрға кенеледі. Ал егер ашкөз болсаң, бүкіл өміріңді

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

қараңғылық басады. Сонымен, егер өміріңде нұр орнына қараңғылық болса, ол қандай қара түнек болмақ! (Мат. 6:22,23, *курсив автордыкі*).

## ЕСТУ

Мұнан кейін Ілияс Ахаб патшаға: «Ал енді, өрлеп барып, тамақ ішіп-жеңіз! Жақындап келе жатқан нәсердің даусын *естіп* тұрмын», — деді (Патшалықтар 3-жазба 18:41). *Құлағы барлар жақсылап тыңдап алсын! (Лұқа 14:35, курсив автордыкі).*

Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға айтқандарын жақсылап *тыңдап* алсын! (Аян 2:7, *курсив автордыкі*).

Құдай Рухын қабылдамайтын және қабылдамайтын ішкі адамға қатысты Иса мынаны анық айтты:

Мен бұларға астарлап айтамын, өйткені олар [*сыртқы адам*] көріп тұрса да, [*жан дүниесі*] шынымен көрмейді, естіп тұрса да, [*жан дүниесі*] шынымен естімейді де, [*жан дүниесі*] түсінбейді де. Осылайша Ишая пайғамбардың алдын ала айтқан мына тәрізді сөздері олардың өмірінде жүзеге асады: Естисіңдер [*сыртқы адам*], бәрібір түсінбейсіңдер [*жан дүние*], көресіңдер [*сыртқы адам*], бәрібір аңғармайсыңдар [*жан дүние*]! Өйткені бұл халықтың жүректері [*жан дүниесі*] қасарысқан сезімсіз, құлақтары [*жан дүниесі*] керең, [*жан дүниесінің*] көздері жұмылған (Мат. 13:13-15, *курсив автордыкі*).

Рухани болмыс рухани дүниеде ненің Құдайдан, ненің Құдайдан емес екенін ажыратуды үйрену үшін өзінің ішкі

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сезімін дамытады. Мұндай даму сенушінің сезім мүшелерін пайдалануы немесе жаттықтыруы арқылы анықталады. Табиғи сезімдер бәрімізде бар, ал кейбіреулері басқаларға қарағанда жаттығулар арқылы жақсы дамыған. Мысалы, шараптың әртүрлі сорттарының сапасын анықтай алатындай дәм сезу мүшелерін дамытқан адамдар бар. Тәжірибелері арқылы олар шараптың дәмі мен шығарылған жылын анықтай алады, оның ескі немесе жаңа жүзім өнімі екенін, сол жылы қанша жаңбыр жауғанын және т.б.

Басқа адамдар өздерінің көру қабілетін асыл тастардың сапасын анықтай алатындай етіп дамытқан. Тәжірибесіз көзге барлық тастар мінсіз болып көрінуі мүмкін, бірақ үйренген көзге әрлеу сапасы мен түсі, негізгі немесе кішігірім кемшіліктерінің саны және тастың тазалығы бірден көрінеді.

Дыбыс пен әуенді естуге құлағын жаттықтырған дыбыс инженерлері, музыканттар, дирижерлар, т.б. Олар бүкіл оркестрдегі үндеспейтін бір аспапты ажырата алады. Олар есту қабілетін құлақтары музыканттар ойнаған кезде үйлесімділіктің бар немесе жоқтығын тез анықтайтындай етіп жаттықтырды.

Иіс сезу қабілеті дамыған адамдар бар. Олар парфюмерияның жоғарғы және негізгі ноталарын ести алады, сондай-ақ кез келген хош иістегі дәмдеуіштердің, гүлдердің және цитрус жемістерінің толық спектрін анықтай алады. Мұндай адамдар өздерінің табиғи сезімдерін ерікті түрде дамытқан. Олар басқа адамдарға қарағанда, дарындырақ емес. Олар жай ғана өздерінде бар сезімдерді дамытуды шешті. Бұл бірден жүзеге аспайды, сол адамдар бар күш-жігерін осы бағытта жұмылдырған.

Осы уақытқа дейін біздің сыртқы сезімдерімізді қалай жат-

## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

тықтыруға болатынын көрсететін көптеген басқа мысалдар да ойыңызға келген болар. Бірақ сол қағидалар рухани салаға да қатысты. Көп жылдар бойы сенуші болып жүріп, рухыңызды дамытпауңыз да мүмкін. Киелі Жазбада Шомылдыру рәсімін жасаушы Жақияның «рухы өсіп, күшейгені» айтылған (Лұқа 1:80, орысшадан аударма). Пауыл Тімотеге «бәрі де бұдан сенің алға басуыңды көре алсын» деп, өзін толықтай рухани дамуға арнау керектігін айтады (1 Тім. 4:15). Ал жан дүниемізді қалай қалыптастырамыз? Киелі Жазба бұл туралы өте анық айтады: Құдайдың жазбаша Сөзі арқылы (Пет. 1-хат 2:2; Елшілердің істері 20:32), Оның Сөзіне мойынсұну арқылы (Евр. 5:9-ды қараңыз) және бөтен тілде дұға ету арқылы (1 Қорынттықтарға 14:4; Яһуда 20 қараңыз).

## РУХТЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Неліктен ішкі сезімдерді дамыту соншалықты маңызды? Егер рухани сезімдеріміз жеткілікті түрде дамыған болса, біз Киелі Рухпен қарым-қатынаста әлдеқайда еркін боламыз. Рух бізбен жақынырақ деңгейде қатынасады. Ойым түсінікті болу үшін тағы да табиғат құбылыстарына жүгінейік. Сезім мүшелеріңіздің бесеуі де жұмыс істемесе, мен сізбен тіл табыса алмас едім. Бар даусыммен айқайласам да, естімейтін едіңіз. Иығыңыздан түртсем де, сезбейтін едіңіз. Мен сізге ишарат етіп, белгі берер едім, бірақ сіз көрмейсіз, т.б.

Жақында 80-дегі әкеме есту аппараты керек болды, бірақ ол кісі оны пайдаланғысы келмеді. Дастархан басында сөйлесіп отырғанымызда, әкем кенет жоқ болып кеткендей, әңгімеден шығып қалатын. Мен дауысымды қаттырақ шығарып «Түсінесің бе, әке?» деймін. Әкем абдырап қалады, есту қабілетінің нашарлығына байланысты біздің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

әңгімемізді көп естімейтінін сонда түсіндім. (Ол қазір есту аппаратын тағып жүргенін қуана хабарлаймын!) Біздің рухымыз туралы да осыны айтуға болады. Сезімталдықтан айырылсақ, Киелі Рухпен әңгіменің көп бөлігін түсінбей қаламыз және бұл ең жаманы емес! «Құдай менімен жақын досымдай сөйлеспейді» дегенді жиі естимін. Мүмкін, бұл адамдардың жай ғана ішкі сезімдері дамымаған. Ең бастысын түсінуіміз керек: Біз Құдайдың айтқанын естуді қалаймыз. Алайда, Құдайдың бізбен сөйлесуге деген қалауы біздікінен әлдеқайда зор. Бұл жай ғана, біз адамдар, көбінесе еврей сенушілеріне ұқсаймыз, өйткені біз «зейін қойып тыңдамайтын болдық» (Евр. 5:11).

Әдетте, қолданып жүрген қабілетіміз дами береді, ал қолданусыз қалған қабілеттеріміз әлсірей береді. Бөтен тілде дұға еткенде, жан дүниеніңіз дұға етеді, ал табиғи адам немесе тән дұғаға қатыспайды. Мұны Құдаймен кедергісіз қарым-қатынасқа түсуіміз үшін табиғи қабілеттерімізді оразаға жіберудің бір түрі. Мен сізді Рухта дұға етуге ғана емес, сонымен қатар басқа тілдердегі дұғаларды түсіндіруде де Құдай сізге көмектесетініне сенуге шақырамын.

Көбінесе таңертең мен бір сағат бойы бөтен тілде дұға етемін. Егер мен алдымен мадақтау әндерін шырқасам немесе жүрегімді Құдайдың алдында ақтарсам, назарымның әр нәрсеге ауғаны тоқтайды да, рухани нәрселерді назарымда ұстау оңай болады. Әдетте, Иемізге жақындық сезімі күнделікті істеріміз бен уайымдарымыздың шет қалуына себеп болады. Содан кейін мен санама құйылған идеяларды, аяндарды және даналықтарды қабылдай бастаймын. Бөтен тілде дұға еткен кезімде Құдайдан келген барлық ойларымды жазуым керек екенін түсіндім, содан кейін Киелі Рух мені басқа нәрселерге жетелейді.



## ЖАҚЫНДЫҚ ТІЛІ

Бұрынғы жылдары мен бөтен тілде дұға етіп отырып, осы дүниелік нәрселер туралы ойлап кететінмін, соған қатты қынжылатынмын. Мысалы, мінәжат етіп отырып, жаңа кітаптардың атаулары туралы, көптен көрмеген адамдармен хабарласқым келетіні туралы, біреуге сыйлық жасау туралы, қызметке бөлінген қаржыны қалай жұмсау керектігі туралы және т.б. ойлар келді. Бірақ бірте-бірте мен бұл ойлардың көпшілігінің Киелі Рухтан келетінін түсіндім. Көп ұзамай мен бұл ойларды жаза бастадым және байқағаным, бір идеяны жазып болуым мұң екен, ол ойымнан шығып кетеді де, басқа идеялар келе бастайды. Содан мен бұл идеяларды жүзеге асырдым және оларға Құдайдың жарылқауы келгенін көрдім. Бөтен тілде дұға еткенімде, Киелі Рух есіме адамдарды немесе ұлттарды ғана түсіріп қана қоймайды, сонымен қатар Оның еркіне сәйкес істеуім керек нәрселерде маған бағыт беретінін түсіндім. Құдаймен жоғары деңгейдегі қарым-қатынастың осындай болатынын тағы да атап өткім келеді.

## РУХАНИ ӘЛЕМДЕГІ ӨМІР

Меніңше, Пауыл елші хаттарының көпшілігін осылай жазды. Ол былай деп ескертеді: «Тәніммен қастарыңда болмасам да, рухыммен орталарыңда тұрып, сендердегі ынтымақты, Мәсікке деген берік сенімдеріңді *көріп*, қатты құанамын» (Қол. 2:5, *курсив автордыкі*). Ол қолостықтарды тәни көздерімен көрмеді, өйткені ол анық айтқандай, ол физикалық әлемде олармен бірге болмады. Қорынттықтарға жазған хатында елші: «Тәнім алыста болғанмен, рухыммен орталарыңдамын. Сондықтан мен араларыңда жүргендей, осыны істеген күнәкарға үкім шығарып қойдым» дейді (1 Қорынт. 5:3). Бірақ Пауыл елші егер ол физикалық дүниеде қастарыңда болмаса, қолостықтармен және

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қорынттықтармен бірге болып, олардың не істеп, не айтып жатқанын қалай көре алды? Біз рухани тіршілік иелері екенімізді және Құдай Рухының Патшалығында ешқандай кедергілер мен қашықтықтардың жоқтығын есте ұстауымыз керек. Рухы Иемізде қалыптасқан адамдар рухани әлемде болып жатқан оқиғаларды көбірек біледі, сондықтан олар мұқтаж адамдарға тиімді дұға ете алады немесе қызмет ете алады. Естеріңізге сала кетейік, алдыңғы тарауда біздің австралиялық кеңсе қызметкеріміз қытайлық бағушыны бұрын танымаса да, фотосуреттегі көптеген басқа тұлғалардың арасында бірден таниды!

Пауыл елші рухтар әлеміндегі нәрселерді көрді және бөтен тілде дұға ету кезінде әртүрлі қауымдарда не болып жатқанын білді. Осындай аяндардан кейін ол осының бәрін өз хабарламаларында жазып, хат жолдады. Иссапарда жүріп, бөтен тілде дұға еткенімде, мен өзімнің отбасымда және біздің қызметкерлеріміздің өмірінде не болып жатқанын көрдім. Содан телефон тұтқасын алып, жаңалықтарды маған айтылмай тұрып жиі білетінмін. Рухпен дұға еткеннен кейін мен не айтуым керектігін алдын-ала біліп, әңгімеге дайын болдым және жағдайды қалай шешу керектігін білдім.

Африкада болғанымда, Кенияда тайпалық жауынгер болған бір адамды кездестірдім. Ол Исаны біз кездескенше көп жыл бұрын білген, бірақ өз халқымен бірге болып, оған қызмет ету үшін елінде қалды. Оның христиандық есімі Джон, мезгіл-мезгіл Африкадан іссапармен шығып тұрады. Ол жақында АҚШ-қа келіп, өзім жақын танитын бір адамдардың үйіне тоқтады. Америкада өткізген үш аптасының ішінде ол Африкада қалған отбасында сол уақытта болып жатқан оқиғалар туралы айтты. Біраз таңғалып, достарым одан бұл ақпаратты қайдан алғанын

сұрады, өйткені оның Африкадағы үйінде де, көршілерінің ешқайсысында да телефон жоқ. Сонда ол былай деп жауап берді: «Пауыл елші Азиядағы қауымдармен де осындай байланыста болды. Сол қауымдар оның Мәсіхтегі отбасы еді, өйткені Пауыл оларды рухта туды. Пауыл елші сол қауымдардан алыста жүргенде, дұға арқылы олармен бірге болды және олардың бүкіл өмірін көрді. Сондықтан елші олардың істері туралы жаза алатын. Мен тек Киелі Рухтың күші арқылы Құдайдың әрбір сенушіге берген мүмкіндігін пайдаланамын. Мен өзімнің отбасымның өмірімен осылай байланыста боламын және үйімнен алшақ кеткен сайын осылай істеймін».

Джонның куәлігін осында келтіруімнің себебі, ол Құдай Сөзімен толық үйлеседі. Мұндай нәрселерге неге таң қалуымыз керек? Пауыл елші бұл туралы Жаңа Өсиетте бірнеше рет айтқан. Бұл африкалық бауырласқа Киелі Жазбаның қате екені немесе Америкадағы көптеген адамдар айтқандай, олар енді жұмыс істемейді деп ешкім айтқан жоқ. Неліктен біз Иса соншалықты үлкен құн төлеген нәрседен бас тарттық? Қымбатты Иеміз әрі Құтқарушымыз Исаның одан да тиімді қызметшілері және балалары бола алатындай етіп, біз неге жан дүниемізді Оның еркіне сай қалыптастырмаймыз?

Әлі де кеш емес! Он жастасыз ба, сексен бестесіз бе, бәрібір. Сенімге жақында ғана немесе ондаған жылдар бұрын келсеңіз де, Киелі Рухпен тамаша қарым-қатынасты дамыту үшін бөтен тілде дұға ету, дұғаның түсіндірмесін сұрау арқылы жан дүниеңізді қалыптастыра аласыз. Ол сізге көптеген *құпия* сырларды ашпақ! Тек сыртқы адамды тыныштандырып, жүрегіңізді бәрін Білушіге жақындатуыңыз ғана керек. Қандай керемет шақыру! Бұл мүмкіндікті жіберіп алмаңыз!

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Бөтен тілдерде сөйлеу қабілеті Құдайдың сол уақытта сіздің өміріңізде не істеп жатқанын жақсырақ түсінуге көмектескен кездеріңіз болды ма? Осы арқылы сіз қандай жаңа түсінік, тыныштық немесе жігер алдыңыз?
2. Бұл тарауда Құдай бізге ашатын құпияларды қалай дұрыс қолдануымыз керектігі туралы айтылады және Езекия патша (Ишая 39:2-ні қараңыз) мен бағушымен мысалдар келтіреді. Құдай ашқан нәрсені басқалармен бөлісу үшін Құдай белгілеген уақытты күту маңызды ма? Сіз басқа адамдарға әсер ету ниетіңізді бақылау қажеттілігін сезінесіз бе?

# БЕРІК СЕНІМ



Құдай біздің қажеттіліктерімізге емес,  
сенімімізге жауап береді!

Осы жылдар ішінде мен Киелі Рухқа толы, Құдайды сүйетін және дәріптейтін, күнәдан аулақ жүретін көптеген шынайы сенушілерді кездестірдім, бірақ мұндай адамдар жиі: «Неге мен Құдайды естімеймін? Неге Оның құзырын сезбеймін?» деп сұрайды. Мен бұл мәсіхшілердің үмітсіздігін сеземін. Олар істеу керек деп ойлайтын барлық нәрсені істейді, бірақ дұға кезінде Жаратқан Иемен біріге алмайды. Олармен бірнеше минут сөйлескеннен кейін біз әдетте мәселенің себебін анықтаймыз. Көбінесе бұл сұраққа бір ғана жауап бар және оны келесі аяттан табуға болады:

Сонымен, бауырластар, Исаның Өз қанын төккенінің арқасында енді *нық сеніммен* ең қасиетті орынға кіре

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

аламыз. Өйткені Құдай алдына баруымызға бөгет болған «шымылдықты» Иса өз денесін құрбан етуімен қақ айырып, біз үшін мәңгілік өмірге жаңа жол ашты... Сондықтан да адал жүрекпен, *нық сеніммен* Құдай алдына *барып*, Оған сиынайық. (Мәсіхтің төгілген қаны) жүректерімізге «бүркіліп», ар-ұжданымыз күнә атаулыдан арылған әрі денеміз таза сумен жуылған болсын. Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал (Евр. 10:19-23, *курсив автордыкі*).

Біріншіден, Пауыл елші Жаратқан Ие тұратын Ең қасиетті орынға кіре алатынымызды айтады. Иса айқышта жан тапсырған кезде киелі үйдегі шымылдық жоғарыдан төмен қарай қақ айрылып, екі бөлінді. Құдай ғибадатханадан шығып, Өзінің жаңа ғибадатханасына, қайта туылған адамның рухына кіруге дайындалды. Сондықтан қазір, біз Оған жақындаған кезде, миллиондаған шақырым қашықтықтағы даңқты сарайды елестетпейміз. Қайта, Құдайды ішкі жан-дүниемізден іздейміз, өйткені ішіміздегі Құдайдың Рухымен қарым-қатынас — Иса және Әкеміз отырған көктегі таққа жақындаумен бірдей.

Автордың Құдайға *нық сеніммен* жақындау керектігін айтқанына назар аударыңыз. Бірақ Оған *нық сеніммен* қалай жақындайсыз? Оған біз құқылымыз, себебі Ол Ғолғотада төгілген қаны арқылы бізге Өзінің алдына кіру жолын дайындап қойған. Біз ар-ұжданымызды күнәнің айыптауынан көретін азабымыздан тазарттық, енді Оның алдына *нық сеніммен* кіре аламыз.

Бұдан артық жол жоқ. Бұл даусыз факт. Құдай біз Оған жақындасақ, Ол да бізге жақындайтынын айтқан! Дегенмен, адамдардың көпшілігіне қиындық туғызатын – *толық сенім*

талабы. Біз Оған сеніммен баруымыз керек! Өйткені Киелі Жазба бізге былай дейді:

Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. *Құдайға келген* әркім Оның бар екеніне [міндетті түрде] сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс. (Евр. 11:6, *курсив автордыкі*).

Мына сөздерге құлақ асыңыз: «Сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес». Осы сөздерді ден қойып оқып, жүрегіңізден орын алуына мүмкіндік беріңіз.

### «МЕН СЕНЕТІН АДАМДЫ ІЗДЕЙМІН!»

Сенімге жаңадан келген кезім есімде. Исаны Құтқарушым деп қабылдағаным бір-екі жыл болған. Әлі үйленген жоқпын. Солтүстік Каролинада пәтер жалдап тұрдым. Бір күні таңертең қалың ұйқыда жатқан едім. Кенеттен, жатқан жерімнен атып тұрып: «Мен жай ғана сенетін адамды іздеймін!» деп айтқанымды естідім.

Сағатқа қарасам, таңғы төрт қана екен. Ұйқылы-ояу есімді жиғанша біраз уақыт өтті. Шамды жақтым. Ауырмасам да, дене қызуым болмаса да, терлегенімнен төсек-орынның су-су екенін көрдім. Не болғанын түсінбей, аң-таңмын. Сосын білдім, Құдай мен арқылы сөйлеген. Құдайдың құдіретін сезініп, ерекше күйде болдым. *Бірақ бұл сөздердің ерекшелігі неде? Құдайдың сенетіндерді іздейтінін білемін.* Шаршағанымды сезіндім де, қайтадан жатып, ұйықтап қалдым.

Келесі күні таңертең оянғанымда, күні бойы менің санамда бір ой жүргендей болды: *мен жай ғана сенетін*

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

*адамды іздеймін ... мен жай ғана сенетін адамды іздеймін ... мен Тек сенетін адамды іздеймін...* Түске таман кенет мін-жайды түсіндім. Өзіме-өзім дауыстап: «Мәссаған!» дедім.

Осы сәттен бастап мен келесі екі сұрақтың төңірегінде ой жүгірте бастадым: *Исаны ең қатты ренжіткен не еді?* (Оны ең қатты ашуландырған нәрсе емес, өйткені Ол, әрине, парызшылдарға қатты ашуланды.) *Ал Оған ең ұнайтын нәрсе не болды?* Біріншіден, Исаның Өз уәделерін орындайтынына адамдардың сенбеуі жанына батты! Қарапайым тілмен айтқанда, Ол адамдардың сенімінің жоқтығынан немесе сенімсіздігінен қайғырды. Негізінде сенім мынада: сенген адам Құдайдың уәде еткенін орындайтынына еш күмәнданбайды. Адам баласы өтірік айтуды қиын көрмейді, ал Құдай – пенде емес, Ол Өз есімінің абыройымен Сөзіне кепілдік береді және растайды. Ол Өз атымен ант етеді, өйткені Оның есімінен жоғары ештеңе жоқ. Сондықтан, біз Оған күмәндансақ, оның қадір-қасиетін қорлаймыз. Бұл мәселені келесі түрде қарастырайық. Адамдардың сенімсіздігінен Исаның қайғырған кездерін оқыңыз. Осындай бірнеше жағдайлар Матай Інжілінен алынған:

Сенімі аздарым-ай! .. (Мат. 6:30).

Шәкірттері Исаға жақындап, Оны оятып:

— Мырза, құтқара көріңіз! Құритын болдық! — деп айқайлады. Иса оларға:

— Сенімі аздарым-ай, неліктен соншама қорқасыңдар? — деді де, орнынан тұрып, жел мен көлге тыйым салды. Сонда жым-жырт тыныштық орнады (Мат. 8:25,26).

Иса дереу қолын созып, демеп жіберіп:



## БЕРІК СЕНІМ

— Әй, сенімі азым-ай! Неліктен (Менің құдіретіме) күдіктендің? — деді (Мат. 14:31).

Иса оларын біле қойып, былай деп сұрады:

— Сенімі аздарым-ай, неге сендер нанымыз жоқ деп пікірлесіп отырсыңдар? (Мат. 16:8).

Исаның даусынан көңілсіздік пен мұңды естисіз бе? Әйтсе де, Оның шәкірттерінің талмасы бар баладан жын-шайтанды шығара алмағандығы таң қалдырады. Иса шәкірттеріне былай деді:

— Ей, сенбейтін, шындық жолынан тайған ұрпақ-ай! Қанша уақыт қастарыңда болмақпын, қанша уақыт сендерге төзбекпін?! Кәне, баланы Маған әкеліңдер! — деді. Содан соң Ол жынға қатаң бұйрық берді. Жын баланың денесінен шығып, ол сол сәтте-ақ сауығып кетті (Мат. 17:17,18).

Көріп отырғаныңыздай, Иса Өз сезімін тыймаған. Оның даусынан тек көңілсіздік қана емес, әділ ашумен шектесетін өкініш пен мұң да бар! Осыдан кейін шәкірттері Исадан неге бұл жынды қуып шығара алмағандарын сұрады. Исаның жауабы қарапайым болды:

Сенімдеріңнің жеткіліксіздігінен (Мат. 17:20)

## ҚҰДАЙ СЕНІМІМІЗГЕ ЖАУАП БЕРЕДІ

Біз бәрін де Иемізден сенім арқылы аламыз. Құдай адамның мұқтаждықтарына емес, сеніміне жауап береді. Ал осы ақиқатты Мәсіхтің Денесіндегі көптеген адамдар білмейді екен! Осы мәлімдемеге тоқталып, біраз ойланыңыз!

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Мен бұл шындықты растау үшін Киелі Жазбадан сансыз мысалдар келтіре аламын, бірақ бұл жерде олардың екеуін ғана атап өтпекпін. Біріншіден, бір күні Иса жамағатқа тәлім беріп отырғанда, Ғалилея мен Яһудея аймақтарының барлық ауылдарынан әрі Иерусалим қаласынан келген парызшылдар және Таурат заңын үйретуші ғұламалар да Оның қасында отырды.

Иса Жаратқан Иенің ауруларды сауықтыратын құдіретіне кенелген еді (Лұқа 5:17).

Маған Киелі Жазбада Құдайдың құдіретінің науқастарды сауықтыру үшін келгені туралы нақты айтылғаны ұнайды. Меніңше, сол жерде Құдайдың шипасына мұқтаж болған, кем дегенде, бір заң мұғалімі, шын мәнінде бір емес бірнешеуі болды. Алайда, олардың ешқайсысы сауықпады! Неліктен? Ешқайсысында Құдайдың сауықтыру құдіретіне деген сенім болмады.

Сол кезде бірнеше кісі сал болып ауырған бір адамды төсенішімен көтеріп алып келді. Олар оны Исаның алдына апару үшін үйге кіргізбек болды, бірақ халықтың көптігінен ішке кіруге жол таба алмады. Сондықтан олар үйдің сыртқы сатысымен үстіне шығып, жалпақ төбесінің жұқа қыштарын ашты. Сол жерден ауруды жатқан төсенішімен ортаға, Исаның алдына түсірді.

*Олардың сенімін көрген Иса сал адамға: «Пендем, сенің күнәларың кешірілді», — деді де, ...— Саған айтамын: орныңнан тұр да, төсенішіңді жинап алып, үйіңе бар! — деп тапсырды.*

Ауру адам олардың көзінше дереу тұрды да, жатқан төсенішін жинап алып, Құдайды мадақтап үйіне

кетті! Осыны көргендердің бәрі қатты қайран қалып, үрейленді. Олар: «Біз бүгін ғажап істер көрдік!» — десіп, Құдайға мақтау айтты (Лұқа 5:20-26, *курсив автордыкі*).

Иса бұл адамдардың сенімін көрді. Сал адам да, оны зембілге салып әкелген достары да, Иеміздің уәдесіне берік, сөзіне адал екенін білетін. Сірә, олар Жаратқан Иенің өз халқына айтқан сөздерін бұрыннан білген шығар:

«Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын,  
Маған көп жақсылық жасағанын ұмытпаймын.  
Ол бар күнәларымды кешіріп,  
Дерттерімнің бәрін сауықтырады» (Заб. 102:2,3).

Дінбасылар болса, науқастың айыққанына таң қалып, Құдайды дәріптеді. Алайда олардың ешқайсысы ауруынан сауықпады. Неліктен? Өйткені, Құдай беріп тұрса да, сеніммен алмасақ, ештеңеге жетпейміз! Құдай парызылдардың да сауығып кетуін қалады, бірақ олар Құдайдың шипасын ала алмады! Құдай сенімімізге қарай жауап береді және бұл Құдайдың сөзіне сүйене отырып, Оған қарай қадам басқанымызда жүзеге асады.

Екінші жағдайда Исаға грек әйел келді. Ол Исадан қызын сауықтыруын өтінді. Бірақ Иса оған:

— Алдымен «балалар» жеп тойсын: «Балалардың нанын алып қойып, үй күшіктеріне тастау дұрыс емес», — деді (Марқа 7:27).

Иса алдына келген жат жұрттық әйелді ітке теңеді. Әйел ренжіп, ренжіген күйінде кете беруі де мүмкін еді. Бірақ,

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қалай болғанда да, ол Құдайдың мінезін білді. Сондықтан ол бірден жауап тапты:

Айтқаныңыз дұрыс, Тақсыр! Дегенмен «үй күшіктері» де сәбилердің дастарқанынан түскен ұсақ-түйек қалдықтармен қоректенеді ғой? (Марқа 7:28).

Ол өзінің Құдай Ұлының алдында тұрғанын білді және Оның ізгі Құдай екеніне және Оның құдіреті шексіз екеніне сенді. Ол табанды болды, дегенінде тұрып, қажетін сұрай беруі керек екенін, сонда Иса сұрағанын беретінін білді. Ол сенімде нық тұрды, сондықтан Иса:

— Мұны дәл айттың. Сол үшін үйіңе қайта бер, жын қызыңның бойынан шығып кетті, — деді (Марқа 7:29).

Үйге оралған ол қызының құлан-таза жазылып кеткенін көрді. Және бұл жағдайда Иса оның мұқтаждығына емес, сеніміне жауап берді, өйткені оның өтініші әуелі мұқтаждыққа негізделгенімен, Исаға берген жауабы сенімнен тұтанған от тәрізді еді.

## СЕНІМ – БАРЛЫҒЫН ҚАБЫЛДАУ КІЛТІ

Осы принцип Патшалықтағы барлық нәрсеге қатысты. Жақып елші былай дейді:

Батылдықпен Құдайға дұға еткенде, тек шүбәланбай, сеніммен Құдайдан сұрауларың керек. Себебі күмәнданған адам жел айдап, соқтығысқан теңіз толқынына ұқсас. Мұндай кісі Жаратқан Иеден бір нәрсе аламын деп күтпесін: ол — екіойлы, барлық іс-әрекетінде тұрақсыз адам (Жақып 1:6,7).

Дәл солай. Мына сөздерді қайта тыңдаңыз: «Мұндай адам Жаратқан Иеден бір нәрсе алуды ойламасын». Осы жайында бір сәт ойланыңыз! «Бір нәрсе алу» деген сөзді қарастырыңыз. Бұл жалпыға бірдей үзілді-кесілді мәлімдеме! Құдай бұл туралы нақты және анық айтады. Жаратқан Ие басқа ешбір нәрсе емес, тек сенімге ғана жауап береді!

Сондықтан көп адамдар Киелі Рухты қабылдамайды. Олар сеніммен сұрамайды. Киелі Жазба бізге былай деп сауал қояды:

Маған мынаны ғана айтыңдаршы, Киелі Рухты қалай қабылдадыңдар: Таурат заңын орындау арқылы ма, әлде Ізгі хабарды тыңдап, *сену арқылы* ма? (Ғал. 3:2, *курсив автордыкі*).

Бұл аят Жақып елшінің жазғанына толығымен сай келеді. Құдайдың алдына сеніммен келмей, Иемізден ештеңе ала алмаймыз және Киелі Рухқа деген сеніміз де дәл солай қажет. Қаншама рет тілде сөйлемейтін шөлдеген сенушілерді кездестірдім. Олар сенімде өздері қол жеткізгеннен әлдеқайда көп игіліктердің бар екенін біледі, барынша ізденеді, бірақ Киелі Рухқа толы Құдай Сөзін естігенде, олар маған: «Мен бір рет дұға еттім, бірақ ештеңе болмады» дейді. Немесе олар Киелі Рухты алғысы келеді, бірақ олардың бұл сыйлыққа деген көзқарасы белгісіз. Оларда Исадан қызының сауығуын сұраған грек әйелінікіндей табандылық жоқ. Ондай адамдар Құдайдың алдына толық сеніммен келмейді! Олар Оған батылдықпен келмейді! Құдай біздің Оның еркін білгенімізді қалайды. Мұны «Сондықтан ақымақ болмай, Құдай Иенің еркін біліп алыңдар» деген аяттан білеміз (Ефес. 5:17). Ал осыны білгенімізде, еш күмәнсіз, толық сеніммен сұраймыз.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайға жақындау үшін де сол принцип қолданылады. Көбінесе сенушілер Иеміздің алдына Онымен тығыз байланыста болам ба деген үмітпен жақындайды. Және бұл — Киелі Кітапта айтылған *үміт* емес, өйткені, Киелі Кітаптағы *үміт* — бұл сенімділік. Мен болуы «мүмкін» нәрселер туралы күмәндана сөйлейтін үмітті айтамын. Сенушілер көп сөзді жай ғана, мүмкін Құдайдың құлағына шалынар деген үмітпен айтады. Бұл көзқарас сенім емес және ол сізді Құдайдың алдына әкелмейді. Киелі Кітап тағы да былай дейді: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім *Оның бар екеніне* сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс» (Евр. 11:6, *курсив автордыкі*). Құдайға жақындаған кезде *Оның бар екеніне* сенуіміз керек. Басқаша айтқанда, Жаратқан Ие мінәжатыңызды естіп, жауап береді деген нық сенім!

Жақып елші былай дейді: «Мұндай кісі Жаратқан Иеден бір нәрсе аламын деп күтпесін: ол — екіойлы, барлық іс-әрекетінде тұрақсыз адам» (Жақып 1:7,8). Екі ойлы адам Құдайға жақындайды, бірақ Оның алдында тұрғанына күмәнданады. Ол тіпті «Құдай менің алдына келгенімді байқайды ма екен?» деп те күмәндануы мүмкін.

Екіойлылықтың белгілерінің бірі – шашыраңқы ойлар. Не айтқым келіп отырғанын түсіндірейін. Қауымдағы жиналыста адамдар уағыздан кейін дұға ету үшін алға шыққанда, көбінесе музыканы тоқтата тұруды сұраймын. Мәселе мынада, музыка тек аспаптардың дыбысы болса да, сенушілердің көбісі таныс әндердің сөздерін айтады, сондықтан Иемізге назар аударма алмайды. Жақып былай дейді: «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды... Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (Жақып 4:8). Ойымыз шашырап, Оған назар аударма алмасақ, біз Құдайды қалай іздей

аламыз? Осындай көңіл-күйде досыңызбен сөйлессеңіз, қалай болар еді?

Адамдар басқа нәрселерге өте оңай алаңдайды, өйткені олар Құдайға жақындаған кезде Оның құзырына кіремін деп үміттенеді. Жоқ, алдымен *Құдайдың бар екеніне* сену керек, *Иеміздің осында екеніне* сену керек. Оның сізді *тыңдайтынына* және сізге жауап беретініне сенуіңіз керек. Ол сіздің назарыңызға лайық. *Құдайдың сізді өте мұқият тыңдайтынына* еш күмәнсіз сеніңіз, өйткені Ол, өзіңіз білетіндей, осыны уәде еткен, және Ол өтірік айта алмайды. Сіз Құдайға жақындасаңыз, Ол да сізге жақындайды. Сол сәтте жүректің толқуын тежеу мүмкін емес-ау! Біз қандай керемет Құдайға қызмет етеміз! Оған сеніммен жақындасақ, Ол бізге жауап береді!

### СЕНІМГЕ ҚАЛАЙ ИЕ БОЛАМЫЗ?

Енді біз көптеген сенушілерді жиі қызықтыратын нәрсе туралы айтуымыз керек. Сенімді қалай нығайтуға болады? Сенушілер мұндай сұрақтарды үнемі қояды және шын мәнінде, елшілер кезінде де дәл осындай сұрақтар қойылған:

...елшілері Иеміз Исадан:

— Сенімімізді арттыра көріңіз, — деп өтінді. Иеміздің жауабы мынау болды:

— Сендердің тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тұт ағашына: «Жерден тамырыңмен қопарылып, теңізге отырғызыл!» десеңдер, ол айтқандарыңды орындар еді (Лұқа 17:5,6).

Ең алдымен Исаның мына сөздеріне назар аударыңыз: «тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса...». Тұқым

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

– өте кішкентай нәрсе, бірақ оның ішінде үлкен ағашқа айналу мүмкіндігі бар. Сондықтан сенім тұқымын үлкен жемісті ағашқа айналдыру тақырыбына көшпес бұрын, сенімнің, ең болмаса, бір тұқымына қалай ие болатынымызды анықтап алайық. Бұл сұрақтың жауабын мына аяттан аламыз:

Сонымен, сенім хабарды *естуден* келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады (Рим. 10:17, *курсив автордыкі*).

Яғни, қиын ештеңесі жоқ. Сенім тұқымы жүрегімізге Құдай Сөзін тыңдағанымызда егіледі. Исаның «есту арқылы» деген сөздеріне назар аударыңыз. Кейде сөзді бір рет тыңдағаннан кейін тұқым пайда болады, бірақ жиі қайта-қайта естудің нәтижесінде тұқым жүрегіміздің топырағына енеді. Сондықтан Иемізге шөліркеген көптеген сенушілер Құдай Сөзін және ондағы хабарларды үнемі тыңдайды немесе оқиды. Адамдар маған жиі келіп, менің кітаптарымды бірнеше рет қайталап оқитындарын, бейнетаспаларды бірнеше қайталап көретіндерін айтады, содан кейін ғана жолдауымның мән-мағынасын ұғына бастайды. Дәл осындай сәттерде олардың жүрегінің топырағына дән түсіп, тамыры берік болады! Бұл соншалықты қарапайым нәрсе, егер сіз оны күрделендіре бастасаңыз, бәрін бүлдіріп аласыз. Сенім тұқымы Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған Құдай Сөзін тыңдау арқылы ғана пайда болады.

Бүгінгі күні уағыздың көптігі, жазылған кітаптың көптігі, бірақ Құдай Сөзін айтудың аздығы өте өкінішті. Баспагерлер алғашқы кітабымды басып шығарудан бас тартқан еді, олардың айтуынша, кітапта «уағыз материалдары» тым көп екен.



Киелі Жазба аяттарын тым көп келтіріппін, Құдайдың айтқаны да тым көп екен! Меніңше, баспагерлерге керегі — адам амбицияларын, күнәкар болмысын қанағаттандыратын нәрселер.

Мұның бәрі өте өкінішті, алайда, бүгінгі таңда мұндай талаптарға көнетін қызметкерлер аз емес. Қазір бізде Құдайды іздеу процесі жеңілдетілген қауымдар бар. Мұндай қауымдардағы адамдар Киелі Кітапты өздерімен бірге алып жүрмейді, өйткені бұл оларға қажет емес. Олар ләззат алуды жеңілдететін, сахнадағы әртістің орындауына ұқсас төмен сапалы немесе көңіл көтеретін «орындауларды» тыңдайды. Батыс қауымдарының жай-күйі туралы ойласам, оларда болып жатқанның бәрі Қытайда болып жатқан жағдаймен салыстырғанда маған оғаш болып көрінеді. Мысалы, соңғы екі жылда біздің қызмет астыртын қауым басшыларына елу мың Киелі Кітап жіберді, өйткені олар Құдай Сөзіне ұмтылады. Қытайда Киелі Кітаптың аздығы сонша, қауым басшылары Жаңа Өсиеттің жеке парақтарын қызметкерлерге таратып, олардың мәтінін жаттауын сұрайды, сонда олардың Киелі Кітаптарын билік тәркілесе, олар әрқашан Құдай Сөзін жатқа айта алады. Бұл адамдар Құдай Сөзінің құндылығын біледі.

Бірақ батыс қауымдарында біз жанның өзгеруіне және күнәкар болмыстың өлуіне әкелетін Құдай Сөзін айтудың орнына, жанға тәтті әрі күнәкар болмысқа ыңғайлы уағыздармен адамдардың көңілін көтеруге тырысамыз. Жанға жайлы сөздерді тыңдай отырып, бас шұлғимыз, жүректі елжірететін оқиғаға келгенде, тіпті көзімізге жас та аламыз, бірақ күнә осындай Құдайды іздеушілердің есігін қаққанда, не болмақ? Олар оған қарсы тұруға күш таба ма? Мұндай адамдар осы немесе басқа өмірлік жағдайда Құдайдың еркін білу қажет болғанда не болады — олар қалай дұға ету керектігін және не сұрау керектігін біле ме?

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Олар Інжілден сұрағандарын алған мұндай адамдардың сенімін өздерінен таба ма? Мұндай сұрақтар көп.

Сол баспаның бірінші кітабымды алмағанына бүгінде қуаныштымын. Әйтпесе, баспа редакторлары жолдауымды жұмсартуын талап етер еді. Сонда сол жолдау арқылы рухани билікке ие бола алатын көптеген адамдар одан айырылып қалар еді. (Айтпақшы, кітап басылып шықты). Бір қызығы, баспа иесі менің кітабымды алмаған өз фирмасының басшысын жұмыстан шығарып, жүрегі Құдайға берілген адамды жұмысқа алды. Жаңа басшы ұжымға Құдайдың Өз халқына жіберген жолдауларына құлшыныспен қарайтын жұмыскерлерді алды. Сол баспаның жаңа басшысы хабарласып, келесі кітабымды шығаруға рұқсат сұрады. Соңында осы баспадан бес кітабым басылып шықты, оның төртеуі бестселлерге айналды. Бірақ ең бастысы, біз адамдардың өмірінде, олардың отбасыларында және бүкіл қауымдарда болып жатқан өзгерістер туралы сансыз күәліктерді әлі де алудамыз. Барлық мадақ Құдайға болсын!

Осының бәрін сіздермен бөлісіп отырғанымның себебі, Жаратушы Тәңір Ие мынаны да айтады: «Біліп қойыңдар! Мен не нанды аңсайтын аштықты, не суды аңсайтын шөлді де емес, Менің, Жаратқан Иенің, сөзін естуге деген аштық пен шөлді жіберетін уақытым келе жатыр!» (Амос 8:11). Американдық қауымда, әдетте, Құдай Сөзінің өте аз бөлігі уағыздалады. Мен бұл мүлдем жоқ деп айтпаймын, тек көптеген хабарламалар, кітаптар, бейне және аудио кассеталардың көптігімен салыстырғанда Құдай Сөзі жетіспейді. Неліктен Африка мен Азиядағы адамдардың мүмкіндіктері американдықтарға қарағанда әлдеқайда аз, бірақ Иеміздің жарылқауларына оңайырақ қол жеткізеді, өмірлерінде сенімі мен жемісі көбірек пе? Шын мәнінде, бәрі

өте қарапайым. Олар Көне Өсиет заңына сәйкес жасалған сенушілердің өміріне қойылатын талаптарды емес, жан мен тәнге жағымды хабарларды емес, Иеміздің Сөзін естиді!

Мен Құдайға ешқашан сырттан келген қысымға берілмеймін және адамдардың құлағына жағымды сөздер айтпаймын деп уәде бердім. Ием маған не айтса, соны айтамын. Пауыл елші былай деді: «Ал енді, мен мұны адамға не Құдайға жағу үшін айтып отырмын ба? Жоқ, мен адамдарға ұнауға тырыспаймын, әйтпесе Мәсіхтің қызметшісі бола алмас едім» (Ғал. 1:10). Қаншама адамдар қауымдағы қызметін Мәсіхтің қызметшісі ретінде бастап, қауым мүшелерінің немесе тыңдаушыларының қызметшісіне айналып кетті. Олар сол адамдарды бастап алып жүруге тиіс еді, алайда, өздерін солардың қалауын қанағаттандыруға міндетті деп санайды. Сенім Құдайдың Сөзін есту арқылы келеді. Бұл сіздің жүрегіңіздің топырағына тұқым себетін Құдай Сөзі. Рухани жетекшілер ретінде біз Иеміздің халқына олар қажет деп ойлаған нәрсені емес, шын мәнінде қажет нәрсені беруіміз керек. Біз адамдарды Құдайдың мәңгілік Сөзінің шындықтарымен тамақтандыруымыз керек, ол оларды нығайта алады және олардың Құдайға бағышталған барлық адамдарымен бірге уәде етілген жарылқауларға ие болуына көмектеседі (Елшілердің істері 20:32 қараңыз).

Қазір Құдайдың таза және мәңгі өзгермейтін Сөзін уағыздап жүрген көптеген қызметкерлер бар. Олардың кейбіреулері бір кездері халықтың құлағына жағуға ұмтылудың тұзағына түсіп, енді бұл адасудан құтылып жатса, енді біреулері қызметін енді бастап жатыр. Олар Құдай халқын Оған қайта оралуға шақырады! Неліктен Құдай Өзімен жақын қарым-қатынасқа соншалықты зор мән береді? Жауап қарапайым. Ол сенің Онымен тәтті бірлікте және қарым-қатынаста өмір сүруің үшін

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

сеніміңнің болғанын қалайды, өйткені сенімсіз Онымен бірлікте бола алмайсың. Ол Өз халқын Өзіне тарту үшін Сөзі арқылы жүректеріне сенім тұқымын себеді. Не деген керемет!

## СЕНИМДІ ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

Енді сенімді қалай арттыруға болады деген сұраққа келеміз. Иса шәкірттеріне былай деген еді:

Сендердің тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тұтағашына: «Жерден тамырыңмен қопарылып, теңізге отырғызыл!» десеңдер, ол айтқандарыңды орындар еді. Араларыңдағы біреудің жер жыртып не мал бағып жүрген малайы бар дейік. Малай даладан қайтып келгенде, қожайыны оған: «Тез келіп, дастарқанға отыра ғой!» дей ме? Керісінше: «Кешкі тамағымды дайында! Мен ішіп-жеп болғанша, алжапқышыңды байлап алып, маған қызмет ет, содан кейін өзің ішіп-жерсің!» деп бұйырмай ма? Ал бұйрықтарын орындағаны үшін қожайын малайына алғыс айта ма? Сендер де солай, Құдайдың өздеріңе бұйырғандарының бәрін орындағаннан кейін: «Біз небәрі түкке тұрғысыз малаймыз, жай міндетімізді ғана атқардық» деңдер! (Лұқа 17:6-10).

Байқасаңыз, Иса тұқым ретінде сенім туралы айтып отырып, кенеттен малайы мен қожайынының арасындағы қарым-қатынасқа ауысып кетті. Осының себебі маған әрқашан түсініксіз болатын. Бір қарағанда, Иса жүйесіз сөйлегендей көрінуі мүмкін, бірақ бұлай болуы мүмкін емес. Содан бір күні Киелі Рух менің көзімді осы үзіндіге ашты.

Біріншіден, Ол сенім бізге кішкентай дән түрінде

келеді дейді. Өсімдіктің тұқымдары әдетте өте ұсақ, бірақ олардың үлкен ағашқа айналар әлеуеті бар. Сондықтан астық өз мақсатына жету үшін оны топыраққа егіп қана қою жеткіліксіз, оны күтіп-баптау керек. Исаның жауабының екінші бөлігінде сенімнің кішкене тұқымнан үлкен жеміс ағашына айналуының кілті бар. Ағашты тамырымен қопарып теңізге тастайтын, қажет болса, тауды орнынан қозғайтын, бізді Құдайдың құзырына әкелетін – сенім! Малай қожайынының жерін жыртады, отарын бағады. Мұның бәрін не үшін істейді? Оның қызметінің мақсаты – қожайынын тамақпен қамтамасыз ету. Иса былай деп сұрайды: жер жыртып немесе мал бағып келген малай қожайынының дастарханына ас қоймай, ісін тәмамдай ала ма? Өзіне жүктелген барлық міндетті түгел орындап шыққанда ғана, жұмысы біткен болып саналады. Тиянақты орындалмаған іс астық егіп, оны суарып, тыңайтып, пісіп-жетілу қарсаңында қараусыз қалдырып, жемістен құр алақан қалумен бірдей.

Иса біздің Оған мойынсұнуымыз туралы айтып отыр. Ол біздің Иеміз, ал біз егістікте жұмыс істейтін қызметшілеріміз. Егер біз сенім тұқымының жемісін көргіміз келсе, өзімізге жүктелген әрбір істе адал болуымыз керек. Исаның мына сөзіне назар аударыңыз: «Сендер де солай, Құдайдың өздеріңе бұйырғандарының бәрін орындағаннан кейін...». Бұл сөздер Оның мойынсұнуымыз туралы айтып отырғанын растайды және бұл біздің сенімімізді арттырудың кілті.

### ЖАРТЫЛАЙ МОЙЫНСҰНУ = МОЙЫНСҰНБАУ

Ішінара бағыну да, мойынсұнуды бастап, кейін бас тарту да жеткіліксіз. Бұл қателік Киелі Кітаптың көптеген кейіпкерлерінде бар. Соның бір мысалы — Саул патша.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдай оған Амалек ұрпақтарын толығымен жоюды бұйырған болатын. Ол барлық еркектерді, әйелдерді және балаларды өлтіруге, сондай-ақ мадан да тұяқ қалдырмай түгел жоюға тиіс еді. Амалек тайпасынан тірі жан қалмауы керек еді. Саул Құдайдың айтқанын орындаудан бас тартпады. Көбінесе біз мойынсұнбауды анық, көпе-көрнеу, ашық бүлік деп ойлаймыз. Алайда, мүлде олай емес. Саул әуелі уәде беріп, кейін уәдесінен танған жоқ. Көбіміз Құдайға мойынсұнбау деп, осындай мінез-құлықты айтамыз. Сондай-ақ Саул Құдайдың бұйрығын әуелі маңызды деп танып, кейін оны ұмытып кетті немесе елеусіз қалдырды деп те айта алмаймыз. Көбіміз Құдайға бағынбау деп осындай әрекетті айтар едік, бірақ оны тәртіп бұзушының ізгі ниетімен ақтайтын едік. Біз атап өткен мінез-құлықтарды Құдайға мойынсұнбау деп атауға болатынымен көпшілік, тіпті, бәріміз де келісетін шығармыз, дегенмен Саулға қайта оралайық.

Ол тез арада жауынгерлерін жинап, амалектіктерге шабуыл жасады. Ол барлық еркектерді, әйелдерді және балаларды өлтірді. Саул мен оның сарбаздары семсермен мыңдаған адамды қырып салды. Бірақ Саул Амалек патшасын тірі алып қалды. Неліктен? Ол өз заманының талабын орындады деп ойлаймын. Ол заманда әлдебір халықты жаулап алып, патшасын тірідей қолға түсірсеңіз, оны өз сарайыңызда құл етіп, соғыста алған олжаңыз ретінде ұстайсыз.

Саул мыңдаған бас малды да жойды. Бірақ ол ұсақ мал мен ірі қараның ең қоңдысын тірі алып қалды да, Құдайға құрбандыққа мал шалып, заңның талаптарын орындау үшін халқына таратты. Осы ісі халықтың көңілінен шыққаны даусыз. Мына жағдайды көз алдыңызға елестетіп көріңізші, сол малды Құдайға құрбандыққа шалғанда, олар: «Біздің патшамыз не деген құдайшыл адам, ол әрқашан Иемізді

бірінші орынға қояды» деп ойлады.

Бірақ Құдай мұны басқаша көрді. Жаратқан Ие Самуилге сөзін арнап: «Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды орындамады» деді (1 Патшалық. 15:11). Саул он мыңдаған адамды қырып тастады, бірақ біреуін аман қалдырды. Ол Құдайдың тапсырмасын 99,9 пайыз орындады. Көпшілігіміз оның істерінен мойынсұнушылықты көретін едік, бірақ Құдай мойынсұнбаушылықты көрді. Оның үстіне, Киелі Кітап мәтінінде сәл төменірек Құдай, пайғамбардың аузымен оның әрекетін мойынсұнбаушылық деп атайды. Осылайша біз Құдайдың алдында ішінара мойынсұнудың, шын мәнінде, мойынсұнбаушылық болып табылатынын көреміз. Шындығында, Құдайға толықтай дерлік мойынсұну, тіпті 99,9 пайыз бағыну мойынсұнушылық деп есептелмейді, керісінше, тілазарлық болып табылады. Мынадай қарсылықты жиі естиміз: «Менің істеген істеріме неге қарамайсыз? Сіз тек мен істемеген нәрсеге назар аударасыз!» Саул да солай дей алар еді. Мұның бәрі адамның пайымдауымен толық сәйкес келгенімен, Құдайдың көзқарасына сәйкес келмейді!

## ҚҰДАЙМЕН АРАДАҒЫ ЖАҚЫНДЫҒЫМЫЗ СЕНІМІМІЗГЕ ТУРА ПРОПОРЦИОНАЛ

Саулдың өмірін әрі қарай бақылайтын болсақ, сенімінің сапасының үнемі нашарлағанын байқауға болады. Саул Құдайдан барған сайын алшақтай берді. Оның Құдаймен жақындық деңгейі төмендейді, өйткені біздің Құдайға жақындау қабілетіміз сенімімізге тура пропорционал. Жохан елші бұл туралы былай дейді:

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Сөйтіп өзіміздің шынайы жолда екендігімізді біліп, Құдай алдында жүрегіміз орнығады. Себебі егер жүрегіміз бізді айыптаса да, Құдай жүрегімізден жоғары ғой, Ол бәрін де біледі. Сүйікті бауырларым, жүрегіміз бізді айыптамағанда Құдай алдында нық сеніміміз болады және Одан не сұрасақ та, аламыз. Өйткені Құдайдың өсиеттерін орындап, Ол не қаласа, соны істейміз (Жоханның 1-хаты 3:19-22).

Біздің Құдайға жақындау қабілетіміз сенімге, ал сенім Иемізге мойынсұнуымызға тікелей байланысты. Енді осы мәлімдемені нақтылай кетейін. Құдайға мойынсұнбай, артынша күнәмізді мойындап, тәубе ететін кездеріміз болады. Мен жағдайлар туралы айтып отырған жоқпын. Дәуіттің күнәсі Саулдікінен әлдеқайда ауыр болды, бірақ ол бірден өкінді. Оның сенімі де, Иемізбен жақын қарым-қатынаста болу мүмкіндігі де кеміген жоқ. Саул болса, өз пайдасына ұмтыла берді, ол өзіндікі деп санағанын талап етіп, қорғап, талаптарын кеңейте берді. Оның жүрегі Жаратқан Иені Дәуіттей аңсаған жоқ.

Бұл мысалдың жақсы көрінісі – ерлі-зайыптылардың күнделікті қарым-қатынасы. Біреуі екіншісінің мүддесін ескермей, өз бетінше талап қоя бастаса, олардың арасындағы сенім мен жақындық жоғалады. Күйеуі: «Шығынның бәрін мен көтеремін, сені бастан-аяқ киіндіріп, асырап отырмын, саған баспана беріп отырмын. Егер тоқал алсам несі жаман?» деуі мүмкін. Ол әйелімді сүйемін әрі оған қамқорлық жасап жүрмін деп ойлауы мүмкін, алайда, бір-ақ салада Құдайға бағынбауына бола олардың арасындағы жақындық деңгейі тез төмендейтініне кепілдік беремін.

Біз: «Ием, мен үнемі қауымға барамын, ондығымды апарамын, Киелі Кітапты оқимын және дұға етемін, бірақ неге менің сенімім соншалықты әлсіз?» деуіміз мүмкін. Сізге



бір сұрақ қояйын: әйеліңізге қалай қарайсыз? Құдай былай дейді: «Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Жан-тәндерінің нәзік екенін түсіне отыра, оларды ерекше қастерлей біліңдер. Себебі Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Тәңір Иеге *сыынған кездеріңде ештеңе кедергі болмас үшін* де осылай істеңдер!» (1 Петір 3:7, *курсив автордыкі*). Өміріміздің кез келген саласында мойынсұнбас болсақ, Құдаймен қарым-қатынасымызға кедергі болады. Исаның сөзін есіңізге түсірейін: «Сендер де солай, Құдайдың өздеріңе бұйырғандарының бәрін орындағаннан кейін...». Жартылай мойынсұну сеніміңізді еш арттырмайды! Дәл осы қағида ерлі-зайыптылардың, балалар мен ата-аналардың, тіпті ата-ананың балаға деген қарым-қатынасына да қатысты.

Тағы бір сұрағым бар: уәдеңізге беріксіз бе? Киелі Жазба «өзіне қиын болса да, сөзін орындайтын» адамның Иемізбен жақын болатынын растайды (Заб. 14:4). Осы қағиданы ұстанасыз ба? Үнемі аузыңызбен күнә жасап, содан кейін неге сенімім әлсіз деп жүрген жоқсыз ба? Сізге қояр осы тәрізді сұрақтарым әлі де көп.

Мұның бәрі Құдай Сөзіне толығымен мойынсұнуға ұмтылуымызға байланысты! Өйткені бізге үзілді-кесілді айтылған:

Балаларым менің, сендер *күнә жасамасын* деп осыны жазып отырмын (Жоханның 1-хаты 2:1, *курсив автордыкі*).

Кейбір сенушілер күнәға не жеңіл-желпі қараса, басқалары заңшылдық тұрғысынан қарайды. Күнәға жеңіл қарайтын адамдар мейірімді Құдайдың рақымында өмір сүреміз, сондықтан, Құдайдың Сөзін бұзауда тұрған ештеңе

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

жоқ деп ойлайды. Біздің барлық күнәміздің құны Исаның айқыштағы құрбандығымен өтелген. Иә, Иеміз айқышта күнәларымызды өтеді, бірақ біз Пауыл елшінің сенушілерге не айтқанын есте сақтауымыз керек: «егер біреуге бағынып, оның еркін орындасаңдар, онда сол қожайындарыңның құлы боласыңдар. Сол сияқты, сендер не мәңгілік өлімге апаратын күнәға құл боласыңдар, не Құдайға мойынсұнып, әділдікке қызмет етесіңдер» (Рим. 6:16). Исаның Өзі Оны Ием деп тани тұра, күнәдан бас тартпағандарға мына сөздерді айтты: «Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» — деп ашық айтамын» (Матай 7:23).

Ал заңшылдар күнәні күнә жасаған адамды өзінің «әулиелер клубынан» аластатуға себеп ретінде қарастырады. Бірақ бұл ниет біздің кез келген бағынбаушылықтан тыйылуымызға негіз болмауы керек. Негізінде мұндай уәж бізді күнәдан мүлде сақтай алмайды. Бірақ егер тілазарлығымыздың сенімімізді бұзатынын, ал бұл өз кезегінде Иемізбен арадағы жақындыққа кедергі болатынын түсінсек, күнәдан қашуымыз керек!

Неліктен? Өйткені біз Жаратқан Иемізбен жақындықты дүниедегі барлық нәрседен артық қалаймыз! Жақып елшінің Құдайға жақындауға шақырардан бұрын және кейін айтқан сөзінің мән-мағынасын енді анық ұғына аламыз:

Сонымен, Құдайға *мойынсұныңдар!* Эзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, *қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар!* (Жақып 4:7,8, *курсив автордыкі*).

## БЕРІК СЕНІМ

Көріп отырғаныңыздай, сөздің бәрі мойынсұнудың айналасында! Неліктен? Құдайға толық сеніммен жақындай алуымыз үшін. Осы тараудың ең басында қарастырылған үзіндіге тағы да назар аударайық:

Сонымен, бауырластар, Исаның өз қанын төккенінің арқасында енді *нық сеніммен* ең қасиетті орынға кіре аламыз. Өйткені Құдай алдына баруымызға бөгет болған «шымылдықты» Иса өз денесін құрбан етуімен қақ айырып, біз үшін мәңгілік өмірге жаңа жол ашты... Сондықтан да адал жүрекпен, *нық сеніммен* Құдай алдына *барып*, Оған сиынайық. (Мәсіхтің төгілген қаны) жүректерімізге «бүркіліп», ар-ұжданымыз күнә атаулыдан арылған әрі денеміз таза сумен жуылған болсын. Мойындаған *үмітімізді үзбей, берік ұстанайық*, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал (Евр. 10:19-23, *курсив автордыкі*).

Біздің сенімділігіміз немесе толық сеніміміз Құдай Сөзін тыңдаудан келетін сенімнен туындайды және бұл сенім, өз кезегінде, біздің үнемі мойынсұнуымыз арқылы еселене түседі. Егер біз күнә жасасақ, Әкеміздің алдында Шапағатшымыз әрі Қорғаушымыз бар, және тез тәубе етсек, ар-ұжданымыз айыптаудан таза болады, өйткені Иса Мәсіхтің қаны бізді барлық күнәлардан тазартады және бізді сүттен ақ, судан таза етеді.

Алайда, біз біле тұра, қасақана күнә жасай берсек, онда ар-ұжданымыз бізді айыптайды, ал Құдай бізді ар-ұжданымыздан да бетер айыптайды, өйткені Ол бәрін біледі. Осылайша, Құдайға толық сеніммен жақындауға кедергі келтіретін тосқауылдарды қолдан жасаймыз.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

### ҮМІТ

Ал енді жоғарыдағы үзіндідегі екінші мәлімдемеге жүгінеміз: «*Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық*». Үміттің немесе сенім артудың не екенін сенушілер көбінесе дұрыс түсінбейді. Бұл сөздің «әлдененің болуы мүмкін» дегендей күмәнді көзқарасқа еш қатысы жоқ. Керісінше, бұл термин «сеніммен күту» дегенді білдіреді.

Құдай Ыбырайымға алғаш рет көрінгенде: «Ыбырам, қорықпа! Мен сені қалқандай қорғаймын. Саған берілер сыйлық аса зор болады» деді (Жаратылыс. 15:1). *Табиғи жағдайда* Ыбырайымның бедеу әйелден бала көрмек үміті болған жоқ, сондықтан оның жауабы өте көңілсіз болды:

Уа, Жаратушы Тәңір Ие, Сен маған қандай сыйлық бермексің? Мен әлі де ұрпақсыз келемін. Үйіме дамаскілік қызметшім Елиезер иелік етпек (Жаратылыс. 15:2,3).

Бұл сөз әлсіз ғана үміті қалған немесе үміті мүлде үзілген адамның аузынан шыққаны анық, бірақ Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі орындалу үшін, ол әуелі сенуге тиіс. Құдай сол күні кешке оны үйден алып шығып, оған аспандағы жұлдыздарды көрсетіп, оларды санауды бұйырды. Менің ойымша, бұл былай болды: Ыбырайым сансыз жұлдыздарды санамақ болып ұйықтап қалған болуы керек. Келесі күні таңертең Иеміз оны оятып: «Сен барлық жұлдыздарды санадың ба?» деді.

Ыбырайым: «Жоқ, олардың саны тым көп» деп жауап берді.

Құдай күткен жауабын алған соң, оған: «Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады!» деді (Жаратылыс 15:5). Құдай оған Өз сенімін берді, яғни, оның Ыбырайымға берген

уәдесінің айқын бейнесі – сансыз ұрпақ бейнесін көз алдына келтірді. Ыбырайым аспанға қарап, жұлдыздарды көрген сайын Құдайдың уәдесін есіне алатын, көптеген ұрпақтарының: «Әкеміз Ыбырайым! Бабамыз Ыбырайым!» деген үні құлағына жеткендей болатын еді. Осы орайда Жаңа Өсиет Ыбырайым туралы былай дейді:

Үміттенетін еш шара қалмаған кездің өзінде Ыбырайым үмітін үзбей, сенімінде берік тұра берді. Сондықтан да ол «Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады!» деген уәде бойынша көптеген халықтардың рухани түп атасы болды (Рим. 4:18).

Ыбырайымға не уәде етілді? «Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады!». Табиғи әлемде үміті қалмаған Ыбырайым Құдайдың әлеміне қадам басты, сол әлем көзге көрінетін нәрселердің қайсысынан да асып түседі екен. Құдайдан келетін үміт табиғи шектеулерден асып, Құдайдың әлеміне көз тігеді. Ыбырайым көзге көрінетін нәрселерден тыс, Құдайдың уәделеріне қарауды таңдады. Шын мәнінде, Киелі Жазбада Ыбырайымның «Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сенгені» айтылған (Рим. 4:21). Ол берік сенімінің арқасында уәденің орындалуын көрді.

Ал сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану (Евр. 11:1).

Біздің сеніміміз Құдайдан келген үмітімізді және Құдайдың уәделерін жүзеге асырады. Ыбырайымның өмірінен көргеніміздей, Құдайдан келген үміт дегеніміз — бұл тәни көзбен әзірше көру мүмкін болмайтын Құдайдың еркінің орындалу

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

жобасы. Құдайдан келетін үміт өте маңызды, өйткені үмітсіз сенім ештеңені жүзеге асыра алмайды. Құдайдың Сөзі біздің жүрегімізге сенім ұялатып қана қоймайды, ол бізге үміт береді, ал сенімімізге анық бағыт береді.

Осының барлығын үйіліп жатқан құрылыс материалдарымен салыстыруға болады, мысалы, қыш тақтайшалар, терезе жақтаулары, тақтай, цемент, ағаш, кірпіш және т.б. Біз мұның бәрін жинай аламыз, бірақ жобасыз және сызбасыз құрылыс процесі қорқынышты түске айналады! *Мен жобасыз да үй сала аламын* деп ойлауыңыз мүмкін. Бәлкім, болашақ үйіңіздің нобайы ойыңызда бар шығар, дегенмен, сізге кем дегенде қандай да бір жоспар керек.

## ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ АР ЖАҒЫНА, ОНЫҢ ҚҰЗЫРЫНА КІР

Құдайға жақындау тақырыбына қайта оралайық, негізгі мәтініміз мынау:

Сонымен, бауырластар, Исаның өз қанын төккенінің арқасында енді *нық сеніммен* ең қасиетті орынға кіре аламыз. Өйткені Құдай алдына баруымызға бөгет болған «шымалдықты» Иса өз денесін құрбан етуімен қақ айырып, біз үшін мәңгілік өмірге жаңа жол ашты... Сондықтан да адал жүрекпен, нық сеніммен Құдай алдына барып, Оған сиынайық. (Мәсіхтің төгілген қаны) жүректерімізге «бүркіліп», ар-ұжданымыз күнә атаулыдан арылған әрі денеміз таза сүмен жуылған болсын. *Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық*, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал (Евр. 10:19-23, *курсив автордыкі*).

## БЕРІК СЕНІМ

Пауыл елші Иемізге жақындау туралы анық айтады. *Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық* деген сөзге тағы да назар аударайық. Есіңізде болсын, үміт – бұл сіздің болашағыңыздың жобасы, көзге көрінбейтін нәрселердің Құдайдан келген бейнесі. Осыны есіңіздей сақтай отырып, төмендегі аятты ден қойып, оқып шығыңыз:

Адамдар өздерінен жоғарының атымен ант береді. Сол арқылы айтқандарын бекітіп, күллі дау-дамайларын доғартады. Сондықтан Құдай да Өзінің уәдесін иемденетіндерге алға қойған мақсатының мызғымас екенін өте айқын көрсеткісі келгенде, айтқандарын антпен бекітті. Осылайша біз бұл екі мызғымас негізге (Құдайдың уәдесі мен антына) сүйеніп, олардан зор күш-жігер аламыз. Себебі Құдайдың өтірік айтуы еш мүмкін емес қой. Бізге ұсынылған осы үміттен күдер үзбей, Одан пана таптық. Бұл үмітіміз — берік зәкір сияқты жанымыздың сенімді сүйеніші; ол көктегі киелі үйдің ішіндегі *«шымалдықтың арт жағында»* Құдайдың Өзімен бекітілген (Евр. 6:16-19, *курсив автордыкі*).

Сіз көріп тұрсыз ба? Екі үзіндіні біріктірсек, мынадай мәтін шығады:

Адал жүрекпен, *нық сеніммен* Құдай алдына барып... *Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық*, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал... Бұл үмітіміз — берік зәкір сияқты жанымыздың сенімді сүйеніші; ол көктегі киелі үйдің ішіндегі *«шымалдықтың арт жағында»* Құдайдың Өзімен бекітілген (Евр. 10:22,23; 6:19, *курсив автордыкі*).

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Жаңа ағылшынша Киелі Кітап бұл үзіндіні былай деп аударды: «Ол [үміт] бізді аспандағы шымылдықтың ар жағына, Құдайдың ішкі киелі орнына апарады». Ыбырайымға мызғымас үміт пен болашағының анық көрінісін берген Құдайдың Өзі болатын. Жақындық туралы айтатын болсақ, Киелі Рух біздің тәни көзіміз көре алмайтын нәрселер туралы Құдайдың көрінісін береді, атап айтқанда, ол аспандағы тақ бөлмесінде тұратын Иеміздің Өзін көрсетеді.

Құдайға жақындай отырып, ішіміздегі Құдайдың Рухына бет бұрамыз және тәніміздің пердесі мен шектеулі табиғи ойлауымыздан шығып, Құдайдың алдына келеміз яғни, Иса мен Әкеміздің мекені – көктегі ең киелі орынға кіреміз. Осы ішкі киелі жерде біз ұлылық Иесімен тығыз қарым-қатынаста боламыз!

Сенушілер дұға еткенде көбінесе Құдай тағының алдында тұрғанын елестетуге тырысады. Бірақ Киелі Рухтан келетін үмітсіз мұны Ыбырайымның Құдайдың уәдесін көзбен көргенше жүзеге асыра алмауымен салыстыруға болады. Жаратқан Иенің Өзі болашақты нақты суреттегеннен кейін ғана Ыбырайым Құдайдың оған уәде еткенінің бәрін түсінді.

Киелі Рухсыз ең киелі орында Құдаймен шынайы және жақын қарым-қатынасты сезіне алмаймыз. Бұл бізге үміт береді және тәни көзге көрінбейтін нәрсені анық көрсетеді. Осы аян арқылы біз Иса өте қымбат құн төлеп, бізге қолжетімді еткен нәрселерге толық сеніммен және батылдықпен ұмтыламыз. О, Иса, қазір де, мәңгілікте де Құдайдың алдында толық сеніммен жақындай алуымыз үшін, біз үшін киелі қаныңды төккенің үшін рахмет!



ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Үміттің немесе сенім артудың «әлдененің болуы мүмкін» дегендей күмәнді көзқарасқа еш қатысы жоқ. Керісінше, бұл термин «сеніммен күту» дегенді білдіреді. Жай ғана, «мүмкін» Құдайдың құлағына шалынар деген үмітпен дұға еткен кездеріңіз болды ма? Егер болса, осыған орай сеніміңіздің жағдайы туралы не айта аласыз?
2. Елшілердің заманынан бүгінгі күнге дейін сенушілерде екі сұрақ бар. Бұл сұрақтар бір-біріне өте ұқсас, бірақ мағынасы жағынан өте әртүрлі:
  - Сенімге қалай жетуге болады?
  - Сенімді қалай арттыруға болады?Осы тараудан алған біліміңізді пайдалана отырып, осы сұрақтарға қалай жауап бере аласыз?
3. Саул мен Дәуіттің мойынсұнушылық сипатын салыстыра отырып, олардың осы маңызды тақырыпқа деген көзқарасынан қандай айырмашылықты байқайсыз? Олардың мойынсұнуы әрқайсысының Құдайға жақын болуына қалай әсер етті?
4. Құдайға мойынсұну адамның Оған батылдықпен жақындау қабілетіне қалай әсер етеді?



# ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ



Құдайға батыл жақындауыңызға болады, өйткені Оның сізге берген шақыруы кез келген уақытта күшінде.

Осы соңғы тарауда біз өзімізді сүйетін Құдайға іс жүзінде жақындауды талқылаймыз. Дегенмен, бұл талқылау үйленгелі жүрген жастарға некедегі өмір жайындағы егжей-тегжейлі нұсқау бергенге ұқсас. Жастарға ақыл-кеңес беруге болады, әрине, дегенмен, қалғанының бәрі олардың жүректерінен шығады. Жақындықтың әсемдігі сол: ол біздің жүрегімізде гүлдейді, оған ақылмен жету мүмкін емес.

Иемізбен жақын қарым-қатынас орнатуымыз үшін мынаны есте ұстауымыз керек: біз Құдаймен бейнелес әрі ұқсас етіп жаратылғанбыз. Құдайдың эмоциялары, біздікіндей, әртүрлі болуы мүмкін. Біз тек жақын достың ғана емес, Жаратқан Иенің көңіл-күйіне де сезімтал болуымыз керек. Мысалы, Оның алдына мадақтау әндерімен, кейде

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

тіпті тәубе етумен кіруіміз қажет болатын жағдайлар бар. Кейде батылдықпен, кейде қорқыныш пен дірілмен келуіміз керек. Күлетін де боламыз, кейде жылайтын боламыз. Құдайдың құдіретімен түнек күштерімен рухани шайқасқа түсетін кездеріміз болады, ал басқа уақытта Оның таңғажайып құзырында тыныштық сезіміне бөленеміз.

Соңғы екі салыстыруға мысал ретінде қарақшылар басып алу қаупі төнген үйді келтіруге болады. Қылмыскерлер сіздің үйіңіздің артқы есігін бұзып аспақ делік. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, дәл осы сәтте ұлы өзін және отбасын қорғауды ғана ойлаған әкесіне жақындап: «Әке, менің ойымша, сіз әлемдегі ең жақсы әкесіз. Сіз бізге соншалықты жақсы қамқорлық жасайсыз, сіз әрқашан сондай көңілді және ақылдысыз ...» десе.

Әкесі ұлының сөзін: «Қазір сезімдерің туралы айтатын уақыт емес, бейсбол таяғын ал да, артқы есікке бар» деп сөзін бөледі.

Иса Мәсіхтің қауымы Құдайдың үйі екенін есте ұстауымыз керек. Ал бұл дүниеде біздің дұшпанымыз бар. Сондықтан, кейде дұға ете бастағанымда, Киелі Рух мені рухани шайқасқа итермелейді және Ол мұны әр жолы басқаша жасай алады. Бұл Құдай Сөзін уағыздау, Рухта дұға ету, тіпті мадақтау арқылы болуы мүмкін (Жосапат пен оның сарбаздарымен болғандай, Шежірелер 2-жазба 20:20-24 қараңыз). Құдайдың көңіл-күйіне ғана емес, Оның қалауын қалай орындай алатынымызға да сезімтал болуымыз керек.

Жоғарыда келтірген мысалымызға қайта оралып, оқиғаның басқа нұсқасын қарастырайық. Сол үйді елестетіңіз: бәрі жақсы, әкесі демалып, каминнің жанында отыр. Осы кезде қасына ұлы келіп: «Әке, олардың сазайын тарттырайық!» дейді.

Әкесі баласына қарап: «Балам, бәрі жақсы, еш қауіп жоқ. Кел, қасыма отыр, жақсы нәрсе туралы сөйлесейік» деп жауап берер.

## ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ

Енді сіз жақын адамдармен қарым-қатынас үлгісін қолдана отырып, көптеген ұқсас көріністерді ойдан шығара алатыныңызға сенімдімін. Сол сияқты мінәжатта да әр түрлі уақыт, әр түрлі көңіл-күй болады. Мен атап өткен жағдайлардың барлығы және одан да көп жайттар Киелі Жазбада сипатталған. Ең бастысы, Құдайдың жүрегінде қазір не болып жатқанын білу.

## ҚҰДАЙДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ

Егер сіздің досыңыз әрқашан тек өзіне ғана қызықты нәрсені әңгіме қылса, сіз қалай қарайсыз? Баласы әкесіне бірдеңе қажет болғанда ғана келсе, әкесі өзін қалай сезінер еді? Өзімшілдерге немесе жанашырлығы жоқ адамдарға сырымызды ашамыз ба? Егер Иеміздің көңілінен шыққымыз келсе, Оның қалауы мен қажеттіліктерін білуіміз керек. Иә, қажет! Ол құдіретті, бәрін білуші және бүкіл әлемді қолында ұстап тұр, дегенмен, жер бетінде адамға ерікті таңдау мен белгілі бір еркіндіктер берді. Адамды ерікті етіп жаратқанына бола, Ол Өзін осал жағдайға қойды. Адамның рухани құлдырауына байланысты және әлемде өтірік айтатын, адамдарды тұзаққа түсіретін және азаптайтын зұлым күштердің болуына байланысты көпшілігіміз азап пен тауқыметті басымыздан өткереміз. Құдай мұндай адамдарға көмектесуді аңсайды және оларға біреудің араша түскенін күтеді. Сондықтан, Жаратқан Ие қиналған адамдарға араша болып, Құдайдың рақымымен көмектесуге асығатын Өз балаларының әрқашан да қасында екеніне сенімді бола аласыз. Қиямет күні Иса былай дейді:

Себебі сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенімде сусын бердіңдер. Бейтаныс болып баспана іздегенімде Мені үйлеріңе қабылдадыңдар. Киімсіз жүргенімде

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

киіндірдіңдер, ауырғанымда Маған қамқорлық жасадыңдар, түрмеде отырғанымда артымнан келіп тұрдыңдар (Мат. 25:35,36).

Міне, осы үзіндіде ғаламдағы бар билік пен күш-қуат Иесін мұқтаждықта көреміз. Оның қажеттілігі – бұл біздің мұқтаждығымыз, Оның сүйікті перзенттерінің мұқтаждығы. Иса былай дейді: Сендерге шындығын айтамын: Менің мына бауырларымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарың — шын мәнінде Маған жасаған жақсылықтарың! (40-аят). Басқаларға араша болатын, оларға қолдан келгенше көмек көрсететін, Құдай Сөзін уағыздайтын, Құдайдың құдіретімен жараларды емдейтін және т.б. адамдар Құдайдың жүрегіне басқаларға қарағанда тезірек әсер етеді.

Бір кездері Құдай халқы Оны ынталана іздегендей кейіп танытты, ал Құдай олар туралы: «Олар Маған күнде сиынып, еркімді білуді қалағансиды, әрі әділдік жасайтын, Құдайының айтқандарына мойынсұнатын халық сияқты болып көрінеді» деген еді (Ишая 58:2) деді. Құдай оларға жауап бермеді. Адамдар неге Құдай оларға жақындамады деп сұрай бастады. Олар Жаратқан Иенің дұғаларына неге жауап бермейтінін түсіне алмады. Сонда Құдай былай деді:

Ораза тұтқан күндеріңнің өзінде сендер қалағандарыңды істеп, тіпті бейшара жұмысшыларыңды қанайсыңдар! Оразаларыңның аяғы ұрыс-талас, зұлым төбелеспен бітеді. Мұндай оразаларың мінажаттарыңды көкке жеткізбейді (Ишая 58:3,4).

Еске сала кетейік, олар бір-бірімен жанжалдасып, бірін-бірі қарғаған. Осы тақырыптағы негізгі үзіндіге қайта

## ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ

оралайық: «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды». Егер сіз тараудың басына қарасаңыз, Жақып елшінің мына сөздерін оқисыз:

Ендеше, араларыңдағы қастастық пен дау-жанжал қайдан шығады? Бойларыңдағы соғысып жатқан арам құмарлықтарыңнан туады емес пе? Сендер бір нәрсені аңсап, иемдене алмайсыңдар; сонда кісі өлтіретіндей жек көріп, қызғанасыңдар, алайда аңсаған нәрселеріңе қол жеткізе алмайсыңдар. Жанжалдасып, төбелесесіңдер, бәрібір иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар. Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар. Әй, опасыздар!.. Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Эзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді. Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды (Жақып 4:1-8).

Ендеше, мәселенің мәні осында. Бұл бірінші практикалық қадам: біз Құдай үшін және Ізгі хабар үшін жеке басымыздың мүддесінен бас тартуымыз керек. Біз Көктегі Әкеміздің қалауы үшін өмір сүруіміз керек. Оның жақсы көретінін жақсы көріп, жек көретінін жек көруіміз керек. Ол үшін маңызды нәрсе біз үшін маңызды болуы керек, ал Ол үшін маңызды емес нәрсе біз үшін маңызды болуы мүмкін емес. Бізде Оның жүрегі болуы керек!

Бұл біздің жеке өміріміз болмайды дегенді білдіре ме, Құдай Өз халқына тыныштық беруді қаламайды ма? Әрине, қалайды. Киелі Жазбада «Ол адамдар рақатын көрсін деп игіліктердің бәрін сыйлайды» деп анық айтылған (1 Тім. 6:17). Бірақ біз Құдайдың қажеттіліктерін елемей, өз керегімізді ғана

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

іздесек, Оның жүрегімен байланысымыз үзіледі.

Кедейлерге көмектесу арқылы ғана Құдайды разы етуге болатынымызға сенетін адамдар бар. Егер солай болса, Петір елші неліктен жесірлерге қамқорлық жасауды тоқтатты, бірақ: «Егер біз Құдайдың сөзін уағыздау қызметіне салғырт қарап, дастарқан қамын ойласақ, бұл дұрыс болмас. Бауырластар, сондықтан орталарыңнан абыройлы әрі Киелі Рух пен даналыққа бөленген жеті ер адамды таңдап алыңдар! Оларға осы міндетті жүктемекпіз. Ал біз Құдайға сиынып, Оның сөзін уағыздап, тәлім беру қызметімізді жалғастыра берейік» (Елшілердің істері 6:2-4). Петір бақытсыз адамдардың рухани аштығын Құдай Сөзімен қанағаттандыратын адамдар болуы керек екенін түсінді, ал олардың тәни аштықтарын кәдімгі тамақпен қанағаттандыратын басқа қызметкерлер болуы керек. Екеуі де шын мәнінде ортақ іспен айналысатын болады. Олар Исаның қажеттіліктерін қанағаттандырады: «сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенімде сусын бердіңдер...»

Иеміздің мүдделерін көздейтін адамдар Оған оңайырақ жақындай алады. Мұса сондай адам болды, өйткені ол Құдайдың мүдделерін көздеп, Құдай халқына бақташы болды. Ол Құдайдың жүрегіне сезімтал адам еді және Иемізбен терең және жақын қарым-қатынаста болды.

Жақсы қызметші болған Жосия патша туралы Құдай былай деді: «Әкең бейшара мен кедейдің мүдделерін қорғап, елдің жағдайы жақсы болды. Мені жақыннан танып білу деген осы емес пе? — дейді Жаратқан Ие» (Ерем. 22:16, *курсив автордыкі*).

Өз жұмысын жақсы атқаратын адамдардың, мейлі ол жәрдем беру, басқару, үйрету, тарату және т. б. болсын, Құдайға жақындауы оңайырақ. Ал жеке басының ғана



## ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ

мүддесін қуған адамдар жайлы осыны айта алмаймыз. Өйткені Жаратқан Иенің өзі: «Мені жақыннан танып білу деген осы емес пе?» деді.

## ЕСТУ ҮШІН ЖАҚЫНДАУ

Жаратқан Иеге жақындағысы келетіндерге мынадай пайдалы кеңес берілген:

Құдайдың киелі үйіне барғанда [Құдайға жақындағанда] абайлап жүр! Жақындап, Құдайдың айтқандарын құлақ түріп тыңдай бер! Бұл өздерінің жамандық істеп жүргендерін ұқпайтын ақымақтардың құрбандық шалғандарынан әлдеқайда жақсы. Тілің сөйлеуге тез болмасын! Құдай алдында бір нәрсені айтуға тым асықпа! Құдай көкте, ал сен жердесің, сондықтан да сөзшең болма! «Көп уайымдағанда адам түс көрер, көп сөз айтылғанда ақымақ та сөз сөйлер» (Уағ. 4:17; 5:1,2).

Осы үзіндінің бірінші бөлігіне тоқталайық. Ағылшынша Киелі Кітаптың бір нұсқасында біз: «Құдайға жақындағанда, құрбандық шалудан гөрі тыңдауға дайын бол» деп оқимыз. Мен көптеген адамдардың Құдайға жақындаған сайын тоқтаусыз сөйлейтінін немесе ән айтатынын байқадым. Әрине, бұл да қажет. Дегенмен, сөз айтудан немесе мадақтау әнін айтудан бұрын мұқият тыңдап, Оған үнсіз жақындағаным әлдеқайда пайдалы екенін байқадым.

Жақында өте ірі әрі ықпалды қауымның бағушысымен кездестім. Таңғы ас кезінде ол маған былай деді: «Джон, мен Иемізге: «Мен күн сайын таңертең Саған дұға етіп келуден, тоқтаусыз сөйлесуден және жауап алмаудан шаршадым. Өзің

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

менімен сөйлескенше, күнде таңертең алдыңа келемін де, сөзіңді тыңдауға дайын болып, үнсіз отырамын» дедім. Бірнеше күн бойы Иеміз оның осы ниетінің шынайылығын сынады, бірақ бір күні таңертең Құдайдың алдына келгенінде, кенеттен Киелі Рух оған Құдайдан бұрын-соңды алған аяндарының ең күштісін берді, сөйтіп, бағушы бірнеше апта бойы Құдайдың сол сөзін қауымдағы адамдармен бөлісті. Оның мінәжатта өткізетін уақытының мазмұны түбегейлі өзгерді.

Құдайдың құзырына кірудің ең тиімді жолы Киелі Жазбаны (әсіресе Забур жырларын немесе Жаңа Өсиетті) оқу екенін түсіндім. Және бәрін қатар оқудың қажеті жоқ, мүмкін бір ғана аят немесе тіпті аяттың жартысы. Оқыған нәрсеңді зейін қоя ойланып, терең пайымдап оқу керек, сосын басқа аятқа көшу керек. Ақырында, Иеміздің құзыры сөзсіз сезіле бастайды. Мұндай жағдайларда мен оқуды тоқтатып, Құдайға назар аударамын және Оның не үйрететінін немесе не нұсқайтынын тыңдаймын.

Қалай болғанда да, оның алдына келіп, әуелі тыңдап, содан кейін сөйлеу керек. Мен алдымен санамды тыныштандыру және Оның қалауын немесе көңіл-күйін сезіну үшін Киелі Рухты тыңдау үшін мадақтау әндерін айта бастаймын. Содан кейін табынуға көшемін. Бірақ бұл реттілік әрдайым сақтала бермейді, өйткені кейде мен бірден Құдайға алғыс айта бастаймын, мадақтаймын немесе шын жүректен қуанамын. Құдайдың Рухы «Маған кел!» деп тұрғандай болады. Киелі Жазба да Құдайдың алдына келуге шақырады:

Бәріміз Иеміздің алдына барып,  
Ризашылығымызды білдірейік,  
Ән-күймен де Оған мақтау айтып,  
Даңқын Оның асыра берейік! (Заб. 94:2).

## ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ

Және басқа жерде:

Иемізге қызмет етіңдер шаттанып,  
Келіңдер алдына қуана әндетіп (Заб. 99:2).

Бұл аяттар бізді Жаратқан Иенің алдына шаттанып, әндетіп келуге шақырады, ал алдыңғы аятта Жазба бізді жай ғана Оған баруға шақырған. Қалай болғанда да, Құдайға сезімтал болуымыз керек! Үйленгелі жүрген күйеу жігітке болашақ әйелімен жақын қарым-қатынас орнату үдерісін егжей-тегжейлі сипаттап беру мүмкін емес, және біздің Иемізбен жақын қарым-қатынасымыздың дамуы туралы да дәл солай айтуға болады.

Қолында кітабы бар жас жұбайға жақындап келе жатқан жас күйеуін елестете аласыз ба? Сол кітапта оның әрбір сөзі мен қимылы жазылған. Күйеу жігіт әрбір қадамды орындағаннан кейін, кітапқа қарап, әрі қарай не айтып, не істеуі керек екенін оқиды. Қандай ақымақтық, солай емес пе! Бірақ кейбір сенушілердің дұғалары дәл осындай. Олар Құдайдың жүрегін сезіну және Оның көңіл-күйін тыңдау мүмкіндігін пайдаланбайды. Өтінемін, мені қате түсінбеңіз, әрине, Киелі Жазбада кейбір кеңестер мен нұсқаулар бар, оларды ұстануымыз керек. Дегенмен, Құдайдың құзырына Киелі Рухтың жетелеуімен кіруіміз керек, өйткені Киелі Кітап бізге «Жазылған заңдар рухани өлім әкеледі, ал Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды» дейді (2 Қорынт. 3:6). Сондықтан Киелі Рух бізді шапағатқа, мадақтау әнін айтуға, табынуға, көз жасымызды төгуге, үнсіздікке және т.б. жетелеуі мүмкін.

Сондай-ақ Киелі Кітап бізді өтінішіміз бен сұрауларымызды Құдайдың алдында айтуға асықпауға шақырады. Мұны адамдар арасындағы қарапайым қарым-

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қатынастан да көруге болады. Адам тым көп сөйлегенде, біз оны тыңдай алмаймыз. Бірақ адам айтар сөзін мұқият таңдап, мәнді әрі орынды сөйлесе, ондай адамның сөзі жиі сөйлесе де, жалықтырмайды, ондай адамдарды өте мұқият тыңдаймыз. Осы себепті мінәжат кезінде үнсіз қалатын, бөтен тілде сиынатын немесе Құдайдың Сөзін жариялайтын кездерім көп.

Бөтен тілде сиынғанымда, Құдайдың кемел қалауымен дұға ететінімді білемін. Киелі Рух маған Иса Мәсіхтің атынан Әкеге айтатын сөздерді береді. Рухта болғанымда, қате дұға жасай алмаймын немесе бос сөздерді қолдана алмаймын! Мен Оның Сөзін жариялағанда, бүкіл болмысым, әрине, ақыл-ойым да, дамиды. Сондықтан ақылмен дұға ету де маңызды.

Бірақ мен Құдайдың құзырында болып, Оны тыңдасам, маған аян, түсінік және даналық келеді. Иемізге бізбен сөйлесуге мүмкіндік пен уақыт бергеніміз өте маңызды. Құдайдың алдына келген сайын, бір сөз айтуына мұрша бермей, өзі ғана тоқтаусыз сөйлейтін адамды көз алдыңызға елестете аласыз ба? Меніңше, біз Құдайға сиына бастағанда, Киелі Рух көбінесе осындай жағдайға тап болады. Біз әуелі тыңдауды, содан кейін сөйлеуді үйренуіміз керек. Есіңізде болсын, дұға – монолог емес, диалог.

## АЯН АЛУДЫҢ ТҮРЛІ ЖОЛДАРЫ

Құдай бізге жақындағанда, Ол бізге Өзін және Өзінің жолдарын ашып көрсетеді. Ол бізге біз білмейтін ұлы да құпия жайттарды білдіреді! (Еремия 33:3-ті қараңыз). Мұны түсіну үшін Оның бізге аян беруінің көптеген жолдары бар екенін есте ұстауымыз керек. Кейде Ол бізбен сөйлесе

## ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ

алады. Мысалы, жүрегімізбен Құдайдың дауысын естүіміз мүмкін және бұл дауыстың анық болғаны сонша, тіпті Иемізді физикалық құлағымызбен естіп тұрмыз деп қателесуіміз мүмкін. Оның дауысы өте бәсең болуы да мүмкін, бұл – жүрегіміздің тереңінен шығатын, терең тыныштық сезімімен бірге келетін және Киелі Жазбаның айтқандарына толығымен сәйкес келетін үн. Кейде Құдай басқа сенуші немесе қызметкер арқылы сөйлейді. Олар сөйлегенде немесе олардың кітаптарын оқығанымызда, жүрегімізде бір өзгеріс болады. Құдай бізбен аян немесе түс арқылы сөйлесуді шешуі мүмкін. Басқа жағдайларда және бұл жиі орын алады, біз бұрын білмеген нәрсені үйренеміз. Көбінесе Ол Өз Сөзін жүрегімізге салады, бірақ біз сөйлегенше ол ашылмайды. Біз аузымызды ашып, сөйлей бастағанда, бұл аянды түсіну іске қосылады.

Елуінші күн мейрамында Петірдің өмірінде дәл сондай жағдай орын алды. Петірге Құдайдың құзыры төгілгенше, ол Құдай Сөзін, Исаның Мәсіх екендігі туралы Құдай берген аянды қоспағанда, тек ақыл-ойымен білді (Мат. 16-ны қараңыз). Басқа жағдайларда ол рухани мәселелер талқыланғанда үндемей қалатын. Мәсіхтің шәкірттері жоғарғы бөлмеде бас қосқанда, ол Яһуданың орнына он екінші елшіні таңдауда жетекшілік етуге тырысты. Елшілікке тағайындалған сол кісі туралы бұдан басқаша ештеңе естіген жоқпыз, соған қарағанда, адами тағайындау тым асығыс болған. Кейінірек Пауыл елші өзі туралы былай деп жазады: «Бәрінен кейін, дер кезінде жаңа өмірге дайын болмаған мен де Мәсіхті өз көзіммен көрдім» (1 Қорынт. 15:8). Құдай Яһуданың орнына Пауылды таңдауды шешкен сияқты және Петірдің жеребе тастап, он екінші елшіні таңдауы – ертерек жасалған қадам болды.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Шындығында, Петір елші рухани жағынан әрқашан да сәл артта қалатын. Бірақ бір күні Құдай оған Өзі жақындап еді, Петір лезде өзгеріп сала берді. Сөйтіп, жүз жиырма шәкіртке не болғанын түсіндіре отырып, Жоел пайғамбардың жазбасы мен Забурдан үзінді келтіре отырып, терең және әсерлі уағыз айтты. Көпшілік жиналғанға дейінгі қысқа ғана уақытта осынау қайран қалдырар күшті уағызды жаттап алуы мүмкін емес еді. Ол бұрын болмаған білімге бір сәтте ие болды. Жалғыз Петір ғана емес, басқалардың бәрі «Құдайдың ұлы істерін жариялады» (Елшілердің істері 2:11).

Сонымен, шын мәнінде, Құдай бізге жақындау үшін және бізге арнап дайындағандарын жеткізу үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Бір нәрсе анық: Құдай бізге жақындаған сайын, бүкіл болмысымыз түбегейлі өзгеріске ұшырап, бұрынғы қалпымыздан біржола өзгереміз.

## СОҢҒЫ СӨЗ

Осы кітаптың бірінші тарауында мен бұл тақырып бойынша нақты нұсқаулар болмайтынын ескерттім, өйткені жақындықты кезең-кезеңімен сипаттау мүмкін емес. Мен сіздерге арнап, Құдайдың жүрегіне жол нұсқайтын карта сызуды мақсат еттім. Мен бұл кітапты пайғамбарлық хабар деп есептеймін, бұл – Құдайдың жүрегінен бәрімізге, Ол соншалықты құлшыныспен және соншалықты құмарта іздеген адамдарға арналған үндеу. Егер біз Құдай Сөзінің картасындағы нұсқауларды орындауға уақыт бөліп, күш салсақ, Құдайдың құзырын тауып, Оның жүрегін міндетті түрде танып білеміз. Бірақ есіңізде болсын, Құдайдың Өзіне жақындауға деген шақыруы әрқайсымызға берілген және әрқашан күшінде. Бұл асығыс жазылған сценарий емес.

## ОДАН САЙЫН ЖАҚЫНДАУ

Керісінше, бұл Құдайдың уәдесі, Ол оны қатты құрметтейді және уәдесінен еш танбайды.

Бұл кітапты Құдайға жақындауға шақыратын Киелі Жазбаның бірнеше үзіндісімен аяқтамақпын:

Азғын жанды Жаратқан Ие жек көреді,  
Әділ жанға Ол өз еркін ашып білдіреді (Нақыл сөз 3:32).

Құдайға жақын болғаным қандай игі! (Забур 72:28).

Иеміз Өзіне сиынғандардың жанында,  
Ол шынайы шақырғандардың қасында,  
Өзін қастерлейтіннің тілегін орындайды,  
Жалынышын естіп, оны аман сақтайды.  
Иеміз Өзін сүйетіндердің бәрін қорғайды,  
Ал барлық зұлымдарды Ол талқандайды  
(Заб. 144:18-20).

Олардың билеушісі халықтың ішінен, өз араларынан шығады. Оны Өзіме жақындатамын, ол Менің алдыма келе береді. Өйткені Мен шақырмасам, өздігінен Менің алдыма келуге кімнің дәті барады? — деп нық айтады Жаратқан Ие (Ерем. 30:21).

Сіз Құдайға батылдықпен жақындай аласыз, өйткені Ол сізге өзінің мәңгілік шақыруын берді. Сондықтан өзіңізді Құдайға бағыштаңыз және Оның алдында мәңгі болатындардың бірі болыңыз. Ол сізді күтуде – ал сіз не күтіп жүрсіз? Құдайға жақындаңыз!

Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онікі! Аумин (Яһуда 24,25).

### ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР:

1. Осы тарауды оқымастан бұрын, сіз Құдайға бірдеңе «қажет» болуы мүмкін деп ойладыңыз ба? Құдайдың қажеттіліктеріне қалай қызмет ете аламыз?
2. Құдайдың Киелі Рухын тыңдау сіз үшін қаншалықты маңызды? Мүмкін сіз Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған әдемі мадақтау және ғибадат әндеріңізді және/немесе кітаптарыңызды мақтан тұта аларсыз, бірақ сіз Құдайға үнсіз жақындауға тырысып көрдіңіз бе? Бұл мүмкіндік туралы оңашада ойланыңыз және одан не шыққанын жазыңыз немесе басқалармен бөлісіңіз.
3. Бірінші тарауда автор өз кітабын Құдайдың жүрегіне апара алатын қазына картасы деп атайды. Бұл кітап нені «қалай» жасау керектігін көрсететін нұсқау емес екенін ескертеді. Кітапты оқу барысында бұл картадан қандай байлық таптыңыз? Әлі де ашылмаған қандай қазыналар бар?



## БІЗГЕ ҚҰТҚАРУШЫ ҚАЖЕТ

**М**інез-құлық пен өмірдің екі стандарты бар. Біреуін осы дүние, екіншісін Құдай орнатады. Біздің қоғамда қабылданған нормаларға сәйкес жақсы адам деп саналуыңыз әбден мүмкін, бірақ бұл туралы Құдай не ойлайды? Барлық адамдар күнәкар және ешқайсысы Құдайдың ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін анықтайтын заңына сәйкес әрекет етуге қабілетсіз: «Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер бар: Бірде-бір әділ кісі жоқ, ақылды ешкім де жоқ, Құдайға бет бұратын да жоқ» (Рим. 3:10). Ал басқа жерде: «бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» деп жазылған (Рим. 3:23).

Күнә жасау Құдайдың қағидаларын бұзуды білдіреді. Адам күнәкар болу үшін жаратылған жоқ, керісінше Адам ата бұл жолды өз еркімен таңдады. Құдай алғашқы адам – Адам атаға ауру да, қайғы-қасірет те, жоқшылық та, табиғи апат

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

та жоқ, тамаша әлемді мекені етіп берді. Онда ешқандай қорқыныш, өшпенділік, дау-дамай, қызғаныш т.б. болған жоқ. Бұл жерді Құдай Едем бағы деп атады, өйткені ол Құдайдың Өзінің бағы болатын.

Адам ата Құдайдың еркін біле тұра, оған мойынсұнбады және сол сәт рухани өлімді бастан кешірді, бірақ ол өзінің тәни, яғни, физикалық өмірін жалғастырды және оның тәни өмірі жүздеген жылдардан кейін ғана аяқталды. Оның жүрегіне түнек кірді, ал рухани өлім тәни өлімнен ерекшеленеді, өйткені тәни өлім кезінде дене өмір сүруін тоқтатады. Рухани өлім Құдайдан, яғни, өмірдің және өмірге қажетті барлық нәрсенің қайнар көзінен бөліну ретінде жақсы сипатталады.

Күнә Адамның болмысына еніп, одан туған балалар оның табиғатын мұра етті: «Адам ата жүз отыз [230] жасқа келгенде өзіне ұқсас бір ұлды болып, оған Сет деп ат қойды» (Жаратылыс 5:3).

Адам атаның ұлы әкесімен бейнелес әрі ұқсас болып дүниеге келді, ал одан кейінгі әрбір адам ата-анасынан мұраға қалған күнәнің бейнесі мен ұқсастығында туылды. Адам өзін және ұрпағын жаңа қожайын Шайтанға тапсырды және табиғи әлем осы тұтқында өмір сүруін жалғастырды. Енді қатыгез қожайын Құдайдың сүйікті жаратылысын меншіктеу құқына ие болды. Бұл келесі аяттардан анық көрінеді: Бұдан кейін әзәзіл шайтан Оны ертіп алып биік бір жерге шығарып, әп-сәтте әлемнің барлық мемлекеттерін көрсетіп: «Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын» деді (Лұқа 4:5,6, *курсив автордыкі*).

Оған жер бетіндегі барлық билік берілгеніне назар

аударыңыз. Қашан? Бақта, өйткені Құдай әу бастан бүкіл жер бетіндегі билікті адамға берген еді (Жаратылыс 1:26-28). Бірақ Адам бәрінен айырылды... Өзін-өзі де жоғалтты, ұрпақтарынан да айырылды. Біз тағы да оқимыз: «Біз Құдайданбыз, бірақ бүкіл дүниеге шайтан билігін жүргізіп отыр, бұны білеміз» (1 Жохан. 5:19).

Құдай Адам ата мен Хауа ананы бақтан шығарар алдында оларға уәде берді. Уақыт өте келе, бүкіл адамзат мойынсұнған құлдық бұғауын бұзатын Құтқарушы келеді.

Құтқарушы төрт мың жылдан кейін Мәриям есімді қыздан дүниеге келді. Ол пәк қыз болуы керек еді, өйткені Исаның Әкесі – Мәриямның құрсағына тұқым салған Киелі Рух болды. Егер Иса әке-шешеден табиғи жолмен туған болса, ол да Адам атаның құлдығын мұра еткен болар еді.

Бірақ Исаның Әкесі Құдай, ал анасы пәк қыз Мәриям болды. Демек, Иса толықтай Құдай әрі толықтай Адам. Біздің бостандығымызды адам баласы сатып алуы керек еді. Сондықтан Иса өзін үнемі Адам Ұлы деп атады. Ол әуел бастан Әкемен бірге болса да, Өзін күнә үшін құрбан етпек болып, Құдайлық артықшылықтардан Өз еркімен бас тартып, адам кейпінде жер басып жүрді.

Ол Айқышқа барғанда, бізді құлдықтан босату үшін біздің күнәларымыздың үкімін Өз мойнына алды. Киелі Жазбада былай делінген: «Біз күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы (рухани дертімізден) сауықтық» (1 Петір. 2:24).

Қайран қаларлық жайт: адам Құдайға қарсы күнә жасады, алайда (адам кейпінде келген) Құдай адамның қателігінің құнын толықтай өтеп шықты. Біз тағы да оқимыз: «Осылайша

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Мәсіхтің өкілдеріміз, біз арқылы Құдайдың Өзі адамдарға ескертеді. Мәсіхтің атынан: «Құдаймен татуласыңдар!» — деп өтінеміз. Тәңір Ие біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Құдайдың алдында ақталдық» (2 Қорынт. 5:20,21).

Назар аударыңыз, бұл жерде біздің өз күшімізбен ақтала алмайтынымыз айтылған. Бірақ Исаның біз үшін өліп, қайта тірілгеніне жүрегімізбен сенсек және Оны Иеміз ретінде қабылдасақ, Ол, осындай қымбат құн төлеп, алып берген азаттыққа қол жеткіземіз. Сол кезде Ол біздің жеке Құтқарушымызға айналады. Киелі Жазбада айтылғандай: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті. Бұлар табиғи жолмен, пенденің қалауы бойынша бұл дүниеге келгендіктен емес, Құдай оларға шынайы өмір бергендіктен ғана Оның рухани балалары болды» (Жохан 1:12, 13).

Иса Мәсіхті Иеміз және Құтқарушымыз ретінде қабылдағанымызда, рухани тұрғыдан өліп, қайта туыламыз. Біз шайтанның патшалығының құлдары ретінде өлеміз, бірақ Құдайдың Патшалығында жаңа туған нәрестелер ретінде қайта туыламыз. Бұл қалай болады? Еш қиындығы жоқ, біз осыған жүрегімізбен сенсек, тек Исаны Иеміз деп аузымызбен мойындауымыз керек, содан кейін біз қайта туыламыз.

Киелі Жазба да соны растайды: «Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады» (Рим. 10: 9.10).

## БІЗГЕ ҚҰТҚАРУШЫ ҚАЖЕТ

Міне, оп-оңай емес пе! Бізді игі істеріміз құтқара алмайды. Игі істермен біз ешқашан Құдайдың патшалығынан орын ала алмаймыз. Егер бұл мүмкін болса, Мәсіх бекер өлген болар еді. Біз тек Оның рақымымен ғана құтылдық. Бұл тегін сыйлық, яғни еңбегіңнің, не болмаса бейнетіңнің, не төзіміңнің ақысы ретінде алуға болмайтын сыйлық. Бұл сыйлықты алу үшін біз жеке бастың қамы үшін ғана өмір сүруден бас тартып, өмірімізді Иеміз ретінде бір Құдайға тапсыруымыз керек. «Мәсіхтің бәрі үшін өлгендігінің мақсаты мынау: жаңа өмірге ие болғандар енді тек өздері үшін ғана тіршілік етпесін, қайта, Мәсіхке бағышталып өмір сүрсін! Ол солардың игілігіне бола жанын құрбан етіп, өлімнен қайта тірілді ғой» (2 Қорынт. 5:15).

Сонымен, егер Мәсіхтің сіз үшін өлгеніне сенсеңіз және өміріңізді Оған беруге дайын болсаңыз әрі енді өзіңіз үшін өмір сүрмейтін болсаңыз, онда біз бұл дұғаны бірге оқи аламыз және сіз Құдайдың перзентіне айналасыз:

*Көктегі Құдай, мен күнәкар екенімді және Сенің әділ қағидаларыңа сай өмір сүрмегенімді мойындаймын. Күнәларым үшін мәңгілік сотталуға лайықпын. Мені осындай күйде қалдырмағаның үшін рахмет, өйткені Сен Мәриямнан туып, мен үшін өлген жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті жіберіп, менің орныма айқышта азап шеккеніңе сенемін. Мен Исаның үшінші күні қайта тірілгеніне және қазір менің Ием және Құтқарушым ретінде Сенің оң жағыңда отырғанына сенемін. Сондықтан, бүгін, \_\_\_\_\_ 20\_\_, мен өз өмірімді толығымен Иса Мәсіхтің Иелігіне тапсырамын.*

*Иса, мен Сені Ием және Құтқарушым деп мойындаймын. Менің өміріме Рухың арқылы кір, мені өзгертіп, Құдайдың баласы ет. Мен түнек*

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

*патшалығына жататын және бұрын менің өмірім болған барлық нәрселерден бас тартамын және бүгіннен бастап, өзім үшін емес, Сен үшін өмір сүремін, өйткені мен мәңгі өмір сүруім үшін Сен жаныңды қидың.*

*Алғыс Саған, Ием. Енді менің өмірім толығымен Сенің қолыңда және Сенің жүрегіңде. Сенің Сөзіңе сай, ешқашан көңілім қалмайды.*

Енді сіз құтқарылдыңыз. Сіз Құдайдың перзентісіз. Дәл осы сәтте бүкіл аспан сізбен бірге қуанады. Біздің отбасымызға қош келдіңіз!

# КИЕЛІ РУХҚА ҚАЛАЙ КЕНЕЛЕМІЗ

**К**иелі Рухқа кенелу Исаны Иеміз және Құтқарушымыз ретінде қабылдау сияқты, оңай. Кейбір адамдар Киелі Кітаптың негізгі қағидаларын білмегендіктен көп күш салса да, Киелі Рухты қабылдай алмай, көңілдері қалады. Киелі Рухты қабылдағыңыз келсе, дұға етуден бұрын бұл жөнінде Құдайдың не айтатынын білгеніңіз дұрыс. Сонда сеніміңіз артады. Бұл ізденісіңізге көмектеседі. Сондықтан сізбен бірге мінәжат етпестен бұрын, бір нәрсені түсіндіре кетейін. Ескерту: әрі қарай оқымастан бұрын, 11-тарауды оқып шыққаныңыз жөн.

Біріншіден, ең алдымен Иса Мәсіхті Иеңіз және Құтқарушыңыз ретінде қабылдауыңыз керек (Жохан 14:17-ні қараңыз). Бұл өте маңызды.

Өміріңізде бағынбаушылық болмау керек. «Құдай осы Киелі Рухын Өзіне бой ұсынғандарға сыйға береді» делінген (Елшілердің істері 5:32). Бұл әсіресе кешіру

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

қабілетіне қатысты екенін тәжірибемнен білемін. Қауым жиналыстарында Киелі Рухты әп-сәтте қабылдап, бірден бөтен тілдерде сөйлей бастаған жүздеген адамдарды көп көрдім. Бірақ жүздеген адамның ішінде әрдайым ештеңе түсінбей, абдырап тұрған он шақты адам болады. Басқалар алып жатқанда, олар Киелі Рухқа неліктен кенеле алмайды? Мұндай адамдармен сөйлескенде, олардың жүректеріндегі өкпе-ренішті көремін. Жаратқан Ие әрдайым осымен жұмыс істеуге жетелейді. Адамдар кешірген бойда олар бірден Рухты қабылдап, бөтен тілдерде сөйлей бастады. Ендеше, алға жылжымас бұрын, бірге былай дұға етейік.

*Көктегі Әке, мені тексеріп, жүрегімде мойынсұнушылық бар-жоғын көрсетуіңді сұраймын. Мен кешірмеген адам бар болса, көрсете гөр. Саған мойынсұнғым келеді және Сен кімді кешір десең, соны шын жүректен кешіргім келеді. Исаның атынан сұраймын. Бар алғысым бір Саған.*

Киелі Рухты қабылдау үшін тек сұрау керек! Иса мұны қарапайым түрде түсіндірді: «Араларыңдағы қандай әке балық сұраған баласына жылан берер еді? Не жұмыртқа сұраса, шаян берер ме еді? Сонымен, өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын сыйлайтыны ешбір шүбәсіз!» (Лұқа 11:11-13).

Балаларымыз бізден әлдене сұраса және оны беру қолымыздан келсе, әрі оны бергіміз келсе, сұрағандарының орнына жаман бірдеңе берер ме едік? Жоқ, әрине. Сол сияқты, Көктегі Әкеден Киелі Рухты сізге қондыруын сұрасаңыз, Ол сізге зұлым рух бермейді. Тек Исаның атынан Әкеден сұрау керек, сонда Оның Киелі Рухын ала аласыз.



## КИЕЛІ РУХҚА ҚАЛАЙ КЕНЕЛЕМІЗ

Сеніммен сұрау керек. Жаңа Өсиетте сенімсіз Құдайға ұнамды болу мүмкін емес екенін айтады. Жақып 1:6,7-де былай делінген: «Тек шүбәланбай, сеніммен Құдайдан сұрауларың керек. Себебі күмәнданған адам жел айдап, соқтығысқан теңіз толқынына ұқсас. Мұндай кісі Жаратқан Иеден бір нәрсе аламын деп күтпесін». Сондықтан өзіңізден: «Мен бұл сыйды қашан аламын? Киелі Рух мен бөтен тілде сөйлегенде келеді ме, әлде мен сұраған сәтте келеді ме?». Дұрысы – Ол сіз сұраған бойда келеді. Өйткені Патшалықта тәртіп былай: сенеміз, содан кейін аламыз. Сенімі жоқ адамдар «Маған көрсетіңдер, сонда ғана сенемін» дейді, бірақ Иса: «Сондықтан сендерге былай деймін: Құдайға сиынып (Оның еркіне сай) не сұрасаңдар да, соны қабылдадық деп сеніңдер! Сонда ол орындалмақ» (Марқа. 11:24). Назар аударыңыз, алдымен сенесіз, содан кейін сұрағаныңызды аласыз.

Елшілердің істері 2:4-те былай делінген: «Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады». Киелі Рух емес, олардың өздері бөтен тілдерде сөйледі. Киелі Рух берген сөздерді олар өз ауыздарымен айтулары керек еді. Сондықтан үндемеңіз. Мен ағысы күшті өзенге түссем де, ағысқа берілмесем, онымен бірге тез жүзе алмаймын. Сонымен, үш мүшеңізді қозғауыңыз керек. Біріншіден, ерніңіз. Егер мен ернімді жыбырлатпасам, ана тілімде болсын, шет тілінде болсын, аспан тілінде болсын, сөйлей алмаймын. Екіншіден, тіліңіз. Тілімді қимылдатпасам, сөйлей алмаймын. Үшіншіден, дауыс байламдары. Даусымды өз еркіме бағындырмасам, тағы сөйлей алмаймын.

Мені қалжыңдап айтып тұр деп ойлаған шығарсыз, бірақ олай емес. Көп жылдар ішінде кейбір адамдардың осы салада қиындықтарға тап болғанын бақылап келемін.

## ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Көпшілігі Киелі Рух олардың сөйлеу мүшелерін Өзі басқарып, сөйлеуге мәжбүр ететінін күтеді. Жоқ, біз өзіміз сөйлейміз. Немесе басқаша айтқанда, Ол бізге айту үшін берген сөздерге бағынамыз және оларды қабылдаймыз.

Иса былай деді: «Кім Маған сенсе, (келіп, шөлін қандырып су ішсін!) Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер айтылған: оның жүрегінен өмір беретін «су» тасқындап ағады, — деді. Иса бұларды Киелі Рух туралы айтты; Оны Исаға сенгендер кейінірек қабылдады. Құдай Исаның ұлылығын адамдарға әлі білдірмегендіктен, Өзінің Киелі Рухын сенушілерге әлі де қондырмаған еді.» (Жохан 7:38,39). Сіз Киелі Рухпен шомылдырылуды сұраған кезде, ойыңызға дыбыс немесе буын келуі мүмкін. Егер оны сеніммен айта бастасаңыз, бір бөгет ашылғандай сезінесіз. Содан кейін сөз кең ағынмен ағып кетеді. Мен бұл үрдісті былай сиппатағанды ұнатамын. Ішіңізде бір шарғы жіптің бар екенін елестетіңіз. Ол жіптің ұшы тіліңізге бекітілген. Ойыңызға келген дыбыстарды айта бастағанда, жіпті тартқандай боласыз, сонда бүкіл шарғы тарқатыла бастайды. Кейбіреулер сөйлемес бұрын, бүкіл тілді білу керек деп ойлайды. Жоқ, сеніммен сөйлей бастау керек.

Әйелім Лиза Киелі Рухқа кенелу үшін дұға еткенде, біраз уақыт бөтен тілде сөйлей алмағаны есімде. Бірнеше аптадан кейін ол достарымен кездесіп, бірге дұға етті. Сонда жұбайым бөтен тілде сөйлеп кетті. Кейіннен ол: «Осы буын ойымда осы сәтке дейін болды, бірақ оны бүгінге дейін айтпаған едім» деді. Менің ойымша, бұл көп адамдарда болады: олар сұрайды, сұрағандарын алады, бірақ сыйлықты пайдалана алмайды.

Жазбада былай делінген: «Құдайдың хабарларын жеткізетіндердің рухтары оларға бағынады» (1 Қорынт.

14:32). Яғни, біз өзіміз сөйлеуіміз керек. Киелі Рух ешкімді мәжбүрлемейді. Мен Киелі Рухқа кенеліп, бөтен тілде сөйлегеннен кейін уақыт өткен соң, қайтадан қалай сөйлерімді білмей қалғаным есімде. Жаттығу залындағы ағама барып «Қалай қайтадан сөйлеймін?» деп сұрадым. Ол «Көп ойланбай, тек сөйлесең болғаны!» деп еді. Кешірек жүгіруге шықтым. Жүгіріп келе жатып, қайта бөтен тілде сөйлей бастадым. Қуанышым қойныма сыймады. Сөздерді өзіміз айтуымыз керек. Оны қранмен салыстыруға болады. Қранда әрқашан су бар. Қранды ашсаңыз болғаны, су өздігінен ағады. Сондықтан тілдерде жиі сөйлеңіз!

Енді Киелі Жазбадан негізгі қағидаларды біліп алғаннан кейін, бұл сыйлықты алатыныңызға сенсеңіз, бірге дұға етейік. Соңғы айтарым, француз және испан тілдерінде бір мезгілде сөйлеу мүмкін емес. Өз тіліңізде де, Құдай берген бөтен тілде де сөйлеу мүмкін емес. Сондықтан маңыздысын есте сақтап, сеніммен әрекет етіңіз! Дұға етейік:

*Көктегі Әке, Исаның атынан Сенің перзентің ретінде алдыңа келіп отырмын. Киелі Рухты сұрасам, маған бұл сыйлықты бересің деп айттың. Мені Киелі Рухқа шомылдыруыңды қуанышпен және сеніммен сұраймын! Мені Киелі Рухқа толтыра гөр. Сенің маған дайындағаныңның бәрін, соның ішінде бөтен тілде сөйлеуді де қабылдаймын. Дәл қазір сеніммен бөтен тілде сөйлейтін боламын. Амин!*

# КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

*Күш-қуатыңызды ұрлап жүрген нәрседен  
құтылудың жолы*




Қай жауды да жеңіп, қайсыбір тосқауылдардан да өте алатын Супермен тәрізді, Мәсіхтің шәкірттерінде де барлық қиындықты жеңе алатын ғажайып құдірет бар. Және де Супермен тәрізді бізде де бір мәселе бар, ол – күшімізді ұрлайтын криптонит.

Әрине, Супермен де, криптонит те – қиял жемісі. Дегенмен, рухани криптониттің бар екені – шындық.

Бірінші ғасырда өмір сүрген мәсіхшілерде болған күш-құдіреттен көбіміз неліктен құр алақан қалып жүрміз? – деген сұрақтың жауабын осы кітаптан табасыз.

“Криптонитті жою” кітабында Джон Бивер рухани криптониттің не екенін, оның қоғамға нендей қауіп төндіретінін, оның тұзағынан қалай құтыла алатынымызды баяндайды. Бұл кітап ынжық оқырманға арналмаған, тәтті сөзді қалайтындардың көңілінен шығатын жылы-жұмсақ кітап емес. Бұл биік рухани шыңдарға жеткізер қиындыққа толы сапарға дайын Мәсіхтің жолын қуушыға арналған терең ақиқат.

# Х: КУДАЙ БЕРГЕН ПОТЕНЦИАЛЫҢАРДЫ КӨБӨЙТКҮЛӨ



Өзүңүздү качандыр бир кезде Кудайдын Падышалыгын байкоочу катары сиздиниз беле? Балким, сиз бир нерсе кылуу керектигин билишиңиз мүмкүн, бирок анын так эмне экендигин толугу менен түшүнө албайсыз. Көпчүлүгүбүз өз жашообуз менен чоң таасир тийгизгибиз келет, бирок, мүмкүн сизде жоопсуз суроолоруңуз болушу мүмкүн, мисалы:

- Мен өз өмүрүм үчүн Кудайдын эркин колдон чыгарып жиберип жатпаганымды кантип биле алам?
- Менин өзгөчө жөндөмдүүлүктөрүм Кудайдын Падышачылыгын курууда кандай ролду ойнойт?
- Кудай мага берген потенциалды колдонуп жатканыма кантип ишенсем болот?
- Эгерде мен «кызматта» болбосом, менин чакырылгандыгым азыраак маанилүү болуп калабы?
- Кантип биз Кудайдын ырайымында тынчтанып жана Анын Падышачылыгы үчүн иш алып барууда тең салмактуулукту сактай алабыз?
- Белгисиздикке жана тобокелдикке карабастан, кантип коркунучту жок кылып, алдыга жылуу керек?

Өзүңүрдүн чакырылгандыгыңар жөнүндө башкача ой жүгүртүп, түшүнүүңөр үчүн жана ал эмнеликтен Кудай үчүн ушунчалык маанилүү экендигин түшүнүүңөргө силерге жардам берүү үчүн автор Джон Бивер бул кыраакы китепте Ыйык Китепти кенен-кесири изилдөөгө негизделген жана ишенимдүү окуяларды колдонгон. Бул китептин беттеринен Кудайдан берилген жөндөмдөрдү кантип көбөйтүүнү жана потенциалыңарды пайдаланууну үйрөнөсүңөр!

# ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ



Бірде-бір мәсіхші Құдайды шектеуді қаламайды. Дегенмен, көбіміз өте маңызды рухани қағиданы – құрмет қағидасын елемей арқылы өміріміздегі Құдайдың жарылқауын шектеп жүрміз.


Ізет – мәдениетімізден мүлде жоғалуға жақын қалған ұғым; алайда, ізеттілік өміріміздің әрбір саласында Құдай Патшалығының салтанат құруына негіз бола алады, кітапты оқи отырып, осыған көзіңіз жетеді.

«Ізетті болудың сауабы» кітабында бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер ізетті болуды үйренсеңіз, Құдай Патшалығындағы құндылықтар жүйесін қабылдап, Жаратқан Иенің өзіңізге арнаған игіліктеріне қол жеткізетініңізді айтады.

Киелі Кітаптағы терең рухани ақиқаттарды өмірден алынған әсерлі мысалдармен көркемдей отырып, бұл кітап, ізет атты ұмыт болған қасиетке деген жаңа көзқарас қалыптастырады әрі, ең маңыздысы, оны өміріңіздің әр саласында қолдануға құлшыныс тудырады.

# X MessengerX

*Кез келген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады*




- 120-дан астам тілдегі тегін материал ар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

## MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

«Құдайға жақындау» кітабында Джон Бивер сізді Құдай туралы білетін, ал Құдайдың Өзін танымайтын мәсіхшіліктің көмескі көлеңкесіне қанағаттанбауға шақырады. Ғаламды Жаратушының керемет шақыруы – Оған алыстан, сөздер мен рәсімдер арқылы ғибадат ету емес, терең әрі жақын қарым-қатынаста болу, сонда сіз Оның жүрегін, ал Ол сіздің жүрегіңізді танитын болады.

**Киелі Кітаптағы ең тамаша уәде осы болса керек...  
Құдай сізбен жақын да сырлас қарым-қатынаста болуға құштар.**



ДЖОН БИВЕР – халықаралық уағыздаушы әрі бестселлерлердің авторы, Құдайдың Сөзін батылдықпен, ымырасыз уағыздайды. Джон Бивер және оның жұбайы Лиза — «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің негізін салушылар. Қызметтің мақсаты – дүние келбетін жаңартып, өзгерте алар мәсіхшілерді көтеру. Джон отбасымен бірге Колорадо қаласында тұрады, ол төрт ұлымен бірге түрлі ойындар ойнағанды жақсы көреді, кейде Лизаны гольф ойнауға көндірмек болып әуре-сарсаңға түседі.



**MessengerX**

Тегін жүктеу үшін және ағымдағы видеоларды көру үшін **MessengerX.com** сайтына кіріңіз.



Бұл кітап – автордың сыйлығы.  
Сатуға арналмаған.

Көбірек білгіңіз келеді ме?  
Мына жерден сіздерге:

